



**«ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ
РУХАНИЯТЫНЫҢ ӨЗЕГІ»
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдарының
жинағы**

**«ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ӨЗЕГІ»
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдарының жинағы**

Ақтау 2022

ӘОЖ 391/395(574)
ББК 63.5 (5Қаз)
Ұ 43

Есенов университеті президенті Б.Б.Ахметовтің жалпы редакциялауымен

Редакциялық алқа:
Нұрдәулетова Б.И., Джанисенова А.М.

Ұ43 «Ұлттық дәстүр – қазіргі қазақ руханиятының өзегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы - Ақтау, 2022. – 119 бет

ISBN 978-601-308-779-5

Жинаққа «Ұлттық дәстүр – қазіргі қазақ руханиятының өзегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілді.

Қазақ мәдениетінің тарихында ұлттық салт-дәстүрлердің орны айрықша. Қандай да бір технологиялық жетістік, өнер түрлері т.б. өркениет туындылары жалпыадамзаттық сипатта болуы мүмкін, бірақ салт-дәстүр тек белгілі бір ұлттың ғана ғасырлар бойы қалыптастырған мәдениет туындысы болады және сол ұлт үшін мәнін жоймайтын құндылық ретінде танылады. Ұлттың салт-дәстүрі жойылған кезде, ол ұлт жай ғана адамдардың тобырына айналады.

Осы жинақтағы мақалалар наурыз (амал) мерекесінің түркі халықтары мәдениетіндегі орны, маңызы, қазақ халқы салт-дәстүрінің зерттелуі, ұлттық тек мәселесі, қазақ әйелдеріне қатысты салт-дәстүрлердің заманауи маңызы, Маңғыстаудың байырғы тұрғындарына тән салт-дәстүрлердің бағзылық сипаты т.б. мәселелерді қамтиды.

Жинақ тарихшы, этнографтарға, филологтар мен философтарға және осы саладағы зерттеулерге қызығушылық білдірген өзге де оқырмандарға арналады.

ӘОЖ 391/395(574)
ББК 63.5 (5Қаз)

© Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті, 2022

ISBN 978-601-308-779-5

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТАРИХЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Артықбаев Ж.О.

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпиграфиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Аңдатпа. Мақалада наурыз мейрамының тарихы туралы автордың зерттеу нәтижелері баяндалады. Автор Наурыз мейрамы Еуразия даласында екі-үш мың жыл емес, он екі-он үш мың жыл бұрын тойлана бастады деген пікірде. Оған қатысты автордың ғылыми уәждері осы мақалада алғаш рет ұсынылып отыр. Сонымен бірге мақалада наурыз мейрамына қатысты қолданылатын қазақтың ырым, наным, салт-дәстүрлері тарихи тұрғыда талданады.

Түйін сөздер: Наурыз, амал, көрісу, ұлыстың ұлы күні, наурыз көже, Қазығұрт.

Наурыз мейрамы Еуразия даласында екі-үш мың жыл емес, он екі-он үш мың жыл бұрын тойлана бастаған. Біріншіден, шығысында Қытай қамалынан басталып Дунайға дейінгі жерді алып жатқан далалық алқап адамзаттың «homo sapiens», яғни саналы адам есебінде қалыптасқан ортасы. Оған себеп далалық алқап жылдың төрт мезгілі түгел континенталды табиғи ортада жатыр, бұл жерде адам табиғатпен партнер, бірде жеңіледі, бірде жеңеді. Бізден солтүстікке қарай жыл он екі ай адам жігерін құм қылатын қыстың суығы ұрып тұрады, бізден оңтүстікке қарай жыл он екі ай бойы адам жігерін езіп жіберетін ыстық аймақтар бар. Табиғатпен тепе-теңдікті ұстау үшін біздің ата-бабаларымыз оны жақсылап зерттеуге мәжбүр болғандығы аян. Наурыз деп біз алдымен күн мен түннің теңелген уақытын айтамыз, оны бар тіршілігі далада өтетін, еркін ойлы, ұшқыр қиялды сахара адамы аңғармағанда кім аңғарады ?! XIX ғасырдың соңында тау-кен өндірісіне келген Нельсон-Фелл пікірі:

- Алтын бесік...
- Табиғатпен үндестік...

Екіншіден, қазақтың әңгімелері Наурызды Нұқ пайғамбардың заманымен байланыстырады. Жер бетін топан су басқан оқиға оқырманның бәріне де белгілі. Нұқтың жанында Құдайға сенген сексен адам бар, үш ұл, үш келіні бар алты ай он күн су бетінде қалқып жүріп, өлдік-талдық дегенде Қазығұрт тауының ұшар басына тоқтапты дейді. Біреуі ата-анасынан, біреуі баласынан айрылған, уайым-қайғы басқан ел осы жерде жан шақырыпты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Нұқтың әңгімесін баяндай келе «Кеменің Қазығұрттың басына тоқтаған күн қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні» дейді. Арабтың календары ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады, дегенмен Мұхарам айы оларда қасиетті ай, жылдың басы деп құрметке ие, ал жұлдыз есебімен санасақ Хамал қазіргі уақытта Тоқты аталады және мартқа сәйкеседі. Еуразия халықтарының көпшілігінде жаңа санат (григориан) календары кіргенге дейін жыл басы Наурыз болды. Қалай болғанда да Нұқ пайғамбардың кемесі тура Наурызда Қазығұртқа тоқтаған болып отыр. Осыдан кейін Топан су қай заманда болған деген сұрақ туындауы заңды, қазіргі кешенді ғылыми зерттеулер жер бетінде соңғы топан судың біздің жыл санауымызға дейінгі 12-13 мың жылдар бұрын болғанын айтады.

Үшіншіден қазіргі өркениеттің қарқынды дамуы сондай, біз өзімізді ата-бабаларымыздан ақылдырақ санайтын болдық, бұл адасқандық, адами негізден айрылып

бара жатқандығымыз. Адамзаттың ең үлкен жаңалықтары көне тас ғасырында жасалған, біздің бабаларымыз миллион жыл бойы шошқа тағалап жүрген жоқ, тірішілікке керекті негізгі ұғымдарды қалыптастырды. Біз сол заманда қалыптасқан ұғымдармен, өзіміз соның маңызына бойламасақ та, әлі өмір сүріп келеміз. Наурыздың тарихын бергі заманнан іздеу адамзаттың көне тарихын, жасампаздығын мойындамаудың көрінісі.

Наурыз сөзі Еуразия халықтарының көпшілігінде бар, әсіресе үнді-иран, герман-латын тілдес халықтарда «новый», «нью», «нео», яғни «жаңа» деген мағынада қолданылады. Қазақта тұтас бір айдың аты және ай болғанда жылдың басы. Осыған қарағанда бұл сөз Еуразия халықтары жеке тілдерге жіктелмей тұрғанда пайда болған көне ұғым. Жоғарыда біз Нұқ пайғамбар заманы туралы сөз еттік қой, сол сөзіміздің бір дәлелі осы мысал. Мен наурыз сөзі қазаққа сырттан (парсыдан, соғдыдан т.б.) келіп сіңіп кетті деген пікірлердің бәрі негізсіз деймін. Әлемде өзінің жерінен Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтады деп белгі көрсете алатын төрт халық қана: арабтар Жуды тауын, еврейлер Сион тауын, армяндар Арарат тауын, қазақтар Қазықұрт тауын көрсетеді. Енді осыншама тарихи мұраны сақтап келген қазақты өзіміз келіп өзгеге теліміз, дұрыс па? Жарайды біз парсыдан алдық дейік, сіз солтүстіктегі чуваш халқының наурызды «ноурас-ойахе» дейтін себебін түсіндіріп бере аласыз ба, олардың парсыға қатысы шамалы емес пе? Мысалы «тасаттық» чуваш тілінде – Тазару, Қудай –саха тілінде Худай т.б.

Наурыздың басы деп революцияға дейінгі уақытта 14 наурызды айтатын, бұл ескі юлиан есебі бойынша. Совет үкіметі еуропалық календарды қолдану жөнінде декрет қабылдап бұрынғы есеп өзгерді, осылайша біз қазір Наурызды 22 наурыз күні тойлап жүрміз. Ертеде қазақ арасында ай мен жұлдыздың қозғалысын бақылап отыратын есепшілер болған, олар сәл өзгеріс болса халыққа хабарлап отырар еді. Себебі аспан денелері де мәңгілік қозғалыстағы тірі дүниелер, алашақ, берешектері болады. Осыған қарағанда дәл тепе-теңдікті шығару қазір астрономдардың міндеті, ондаған-жүздеген жылдарда олардың орын өзгертіп отыратыны сөзсіз.

Қазақ халқы ертеде Сырдың бойын қыстап, Сарыарқаны жайлап жүргенде Мәуреннахрға бір табан жақын болған. Оқимын деген жастар ғалымдардың қаласы аталған Бұхарға асығатын еді, қазақтың саудагердері де қойларын сол Бұхардың базарына айдайтын. Сол себепті қазақтың Наурызды тойлайтын дәстүрінде Мәуреннахр өлкесімен ортақтық көп, Наурыздың келген сәтін анықтайтын астрономиялық есепті де қазақ «Бұхар есебі» дейді. Егер қазақтың байырғы дәстүрлі заманына келсек Мәшһүр Жүсіп шежіресінде қызықты деректер бар екенін айтқан жөн. «Наурыздың келген сәтін жандыда балық біледі» дейді шежіреші: «Наурызнама той қылатын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!»- деп.

Қазақтың «Наурыздың келгенін жандыда балық біледі, жансызда Самарқанның көк тасы біледі» деген сөзінің шешімі осы. «Самарқанның көк тасы» Бұхар хан тағына иелік жасаймын деген патшаларды ақ кигізге көтергеннен кейін, әдейілеп алып келіп отырғызатын қасиетті тас. Қазақтың хандарының ішінен бұл тасқа Тәуекел отырған. Наурыз туғанда хандар мен сұлтандар тұтқындарға кешірім жасайды, зынданда отырғандарды босатады, құлдар азаттық алады, сол себепті «Самарқанның көк тасы жібіді» делінеді.

Шежіре деректері Наурыз мейрамы сегіз күн қатарынан тойланады дейді. Қазақтың қариялары «орысқа қарамай тұрған күнінде қазақтың наурыздамасында болған той-мереке қызығы Бұхар мен Қоқанда да болмаған» дейді екен. Мен этнограф есебінде болса болар деймін, себебі қазақ бір жағынан кең халық, екінші жағынан қонақжай. Осы екеуі қосылса Наурыздың жайнап кететіні сөзсіз. Оның үстіне ол заманның байлары да қазақ қой,

қазіргідей мәңгірт емес, сырттан келген жел қайық емес. Қазақ шежіресі «наурыздаманы қай жерде асқан атақты бай болса, сол бай қылады екен» дейді. Біздің қазіргі байлар кіріссе Наурыз мейрамы да жайнап кетер еді.

Наурыздың бірінші күні ханның өзі бастап ордада, қалың елдің ортасында балықтың қарны жарқырап аунап түскенін аңдиды дедік қой. Ол кезде Түркістанда кім көп, сарт көп, олар қарнайларын тартып, даңғыраларын ұрып қаланы азан-қазан қылады. Әзіреті Сұлтан мешіті ішіндегі құжыраларды мекен қылған қаптаған дуаналар әлем-жәлем киініп, асаяқтарын салдыратып тойдың қызығына олар да қосылады. Қызық думан кезінде жастар қазақтың мүшел деген он екі жылдық есебіне сәйкес кеп киіп шығады. «Кеп» қазіргі маска деп жүргеніміз, яғни бет-жүзін жасырып киіп алатын жасанды түр. Қозы көрпештің Баян сұлу ауылына келгенде Тазшаның кебін киетінін есіңізге алыңыз. Наурыз келгенде он екі жылға ие болған жануардың біреуі таққа мінеді, біреуі тақтан түседі, өзгелері де орнынан бір-бір саты жылжиды. Наурыз тойында шығырды алып келіп алаңның ортасына орнатып он екі жылға ие боған жануарлардың кебін киген адамдардың бәрін сол шығырға отырғызады. Осының бәрі үлкен карнавалға айналады. Әрине, той мереке өзінен өзі басталып, әнші –күйшілер ортаға шығып, бишілер тойды қыздырырып жатады.

Наурыз аяқталатын күні хауызға қантты аямай төгіп, жұрт жабыла қант татыған сиропты ішіп «той тарқар» өткізеді. Ертеде Түркістанда хан ордасының жанында үлкен тоған, одан шығарылған бірнеше арық, олардың бойында хауыздар болған. Жазға қарай хан ордасы Әзіреті Сұлтанға таяу Кәріз деген жерде Бақ Жаһан деген тоғайдың ішінде кигіз үй тігіп тұтас көшіп барады. Кәріз деген жер астынан судың ағысын реттеп отыратын құдықтар жүйесі. Үлкен апан құдықтар қырық күн шіледенің ыстығында елдің жан сақтайтын, демалатын бір көркем жері. Наурыз бұл Кәрізге де келіп өзінің жалғасын тауып жатады.

«Той басы» мен «той тарқар» аралығында толып жатқан той-домалақ өз кезегімен өтіп жатады. Оның ішінде балуан күресі, аламан бәйге, жорға жарысы, көкпар т.б. бар, оның бәрін бір мақалада түгендеудің өзі қиын.

Көрісу қазақтың Наурыз мейрамының негізгі салтының бірі. Қазаққа қыс мезгілі қашанда ауыр болған, тіпті ертеде түгелге жуық Сырдың бойынан бастап Жиделі Байсынға дейінгі аймақта қыстап отырғанда да қиналса керек. Себебі қыс қытымыр болып жатса мал ашығады, кейде көктемге қарай жаңбыр ерте жауып, не қар еріп барып қайта қатып жұт басталып кетеді. Көтерем мал қырыла бастайды. Мал ашуы –жан ашуы, қыс-қамытта бір жерден екінші жерге көшіп, не малын алысқа айдап, жайылымға бола дауласып бір-бірімен араздасып елдің есі шығады. Оның үстіне малдың пайдасына бола қазақ шаруашылықтары бір-бірінен қыс кезінде алыстау отырады, себебі қыста та жайылым керек, ол уақытта қазақ шөп -азық дайындамайды дегендей. Осындай қиындықтардан шыққаннан кейін Наурызды қазақ қуанып қарсы алмағанда кім қарсы алады ?

Көрісу де осыған байланысты шыққан. Қыс бойы бір-бірінің өлі-тірісін біле алмай сағынған елдің жасайтын жоралғысы. Бір-бірін құшақтап, кейде өлгендерін жоқтап, кейде тірі қалғанына шүкірлік айтып көріседі. Наурызда арнайы наурызнама жасап құрбы-құрдас, бастас-сыйлас азаматтар бір-бірінің ауылына барады. Наурызнама жасап арнайы келген адамға деген құрмет шексіз болады. Дәулеті жеткендері «тоғыз» деп тоғыз мал байлайды, орта шаруалар ат мінгізіп, шапан кигізіп жатады. Әйтеуір наурызнама жасап келген адам құр қол қайтпау керек, тіпті бір көйлектік деп мата береді.

Қазақ қызықшыл халық. Наурыз мейрамы күндері қызды-қыздымен, жігіт-желеңнің ұйымдастыруымен қайынғасы мен келіні, құдасы мен құдағиы, жеңгесі мен қайыны т.б. көрісіп жатады. Даланың бала сияқты аңғалақ халқы әр әдемі қимыл, әр маңызды сөзге бола той-мереке жасайды. Осыны бәрі елді көңілдендіріп, бәрі де мәз-мейрам, қыстың ызғары той мерекемен естен шығады, қыстың шығыны, қиындығы ұмытылады. Наурыз мейрамы да осы үшін керек қой. Наурыз көжені дайындап үйренгені рас, бірақ Наурыздың тағамын әлі түгендеп бола алмай жатырмыз. Ертеде берекелі бәйбішелер Наурызға дайындықты жазда бастайды. Ең алдымен Наурыздың басты тағамы

жент дайындалады. Қыс бойы тас қайрақтай қатып тұрған қарын-қарын жентті бәйбішелер «Самарқанның көк тасы жібiген күні, біздің жент те балқып, босады» деп дастарханға алып шығады. Жоғарыда айттық қой Наурыз мейрамының дастарханын байлар көтереді деп, олар семіртіп мүйізі шаңырақтай нән өгіз сояды. Осы Наурызға өгіз союдың өзі көне дәстүр, яғни бұл мейрам жылқыны қолға үйретпей тұрған уақытта қалыптасқан дегенді білдіреді.

Жағдайы келсін-келмесін әр қазақ Наурыз мейрамында қазан көтереді. Көрші-қоланды шақырады, жолаушы жүрген халыққа таратады. Әр қазанда бас болуы шарт, сол себепті тым кедей деген адамның өзі қыста сойылған қойдың басы болса, соны Наурызға алып қалып Наурыз көже пісіретін қазанға салады.

Осы сияқты дүниелер көп болса керек, мен тағам жағдайын онша жақсы білемін деп айта алмаймын. Қазақта қазіргі күні орнықты, берекелі бәйбішелер болса, солардан сұрау керек. Қазақта батагөй ақсақалдар ертеде көп болған, қазірде де бар. Наурыз мейрамында тілі орамды, шешен, елге сыйлы ақсақалдар халықтың ортасында арнайы бата береді. Осы батаны «Наурыз батасы» деп атайды. Елдің бәрі шын ниетпен тыңдағаннан кейін, көңілдері босағаннан кейін, бәрі бірдей «әмин» деп жылап отырған себепті сол ақсақалдардың айтқаны келіп, елдің басы өсіп, малы көбейіп, берекесі тасады. Бұл жерде ең бастысы елдің шын ниеті. Бұл күндері де бата беретін адам табылады ғой, тек елдің іші таза, ниеті дұрыс болуы керек. Әрине бата беретін адам да дуалы ауыз, сөзі мен ісі бір болғаны жөн, әйтпесе судыратып сайрап берген дүниенің бәрі бата емес қой.

Наурызға қатысты айтылмай жүрген бір дәстүр бар. Мәшһүр Жүсіп «Ол күні қожаларға оқытатын, наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратын ол кітаптың аты «Салдама» дегенді жазады. Бұл ақпарттан екі нәрсені ұғып қалу керек деп есептеймін. Біріншісі қазақтың ұғымында «қожа» дегеніңіз ғалым, білімді кісі, яғни Наурыз мейрамында ғалымдардың дәрісін тыңдау керек. Екінші Наурыз мейрамының тарихына қатысты ескі кітаптар болса соны іздестіру керек. Салдама деген сөздің өзі де ескілікті дегенді білдіріп тұр емес пе ?! Бұл жерде ғалымдардың орыны ерекше, Наурыз мейрамы ғылымды да ұлықтағаны жөн. Егер біз Наурыз мейрамын қайта жаңғыртамыз десек осы күні той тойлап, ән-күйді қызықтаумен қатар ғылым адамдарына да ерекше бір құрмет жасалғаны жөн. Пайғамбарымыз айтқан ғой «отыз күн оразаның сауабынан бір күн ғылыммен айналысқанның сауабы көп» деп...Қазақтың байлары осы күні ғылым адамдарына арнайы сый беріп жатса ғалымға мерей, байға сауап, елге мереке емес пе ?!

Түрік-моңғол тілдес елдер ұлыс деп мемлекетті айтады. Мемлекет араб сөзі, ортағасырларда арабтардың келуімен бірге кірген, ал ұлыс тым ерте заманнан бар сөз. «Ұлыстың ұлы күні» деген нені білдіреді? Бұл ғажап ұғым, бұл кішкене ғана сөз тіркесі Наурыз мемлекеттің ең басты мейрамы дегенді білдіреді. Қазақ халқының осындай керемет сөздерді сақтап қалғанына таң қаламын. «Ұлыстың ұлы күні» деген сөз қазақтың бұрын мемлекеті болмаған т.б. деп былшылдап жүргендердің бәрінің аузына құм құятын тарихи дерек емес пе ?! Наурыз мейрамы біле білген адамға Қазақстанды мекендеген сан түрлі этностардың басын қосатын нағыз халықтық мейрам. Тек қазақ емес, өзге де халықтардың арғы тарихында Наурыз болған. Соны біз ғалымдар жазуымыз, зерттеуіміз керек. Мәдениет саласындағы азаматтар бүгінгі күні Наурыз тойына жоғарыда айтылған әдет-ғұрыптарды кіріктіруі керек, яғни бәріміз қоыслып Наурызды шын мәнінде жалпы халықтық мейрам есебінде жаңғыртуымыз керек. Соңғы кезде Қазақстандық сәйкестікті қалай қалыптастырамыз деген сияқты сұрақтар көтеріліп жүр. Мен айтар едім Наурыз сол сәйкестікті қалыптастыратын ең мықты тетіктердің бірі деп.

Наурызды қазақ баласы өмір бақи тойлап келеген, оның тарихы оны мың жылдан асатынан жоғарыда айттым. Әрине, қазақ баласы Сырдың бойында қыстап жүрген заманда, Түркістанда Әз Тәуке сияқты хандары отырғанда Наурыз тойы ерекше болған. Кейін хандықты жоғалтып Ресейдің боданы болғанда да Наурызды тойлай бердік, бірақ мемлекеттік мейрамды мемлекеті жоқ халық өз дәрежесінде қалай тойлайды ? Біртіндеп наурыздың мәртебесі түсе берді. Совет үкіметінің қазаққа жасаған қастандықтыарының бірі XX ғасырдың 20 жылдары Қазақ автономия алғаннан кейін мәртебесі қайта жаңғыра

бастаған мейрамды ескіліктің қалдығы деп тиып тастады. Шындығында Совет үкіметі Наурыздың тәуелсіз елдің мейрамы, яғни «Ұлыстың ұлы күні» екенін өзіне сенімді ғалымдар арқылы біліп, анықтап барып шешім қабылдады.

СССР-де большевиктік темір тәртіп босаңсып, жариялылық, қайта құру кіргеннен кейін қазақ елі 1988 жылы бұл мейрамды қайта жаңғыртты. Наурыздың қазақтың дәстүр-салтын есіне түсіретін этнографиялық тойына айналып кеткені де рас. Әркім өзінің есінде қалғанын, білгенін істеп жүр. Біреулер келіп түсіру ырымын жасайды, біреулер баланың тұсау кесерін өткізеді деген сияқты. Наурыз жаңа жылдың басы, бірнеше мың жылдық тарихы бар қасиетті мейрам есебінде тойланбай келеді. Менің ойымша Наурыз біздің ұлттық жаңғыруымыздың, ұлт құндылықтарына көзқарасымыздың, ұлтжандылығымыздың көрсеткіші. Мен бұл жерде бір адамды, немесе халықты кіналайын деп отырған жоқпын. Шамасы Ресей отаршылдығы, Совет үкіметінің қырып-жою саясаты қазақтың рухын, өзіндік санасын осындай ауыр деңгейге жеткізген. Ұлттық жаңғыру ауыр жүріп жатыр. Қазақ этнографиясын білетін ғалымдарды үкіметтің пайдалануы да кем болып тұр. Нағыз ғалымдар отыратын жерді «атаңнан мал қалмасын, тал қалсын» деп өтірік мақал ойлап тапқыш қулар билеп алған. Қазақ бірінен бірі амандық сұрағанда «мал-жаның аман ба?» дейтін халық, атадан қалған малдан «жоқ, маған тал керек» деп безген қазақтың моласын көргем жоқ. Ал бүгінгі күні дәл Наурыз мейрамы қарсаңында «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» т.б. деп әр жерде ұрандар іліп қойғанын көресің. Осы уақ мысал өз тарихымызды, өз этнографиямызды білмейтінімізді көрсетеді.

Сонда да Наурыздың енді ұмытылмайтынына сенемін. Наурыз түбінде Қазақстанның ең басты мейрамына айналатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хисамитдинова Ф.Г. Мифологический словарь башкирского языка. –М: Наука, 2010. – 456.
2. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966. – 240.
3. Каракузова Ж. К., Хасанов М. Ш. Космос казахской культуры
4. Тіл таңбалы ақындар // Құрастырған Қ.Жылқышыұлы. Ақтау: Printing House, 2016. Т 2 – 432 с.

ӘОЖ 398.331

КӨНЕ ДӘСТҮР: КҮНГЕЙІ МЕН КӨЛЕҢКЕСІ (тектілік феномены мысалында)

Жақсығалиев Ж.Ж.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақтың тек мәселесі, қазақ халқының қалыптасып, сақталуына тектік дәстүрдің рөлі, көпнекелілік, оның тарихи, әлеуметтік мәні, ол туралы қазіргі қазақ қоғамындағы пікірталастар мәселесі ғылыми негізде жан-жақты пайымдалған.

Түйін сөздер: Дәстүр, тектілік феномені, полигамия, моногамия, отбасылық институт.

*«Қырықта қылыш (тағы бір әйел алу)»
Халық даналығы*

Оқырман байқап отырған шығар, мақала ішіндегі бөліктерге берілген атаулар, көнеден қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан даналық сөздер. Мақаланың осы бөлігіне қойылған айдар да құлаққа ерсілеу естілгенімен бұрынғы бабалардан бүгінге

жеткен тәмсіл. Демек, бұл жолғы әңгіме ғасырлар бойы тектік қорымыздың кемелденуіне оң ықпал етіп, ұлттық элитаның дәуірлеуіне теңдессіз үлес қосқан һәм өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарына дейін өмір сүрген полигамиялық (көпәйелалұшылық) неке хақында. Бұл — біздің бабалар жүріп өткен тарихи жол. Тектілік тақырыбы сөз болған жерде мұны айналып өту — мүмкін емес. Бүгінгі заман биігінен көпәйелалұшылықты тек ескінің сарқыншағы деп ұғыну сыңаржақ көзқарас болар еді және оны қазіргі таным тұрғысынан зерделеу, көтерілген мәселенің барлық қырын ашуға мүмкіндік бермесі анық. Ислам үйленетін әйелдер санын төртеумен шектеген және олардың бәріне бірдей адал болу шарты қойылған. Көп әйелге үйлену мәселесін ислам тек орынды себептерге байланысты, белгілі бір жағдайларды түзеу мақсатында ғана жол берген. Ол соғыс кезінде ер адамдар майданда опат болған жағдайда, яғни әйелдердің көбі қамқоршысыз қалғанда, кейде әйелдің денсаулығына байланысты (созылмалы ауру, бедеулік) кедергілерде жеңіл жүріске тосқауыл қою мақсатында ер адамға тоқал алуға рұқсат етіледі, әрі тоқалы бәйбішесімен тең құқылы болып табылады (Махмуд Хамди Зақзұқ. Исламды қаралауға қарсы жауап // Ақиқат, 2005. -№ 4.-35-36-б., Шоқым Г.Т. Қазақ тіл білімінің гендерлік тұғыры. А., 2007.- 62-б.). Десе-де, дәстүрлі қазақ қоғамында бәйбішенің өзге әйелдерден шоқтығы биік болғанын атап өткеніміз жөн және шарият рұқсат еткен полигамиялық некенің белгіленген өзіндік қатаң тәртібі болған. Ешбір себепсіз бірнеше әйел алу қатардағы жай еркектер үшін оңайға тимеген. Бұл туралы Колгейт университетінің профессоры (АҚШ) М. Б. Олкотт қазақтардың көбі жалғыз әйел алды, екі және одан көп әйел алғандар сирек кездеседі, өйткені қазақ дәстүріне сәйкес әр әйелдің өз отауы болуға тиіс, сондықтан көп әйел алу бай адамдардың ғана үлесіне тиді деп жазады (Марта Олкотт. Қазақтар. Стэнфорд, 1987. 3-27б. // Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. — Алматы: Атамұра — Қазақстан, 1994.69-б.). Батыс

Сібірге саяхат жасаған неміс саяхатшысы А.Брем мен О.Финиш «Ислам дінін ұстанатын мұсылмандар болғасын, қырғыздардың бірнеше әйел алуларына жол беріледі. Бірақ түріктер мен мормондардың тәжірибесінен көріп жүргеніміздей, тек бай адамдар ғана мұндайға бара алады, себебі қалыңдық үшін берілетін қалың малдың құны өте үлкен. Қырғыздардың (қазақтардың) көпшілігінің бір-бір әйелі бар, ауқаттыларының өздері екі-ақ әйел алғанмен қанағаттанады» деген түсінік береді (Путешествие в Западную Сибирь доктора О. Финиша и Брэма. М., 1882.). Көпәйелалұшылықтың негізгі сыры неде?

Сонымен көшпелі қазақ қоғамында полигамиялық некеге негіз болған басты себептердің бірі, бәйбіше мүлдем бала көтермесе не ұл тумаса, не аурушаң болса, не күйеуі өліп жесір қалса, т.б. еркек сондай қадамға барған. Мысалы, қазақтың біртуар перзенті Мұстафаның әкесі Шоқай (Шоқмұхаммед) екі әйел алған жан. Алғашқы әйелінен бала болмаған. Кейінгісінен бес бала — екі қыз, үш ұл көрінген. Шоқмұхаммед ортаншы ұлы Мұстафаны елу бес жас шамасында сүйген. Мұстафа, ағасы Сыздықтан он бес жас кіші. Әлем таныған текті тұлғаның атасы Торғай Сыр өңірінде өте беделді адам болған. Бұл өңірді Қоқан хандығы билеген кезде Торғай датқа дәрежесіне көтерілген. Мұндай мысалдар Қазақ тарихында жеткілікті. Демек, қазақ үшін көп әйел алудың негізгі сыры тектің тамырын үзіп алмай кейінге жалғау, аңсарымен тікелей байланысты болса, екіншіден, қазақ жесірін қаңғытпаған ел. Әмеңгерлік салтымен ұрпақ жалғастығын сақтап отырған. Осыған дейін әмеңгерлік ғұрпының сәулелі жақтары да бар екеніне мүлде мән берілген жоқ. Күйеуі өліп, жесір қалған жас әйелге марқұмның жақын туыстарының біреуі әмеңгерлік жолымен үйленуге құқылы саналатын. «Келін ерден кетсе-де, елден кетпейді» деген сөз — осы әмеңгерліктің куәлігі. Дұрыстап тереңнен үңілген адамға әмеңгерлік ғұрпының ең бірінші көздейтіні ұрпақ қамы, жетімді жат босағаға телміртпеу. Қазақтың әмеңгерлік салты қара жамылған шаңырақтың өмір талқысының құрбаны болып кетпеуін көздеуден туындағанын дәлелдейді. Әмеңгерлік салты жасы келген, үйлі-баранды, балалы-шағалы әйел жесір қалғанда қолданылмайды, тек жас, әлі-де бала туа алатын әйелдерге жүреді (Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. А., 1994. 131-б.). Осы тұста ерекше назар аударарлық нәрсе әмеңгерлік (левират) ғұрпы ұлтымыздың қаймақтары

саналатын талай тарланбоздардың тағдырына да тікелей қатысты. Деректерге жүгінсек, Құнанбай өзінен кейінгі інісі Құтпамбет (Құлмұханбет) қаза болған соң, оның атастырған қалыңдығы Ұлжанмен отасқан. Тарқатып айтсақ, інісі жастай бақилық болып, Ұлжан «қыздай жесір» қалыпты. Құнанбай

Күнкеден кейінгі екінші әйелі қылып, текті жердің қызы Ұлжанды тоқалдыққа келіндей алған. Осы некеден Абай дүниеге келген. Кейін Абайдың өзі-де інісі Оспанның әйеліне әмеңгерлікпен үйленген. Көтеріліп отырған мәселені аша түсетін, бұрын көп назар аударылмаған тағы бір тарихи дерек. Қазақтың маңдайына біткен марқасқа ұлдарының бірі Қаныш Сәтбаев — Имантайдың екінші әйелінен туған. Имантай қырық жеті жасқа келгенде екінші рет үйленіп, қазақ тарихындағы текті әулеттердің қатарынан орын алатын атақты Шорман ауылында жесір отырған жас әйел Әлиманы алыпты. Дүниеге Қаныш келгенде Имантай өз болысының биі болған екен. Ол сөзге шешен, қазақтың мақал-мәтелдеріне жетік, ән салып, домбыра тартатын жан болыпты. Академик Ә.Х.Марғұлан Е.А.Бөкетовке жазған хатында: «Қаныштың сыпайылығы, көп білуі әкесінен ауысқан қасиет. Оның әкесі Имантай осы күнгі университетте оқытып жүрген профессорлардың көбін үйрете алар еді. Ол кісі өзінің байтақ білімімен Г. Н. Потанинге-де көп көмек көрсеткен» деп айтқан екен. Қаныштанушы Медеу Сәрсекенің деректеріне жүгінсек, Қанекеннің де екі әйелі болған.

Демек, бірнеше әйел алу салты сол кездегі қыз-келіншектердің мүддесін қорғаудан туындаған. Ұлттық мүдде әйел адамдар бойындағы қызғаныш сезімінен жоғары тұрған. Тоқал алу құбылысын тек нәпсіқұмарлықпен байланыстыру сияқты сыңаржақ көзқарас, мәселенің ішкі мәнін терең түсінуге мүмкіндік бермесі хақ. Мұның астарында құлаққа әбден сіңген «қазақ байыса қатын алады» деген түсініктен шығатын мал-дәулетті шашу емес, көшпелі өмір қажеттілігінен туындаған текті сақтау, ұрпақ қамы, ұлт мүддесі, ел болашағы сияқты ұлы мұраттар жатқаны, аңғарылады. Түсінген жанға ұлт ұтылмаған жердегі нәрсенің бәрі ұлықтауға лайық.

«Қарт бойында қалаш бар»

Ой орамында мына нәрсе-де ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Ғалымдардың пайымдауынша, тұқымның асыл болуының көзге көп байқала бермейтін тағы бір қыры ері мен әйелінің жас алшақтығы. Тектілік феноменінің тағы бір құпиясы: сақарып, егде жасқа жетіп, ақыл-парасаты толысқан, бойынан күш-қайраты қайтпаған бабындағы еркек пен толықсыған жас тоқалдан көп жағдайда кемеңгер ұрпақ туатыны дәлелденген. Мұны дәйектейтін деректер аз емес. Бұған басқа халықтардың тарихында да мысалдар жеткілікті. Қытай халқының ұлы ойшылы Конфуций дүниеге келгенде әкесі 70-тің үстінде, шешесі 17 жаста болған көрінеді. Ата қазақта «қарт бойында қалаш бар» деген мәні терең сөз бар. Мамандардың пікірінше, өзінен гөрі жасырақ әйелмен төсек жаңғырту егде тартқан еркек бойына күш-қуат беріп, оны жасартады екен. Жаһанға танымал жарқын тұлғалардың ата-аналарының арасындағы жас айырмашылығына кезінде кеңес ғалымдарының өзі ерекше назар аударған болатын. Мәселен,

Гендель (әкесі 63, шешесі 34)

Бородин (59,24)

Гончаров И.А. (58,27) Бальзак (53,21)

Лондон (53,29)

Франклин (51,39) Салтыков-Щедрин (50,25) Софья Ковалевская (49,29) Герцен А.И. (45,17) Чайковский П.И. (45,27) Шоу (45,28)

І Петр (43, 19)

Короленко (43,20)

Шопенгауэр (39,19)

Гете (39,17)

Эйнштейн (32,21)

Гоголь (32, 18)

Лобачевский (31,19)

Лермонтов (27,17) т.б.

(Алексахин И., Ткаченко А. «Индекс отца» // Литературная газета. 29 ноября 1972 г.) болып жалғаса береді. Өкінішке орай, қазақтан шыққан белгілі тұлғалардың әке-шешесінің жас айырмасына байланысты нақ осындай мәліметтер Отандық тарих ғылымында сирек кездеседі. Қазақтың және бір жазылмаған заңы — әйел күйеуден сегіз жас, еркек әйелден жиырма бес жас үлкен болса, қосылуға рұқсат етілмеген. Әрине, әмеңгерлік жолда мұндай некелік ережелер мен шектеулерге қарамайтын жайлар да болған. Сонымен, соңғы жылдары зерттеушілер көшпелі қазақ өмірінің қажеттілігінен туындаған полигамиялық отбасылық — некелік қатынастың қоғамға әкелген пайдалы, тиімді жақтарын саралауда. Публицист Т. Әсемқұлов: «Соғыс негізінен еркектерді жояды, яғни халықтың жыныстық құрамы өзгереді. Көшпенді қоғамда бұл ауытқу полигамия, яғни көп некелік заңы арқылы қалпына келеді. Ұлы әмеңгерлік заңының арқасында қазақ халқы жойылмай аман қалды десек, артық айтқандық болмас» (Әсемқұлов Т. Аштық және соғыс. Қазақ альманағы. No 2 (06), 2010. 227-б.), - деп жазды. Тек көпәйелалышылықтың негізінде ғана қазақ халқы сандық мөлшерін өсіріп жаугершілік, жұт, оба, шешек, мерез, құрт, т.б. жұқпалы кеселдер мен әртүрлі індеттер арқылы ойсырайтын демографиялық шығындардың орнын жауып отырды. Кеңес өкіметі орнағанға дейін негізінен ұлт өсімі «балағынан бала саулатқан» тоқалдар есебінен жүзеге асты. Өйткені, ұшы-қиырына жету үшін құстың қанаты талатын даласы бар Қазақ үшін ұлт өсімі қай кезде-де өзекті. Сөзімізге тұздық ретінде тағы бір мысал. Қол бастаған көсем, сөз бастаған шешен байбақты Сырымның атасы Шолан батырдан Есенбай, Түркеш, Байторы, Дат есімді төрт бала туған. Ел ішінде осы төртеуінің өсіп-өнген әулетін жинақтап «Төрт Шолан» деп те атайды. Осы төрт шоланның Есенбайының Зеріп деген тоқалынан 9 ұл, Даттың Дүрдана деген тоқалынан 9 ұл, Түркештің Кенжеқыз деген тоқалынан 8 ұл туған. «Төрт Шоланды байытқан үш тоқал» деген сөз осыған орай айтылған. Дерек ретінде Даттың балаларын атай кетуге болады. Даттың бәйбішесінен — Адамбай, Атанай, Жомарт туған. Ал, тоқалы Дүрданадан — Сырым (Сырлыбай), Дүйімбай, Жандыбай, Қалдыбай, Базарбай, Қорлыбай, Шегебай, Нұрлыбай, Барлыбай туған (Сейдімбек А. Көрсетілген еңбек. 633-б.). Қысқасы, көшпелі қазақ қоғамында ұлтымыздың демографиялық ахуалын бірнеше әйел алуға мүмкіндігі бар осындай текті тұқымдар шешті. Зерттеушілердің пікірінше қай заманда да демографиялық жағдайды дімкәс ұрпақ пен кедей халықтың үлесінен көтеру, соған сәйкес ұлттың сапасыз ұрпақпен толығуы елді тұйыққа апарып тіреуі мүмкін. Мәселен, Мұхаммед пайғамбар өзінің даналыққа толы бір хадисінде «Өзің аштан өлейін деп отырып, көп балалы болу — күнә» деп қатаң ескерткен. Қалай десек те, дәстүрлі қазақ қоғамындағы текті тұқымдардың тамыр жаюында көп әйел алушылықтың (полигамия) рөлі өте зор және бұл құбылыс жеті атасынан құт үзілмеген бай, қуатты, дүмді әулеттердің тарихымен тікелей байланысты.

Қазақтың ұлы хандарының көбі тоқалдан туғандығын кезінде классик жазушы М.Мағауин жеріне жеткере жазған еді. Полигамиялық некеден ұлттың ұтпаса, ұтылмағандығын саралаған жазушының пайымын теріс түсінгендер оны сын садағына ілді. Ғалым Ш.Ш.Уәлихановтың жазуы бойынша ұлы бабасы Абылай ханның 12 әйелі болған. Осы арулардан әйгілі хан «сабы бір, қабы бөлек» 30 ұл, 40 қыз көрген. Бұл мәліметті 1781 жылы Уәли сұлтанның II Екатерина патшайымға жазған хатындағы «Абылай ханның артында 30 ұл қалдық» деген сөзі бекіте түседі. А. И. Левшиннің деректері бойынша «Кіші жүз ханы Нұралының 16–17 әйелі, оның сыртында 15 көңілдесі (кәнізағы) болған. Некелі, некесіз әйелдері оған 32 ұл, 33 әлде 34 қыз туып берген» екен (Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. — Алматы, «Санат», 1996. 334-б.). Ақын Абайдың ата-бабалары да жеті атасынан бақ-дәулет үзілмей ел билеген әділетті, бақуатты болған жандар. Рухани тұрғыдан мықты, ата-тегі жағынан текті бесіктен Абай шыққан. Абайдың атасы

Тобықты руының атақты биі Өскенбай Ырғызбайұлының бес әйелі болған екен. «Абай» энциклопедиясында: «Зеренден кейінгі төрт тоқалынан Өскенбай тоғыз ұл көрген» деп жазылған. Ал, өз әкесі, аға сұлтан Құнанбайдың Күнке, Ұлжан, Айғыз, Нұрғаным атты төрт әйелі болған. Ақын Абайдың өзінің де бірнеше әйелі болғаны белгілі. Бай, саудагер

Қорамса ұлдарының ішіндегі Арқа ән өнерінің арғымағы, алаш баласы ардақ тұтқан, Ақан серінің бірінші әйелі Бәтима, аз ғана уақыт отасқан жары Ұрқия сұлу, ғашық болған арулары, Ақтоты мен Жамал есімдері исі қазаққа белгілі. Деректерге жүгінсек, Біржан Қожағұлұлы, т.б. сал-серілер хақында да осылай айтуға болады. Мысалдарды тәспідей тізе бергеннен мәселенің мәні өзгермейді және келтірілген тарихи деректерге қарсы шығу — тарихи шындыққа қанжар сұғумен бірдей. Полигамиялық некеде болғаны үшін жоғарыда есімдері аталған майталман ұлдарын қазақтың сөккен кезі бар ма?! Демек, ұлт ұтылмаған жердегі нәрсенің бәрі одан төмен тұрады.

Полигамия һәм моногамия: тәжірибе мен тағлым

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы көпәйелалушылықтың тағы бір сырын, нақ осы мәселені арнайы зерттеген Т.Қ.Бесбаев былай деп түсіндірсе: «...Әйел баласының, еркек кіндікті азаматқа қарағанда, биологиялық заңдылыққа сай өзінің жұбайлық міндетіне ерте салқындап, шау тартатындығын жасырмаған жөн. Сондықтан да ер азамат төсек жаңғыртуға мәжбүр болады. Таңдай қағып, тамсанатындай жаңалық емес, егде тартса да қауқарлы, жыныс жүйесі тегеурінді ер азаматтың кіндігінен „Алпысбай“, „Жетпісбай“, „Сексенбай“ есімді нәрестелер дүниеге келген», орыстың атақты, ақыны Николай Гумилев: «Мен білетін бір ғана шындық, ол: нағыз еркек — полигамды (көп әйелді), ал нағыз әйел — моногамды болуға тиіс» — деп жазған. Ал, батыстық ғалым Густав Ли Вонның: «Мұсылмандардың көп әйелмен некелесуі — заңды түрде бір әйелмен некелесіп, жасырын түрде көп әйелмен көңілде болып жүре беретін еуропалықтардан әлдеқайда артық» (Жолдыбайұлы Қ. Ислам діні көп әйел алуға нәліктен рұқсат еткен? 11 қараша, 2011 ж. <http://www.muftiyat.kz>) деу себебіне-де көз жіберген дұрыс.

Алайда, XX ғасыр қазақ қоғамындағы отбасылық-некелік қатынастарға түбегейлі өзгерістер әкелді. Патша тақтан құлағаннан кейінгі кезеңде билікке ұмтылған саяси күштер аталған мәселеде әрқайсысы өзінше таңдау жасады. 1917 жылғы 21–26 шілдеде Орынборда өткен Бүкілқазақтық съезде алаш арыстары әйелдерге қатысты «екі әйел алуға бірінші әйелдің келісімімен рұқсат етіледі» деген қаулы қабылдаса, 20-жж. Кеңес Үкіметінің қалыңмал алуды жою, көпәйел алушылыққа, әменгерлікке тыйым салу туралы Декреті шықты. Сөйтіп, дәстүрлі қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық институттың негізгі тетіктерін жоюды «біртіндеп және абайлап» жүргізген кеңестік билік — отарлаудың ең төте жолын болашақ некелік қатынастарды бұзудан бастады. Бұл ретте кеңестік моногамиялық некенің шеңберіне сыймай бұлқынған «асау» таланттардың (М.Әуезов, Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, Е.Бекмаханов, Қ.Сәтбаев, Ғ.Мүсірепов, Б.Момышұлы) отбасылық тағдырын еске түсірген жөн.

Жинақтап айтсақ, XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап өмірімізге енген моногамиялық неке уақыт өте көпәйелалушылық туралы түсініктерді көмескілендірумен шектелмей, осы жылдар ішінде еркек — әйелдің ешкіммен бөлісе алмайтын «жеке меншігіне» айналып шыға келді. Сайып келгенде, шаңырақтағы басты тұлға ер-азаматтың беделі бірте-бірте шайқала бастады. Француз, ағартушысы Жан-Жак Руссо бұл жайтты былайша қорытқан: «Билікке ұмтылған әйел күйеуінің әміршісіне айналады, ал құлға айналған отағасынан асқан күлкілі-де мүсәпір ешкім жоқ». Отбасы билігінен айрылып қалған отағасының мүшкіл халін бірнеше әйелі мен солардан тараған ұрпағының тағдырын күдіретті уысынан шығармаған ата-бабалармен әсте салыстыруға келмейді және аталған моногамиялық неке екі-үш нәрестемен шектелетін қалалық отбасылық өмірде талай нарқасқа еркектің бағын байлағаны ешкімге жасырын емес. Кейбір сарапшылардың пікірінше, шарифатқа қайшы қағидалардың қоғамға енуі аса зор құрбандықтарға әкелуде. Бұған табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы нәтижесінде кәрі қыздар санының артып, қазақ қыздарының өмірлік серіктерін таба алмай қалып жатқандығы, жезөкшеліктің қалыпты жағдайға айналуы, тастанды балалар санының толассыз өсуіне байланысты жетімдер үйінің көбеюі, қаракөздердің басқа ұлт өкілдеріне тұрмысқа шығып, аралас некенің қоғамға сыналай енуі, ұлт өсімінің тежелуі, т.б. сияқты қазіргі қоғамда өткір тұрған мәселелерді жатқызуға болады.

Оқырман мына нәрсені дұрыс түсінгені жөн. Автор қазіргі заманда да дәл осылай болуы тиіс деген ойдан аулақ. Ұлы сөзіміздің негізгі өзегі ол емес. Біздің басты мақсат — дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан полигамиялық некелік қатынастардың көмескі жатқан тұстарына сәуле жүгіртіп, ата дәстүріне ұлттық мүдде тұрғысынан қарап, бабалар тарихын асқақтату. Тарихшы К.Нұрпейісовше айтсақ, кез-келген құбылысты бірыңғай мақтау не даттау ғылыми еңбекке жатпайды, нақтыласақ, қай нәрседің де медальдың күнгейі мен көлеңкесі болады. Кеңес дәуірінде қалың мал, көпәйелалушылық, әмеңгерлік институты біржақты түсіндіріліп, отарлаушылар ұлттық құндылықтардың жағымсыз жағын баса насихаттауға ерекше мән берген еді. Біздіңше, көтеретін жүгі өте ауыр әрі айқыш-ұйқыш пікір-таласын туғызатын, күн өткен сайын шендістіре саралауды қажетсініп келе жатқан күрделі мәселенің екі жағын таразыға тең тартқанда басып тұратын жағы салмақтырақ. Бірақ, қашып құтылуы қиын тарихи шындық сол — қазақ тарихына есімдері алтын әріптермен қашалған алаштың небір айбоз ұлдары мен текті оғландары полигамиялық некенің жемісі. Бұл тұжырым әлдеқашан тарихи деректермен дәлелденген шындық. Бір ғажабы, әуелден қазақтың қанында, ділінде бар ескі салт қазіргі қоғамда оқтын-оқтын көтеріліп, су асты, ағыстарындай білінбей, ақырын жылжуда. Олай дейтініміз бүгінгі таңда саяси, бизнес, шығармашылық элитаның халыққа белгілі һәм беделді өкілдерінің арасында қанда бар көне дәстүр қайта жаңғыруда және қазірде күйеуге екінші не үшінші әйел боп тигендерді өз еркінен тыс барды дегенге сену қиын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрдәулетова Б.И. Көне күннің жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, 2007. – 494 б.
2. Әуезов М. Абай жолы. Алматы: Жазушы,
3. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. Алматы: Ғылым, 1976. -168 б.
4. 2018 жылғы экспедиция материалдары. Ақтау, 2018

ӘОЖ 398.331

ӘЙЕЛДЕР ТУРАЛЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ҚАЗАҚ ЭТНО-МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

Нұрдаулетова Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпифаниялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Аңдатпа. Мақалада қазақтың әйелдерге қатысты салт-дәстүрлерінің сакралды сипаты қарастырылады, оның рухани құндылық ретіндегі орны көрсетіледі, қоғамдағы тәрбиелік, білімдік қызметіне талдау жасалады.

Түйін сөздер: салт-дәстүр, этно-мәдениет, қазақтың әйелдері, рухани құндылық.

Сакралды кеңістікті толықтыратын бейвербалды мәтіндердің бірі – ұлттың салт-дәстүрі. Салт-дәстүрдің астарында халықтың, ұлттың ғасырлар бойы жинақталған киелі ұғымы бар.

„Этнос“ сөзінің қазіргі ғылыми айналымдағы мән-мағынасын былайша тұжырымдауға болады: белгілі бір мекенде тарихи өсіп-өнген, ортақ және орныққан тілі, мәдениеті, психикасы бар, сондай-ақ өздерінің әрі біртұтастығын, әрі өзгелерден

ерекшелігін сезінетін сана-сезімі қалыптасқан, өзіндік атауға (этноним) ие адамдар қауымын „этнос" дейді [1].

Жазушы, этнограф А.Сейдімбеков «мәдениет» терминінің ғылыми анықтамаларына талдау жасай келіп, тек қана атылшын тіліндегі әдебиеттерде мәдениетке" 160-тан астам, батыс еуропалық әдебиеттерде 250-ден астам анықтама берілгендігін жазады. Жазушының баяндауынша, мәдениет туралы «адамзат әрекетінің куралы»деп келетін жиынтық пікірлер, немесе «табитаттың бергені емес, адам қолынан шыққанның бәрі» деген қарапайым анықтамалар, «қоғамдағы адамның қоршаған ортаға бейімделуі тудыртан биологиядан тыс құралдар мен механизмдер жиынтығы» дейтін таза абстракциялық тұжырымдар да бар [1].

Жазушы талдаған батыстық мәдениеттанушылардың қатарында Э.Тэйлордың тұжырымы ерекше, ол: «адам қабілеті игерген білімнің жиынтығы, діни сенім, өнер, парасаттылық, заң, салт-дәстүр, әдет-ғұрып т. б. мәдениеттің аясына жатады» [2, 18], – дейді.

Соныменен, біздің ойымызша, ұлттық мәдениеттің негізгі өзегі – салт-дәстүр. Мысалы, қандай да бір технологиялық жетістік, өнер түрлері т.б. өркениет туындылары жалпыадамзаттық сипатта болуы мүмкін, бірақ салт-дәстүр тек белгілі бір ұлттың ғана ғасырлар бойы қалыптастырған мәдениет туындысы болады және сол ұлт үшін мәнін жоймайтын құндылық ретінде танылады. Ұлттың салт-дәстүрі жойылған кезде, ол ұлт жай ғана адамдардың тобырына айналады.

Себебі салт-дәстүр – белгілі бір ұлттың қоғамдық, отбасылық қарым-қатынастарын реттейтін, өмір сүру дағдыларын жүйелейтін жазылмаған табиғи ережелер жиынтығы. Ол ғасырлар бойы ұлттың тәжірибесі негізінде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Оның басты қасиеті – ұлтты біріктіру, тұтастандыру, өзге ұлттардан айрықшаландыру, тәрбиелеу, жеке тұлғаның кісілік нормаларын қалыптастыру, өмірге бейімдеу. Салт-дәстүр ұлттық танымға негізделген символдар арқылы анықталады.

Салт және дәстүр сөзі қосарланып айтылғанмен, салт пен дәстүр ұғымдарын жеке категория ретінде қарастыруға болады. Зерттеушілердің берген анықтамасына сүйенсек, дәстүр кеңірек ұғымдағы ережелер жиынтығы болса, салт дәстүрден шығатын жекеленген ғұрыптар, іс-әрекеттердің тұрмысқа енгізілген түрлері. Қазақта «әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» деген сөз бар, ол әр елдің (рудың, тайпаның, ұлттың, халықтың) тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру дағдысын ерекшелеп, көрініп тұратын салты бар деген сөз. Мысалы, Ақтан Керейұлы «Қазақтың салты» атты толғауында:

Кешегі бір кең күнде
Біз — қазақ деген ел едік,
Мандала мен мақпалдан
Бешпент-шалбар салдырған.
Термелі жаулық, ақ көйлек,
Сусынын шұбат қандырған.
Мырза жігіт сыпайы
Ағыйма шекпен, жадағай,
Атлас, мақпал түрменің
Талайын киіп қызықтап,

Жүрген де жерін таң қылған [3,179], - деп, қазақтың өмір салтын сән-салтанат, еркіндік, қонақжайлылықпен, үлкенге құрмет, кішіге ізет тәрізді моралдық ізгілікпен байланыстырады. Осы салттан айрылған күні қазақтың басына тар заман келді дегенді меңзейді.

Адам баласының өміріндегі негізгі үш кезең – туу, үйлену, дүниеден озу бастан-аяқ халықтық салт-дәстүр, ырымдармен бекітіліп, түрлі жоралғы (ритуал) түрінде тұрмысқа енгізілген. Солардың қатарында әйелдерге арналған салт-дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері бар. Жер дауы, жесір дауы. Мәселен, ер бала он үш жасында, қыз бала тоғыз жасында кәмелетке толады. Қазақтың салтында керегенің үш көгіне жеткенде қыз баланы тұрмыстың қам-қарекетін үйренуге баулиды.

Біз баяндамамызда қыз бала, әйел аналарға байланысты қазақ дәстүріндегі бір-бірімен сабақтасып жатқан екі салтты әңгіме етеміз.

Бірінші: қазақ әйелінің орамалы не жаулығы туралы.

Қазақ әйелі жас ерекшелігіне, әулеттегі статусына (қыз, келін, ене) қарай орамал, шарқат, шәлі, жаулық салып, кимешек кигені белгілі. Олардың түсі ақ не қызыл болған. Кейде аппақ жаулықты не кимешекті сәндік үшін көкшіл бояға салып, көкбараздап киетін де сәнқой, кербез әйелдер болғаны «Абай жолында» айтылады [4].

Қазақта «қара жамылу» тіркесі бар. Бұл күйеуі қайтыс болған қайғылы, қаралы әйелге қатысты айтылғанмен, қазақта қара орамал тарту, қара жаулық салу деген салт жоқ. Біздің ойымызша, қара жамылу деген тіркестің мағынасы қара орамал салыну емес, қаралы болу деген түсінікті береді. Бұл жердегі қара сөзінің түсті беретін мағынасынан гөрі «қайғы» семантикасы басымырақ. Қаралы үй, қара салыну, қара тігу, қарасын беру, қара асы, қарасына сою, қаралы ту, қараны жығу тіркестері өлім концептісін құрайтын салт-дәстүр, ырым, жоралғылар, бұл жерде де қара сөзінің түсті беру мағынасынан гөрі, «қаралы болу» деген ұғымдық астары басым. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы этнографизмдерді зерттеген профессор Е.Жанпейісов қаралы болуды қызыл түспен де білдіретін салттың бар екендігін айта келіп, «Ал «АЖ» тілінде қара тек қара түспен ғана байланысты кездеседі, яғни өлген адамның артында қалғандарының жасы да, кәрісі де – қай-қайсысы да үнемі қара киімді болып келеді» [5], – дейді. Ғалымның «қара тек қара түспен ғана байланысты» деген тіркесіндегі алдыңғы қара сөзі түсті емес, қайғылы күйді білдіріп тұр. Жазушы М.Әуезов ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың этнографиялық болмысын жан-жақты суреттеген айтулы шығармасында Бөжейдің жесір қалған бәйбішесіне қара желек жамылдырып қояды. Мүмкін бұндай ырым не салт Шығыс өңірінде болған болар. Біз оған кепілдік бере алмаймыз, дегенмен біз оқыған бірде-бір әдеби шығармада қайғылы әйелдің қара желек жамылуы туралы деректі кездестірмедік. Дегенмен әйелдің басына қара желек жамылуы жамандықтың, қайғы қасіреттің белгісі екені айқын. Қазақ халқы қалай болғанда да басына қара салынуды жаман ырымға жорыған, оған тыйым салған.

Қарақалпақстанның Навои ауданының Кенимах ауылындағы ақ маңғыт руының адамдары арасында көк түске байланысты мынадай ырым, салт бар: күйеуі өлген қаралы әйелге көк көйлек кигізіп, көк орамал тартады. Бір жыл өткеннен кейін, күйеуінің жылдық асында жесірдің туысқандары не абысын-ажындары ақ көйлек кигізіп, ақ орамал тартып, «көгің ағарсын!» деген тілек айтады. Маңғыстауда күйеуі қайтқан әйелдің бір жылдан кейін орамалын ауыстыратын ырым бар. Ол «бұдан былай еріңнен азатсың, басқа ерге шығуға болады» дегенді білдіреді. Сонда көк орамал бұрынғы неке мен болашақ болуы мүмкін некенің арасындағы аралық көпір қызметін атқарады. Бір ақ ормалдан екінші ақ орамалға өту үшін ортасында көк орамал болуы қажет. Бұл жерде ақ орамал – неке деген ұғымды береді [6].

Башқұрттарда көк тию – «адамға не балаға, малға көз тию» мағынасында: «Кеше һоьо кешене кәбергә, малды қазанға илтә» [7, 344 с.]

Қазақтарда көзі көк кісі туралы: «көзі өткір екен, көзі көк екен, көзі өтіп кетпесін» деп сақтанады.

«Көсегең көгерсін» деген тілек жастарға айтылады. Қазақ тілінде көсеге сөзі дербес қолданылмайды, ұйғыр фольклорында: «Жиғлимаң, қыз, жиғлимаң, Тойуң болур, Алтун бөшүк, көшүгә, өйүң болур» (Жылама, қыз, жылама, тойың болар, алтын бесік, көсеге, үйің болар.) Көшүгә (көсеге) хакас, алтай, тува, моңғол тілдерінде «жаңа түскен келінге, жас отауға құрылған шымылдық» деген мағынаны білдіреді. ҚТЭС-де көк сөзінің «көктеу, көгеру» мағынасымен байланыстырып, «көсегесі көгеруді» ұрпақ жаю, көбею ұғымымен байланыстырады [8, 106-107]. Біздің ойымызша, көк көсеге (шымылдық) құрудың астарында жаңа түскен келінді немесе жас отауды басқа әлемнен оқшаулау семантикасы бар. Адам баласына екі жағдайда шымылдық құрады: жас келін түскенде, беті ашылғанға дейін шымылдық астында отырады, кейін ол шымылдық жас отауды өзгелерден оқшаулап,

келін перзентті болғанға дейін тұрады. Перзентті болған келін сол шаңырақтың толық мүшелігіне өтіп, әрі қарай шымылдықпен тұмшаланбайды. Екінші жағдайда, қайтыс болған адамды үйдің оң жағына салып, шымылдықпен тасалайды. Осындай ырым туралы этнографтар Қаракөзова мен Хасанов жақсы түсінік береді: «Как только человек умер, его сразу переносят на правую сторону юрты и опускают занавеску. Смысл занавески довольно интересен: его опускают, когда невеста сидит, ожидая первого прихода жениха; невесте лицо закрывают, когда она едет в аул своего мужа в первый раз» [9].

Біздің жағдайымызда, шымылдықтың ақ немесе қызыл емес, көк болуы маңызды болып отыр (көсегесі көк түсті болу, көсегесі көгеру). Шымылдық құрудың коннотациясында оқшаулау, бір дүниеден екінші дүниеге (хаостан космосқа немесе керісінше) өтудің аралық кезеңі деген ұғым жатыр. Олай болса, көк түс – екі дүниенің ортасындағы өтпелі халді білдіретін түс болуы керек деп ойлаймыз.

Көк түс – түркілер үшін Тәңірінің мекені – ғаршымен түстес болғандығы үшін де киелі, құдіретті, түркілер үшін көк аспан көк Тәңірісімен ассоциациянып,

«Көк арбаға мінерміз, көн шарықты киерміз» (Қалнияз жырау) [10] «Шарық – теріден тігілген қарадүрсін аяккіім [1]» Көк арбаға міну кедейлік, пақырлық, мүсәпірліктің белгісі ретінде алынып тұр. Бұл жерде де біз көк түсінің хаоспен (өліммен) байланысты реңкін көреміз. Көк арбаға міну жарықтан қараңғыға, байлықтан кедейлікке өту.

Сәлем ету – келіннің ата-енесіне, қайнаға, қайын апаларына деген құрметінің белгісі ғана емес, әйелдің некелі жары бар, толыққанды отбасының мүшесі екендігінің де белгісі (статус). Себебі қазақта күйеуі қайтқан әйел бұдан былай сәлем ету құқығынан айырылады, оған сәлем етуге рұқсат жоқ. Яғни, тиісті жерінде келіннің сәлем салмауы – жаман ырым, өзінің жарына, отағасысына өлім тілеумен бірдей. Сәлем салмаудың тағы бір себебі, ерлі-зайыптының бірі дүниеден озғанда екеуінің некесі бұзылады, күйеуі қайтыс болған минуттан бастап, ол әйел күйеусіз, тұл қалған әйел болып есептеледі. Ер адам әйелінің қырық күндік садақасынан кейін, әйел адам күйеуінің бір жылдық асынан кейін басқа адаммен некелесуге құқығы бар. Сол түсінікке сәйкес қазақта «орамал ауыстыру» рәсімі бар.

Қазақстанның оңтүстік өңірінде келіндер қолдарын кеудесіне қойып, басын сәл иіп сәлем етсе, Маңғыстаудың келіндері оң тізесінің үстіне оң қолының сыртын қойып, бір (оң) тізесін барынша бүгіп сәлем салады. Осындай сәлем салуды біз этнографиялық экспедиция кезінде Қарақалпақстанның Кенимах аулындағы маңғыт руының адамдарынан көрдік. Маңғыттардың бір бөлігі Ноғай Ордасы дәуірлеген тұста Маңғыстау жарты аралын мекендегені туралы тарихи деректерден білеміз. Маңғыттардың Маңғыстаудан келгендігі туралы олардың өз араларында аңыз әңгімелер де біршама сақталған. Бұл дегеніміз – салт-дәстүрдің өте әріден келе жатқан тарихи таным екендігін көрсетеді және түрлі әлеуметтік, саяси т.б. факторлармен жан-жаққа ажырап кеткен ұлттар мен ұлыстардың бастапқы бірлігін, тұтастығының айғағы олардың ортақ салт-дәстүрлері бола алатынын дәлелдейді.

Салтты бұзу – қоғамнан аласталу. Тарихымыздағы Еңлік-Кебек, Қалқаман-Мамыр, Ақбөбек – Қайып, Қодар мен Қамқа туралы аңыз-хикаялар осындай салт бұзудың салдары туралы баяндайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, Санат, 1997. – 464 б.
2. Тэйлор Э. Первобытная культура, М., 1989
3. Нұрдәулетова Б.И. Көне күннің жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, 2007. – 494 б.
4. Әуезов М. Абай жолы. Алматы: Жазушы,
5. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. Алматы: Ғылым, 1976. -168 б.
6. 2018 жылғы экспедиция материалдары. Ақтау, 2018

7. Хисамитдинова Ф.Г. Мифологический словарь башкирского языка. –М: Наука, 2010. – 456.
8. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966. – 240.
9. Каракузова Ж. К., Хасанов М. Ш. Космос казахской культуры
10. Тіл таңбалы ақындар // Құрастырған Қ.Жылқышыұлы. Ақтай: Printing House, 2016. Т 2 – 432 с.

ӘОЖ 398.331

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Миров М.О.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ұлттық салт-дәстүрдің қоғамдағы маңызы, адамзаттың рухани қалыптасуындағы тіл мен дәстүрдің орны туралы отандық, шетелдік зерттеулерге сүйенген ғылыми талдаулар берілген.

Түйін сөздер: Салт-дәстүр, ұлттық рух, тіл, қауымдық дәстүр, әлеуметтік дәстүр, кәде-рәсім.

Ежелгі грек ойшылдарының топшылауларына қарағанда адамзат баласының белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екенін айқындап, анықтау үшін алдымен бес түрлі шартқа жауап беруі тиіс. Бірінші сол ұлттың тілі, екінші діні, үшінші дәстүрі, төртінші сол ұлттың тарихы, бесінші сол халықтың мекендеген атамекенін терең білуі тиіс

Ұлттың ұлт болып ұйысуындағы осы шартты түрдегі бес белгінің барлығы да ерекше орын алатыны хақ. Бүгінгі тақырыбымызға орай біз ұлттық рухани жемісіндегі салт-дәстүрлер маңызына тоқталсақ.

Қайбір ұлтты болмасын рухтандырып, оның өзіндік формасы мен мазмұнын әрлендіріп, өрнектеп тұратын сипаттардың бірі және бірегейі де дәстүр. Ол ұлттың қанында, жанында, рухани жүрегіне аса қажетті, қасиетті нәрсе. Сол себептен тіл мен дәстүр әркез бір-бірімен тонның ішкі бауындай бір-бірімен байланыста болып, дамып, жетіліп отырады.

Алдымен «дәстүр» сөзінің этимологиясына назар аударсақ, «дәстүр» арабтың «дустур» деген сөзінен бізге парсы тілі арқылы келген сөз, «орныққан», «тұрақты» деген мағынаны білдіреді. Біз ұзақ жылдар бойына «дәстүр» сөзін латынның «традицио» дегеніне синонимі ретінде қолданып келдік. Латынның бұл сөзін аударсақ, ол да «бірден-бірге өткізу», «бірден-бірге беру» болып шығады. Бүгінгі ұлттық рухани жаңғыру танымы тұрғысынан сараласақ дәстүр-жалпы халықтық. Себебі ол индивидуалдік жеке басы жағдайына емес, халықтық, әлеуметтік, психологиялық, мәдени және де басқа әр алуан тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайларға байланысты. Екінші сипаты дәстүрдің тұрақтылығында. Ол тез өзгере салмайды, орнықтылығымен ерекшеленеді. Әрине дәстүрдің жетіліп отыратынын ескеруіміз қажет. Үшіншіден салт-дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратыны ақиқат.

Бұл сипаттарға сүйенсек, дәстүрлеріміз өскелең ұрпаққа сол ұлт өмірінің нәзік жемісін үзбей біріктіретін қызметін атқаратынын байқаймыз.

Әрі дәстүрдің бір заманда өмір сүрген жандардың бір-бірін жақын түсінуі, олардың арасында алшақтықтың болмауы, өзара қарым-қатынастың үзілмей жұптасуы, әдет-ғұрып, салт-сананың біртұтас болуы осы құбылысқа байланысты.

Қазақ халқында дәстүр мәселесін терең меңгерген адамдар-билер болған. Бұл бағытта билер институтының маңызы зор болған. Олар әдет-ғұрып, салт –сананы терең біле отырып, өзі билік жасаған. Ұлттық болмысын зерделегенде этнография ғылымына соқпай

кете алмаймыз. Этнографияның негізінде рухани мәдениет атты тамыры тереңнен тартар ұғының жатары хақ. Біздің ұлт өзіміз дәстүрлі мәдениетін ұмытпай өрісін тарылтпай, жалғастығын үзбей оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғай келе жатқан текті халық. Бұл санатқа халқымыздың бұрынғы наным-сенімдерін, салт-дәстүрлерінен мол мағұлмат берер ертедегі қалыптасқан айға, күнге, отқа, сондай-ақ әртүрлі табиғи құбылыстарға табынғандығы жөніндегі аңыз-әңгімелер, дүниенің таңғажайып жұмбақты сырларына бойлар жыр-дастандарын, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, батырлық, ғашықтық жырларын, мақал-мәтелдерін, халқымыздың астрономиялық көзқарастарын, ән, күй, би және сол туралы аңыз-әңгімелерін, тұрмыс-салт жырларын т.б жатқызуға болады.

Этнография-белгілі бір халықтың шығу тегін, даму жолындағы бел-белестерін, тарихы мен мәдениетін, тұрмыс-салты мен ғұрып-әдетін, сондай-ақ өзіндік өзгешеліктерін, бір сөзбен айтқанда, сол халықтың материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін ғылым. Қазақ этнографиясын зерттеу-сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, түркі тайпалары жөніндегі көне жазбалардан бастау алады. Сондай-ақ ежелгі түркі халықтарына ортақ кезеңмен атап айтқанда, VI-VIII ғ.тән Орхон-Енисей тас жазбалары, X-XI ғ., «Оғызнама» жыры, «Қорқыт ата» кітабы, X-XIV ғ. түркі дүниесі ғұламалары Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири еңбектері, «Қыпшақ тілі сөздігі» т.б құнды еңбектер ұлтымыздың болмысын тануға мол мүмкіндік беретіні жәдігерлерміз. Салт-дәстүр дегеніміз-- атадан балаға жалғасып отыратын тұрмыстық, әлеуметтік ұстанымдар. Ешбір заңда, ешбір кодексте жазба түрінде көрсетілмегенімен халық оларды бұлжытпай орындауға тырысады. Өйткені кез келген адам үшін дәстүрлік тәлімдердің пайдалы жақтары өте көп. Дәстүр-адамдардың іс-әрекеттерін, өмірлік көзқарастарын, рухани болмыстарын реттеу мәселесінде негізгі рөл атқарып, тәрбие негізін қалауға көмектеседі. Негізінен салт-дәстүрге әдет-ғұрыптың өткен кезеңдерден қалған, оның ең озық түрлері, ырым-жоралары, кәде-рәсімдері кіреді. Кез келген дәстүр белгілі бір заманда өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғаннан кейін ғана әрмен қарай жалғасын тауып, келер қоғамнан тұрақты орын алады. Демек, біздің қазіргі қоғамда қолданылып жүрген қазақтың әдет-ғұрыптары мәңгілік өмір сүру құқығын алған салт-дәстүрлер деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері ата-бабаларымыздың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, дүниетанымына орай туындап отырған. Оларды қоғамдағы атқаратын қызметіне қарай отбасылық және қауымдық-әлеуметтік дәстүрлер деп үлкен екі топқа бөлуге болады.

Отбасылық дәстүрлерге баланың өмірге келуі, ер жетуі, тәрбиесі, келін түсіруі, қыз ұзату, өлім-жетім т.б жатады. Ал қауымдық-әлеуметтік дәстүрлерге ауыл болып өткізетін әдет-ғұрыптарды жатқызуға болады. Мысалы, Наурыз мерекесі, діни мейрамдар, ас беру т.б жатады. Негізінен қазақ салт-дәстүрлерін отбасылық және қауымдық-әлеуметтік деп бөлу шартты түрде ғана. Себебі отбасылық дәстүрлер мен қауымдық-әлеуметтік жоралғылар көбіне өзара астасып, араласып жатады. Көп жағдайда отбасылық дәстүрлер кейде қоғамдық сипат алады. Ал керісінше бүкіл қауым атқаратын дәстүрлер әр отбасында көрініс табады.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі нұсқаларынан бастау алатын қазақ отбасы фольклорының тарихы-тамырын тым тереңнен тартады. Олардың ішінде отбасылық әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер жөніндегі этнографиялық деректер өз алдына бір төбе. Өйткені көне деректердің тереңіне бойлаған сайын этнографиялық деректер мен фольклорлық үлгілердің арасына шек қоюдың өзі қиындап, бір-бірінен ажырамастай тұтас құбылысқа айнала береді. Бұл, әсіресе, отбасы фольклоры тәрізді кіндік бауы халықтың тұрмыс-салтына берік байланған жанрлық түрлерге тән өзекті ерекшелік. Яғни, ғұрып фольклорының жанрлық түрлерінің қай-қайсысы бомасын халықтың тұрмыс-салтымен біте қайнасқан құрыштай құрылым. Фольклорлық шығармалар тұрмыстық ғұрыпты қолдап, демеп отыратын қосалқы дүние ғана емес, ол сол тұрмыстық ғұрыптың қалыптасу кезеңдерінде бірге өріліп, оның ішкі ділін сөз өрнегіне сіңірген бірінсіз бірін толық тануға бомайтын тұтас әлем. Сондықтан да, фольклорлық шығармаларды тек сөз өнері ретінде ғана емес, этнография ғылым ретінде қарастыру әлемдік тәжірибеде орныққан үрдіс.

Егер отбасы фольклоры ұғымын кең мағынасында алсақ, оған отбасында атқарылатын ғұрыптарға байланысты сөзбен өрнектелген поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалардың барлығын енгізуге болады.

Біз бұл жерде адамның тууы, үй болуы мен дүниеден өту кезінде атқарылатын ғұрыптарға қатысты орындалатын өлең жырларды ғана атауға болады. Оны жалпы фольклортану ғылымында «отбасылық ғұрып» фольклоры деп танылады. Бұдан термин мазмұнына орасан нұсқан келе қоймайды. Сондықтан фольклортанудың өң бойында екі атау алмасып қолданылып отырады.

Бүгінгі алқалы жиын, кешегімізді тірілтіп, бүгінгімізге қанат бітірер, болашағымызға сенім ұялатар тарихи тағылымдарымыз, ұрпақ санасын бекітіп ұлт болмысын тәрбиелер ақиқаттарымыздың бір парасы және өзін-өзі тани отырып, даму мен өрістеудің жаңа кезеңіне аяқ басқан қазақ есімді халықтың мәңгілік ел болу жолын айшықтар, айғақтар беделдеріміз мен белгілеріміздің мәні боп қалмақ. Салт-дәстүр тәрізді ұлттық құндылықтарымыздың қалпын бұзбай, ұлт санасы мен ойына кең өріс ашу - бүгінгі Сіз бен Біздің ортақ міндетіміз, ұрпаққа жүктелген тарих аманаты. Келер заманға шаңырағы шайқалмай, ілгері-кейінді дәуірлердегі жиғаны мен тергенін шашпай-төкпей жеткен бабаларымыз бен даналарымыз аманат еткен ұлттың ұлт байлығын сақтау, жетілдіру ортақ парыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Құрастырған С.Әжіғали-Алматы «Арыс» баспасы, 2006.-416 б
2. Қазақ этнографиясы. Құрастырған: З.Сәнік, Ж.Зейноллақызы-Алматы «Ан Арыс» баспасы, 2016-576 б
3. Әбубәкір Диваев Тарту. Құрастырған: Ф.Оразаева-Алматы: Ана тілі, 1992-256 б
4. Қазақ салт-дәстүрлері. Құрастырған: Ә.Тауұлы-Алматы «Балауса» баспасы 2017-384 б
5. Қазақ отбасы фольклоры. Құрастырған: К.Ісләмжанұлы. Монография-Алматы: Арыс баспасы, 2007-332 б
6. Мұхтар Арын. Бес анық,, Ақтөбе 1994ж
7. Г.Болатова Салт жырларындағы тәрбиелік үрдістер, Алматы, Рауан, 1997 ж.
8. Д.Ж.Айдаров Діл және дәстүр-Алматы: Дайк-Пресс, 2010-344 б

ӘОЖ 398.331

ӘБУБӘКІР ДИВАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ РӨЛІ

Байшов Б.Б.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада орыстың танымал этнографы Ә.Диваевтың қазақ халқының салт-дәстүрлеріне қатысты зерттеулеріне талдау жасалған. Ә.Диваевтың қатысуымен табылған көне түркілік жазбаларға түсінік берілген.

Түйін сөздер: Диваев, фольклор, салт-дәстүр, этнография, рухани мәдениет, жоралғы, қобыз, бақсы.

Қазақ халқының қазіргі таңда көптеген ұмытыла бастаған салт-дәстүрлері бар. Олардың қатарында босаға майлау, қалау айту, аунату, ажырасу көже, бәсіре, тізе бүгу, бел көтерер секілді ескіден қалған ғұрыптарды жас ұрпақтың білуі өте маңызды дер едік.

Қазақтың осындай ұмытыла бастаған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұрпаққа жеткізіп жаңғыртуда оны тасқа басып жазып кеткен зерттеушілердің жабалары үлкен маңызға ие.

Қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерін, жөн-жоралғылары мен қазақ халық медицинасының ерекшеліктерін жинап, оны орыс тіліне аударып бастырушы Әбубәкір Диваев есімі Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Ж.Көпеев, Г.Потанин, В.Радлов секілді XIX-XX ғасырдағы қазақ мәдениетін зерттеуші белгілі тұлғалардың қатарында тұр. Әбубәкір Ахметжанұлы 1856 жылы Орынборда башқұрт ақсүйегінің отбасында дүниеге келіп, 1933 жылы Ташкент қаласында дүниеден озған. Әкесі Ахметжан әскери адам ретінде сол кездегі Түркістан өлкесіне жиі келген. Диваев та жас кезінде Түркістан қаласында уез бастығы болған ағасының қолында біраз уақыт тұрып, есейе келе Орынбор кадет корпусының Азия бөліміне оқуға түседі. Оқуын аяқтағаннан кейін 1883 жылдан, шамамен 25 жасынан бастап Сыр бойын, Әмудария мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына, сенім-нанымдарына қатысты құнды материалдар жинаумен шұғылданған.

1895 жылы Диваевтың қатысуымен Қожа Ахмет Яссауи мешітінен табылған көне жазулар Түркістан өлкесі тарихын зерттеуге жасаған елеулі үлес болды. Ә.Диваев 1918 жылдан бастап Түркістан университеті мен Түркістан Шығыс институтында қазақ этнографиясы курсынан сабақ береді. Біраз уақыт Ташкенттегі Түркістан өлкетану музейінің археологиялық және этнографиялық бөлімдерін, 1920 жылдан Сырдария, Жетісу облыстарына жасалған экспедицияларды басқарды [1].

Диваевтың жинаған этнографиялық дүниелердің арасында қазақ халқының рухани мәдениетінің үлгілерін толық қамтып ырымдары мен тиымдары, бесік жыры, беташары, құдалық салтын, жылан мен құрттардың шаққанда уытын қайтартын қасиетті дұғалар, киелі тұлғалардың кесенелеріне қатысты аңыздар, ертегілер, жоқтаулар, бақсы сарыны, салт-дәстүрлеріне қатысты мақал-мәтелдер мен қазақ эпосының жауһарларын жазып қалдырды.

Мәселен, оның «Сырдария облысы қазақтарының үйлену жоралғылары туралы бірер сөз» деп атпен жарық көрген мақаласында ғалым құда түсу, қалыңмалдың көлемі, күйеу баланың ұрын немесе құпия түрде келуі, неке қию дәстүрі және қазақтардың ежелден келе жатқан басқа да жоралғыларын жазып өтеді. Аталған мақалада қазақтардың құдалыққа байланысты жоралғыларының сәбидің дүниеге келетін уақытынан бірден басталатындығы, ер бала дүниеге келсе оның әкесінің қызы бар, өзіне тең, лайықты адамды іздей бастайтындығы, егер сол кішкентай қыздың әкесі келіссе, қалыңмал көлемі туралы әңгімелер жүргізетіндігін және т.б. мәселелерді бастап кететіндігін жазуы біз үшін өте қызықты дер едік.

Ғалым өзінің этнографиялық материалдарын басында «Сырдария облысының статистикасына арналған материалдар жинағында», кейіннен «Қазан университеті жанындағы археология мен этнография Қоғамының Жаршысы», «Түркістан ведомостысы» және тағы да басқа Ресей мен Еуропаның ғылыми әлемі оқып, таныса алатын ғылыми басылымдарда жарыққа шығарды. Диваевтың «Қырғыз бақсылары», «Жын-перілердің әңгімелері» (Демонологические рассказы) деп аталатын жазбалары қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысынан хабары жоқ Еуропа елдері ғалымдарының, соның ішінде, әсіресе неміс оқымыстыларының да назарын аударды. Мәселен, «Қазақ өміріндегі бақсылар» (Баксы в жизни киргиза) деп аталатын мақалада «сеанс кезінде Бақсы қобызда ойнауын тоқтатпайды және оның тоқтауы бақсы әбден шаршаған уақытта ғана белгілі болады. Қобыз тоқтағаннан кейін бақсы есінен адасқан адамның күйін кешіп, көзі қанға толып, оның айналасына әруақтар мен рухтар жиналғандай болады. Бақсы олардың әрқайсысын есімдерімен атап, сипаттап сөйлейді. Осындай айқайлап, барлық күшін сарқыған бақсы соңында сөй сөйлеу емес, дыбыс шығару қабілетін де жоғалтып, әлсірейді» [2], - деп жазды.

Қазақ халқының наным-сенімдеріне байланысты автор «Сиқырлы қастандық» (Волшебный заговор), «Қырғыз ауру-сырқауларын бәдік өлендері арқылы емдеу»

(Киргизские болезни и лечение их посредством пения бедик), «Киргизские поверья» т.б. еңбектерін жазды. Мәселен, «Саяхат уақытындағы қырғыздардың белгілері» (Приметы киргиз во время путешествия) мақаласында «егер қазақ жолға шығар алдында жылқысы көңілді тұрып. Құлағын қайшыласа, жолым болады, мақсатыма жетеді екенмін деп қатты қуанады»,

Әбубәкір Диваев түрік халықтарының этнографиясы мен фольклорына арналған жүзден астам ғылыми еңбектердің авторы. Ғалымның тікелей атсалысуымен қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ секілді түркі тестес елдердің этнографиялық материалдары мен «Алпамыс», Қоблыанды батыр, Едіге, Қамбар батыр секілді ауыз әдебиетінің эпостары жинақталып, орыс тіліне аударылды. Ғалым өзінің қазақ халқының ертегі-аңыздарды, мақал-мәтелдері, салт-дәстүрі, өлең-жырлары, халық даналығы мен медицинасына байланысты жұмыстарын қазақ даласында экспедициялық жұмыстар жүргізу арқылы жүргізді [3, 23-б.]. Ал бұлай экспедициялық жұмыстармен далалық жерлерде жұмыстар жүргізудің адамның денсаулығына, өмірінде өте көп қиыншылықтар тудыратындығы және табандылықты талап ететіндігі белгілі.

Белгілі мемлекет қайраткері, ғалым Өзбекәлі Жәнібеков Диваев ақсақалды «Қазақ этнографиясының Леонардо да Винчиі, Ломоносовы» деген екен. Бұл атау зерттеушінің артында қалған мұрасының ауқымы мен маңыздылығының бағалы екендігінен туындағандығы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уайсова А. Қазақтың жауһарын жинаған Елордада – есімі // Астана Ақшамы, 2021ж., 17 шілде.
2. Исабаева А.С. Этнопедагогические воззрения в трудах А.А.Диваева // <https://docviewer.yandex.kz/view/0/?>.
3. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Павлодар., 2007. - 381-б.

ӘОЖ 82-1/9

«САРМЫС БАТЫР» ДАСТАНЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

Құлбаев Н.А.

Өлкетанушы, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада «Сармыс батыр» дастанына арқау болған негізгі оқиғалар мен кейіпкерлердің әдеби бейнелері тарихи тұрғыда талданған. Халық арасында ауызша тарап келген шежірелік деректер мен аңыз әңгімелердің тарихи негізі бары баяндалады. Сондай-ақ ұлт тарихын танытудағы әдеби өлкетанудың орны туралы да ой-пікірлер айтылған.

Түйін сөздер: Рухани жаңғыру, әдеби өлкетану, Сармыс батыр, жауынгерлік рух, ұлы даланың ұлы тұлғалары.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, көркем әдебиет әлеуетін туған өлкемізді тану мен дәріптеу мақсатында, Қазақстан Жазушылар Одағының ұйымдастыруымен қолға алынған «Әдеби өлкетану» жобасын тарихшылар мен өлкетанушылар да ықыласпен қолдады. Маңғыстаулық талантты ақын Асылбек Жаңбырбайдың осы арнайы жоба аясында жарық көрген «Сармыс батыр» дастанын қолжазба нұсқасында оқып, пікірімізді білдіріп, рецензия жазғанбыз [1, 7]. Ол дастаны «Отпан таудың басында ұран оты» деген атпен басылып шыққан жинаққа енді [2, 351-422].

Біріншіден, дастандағы кейіпкерлердің және онда аттары аталатын кісілердің бір де біреуі әдеби образ, жиынтық бейне емес, өмірде болған, тарихи тұлғалар. Екіншіден,

жырланатын оқиғалар – елдің басынан кешкен тағдыры. Үшіншіден, мекені мен уақыты да көрсетілген. Осы талаптар негізінде «Сармыс батыр» поэмасын көркем баяндалған тарихи туынды деп бағалаймыз.

«Туғанда дүние есігін өлеңмен ашып, өлгенде де жер қойнына өлеңмен кіретін» (А.Құнанбайұлы) «ақын халық, батыр халық – дәл аты» (Қ.Мырза-Әли) деп бағаланған қазақтың өлең-жырмен жазылған тарихы қашан да саналарына өтімді, жүректеріне жетімді болатынын әдебиеттанушылар айтып та, жазып та жүр. Нақты дерекке ғана жүгінуі тиіс тарихшылардың өздері оны әлдеқашан мойындап, кейбір мәселелерде тарихи тақырыптағы әдеби шығармаларға сүйенеді. Сол сияқты, біз де бір-екі ғасыр бұрынғы ауыз әдебиетіндегі жыр-дастандар мен арнау-толғауларды негіз етіп, өлке тұрғындарына кең таныс болғанымен жалпыхалықтық деңгейге шыға қоймаған әдеби-рухани жәдігерлерімізді арқау қылып, ондағы аса құнды деректерді ұқыптылықпен пайдаланып дастаншылдық дәстүрді жаңғыртқан қаламгер шығармасын рухани қазынамызға қосылған олжа деп бағалаймыз. Өйткені қисынға келсе де, дерек керегін ескеріп, біздердің ғылыми тұрғыдан кесіп айта алмай тосылатын тұстарымызға автор ақындық батыл көзқараспен, логикалық түрде кесек түйіндер, поэтикалық тұжырымдар жасайды. Бұлай дейтініміз – алдымен танысу мақсатында, кейін сын көзбен бірнеше қайтара оқып шықтық, шығармадағы оқиғалар, тарихи тұлғалар, жер-су аттары және сол тұстағы сөз қолданыстар, халықтың тұрмыс-тіршілігі барынша сай келеді.

Сармыс батыр Тікенекұлы шамамен XVIII ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдары туып, XIX ғасырдың алғашқы онжылдығы аралығында өмір сүрген. Ол өз тұсындағы саяси-әлеуметтік жағдайлардың ешбірінен қалыс қалмаған. Ер Шоғы Мұңалұлынан бастап, батырлығы бабадан балаға жалғасқан әскери әулеттің орталық кейіпкері ретінде Сармыс Тікенекұлының таңдалып алынуын ғалымдар әдебиеттанудың қалыптасқан бір бағыты фольклортану үлгісінде көркем жинақтау – сюжеттік, ғұмырнамалық, шежірелік, тарихи, орталықтық, географиялық тұтастану тұрғысынан зерттеп, оқырмандарға жан-жақты талдап түсіндіріп бере алады [3, 139].

XVIII ғасырдағы әлеуметтік орта, сол тұстағы қазақ халқының бір дәуірінің тарихы, салт-дәстүрі, аңсар-арманы, талап-тілегі, мақсат-мұраты мен мүддесі, мінез-құлқы, ой-санасы, ұлттық ұстанымдары ортақ болғандықтан, күні бүгін де күллі халықтың – ұлан-байтақ жеріміздің батысы мен шығысындағы, түстігі мен теріскейіндегі жерлестеріміздің, тіпті жат жұртта жүрген қандастарымыздың да жанына жақын.

Жалпы оқырманға осы кезеңде ел басқарған хандар мен билердің ұстанған саяси-әлеуметтік бағытын, көзқарасын, бағдарын білуге, халық батырларының позицияларын анықтауға мүмкіндік береді. Халқымыздың дәстүрлі түсінігін, дүниетанымын, оның даму жолдарын тануға ынталандырады, білуге қызықтырады. Ендеше, дастанға жалпылама шолу жасап көрсек...

«Туған жермен тілдесу» атты бірінші бөлімде ұлы даламыздың бір бөлігі, «ұғымталға ұқтыраны көп ұлағатты өлкенің» (Ә.Кекілбайұлы) ұлылығын көркем тілмен ұлықтаған. «Шежірелі шалдарым» деген екінші бөлімде билердің сұрақ-жауабы арқылы билік пен батырлықты, діндарлықты дәріптейді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында билік дәстүр әлсіреп, заман аза бастағанда, билер параға жақын болып, бұра тарту көбейіп, сөзге тоқтау азайған шақта Қосай Қадір Қалдыбай би қара қылды қақ жарған әділдігінен, «туғансыз» имандылығынан «Жетім би» деп атанған екен. Өйткені оған айыбы барлар көп жүгінбеген көрінеді. Әрине, күштінің ығына жығылмаған соң, негізінен шағымданушылар ғана болмаса, оның билігіне, әсіресе, айыпталушылар мүдделі емес еді (С.Нұржан). Сондықтан «Жетім би» атанған кісі рушылдық, жершілдікке сірә қарсы адам. Осы қасиетіне сүйсінгеннен әрі сынау үшін қойылған «Мұңалдар Пір Бекет Атадан басқа кімімен мақтанады?» – деген сұрағына берген жауабы бүгінде ел ауызындағы қанатты сөзге, тұрақты тіркеске айналып кеткен: «Бекет Ата – Мұңалдың ғана емес, барша мұсылманның асылы, ол бәрімізге ортақ Пір. Ал «Мұңал кімімен мақтанады?» – десек: қара қылды қақ жарған, қырық би шыққан Қырымқұл деген ауылым бар; «мұсылман мен

кәпірдің арасын ашып», дін жолын ұстанған қырық ахун шыққан Құрым деген ауылым бар; қалың дұшпанды қақ жарған, бір өзінен қырық батыр шыққан Қырықмылтық деген ауылым бар. Осы үшеуі – қара шаңырақтың құты, «Мұңал-ошақтың» үш бұты! – деген екен».

Осы билік сөзді ақын кіріспе ретінде қолданған. Бірақ ондағы қырық саны шартты түрде, абстрактілі ұғым ретінде ғана қолданылып тұр. Әйтпесе, бұл үш ауылда басқа игі-жақсыларын айтпағанның өзінде, мылтық асынған батырлар да, сөз ұстаған билер мен ақын-жыраулар да, дін таратқан молдалар да әлдеқайда көп.

Бұл сөзімізге көз жеткізу үшін үшінші «Қырықмылтықта – қырық батыр» бөліміндегі мысалдарды өзіміз де әдейі санап шықтық. Расында да, қос ғасырда қырықтан астам қаһарман тұлға туған екен: Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде Әзіреттің көк күмбезінің асытанда мәңгі тыныс тапқан қазақ елінің хандары, билері мен батырлары, игі жақсылары қатарында жерленген Шоғы батыр Мұңалұлы, оның қос ұлы Есекей мен Жолай батырлармен тізімді бастайды.

Бірде «Аттан!»-даған кезекті аламанға асығыс аттанып шыққан Шоғы батыр кім бар деп артына қараса, Есекей-Жолай екі ұлы, олардан басқа ешкім ермепті. Сонда да жарықтық қос ұлының жігерін қайрау үшін әрі тәуекел мен тәубесінен жаңылмай: «Түгел екенбіз ғой!» – деген екен. Көзінің ағы мен қарасындай қос ұлы мен олардың ұрпақтары – Есекейден Бәкілік пен Жарас батырлар бастап оң қанатты; Жолайдан Жолмамбет пен Бодан батырлар қостап сол қанатты құрапты. Ары қарай шежіре емес, дастандағы тізім бойынша санамаласақ. Бәкілікұлдары Шындәулет пен Сарба, Сатақ және Ақжігіт батырлармен танысамыз. Есекейұлы Жарас батыр жастай соғыста өлген екен. Жарастан қалған жалғыз ұл – Тікенек батыр дейді.

Жауынгер ұлттың: «Қанша батыр болса да жауға салма жалғызды» деген жазылмаған заңы бар. Атадан жалғыз, кіндіктен жалғыз ұлдарды, артында ер баласы жоқ азаматтарды қайраты тасып бара жатса да жорықтарға ертпеген. Бірақ бейбіт жатқан еліне тұтқиылдан жау шапса, «кіндіктен жалғыз едім, әлі ұлды болып үлгере қоймап едім» деп жанын аяп қалсын ба? Тегі мен тұқымын түгендейтін шама бола ма? Сондай бір аласапыран замандарда Есекейдің ұлы Жарас батыр екі-үш қыздан кейін жарының құрсағына ұл біткеніне көзі жеткен соң-ақ отызға толар-толмастан әскерге араласып кеткен. Ақыры ақкөздікке салып, соғысып жүріп қыршынынан қиылып, шейіт болыпты.

Тікенектен – Құттықадам, Қармыс пен Сармыс, Бозша және Сексенбай батырлар («Бес Тікенек») шыққан.

Қармыс ұлдары Басшы мен Қосшы батырлар, Сармыс ұлдары Әуезберді, Күсеп (батыр, палуан, шебер), Құдабай, Төле (батыр, молда, би). Сармыстың немерелері де – Қарағұлұлы Серғазы мен Қабаш, Қоскелдіұлы Тақыл батырлар кей деректерде Қараған Босағадағы Балуанияз батыр бастаған шайқасқа қатысқан алпыс батырдың қатарында аталады. Құттықадамұлы Қуат батыр, даңқы асқақ Қуатұлы Дәуімшар батыр, Дәуімшар ұлдары Итбатыр мен Өмірбай, Өмірбайұлы Түрікпенбай, Шолақ биден шыққан батыр әрі палуан Қуандықтардың әрбірінің өмір жолдары өнеге, ерліктері дастан боларлық. Құттықадамда Аتكелтір, Айбас, Түбірқұл батырлардың да аттары аталады.

Бозшаұлы Сам батыр Сам құмында туғандықтан, атын солай қойған. Сам құмы басқа да бір Сам аттас адамның атына қойылды деген кейбір пікірлер шындыққа жанаспайды. Бұл – осы жердің ежелгі атауы. Самұлы Бақтыбай батырдың қырда құдығы да бар. Бақтыбай – белгілі Құлшар күйші Ерназарұлының атасы.

Бозша Жанықұлұлы Өтеміс – Дәуімшар-Құдабай батырдың соңғы жорығында ерекше ерлік көрсеткен жас батыр. Дәуімшардың сүйегін алып шыққан. Сүтір жырау Бозша Көбейсін Жұмағазыұлына арнаған толғауында осы соғысқа қатысқан Бозша Жанықұлұлы Өтеміс батырды жырға қосады:

Ашайын сөздің тиегін,
Дәуімшардың жауда өлген
Өтеміс алған сүйегін.
Кем деп ешкім айтқан жоқ,

Өтеміс ердің бұ жерін...

Шоғының Жолай тақтасынан тарайтын сол қанаттағы Жолмамбетұлы Жанғабыл, Жарылғап батырлар; Жарылғап ұлдары Аман, Түгел батырлар; Түгелұлы Есет батыр, Есеттің екі баласы Рақ пен Қияқ батырлар өз тұсында ұлы дала төсін дүбірге бөлеген. Рақ батыр Дәуімшар қорымында жерленген. Тағы да Сүгір жырау толғауында:

Түгелде аты шыққан Рақ батыр,

Аққұйрық атын мініп жауға шапса –

Қайырлы болады екен соңы ақыр... –

деп жырлаған. Жастайынан қалмақ шапқыншылығы мен Хиуа басқыншылығына қарсы тұрып, қанды жорықтарға қатысып, қаһармандық танытқан ол – оққағары бар, қасиетті кісі болыпты. Қанша қақтығыстарға қатысса да, жараланбай аман шығады екен.

Боданнан Сарша мен Кенжебай батырлар; Төлегенұлы Сарт, Темір батырлар; Қарабастың қайсар ұлдары Айгөшек, Қангөшек батырлар қатар айтылады. Нұрбаулы, Бөгежан, Бекберді батырлар да белгілі болып, «Бес Қарабас» атанған. Сол сияқты Кенжебайұлы Қаржау батыр, Нұрбаулыұлы Майкөт, оның ұлы Қожалақ батырлар, Жанғабылда – Қарағұл, Тәумен батырлар өткен. Қотырбасұлдары Шолан мен Кәкі батырлар бірге туып, бірге жүрген.

«Ер – егіз» дегендей, бұл батырлардың көбі қос-қостан шықан, сондықтан есімдері де қатар аталады. «Екі батыр елде жатыр, жеке батыр жерде жатыр» дегендей, жеке шауып мерт болғандар да, екі-екіден жүріп, иық тірестіре бірге соғысып, тірісі ажалы жеткенінің сүйегін де жауға қалдырмаған мысалдар жеткілікті. Ақынның айтуынша:

«Егіздей есімдерін ел жаттаған

Ерлер көп Қырықмылтықта дүр тұлғалы...»

Мұның өзі – сабақ әрі өнеге.

Біз «Арал-Каспий аралығы тарихи-мәдени ескерткіштеріндегі араб графикалы мәтіндердің анықтамалығы» атты кітабымызда осы аттары аталған тарихи тұлғалардың көбінің жатқан жерлерін анықтап, құлпытастарындағы жазуларын эпитафия түрінде хатқа түсіріп, тізімге алғанбыз [4]. Бұл жұмыстарымыз әлі де жалғасуда.

Сондай-ақ бұлардың есімдерінің ішінде әкелері, аталары жақын араласқан замандас, қарулас, жорықтас белгілі батырларға ұқсасын деп ырымдап қойылған аттар көп кездеседі. Мысалы, Құттықадам Қуатұлы Дәуімшар – Байбақты Дәуімшардың; Бозша Самұлы Бақтыбай – Шекті Бақтыбайдың; Өтемісұлы Төлеп – Бәйімбет Төлептің; Сармысұлы Күсеп – Балықшы Күсептің; Аتكелтір Лепесұлы Айбас – Табынай Айбас батырлардың құрметіне қойылғаны көрініп тұр. Сол сияқты, туған жеріне, отырған қоныстарына байланысты қойылған аттарға (Бозша Сам – Сам құмында, Қарасай жырау – Ырғызбай-Қарасай жерінде туған, т.б.), өздерінің есімдерінің жер атауларына айналғанына (Ақжігіт, Сарша, Сармыс, Төлеп, т.б.) және ең бастысы – негізгі жерленген жерлеріне, ата қауымдарына қарап, қарапайым мысалдардан да географиясы мен биографиясын анықтауға болады.

Жылқышы ақынмен айтысында Мұрат Мөңкеұлының қарсыласына: «Бар болса бір сырғияң батыр дейсің...» – деп тиісіп, өзі Дәуімшар мен Құдабайларды мақтайтынындай, о заманда бұ халық қолына қару ұстағанның бәрін батыр ретінде мойындамаған. Есен Ермембет бидің «Жауға бүгін барып, ертең өлгенді батыр демейтін жұртпыз» дегендей талабымен әлденеше жорықтарға қатысып, олжалы оралып жүргендер ғана батыр деп танылған. Әйтпесе, Шоғыдан шыққан шынжырлы батырлар шоғырының өз ішінде де батыр атану оңай емес. «Кім бай болғысы келмейді? Құдайы қаламайды. Кім батыр болғысы келмейді? Жүрегі дауаламайды» деген мақал – ақиқат сөз. Сондай-ақ «Өсер елдің балдары бірін-бірі батыр дер» деп көтермелеп, асыра ұлықтау да жүрмейді. Сірә, «Адайға кіргің келсе, ер болғайсың, бұл елде ер болмасаң, ел болмайсың!» – деген қағиданы қалыптастырған осындай жеті атасына дейін батырлық үзілмеген тұлғалар шығар деп білеміз.

Бүгінде Есекейден – тоғыз ауыл (Бәкіліктен – төрт бала, Тікенектен – бес бала); Жолайдан – он бес ауыл (Жолмамбеттен – он екі бала, Боданнан – үш бала). Барлығы

қосылып жиырма төрт рулы ел болыпты. Шоғыдан бастап санағанда, алды – он бес, он алты атаға, арты он төрт атаға жетіпті. Бірақ бәрі тегін сұрағанға алдымен «Шоғымыз (Қырықмылтықпыз)» дейді.

Бұл аталмыш адамдардың бәрі өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың ерлік тақырыбындағы, қаһармандық хақындағы жыр-дастандарында, арнау-толғауларында жалпылама айтылып кетеді. Жігері жетіп жүйесімен жырлай алғанға, төзімі жетіп тыңдай алғанға Қырықмылтықтың қырық батыры да – «Қырымның қырық батыры» жырындай алты ай азық болары анық.

«Бес Тікенек – бес бөрі» тарауында «Нағашы жұрттың сыншыл келетініне» көзіміз тағы бір жетіп, жиендерінің болашағы көрегендікпен болжанғанына аса тәнті боламыз.

Бесінші бөлім «Төрт анадан – төрт ауылда» асыл аналар тұлғасы сомдалып, тіпті әулет аттарына дейін олардың құрметіне қойылғанына куә қылады.

Алтыншы тарауды «Атажұртқа оралу» деп атап, өлке тарихындағы ең ірі оқиғалардың бірі – қазақтардың Маңғыстауға қайта қоныстануын баяндайды.

Тарихи тақырыпта көркем шығармалар жазылса да, кинофильмдер түсірілсе де: «Әлдеқашан сүйектері шіріп кеткен жоңғар-қалмақтан басқа жауымыз болмағандай, соны ғана айта береді...» – деп біржақты сынаушыларға жауап сияқты «Шепке шабуыл» деген жетінші бөлімінде үш ғасыр бойы патшалық орыс отаршылдығына қарсы күресіп келген баһадүр бабаларымыздың бір соғысын, жеңісті жорығын жырлапты.

Сармыс батыр бастаған қол Жайық бойындағы орыс әскерлерімен соғыста жеңіп, сол жақтағы ауылдардан мол олжамен оралып, апалы-інілі балиғат жасына жақындаған бір қыз бен екі-үш жасар ұлды ала қайтыпты. Бұл туралы көп жазылған деректердің ішінен қысқа әрі нұсқа бір үзіндісін келтіре кетейік:

«Сармыс батырдың Еділ мен Жайықтың казак-орыстарын шапқан әйгілі соғыстары туралы әңгімелерде Қырықмылтық батырларының Ор қамалына шабуыл жасап, қала комендантын тұтқындап алып кеткені, бірақ, «қанын мойнымызға жүктемейік», – деп кейін босатып, еліне жаяу жібергені туралы деректер де бүгінге дейін жетті...

Шоғы батырдың бесінші ұрпағы Нұрбаулы атамның бәйбішесінің құрсағы қанамапты. Ол орысты шауып, мол олжамен келе жатқан қайнағасы Сармыс батырдың алдынан шығып, сауға сұрапты.

– Келін, қалағаныңды ал! – деп батыр да жомарттық танытқан.

– Қайынаға, қоржыныңызда бір сары үрпек еркеккіндік келе жатқан көрінеді. Бар тілегім сол еді, – деп мұңын айтыпты...

Келесі жылдары сол сәбиге еміренген ананың тас көкірегі иіп, тар құрсағы жібіп, сөгіліп кетіпті деседі. Балағынан бала төгіліпті. «Бұл біздің әулетке майкүйрық болды, ырыс, құт дарытты», – деп бір рулы ел түгел қуаныпты. Сөйтіп, ол бала «Майкөт» атаныпты... Ал Сармыс батыр ел-жұрт «Еділше» атап кеткен Орал деген орыс қызын кәмелетке жеткенше тәрбиелеп, өзі үйленіпті...» [5, 351].

Құдай берейін десе, қазынасы таусылған ба? Майкөттен кейін, Үркімбай, Кенебай, Тайшы, Мырзабай атты ұлдар туып (қыздарын айтпағанда), екі ғасырда Шоғының ең көп тарағаны – Нұрбаулы ата ұрпақтары екен. Бес Қарабастың ішінде, Нұрбаулының өзі бір рулы ел болыпты. Осы тұста тағы бір мысал айтайық.

Ыбырайым ахун туралы естеліктердің бірінде Қараштың Толыбай тақтасынан тарайтын Тұрмағамбетов Нұрбаулы Мәжілісұлы деген азаматтың естелігін оқыдық:

«1966 жылы наурызда атам Тұрмағамбет Ыбекеңе көрісуге барған. Амандық-саулық сұрасқан соң атам:

– Ыбеке, Мәжіліс деген баламнан немерелі болдым, соған ат қойып беріңіз деп арнайы келдім, – деген ниетін білдіріпті. Сонда ахун атамыз:

– Тумаластарың Иранға кетті, ұсталды. Сөйтіп жалғыз қалдың. Сенен де жалғыз бала бар. Қырықмылтықтың ішінде Нұрбаулы деген тақта бар, өскен ауыл. Сенің де өркенің өссін, немереңнің атын Нұрбаулы қойдым, – депті...

Әкеміз Мәжілістен он бала – жеті ұл, үш қыз туған. Ыбекеңнің ырымы мен тілегі қабыл болғаны ғой сонда» [6, 270].

Бұл мысалдарды оқи отырып, шынайы ықылас пен мейірім, үміт пен сенім, жақсы ырым мен ақ тілектің қабыл болып, орындалғанын көреміз.

Оқырмандарымыз шатаспау үшін ескерте кетейік, дастанда Шоғыда аты шыққан үш Қарағұлдың аттары аталады. Олар – Сармыс Қарағұл, Жанғабыл Қарағұл, Нұрбаулы Қарағұл.

Сегізінші «Шаңды жорық» бөлімінде Ресей бодандығындағы қалмақтардың Жоңғария жеріне 1771 жылы үдере көшу кезіндегі қазақ жеріндегі соғыстары сөз болады.

Біздің қазақта қалмақтан олжалап алынған аналарымыз көп. Бірақ оның дені соғыста жеңген жақтың жеңілген жұрттан жинаған қазынасымен қатар ортаға салынып, хандар, билер, бас сардарлар ерекше еңбек етіп, ерлік көрсеткендерге сауға ретінде үлестіріп берілген (Жомарт батырға Ақсұқсырды, Қожаназар мырзаға Ақшолпанды бергені, т.б.). Сармыс батыр да орыстан Оралды алып келе жатқанында, сауға сұраған бауыры Нұрбаулының зайыбына қалағанын бермек болған. Бірақ олар кішкентай ұл баланы алып, бауырларына басқанын айттық. Сол сияқты қалмақтан әкелген Меруертті де ел ақсақалдары Ер Сармыстың өзіне ғана лайық көрген.

Соңғы «Жем бойында – жайлауым», «Үстірттің үсті – қыстауым» атты тоғызыншы, оныншы тараулар халқымыздың тұрмыс-салтын, туған жердің табиғаты мен тарихын танытады. Мұнда Арқа мен Үстірттің сөзбен салынған көркем пейзажы көрініс тапқан.

Кіріспесінен бастап, әр бөлімнің басында, орталарында ақын-жыраулар Қалнияз Шопықұлы, Қашаған Күржіманұлы, Жылгелді Теңізбайұлы, Түмен Балтабасұлы, Зәкария Сағындықұлы, Сәттігүл Жанғабылұлы, Ыбырайым ахун Құлбайұлы, Сүгір Бегендікұлы, Үбіғали Бақтығалиұлы шығармаларынан үзінділерді эпиграф ретінде, дәйек түрінде тұздықтап отырады. Мысалы «Қалнияз ақынның Қожалақ батырға айтқанының» Сүгір жыраудың аузынан Үбіғали ақынның 1972 жылы ұнтаспаға жазып алған нұсқасын қолданыпты. Сондай-ақ жазушы Әбіш Кекілбайұлы, тарихшы Самат Өтениязов, шежіреші Жетібай Жылқышыұлы, ақындар Есенғали Раушанов, Сабыр Адай, Светқали Нұржан, т.б.-дың ғылыми-танымдық еңбектері мен көркем шығармаларының игі әсері барын байқадық. Шоғы батырдың ұрпақтары – Қазақстанның құрметті журналистері Жұмабек Мұқанов, Мұратбай Ұлықпанов, өнертанушы, шежіреші Жұмахансері Достанов, ауыл ақсақалы Сәмбет Мұқатаев, ел азаматтары Алпысбай Таймұхамбетов, Карамаддин Қаражанов, Қожахмет Шақабаев, т.б.-дың материалдарын дерек ретінде пайдаланғанын аңғарамыз. Десек те, автор өз шығармасын өлеңмен жазылған тарихи-деректі демей, әдеби көркем жанрға жатқызады. Ал дастанына арқау еткен басты кейіпкерін «ұлттық деңгейдегі халық батыры» деп бағалайды [7, 6].

Бұлардан басқа да қазақ тарихындағы есімдері бүгінге белгілі һәм белгісіз, бірақ өмірі мен еңбегі, ерлігі өз тұсында аса әйгілі болған тарихи тұлғалар, баршамыздың ортақ ата-бабаларымыздың рухтарын ұлықтап, болашаққа үлгі-өнеге қылып жүрген мемлекет және қоғам қайраткерлері, құрметті азаматтарымыздың аты-жөндерін атап кетуіміз керек. «Жанарыс» ЖШС бас директоры, «Шоғы батыр» қоғамдық қорының төрағасы Жаңбырбай Дәрменов, Каспий педагогика және салалық технологиялар колледжінің директоры Ісенбай Қалдаманов, Жаңаөзен қаласының әкімі Мақсат Ибағаров үшеуі ғылыми-танымдық зерттеулер, әдеби-рухани бағыттағы жобалар, мәдени-көпшілік іс-шараларға тұрақты демеушілік көрсетіп келеді. Бір ғана мысал, осы мәрт меценаттардың қолдауымен биыл, яғни 2018 жылғы шілде айында көптен бері армандап, жете алмай жүрген Ресей Федерациясына арнайы іссапар ұйымдастырып, Орынбор қаласындағы мемлекеттік тарихи архив-мұрағатына кіріп, талай құнды құжаттарға қол жеткіздік. Ол деректерді де БАҚ бетінде жариялап, жалпы оқырмандармен, қызығушылық танытушылармен бөлісіп келеміз. Алда да «Архив-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында осы зерттеу жұмыстарымызды және өлкеміздің әр түкпіріне түрлі экспедицияларымызды жалғастыруға ниеттіміз. Оған

каламгерлер қауымы да осылай белсенді араласса, әрқашан бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз.

Қорыта келе айтарымыз – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі А.Жаңбырбайдың «Сармыс батыр» дастаны – жауынгерлік рухты көтеретін, отансүйгіштікке баулитын, өткен ғасырлардағы қазақ елінің даңқты тұлғаларын мақтан етуге себеп болатын, олардың тағылымын өмірлік тәжірибелері арқылы өнеге ретінде жырлаған тарихи туынды. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының «Әдеби өлкетану» жобасы мен «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» сериясының сәтті бір нәтижесі деп бағалаймыз. Оны оқыған оқырманның да бұл сөзімізге көзі жетеді деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құлбаев Н.А., «Сармыс батыр» дастаны. «Маңғыстау» газеті, 21.02.2019.
2. Кәпұлы Д., Наурызбаева З., Жаңбырбай А., Отпан таудың басында ұран оты. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2020. – 424 б.
3. Қасқабасов С., Таңдамалы. – Астана: «Фолиант», 2014. Т. 2. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – 344 б.
4. Құлбаев Н.А., Арал-Каспий аралығы тарихи-мәдени ескерткіштеріндегі араб графикалы мәтіндердің анықтамалығы. Ғылыми басылым. – Алматы: «Бабамұра-М» баспасы, 2015. 228 б.
5. Мұқанов Ж., Таңдамалы. – Астана: «Ақ Жайық», 2017. – 424 б.
6. Ыбырайым ахун Құлбайұлы. Алтынды орда қонған жер. Алматы: «Жазушы», 2012. – 272 б.
7. Жаңбырбай А., «Ер Сармыс – ұлттық деңгейдегі халық батыры» (сұхбаттасқан Меңдіхан А.). «Лада» газеті, 14.02.2019.

ӘОЖ 82-1/9

МАХАМБЕТ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТИП РЕТІНДЕ

Бекежан Ө.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлының тұлғалық бейнесі танымдық, аксеологиялық тұрғыда түсіндіріледі. Махамбеттің әлеуметтік фрустрациясы, ақын басындағы экзистенциялық күйдің көтерілісі, азаттық идеясымен байланысы, Махамбет жырларындағы «мұң», «азаттық рухы» концептілерін талдай отырып, автор ақынның психологиялық болмысын жан-жақты ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: Махамбет, әлеуметтік фрустрация, экзистенция, «мұң» концептісі, агрессивтік, типтік тұлға.

Махамбет – қазақ тарихында белгілі бір орны бар, көптеген тарихи, саяси факторлармен ұштасып жатқан көтерілістің басшысы ретінде ғана емес, негізінен ақын, көтерілістің рухани жетекшісі, жеке тұлға ретінде күрделі де қайшылықты бейне. Бұл жерде «бейне» сөзі тікелей мағынасында қолданылып отыр. Себебі Махамбет белгілі бір дәрежеде субъективтік образға айналған, турасын айтатын болсақ, мифологияландырылған тұлға. Сондықтан мәдени тұрғыдан көшпенділер әлемінің, дәстүрлі мәдениеттің символикалық бейнесі, соңғы тұяғы, қазақтың батырлық жорық жырының көрнекті өкілі, заман қайшылығы тудырған трагедиялық тұлға мағынасында қашанда қызығушылық тудыратыны сөзсіз.

Тұлға ұғымы тек қана тарихи-әлеуметтік әрекетпен байланысты емес. Ол жан дүниесі өте күрделі, іс-әрекеті индивидтік, пенделік ауқымнан шығып кеткен адам. Міне,

сол тұлғалық, адами қасиет тек тарихи немесе әдеби-тілдік емес, психологиялық тұрғыдан зерделеуді қажет етеді. Себебі, әдетте тарихи зерттеу адами қасиетті фактілердің аясында қалдырса, әдеби зерттеулер әдеби, теориялық канондардың контекстінен шыға алмайды. Ал әдеби көркем шығарма өз алдына. Оның үстіне көп жылдар бойы идеология қалыптастырған Махамбеттің «таптық күрескер портреті» тағы бар. Міне, осылардың арасынан адам Махамбетті аршып алу тек психологияның арсеналдарын қолдануды қажет ететіндей. Тек осылайша ғана Махамбет бейнесін бүркемелеген квазисаяси, квазитарихи қабаттардың тасасына үңілуге болады.

Махамбетті жеке тұлға ретінде қарау – оны өзі кешкен жағдайларға байланысты жан дүниесіндегі, көңіл - күйіндегі өзгерістерді анықтауға, дүние сезімін нақтылауға, қорыта келгенде, белгілі бір типтік портретін жасауға мүмкіндік береді. Жеке адам ретінде қарай отырып, біз оның әлдебір пендешілік қасиеттерін сараптауға мүмкіндік аламыз. Махамбет батырды –Махамбет адам тұрғысынан танымыз. Психологиялық тип ретінде талдауға оның өлеңдерін негізге алуға болады. Сондықтан өлеңдер субъектілігі біздің зерттеуіміздің негізі болып табылады. Психологиялық зерделеу тұрғысынан Махамбет өмірін, яғни жан дүние, көңіл күйін, демек, оның жырларын да екі кезеңге бөліп қарауға болатын сияқты. Ол кризиске (дағдарысқа) дейінгі және дағдарыстан кейінгі кезең. Тарихи хронология тұрғысынан қарайтын болсақ, Исатай өліп, көтеріліс ыдырап, Махамбет жалғыз қалғанға дейінгі және содан кейінгі уақыт.

Дағдарысты кезеңдер әдетте психология тілінде фрустрация тудырады, яғни алға қойған мақсаттың орындалмауынан туған психологиялық күй. Фрустрация көрінуінің кең көлемде алғанда екі түрі бар екені белгілі. Ол агрессивтік және регрессивтік. Агрессивтік фрустрация басқаларға жек көрінішпен, ашынғандықпен ерекшеленсе, регрессивтік фрустрацияға тән көңіл күй кешуші адам, барлық нәрсеге өзін кінәлі санайды, терең ішкі күйзелісі өзін кінәлауға әуестігімен айқындалады. Махамбетке бұл көңіл күй тән деп айта алмаймыз. Бірақ оның өлеңдерінен агрессивтік фрустрацияның айқын белгілерін көреміз. Оның агрессиясы, эрине, фрустрацияға кінәлі «ата жау» – Жәңгірге, жалпы хан тұқымына және оның айналасына бағытталған. Сондықтап Махамбет фрустрациясы – ол әуелі әлеуметтік конфликтіден туған дағдарыс. Өзінің дағдарыстық күйін ол бірнеше негізгі ұғымдар арқылы береді. Олар: «жалғыздық», «мұң», «құса болу», «сергелдең», «жетім».

Жасқұстағы Жәңгір хан

Ісінен болдым құса - дерт.

Құсалықпеп өтті ғой,

Махамбеттің көп күні [1,111]

Мынау Махамбет сынды жетімді - ай,

Қаңғырып жүрген қарашың. [1,102]

Махамбеттей зарығып,

Мұңды болған қайда бар? [1,65]

Осылайша әлеуметтік фрустрация экзистенциалдық сипат алады. Ал экзистенциалдық фрустрацияның агрессивтікпен байланысы туралы атақты америка психологы Виктор Франкл былай дейді: «Экзистенциалдық фрустрация және барынша бойға кең тарап бара жатқан мағынасыздық сезімі агрессивтікті қуаттайды, тіпті оның себебі деуге де болады» [2,32].

Жалпы Махамбет экзистенциясы өз алдына күрделі мәселе, ол жөнінде философия ғылымдарының докторы, профессор Г.Нұрышеваның «Адам өмірінің философиялық мәні» атты белгілі еңбегінде жан - жақты зерттелгенін айта кеткен жөн [3].

Өлімге басыбайлы болу, басқа жолдың жоқтығын біліп, тарығу да осы кезеңге тән. («Өзекті жанға бір өлім»). Бұл дүниеде бәрі салыстырмалы, өтпелі, абсолюттік ештеңе жоқ деп түсіну, құндылықтық тұрғыдан түңілу де осы тұстағы өлеңдерінен айқын көрінеді: Ай, күн, мұсылмандық, дәулет, билік, ерлер, қарындас, бәрі уақытша ғана, тіпті қазақ мәдениеті үшін аса құнды «туған ұлдан не пайда» деп тарығады ақын.

Сондай-ақ ақын қолданған «мұң» ұғымы да концепт ретінде көрініп, осы кезеңге тән ішкі дүниелік қана емес, болмыстық сипатқа ие, космостық күйді бейнелейді. Алғашқы кезеңдегі пафосқа толы ерлік жыры батырға жат мұнды сарынға ұласады. Фрустрацияға дейінгі кезеңге тән «Еңселігі екі елі» деп аталатын автопортреттегі «жауды көріп қуанған» (!) жігіт пен жігіт әрекетін романтикалық, далалық, батырлық тұрғыдан жырлайтын «жалған дүниедегі» романтикалық сарын енді жоқ екенін көреміз. Бұрынғы өлеңдер ел сыйлайтын ер, елдің серкесі «тентекті» жырлайды. «Халыққа тентек атанбай ерлердің ісі бітер ме», - дейді. Осы жерде айта кететін бір нәрсе, «тентек» ұғымы екі түрлі мағынаға ие, таласты, парадоксті көрінетін ұғым.

Бірақ Махамбет үшін ол – елдің сүйіктісі, романтикалық бейне, бір жағынан бұл бейне әлеуметтік тұрғыдан күмән шақырады, тентек өзіне биік мұраттар қоя ала ма деген сұрақ туады. Әрине, тентек – халықтық қаһарман образы екені белгілі. Бірақ кейін халық қатынасының басқа полюске ауысқаны да тарихи факт. Бірақ кейінгі Аманғалидың да «бір тентек жүрмес пе еді ел ішінде» деуі де осы бейнеден бұзақылығынан көрі елдің ақылды тентегінің еркін сөйлейтін, біреуге тәуелділікті ұнайтпайтын, бірбеткей тұлғаны білдіретінін көреміз. Көпшілік өзі батылы барып істей алмайтын, шынын айтқанда, қорқақтық танытатын іс-әрекеттерді тентегінің істегеніне іштей сүйсінеді. Ол қашан да халықтың құрбандығы. Ал билік пен тентектің қарым-қатынасы қай заманда да қайшылыққа толы. Кез келген билік тентекті ұнатпайды. Билік үшін ол қашан да бұзақы. Сондықтан тентек, ол, колониальдық әкімшілік «бунтовщик» атаған Махамбет болсын, кеңес билігі «банды» атаған Аманғали болсын қашанда кез келген биліктің жауы. Сол себептен Жәңгірдің сарай ақыны – Жанұзақ ханды «Тентегін тыйдың қазақтың, аға сұлтан тағында», - деп мақтайды.[4,56].

Бунт табиғатын жақсы зерттеген А.Камю оны метафизикалық және идеологиялық деп бөлгені белгілі. Міне, Махамбет – соның екеуіне де келетін тұлға деуге болады. (Әрине, шартты салыстармалы түрде).

Жоғарыда айтып өткендей, Махамбет өлеңінен агрессивтік фрустрацияны көреміз. Ол әсіресе, атақты «Мен, мен, мен едім» де (Баймағанбет сұлтанға айтқан сөз топтамасы) өте жақсы тізіліп берілген. Оның ішінен агрессивтік өшпенділіктен басқа қызғаныш элементін де байқаймыз. Бұл жерде қызғаныш элементінің жеке бастық пендешілікпен ұласып жатқанын да жоққа шығаруға болмайды. (Осы жерде тарихи зерттеулер тұрғысынан тартысты болып келе жатқан Махамбет жеке өміріне байланысты сюжетке назар аудару қажет пе деген ой туады, себебі біздің зерттеуіміз психологиялық тұлға ретіндегі Махамбет емес пе?). Өлеңнің он үшінші бөлімінде әлеуметтік мұраттардан («Тоғайға ел қондыру») басқа дұшпанның басын кесу, заттық құндылықтарды (керегесін, туырлығын, т.б.) қирату, әйелдерін иелену, киімін пайдалану сияқты пендешілік армандарды көреміз. Осылайша, бұл атақты топтамада жауына істер кек жолдарының бәрі беріледі. Физиологиялық тұрғыдан «қанын ағызу», «жаудың етін жеу» сияқты эпитеттер әлі де Махамбеттің агрессиялық эмоциясын терең зерттеуді қажет етеді. Мүмкін кім біледі, осының бәрі жас Махамбеттің бойында сонау хан сарайында, хан баласының күтушісі болған кезден кәдімгі қарапайым көре алмаушылық пен қызғаныштан басталып, кейін әлеуметтік қарсылыққа айналған шығар. Махамбет өлеңдерінде жеке бастық жек көрушілік мотивтерінің қылаң беретінін байқау қиын емес. Қара қазақ баласының (төре тұқымы «арда қазақ» атаған) бойында хан сарайы салтанаты қандай «кемістік комплексін» (комплекс неполноценности) туғызғанын кім біледі?! Осы жеке комплекс кейін бүкіл қара қазақтың ұжымдық қызғанышына ұласқан шығар деген жорамал жасауға болады. Оған белгілі объективті фактілердің дем бергені, әлеуметтік әділетсіздіктің көп әсер еткені сөзсіз. «Қара қазақ баласын хан ұлына теңгердік» деген жолдардан осындай ойларға келуге болады. Яғни, көптеген жылдар бойы талассыз болып келген Даладағы төрелер билігіне қарсылық сана - сезімі әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік жағдайында ояна түскен бұқаралық сана осындай жеке сананың арқасында көтерілгені сөзсіз. Осыдан келіп, жеке субъективті көзқарас объективті бұқаралық санадан белгілі бір қолдау, демеушілік тапты ма деген ой

туады. Қашан да ауытқымалы эмоциялық бұқаралық сана өзінің тым практикалық қарапайымдылығымен қауіпті жақтасқа жатады. Махамбетті де қиындыққа душар еткен осы еді. Оның тым «спартандық» өмір салты, өмір қызығы мен мәнін тек жорықтағы еркекпен, жаудан кек алумен байланыстыруы қасына ерткен қазақтарды шошытқаны сөзсіз. Себебі, оларда дәл Махамбеттегідей идея мен кек үшін өлермендік жоқ еді. Сондықтан Махамбет идеалындағы ерлер ұғымы кейін тек романтикалық арман образға айналды. Ешкім де Махамбеттей жанкештілікке барғысы келмеді, яғни, күнделікті күйбең тіршілік, қазақы көнбістік психология өз дегенін істеді. Сол психология осы, ХХІ ғасырда да өзгермеген сияқты, халық біреулердің билікке немесе бір жағдайға байланысты қарсы сөйлегенін ұнатып тұрады, бірақ нақты әрекетке келгенде көпшілік бұғып қалады да, қазіргі заманның «махамбеттері» қудалау азабын көреді.

Енді жоғарыдағы агрессивтік жөніндегі пікірге келер болсақ, бәрі өлең түрінде берілген бұл агрессияны «вербальді агрессия» деуге болады. Махамбеттің бұл әрекеті дұшпанның көзін жоя алмағандықтан, яғни мақсатын физикалық-денелік түрде іске асыра алмау шарасыздығынан туған компенсациялық акт, яғни, мұқату, қорлау түрі. Ендігі оның мақсаты – жауға психологиялық, моральдік нұсқан келтіру. Оның Жәңгірге айтқанынан қарғыс элементін көруіміз де осымен байланысты. Себебі, қарғыс – адамның өз қолынан келуі мүмкін емес нәрселерді басқа бір күштерге сену арқылы іске асыруға ұмтылысы. Өзінен тыс күштерге сенім, жалбарыну жасайтын шарасыздықтың күйін білдіреді. Әрине, мұндай сөздерді айтудың өзі ерекше батылдықты талап етеді және вербальді қазақ мәдениеті үшін бұл өте ауыр қорлау түрі болып саналады. Осылайша, мүмкіндіктің шындыққа айналмауынан туған өштік жырларын көреміз. Сондықтан Исатай өлімінен кейін жалғаспай қалған іс-әрекет жаңа агрессивтік сипатқа ие болды деп тұжырымдаймыз. Агрессивтік – зерделеуге, рефлексияға бағынбайтын сезім оған бір жақты ой ауруы, айырылмас идея (навязчивая идея) тән болып келеді. Әрине, бүкіл дүниені дос (ер) пен жау оппозициясы тұрғысынан қабылдау басқа жолға әкелуі де мүмкін емес, бұл өте тар және тұйық жол еді. Кек алу, халықты қайта көтеру сондай айырылмас идеяға айналды. Белгілі психолог Кэррол Изорд байқағандай, агрессия ержүректіктің белгісі болса, онда бұл акті де Махамбет болмысына сай келеді[5]. Айналасының өзінен бөлініп кетуін түсінуге ұмтылмау, өзінің жіберген қатесін мойындауға тырыспаушылық стереотиптік ұстанымның белгісі болып табылады. Сонымен, дағдарыстан кейін бұрынғы ердің ісінің орнын сөз басады, ал өлең сублимация түріне айналады. Сондай-ақ өлең көкірек басар («өлең айтып толғадым, көкірегімді басарға») өзіндік терапия әдісі болып шығады. Әрине, поэтикалық терапия көптан белгілі, бірақ, бұл жерде ол «лирикалық» ауруларды емес, ердің дәрменсіздігі мен ызасын басар катарсис құралына айналады. Осы ыза мен дәрменсіздік Махамбеттің агрессивтік поэзиясының негізін құрайды. Оның негізін: қорқыту, лағынеттеу, күйіну, қарғау құрайды және бұлар өте күшті эмоциялық күйден туған. Сонымен қатар Махамбетте либертофильдік типке тән бунтарлық, бірбеткейлік және басқалардың мұңын өз мұңына айналдыру бар. Бұл кезеңде ол бұрынғы «мен, мен едім»-эгофильдік психологиясынан бас тартады. Ол өзінің жеке «менін», өз мүддесін басқалардың мүддесінен төмен қояды. Бұл психологиялық тип иелеріне кәдімгі пенденің күнделікті күйбеңі жат, ол оның қалыбына сыймайды, өзін адамға тән күнделікті қуаныштар мен қызықтан айырады. Өткен ғасырдағы орыс революционерлерінде шын революционерде ағайын да, жанұя да яғни, жеке өмір болмауы керек деген қағида болған екен. Махамбет сондай жанкештілердің «Далалық» типі болып табылатыны сөзсіз. Осындай жанкештілік, айналып келгенде өзін өзі сақтау инстинктісін жойып алуға әкелді. Осыдан біз белгілі бір психологиялық типтердің әр халықта молдығын және олардың өз еліндегі тарихи-әлеуметтік, мәдени, саяси жағдайға сай трагедиялық өмір кешкенін көреміз. Махамбет осы мағынасында қазақ қоғамы, оның ішкі қайшылықтары, даму динамикасы тудырған психологиялық типтік тұлға. Жәңгір билігі халықтан қалай алыстаса, Махамбет іс-әрекеті де солайша халықтың қолдауын жоғалтты. Айналып келгенде екеуін де тарихи заңдылыққа

айналған ұлы тұлғаларға тән халқынан алшақтау, өмірлік, қоғамдық мұраттарды іске асыру жолында жалғыз қалу сияқты тағдыр айналып өтпеді.

Махамбет жыры мен әрекеті қазақ қоғамында іштей тынып келе жатқан қара қазақ пен ақсүйек тартысының шиеленіскен дәуірі еді. Оның өлеңдері қазақ психологиясы мен идеологиясының жинақталып берілуі болды. Жалпы Махамбет пен Жәңгір қазақ болашағын шешудің сол кездегі екі жолы іспетті. Бітімшілдікті, қулық есепті, білім жолын даму мен саяси ойынның тәсілі ретінде түсіне бастаған алғашқы мемлекеттік әкімшілік өкілі ретінде Жәңгір болашақ метрополиямен байланыстың негізін салды. Ал халықтың қақ ортасынан шыққан Махамбеттер дәстүрлі құндылықтардан оңай айырылғысы келмеді. Осы қайшылық Кеңес үкіметі кезінде жаңа серпіліс тапты. «Ата жау» ретінде генеологиялық сипатқа ие болған байлар мен хан, төре тұқымымен күресу, халық жауларымен күресу түрінде жаңа идеологиялық тірек, саяси дәлел тапты және Махамбет мақсаттары бұл мағынасында нақты түрде толық жүзеге асты деуге болады.

Билік мәселесін, жер дауын, ел дауын шешуді түсінудің Жәңгірлік және Махамбеттік жолы – саясат деген құйтұрқылы феномен мен бұқаралық эмоцияның арасында болатын мәңгі бітіспес тартыстың жолы.

Қоғамдық тартысты шешудің ақыл-айла жолы мен «ақ найза» жолы бір-бірін толықтырып, кейде бір-бірінен басым түсіп жатуы – тарихи фактілерден туған шындық. Махамбет сияқты жауынгер ақындар сол тартыстардың қашан да құрбаны әрі қаһармандары. Махамбеттің өз баласын оқуға беруге талпынысы мүмкін өзі ұстаған жолдың тығырықтығын іштей мойынсұнудан туған шығар деп те ойлауға болады. Әрі бұл хан тұқымымен теңесудің ақ найзалы емес жолына түсуге бетбұрыс та шығар. Бірақ сойыл сияқты әлсіз қарудың орнына қағаз бен қалам сияқты сұмдық өркениеттік қару келгенде Махамбет типтес тұлғалардың трагедиясы мен жалғыздығы бір ғасырдан кейін бірнеше есе көбейді. Қарсыластарына ымырасыздық, бірбеткейлік, замани қоғамдық тенденцияларды түсінбеу, алға қойған мақсаттың айқынсыздығы, ашу - ыза сезімінің басымдылығы Махамбеттің жеке басының және жалпы көтеріліс дағдарысының түпкі себебі болды. Осыдан психологтар жиі айтатын ұстанымның дұрыс еместігін көреміз. Мүмкіндік пен шындық арақатынасынан қарар болсақ, көтерілісшілердің хан ордасын шауып алған жағдайдан кейінгі әрекетін елестетудің өзі қиын. Бұл патшалық әкімшілікке хан билігін ертерек жоюға мүмкіндік беріп, ал бунтовщиктерді итжеккенге айдатып, екі қоянды атып алуға жағдай жасар ма еді. Бірақ осының бәріне де қарамастан Махамбет ерекше психологиялық тип ретінде қайталанбас тұлға. Сондықтан ол белгілік тұлға, себебі ондайлар қай мәдениетте де өзіндік орны бар индивидтер. Махамбет әлеуметтік және психологиялық себептердің тоғысуынан қашанда басына өзі қашып құтыла алмайтын лаң іздеуші типтерден. Бұл - бунтарлық тип, сондықтан Махамбет тек тарихи тұлға ғана емес, осындай психологиялық типтің дарынды өкілі ретінде, нонконформист тұрғысында психологиялық зерттеуге лайық тұлға. Мақтаушылар дәріптеп «бунтарь», жаулары ызамен «бунтовщик» атаған ақын қалай болғанда А.Камю жазған әділетсіздікке қарсы мәңгілік бунттың өкілі[6].

Махамбет өлеңдері (себебі көтеріліс жаңа тарих аясында өзінің актуалдылығын жоюы да мүмкін) әлі де талайлардың бойында қан ойнатып, ежелгі көшпелі-батырлық архетиптерді, мызғып жатқан тылсым инстинктерді оятуы әбден мүмкін. Бұл жағынан Махамбет типі халықтық, тобырлық– көпшілік иррационалдық күштерге көп ықпал етері сөзсіз.

Психологиялық тип ретінде «махамбеттер» қай заманда да сонысымен тұлғаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Махамбет. Өлеңдер. Алматы, «Арыс» баспасы.- 2001ж. 111 б.
2. Франкл В. Человек в поисках смысла: Сборник: Пер. с англ. и нем. / Общ. ред. Л. Я. Гозмана и Д. А. Леонтьева; вст. ст. Д. А. Леонтьева. — М.: Прогресс, 1990. — 368с: ил. — (Б-ка зарубежной психологии).
3. Шайыр. Өлеңдер жинағы. Атырау.-2016
4. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. Монография. Алматы, 2011.
5. Изард Кэррол Э. Психология эмоций=The Psychology of Emotions / пер. с англ. А. М. Татлыбаевой. — 704х100/16. — СПб.: Питер, 2000. — 464 с.
6. Камю Альбер. Бунтующий человек : философия политика, искусство. — Москва: изд-во Политической лит-ры, 1990. — С. 120–126. — 414 с.

ӘОЖ 800

М.МӘЖИТОВТІҢ «БАРЛЫБАЙ ТҮБІНДЕГІ ӘН» ПОВЕСІНДЕГІ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ

Жұмабаева Г.С.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада күрескер ақын М.Өтемісұлы туралы жазушы М.Мәжитовтің «Барлыбай түбіндегі ән» повесінің тарихи деректерге құрылған мазмұны, көркемдік шеберлігі туралы сөз болады. Аталған шығарманың махамбеттанудағы орнына баға беріледі.

Түйін сөздер: Махамбет, Барлыбай жалы, биографиялық баяндау, тарихи тұлға, көтерілісшілер, батырлар.

XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген қаһарман батыр әрі ақын, жырау, күйші Махамбет Өтемісұлы туралы ұлттық әдебиетімізде көптеген көркем туындылар жазылған болатын. Қазақ әдебиетінің барлық жанрларында Махамбет тағдыры шығарма өзегіне айналды. Қазақ поэзиясында, прозасында, драматургиясында көптеген қаламгерлердің шығармалары дүниеге келді. Қазақ поэзиясында Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастаны, Ж.Молдағалиевтің «Кек», Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Ә.Кекілбаевтың «Махамбет», М.Шахановтың «Нарынкұм трагедиясы», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе «Махамбетпен қалай кездестім», М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау, Исатай» поэмалары, Қ.Бекхожиннің «Махамбет қабірінің басындағы тебіреніс» атты толғаулары жарыққа шықса, драматургия жанрында жазылған І.Жансүгіровтің «Исатай-Махамбет», Б.Аманшиннің «Жақия», Ғ.Слановтың «Махамбет», М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет» атты туындылары бар. Ғ.Слановтың 1959 ж сахналанған «Махамбет» атты тарихи драмасында жазушы тарихты терең ой елегінен өткізе отырып, көтеріліс сипатын суреттейді. Автор бұл шығармасында тарихи шындықтан ауытқымаған. Драмада халық санасында қалыптасып сақталған тұлға- Махамбеттің нақты да жанды бейнесі айқын көрінеді. Өйткені, бүгінгі күннің тарихи сабақтастығы тұрғысынан қарап суреттеген жалынды ақынның трагедиялық өлімі кездейсоқ ажал емес, ол сол кездегі кейбір кертартпалық жағдайдың құрбандығы екендігін көрсету арқылы қат-қабат қалың ойларға жетелейді. Пьеса төңірегінде баспасөз бетінде С.Қирабаевтың, Т.Ахтановтың мақалалары жарық көрді. С.Қирабаев өзінің мақаласында Ғ.Слановтың драматургия саласына бет бұрып, алғашқы бет алысында «Махамбет» сияқты тарихи тақырыппен ашқанын құптай келе, автордың театрмен бірігіп көп еңбек сіңіргенін, пьесаның бірсыпыра ширап қалған шығарма дей келіп, «автор Махамбет образына оның жалынды жырларын орынды пайдаланған. Әсіресе, «Ерулі атқа ер салмай», «Қызғыш құс» өлеңдері пьесада сіңісіп тұр.

Сол сияқты Баймағанбет, Дәуіт, Байтөре, Шернияз образдары пьесаның да, спектакльдің де табыстарына қосылуға лайық» десе, жазушы Т.Ахтанов өзінің «Махамбет трагедиясы жайында» атты мақаласында жазушының көзге түсерлік қуанышты нәрсесі сәтімен жасалған Махамбет бейнесі тарихи шындыққа сай, күрделі шыққанын айта келіп: «Махамбеттің ыстық жүрегі- ел қамы үшін күйзелген ойшылдықпен астасып жатса, батырлық өр қайраты – парасатты, байыпты ақылмен қабысады. Мұндай арасы алшақ мінездерді адамның басында ұштастыру жазушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Автор биографиялық ұсақ оқиғаға айналып, тар шеңберде қалып қоймай сол заманғы әлеуметтік үлкен мәселелерді кең түрде көтере білген. Бұл шығарманың аса сүйсіндіретін жағы – тілі. Халықтың шынайы, шұрайлы бай тілі, маржандай екшеп алынған нақыл мәтел сөздер, төгіліп тұрған сөз музыкасы тыңдаушының мейірін қандырады. Бұл қазақтың әдеби тіліне қосылған елеулі үлес» деп баға береді [1]7. Бұл шығарма Ғ.Слановтың драматургия саласындағы бірден-бір еңбегі. Дегенмен, жазушының жалғыз-ақ осы туындысының өзі драматургия жанрын сәтімен меңгергенін көрсетеді. «Өмірімде «Махамбет» атты жалғыз-ақ пьеса жазған екенмін. Сахнада екі рет қойылғаны болмаса, әлі жарық көрген жоқ. Сонда да болса, оны аяулы да асыл бір перзентім санаймын» [2]. Кеңестік дәуірі кезеңінде ақын Қадыр Мырза-Әлидің «Жаралы жолбарыс», драматург-жазушы Берік Қорқытовтың «Махамбет», Иран-Ғайыптың «Махамбет» атты пьесалары дүниеге келді. Махамбет бейнесі проза жарнында тарлан қаламгерлер Тәкен Әлімқұловтың атақты «Қараой» әңгімесінде, Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» атты романында, Берқайыр Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры» туындысында, Қажығали Мұханбетқалиевтің «Бас жұтқан бас», Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет», Нәбиден Әбуталиевтің «Қайран Нарын», М.Мәжитовтың «Барлыбай түбіндегі ән» атты көркем туындыларында сомдалды. «Шын мәніндегі шынайы, көркем шығарманың дүниеге келуі – күллі қоғамның рухани өміріндегі, белгілі бір әлеуметтік ортаның парасат дүниесіндегі бүтін бір оқиға» (З.Қабдолов), – дегендей, жазушы М.Мәжитовтың «Барлыбай түбіндегі ән» повесінің басты кейіпкерлері – Исатай мен Махамбет Батырлардың Жәңгір мен орыстың генерал-губернаторларының бірлескен әскерінен жеңіліп, Жайықтан өтіп, Тайсойған құмына қарай бой тасалауын, сол қиын-қыстау бастарына іс түскен кезде пана болған қазақтың кете руынан шыққан көн садақты Құдайберген батыр ауылында қыстауын өте сенімді, нанымды суреттеген. Исатай мен Махамбеттің соңына ерген қырық сарбазды өз үйіне түсіріп, қыс бойы оларды азық-түлікпен қамтамасыз етіп, аттарын қондырған кете Құдайберген мен оның бес ұлының азаматтығы – қазақтың қонақжайлығын, салты мен ғұрпына адал жомарттығын танытатын қасиеттер. Жазушы Махамбет бейнесін оның Құдайберген батырмен, Құдайбергеннің бейбішесі Тойған, Қызы Ақтолқын, Нысанбай, Тайман ақсақалдармен сұхбат-диалогы арқылы биіктете түскен. Повесте Махамбет пен Исатай бейнесі ғана емес, Үбі Ұсаұлы, Құдайберген қарттың Төлеген, Шайхы, Төлеш атты ұлдары суреттелген. Повесть табиғатты суреттеуден басталады. «Керіліп жатқан кең жазық. Айнала аппақ қар. Шығыстан көтерілген жел жерге кеше ғана түскен қалың қарды тыныш жатқызар түрі жоқ, қуалай айдап сай-салаға тығып жатыр. Ызғарлы жел өтіне бет қарап болар емес. Қуалай соққан жаяу борасынға бір қырындау қырық атты кісі жортып келеді. Жол бастаушысымен қырық бір. Жүрістері суыт. Бағыттары Тайсойған құмының жиегі-ау, әйтпесе, тура құмға кіргілері келсе, батысқа бұрылып тіке тартар еді. Бәрінің де киімі жеңіл сияқты, қыс киімге сай емес. Кигендері өңшең жадағай, шекпе. Кейбіреуі белдерін тұсау жіппен буып тастапты» деген жолдарды оқи отырып, осыншама суықта жеңіл киіммен ұзақ жолға шыққандарына қарағанда өз үйі, өлең төсегінен шеттеп жүрген кімдер екен деп ойлайсың. Повесті әрі қарай оқығанда осы болжамға көз жеткіземіз. «Бәрінің де жүздері қатқыл. Жортқан жолаушыдан гөрі қашқан қашқындарға ұқсай ма, қалай, астындағы аттары тым қатыңқы аш секілді» деп ширата түседі жазушы. «Ей, Махамбет, – деді алдағы жортып келе жатқан түлкі тымақты жанындағы серігіне дауыстап, – Қырық ат, қырық кісіні жаурамай, жадырап қарсы алатын кім бар осы өңірде? Адайлар негізінен Тайсойғанның бір қабат ішінде емес пе? Мынау құмды қырқа жайлағандар кете руының қыс мекені ғой деймін.

- Дәл солай батыр, мен де осы жайды ойлап келемін. Не де болса тобымызды жазбай, кете руының осы өңірдегі беделдісі Құдайбергенге тірейік ат басын. Елге қадірі бар ақсақал деп естуші едік, сырт айналмас. Сірә, бұл маңдағы қолайлы жер сол үй болар».

Осы диалогтан бұл топтың Бөкей ордасындағы халық көтерілісінің көсемдері Исатай мен Махамбеттің сарбаздары екеін түсінуге болады. Жасқұста Жәңгір ханға алданып, генерал-губернатор Гекке әскерімен шайқаста ерлік көрсеткенмен, зеңбірек пен мылтыққа найза мен шоқпар қарсы тұра алушы ма еді? Сөйтіп Жайықтан өтіп, Тайсойғанға беттеген Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілердің кете Құдайберген ауылына беттегенін жазады жазушы. Повестің экспозициясы осы жерден басталады. Көтерілісшілер Құдайберген ауылына бет алады. Екі-үш кун бойы ауырып жатырғанына қарамастан көпті көрген Құдайберген қарт құдайы қонақтарын күтіп алып, ата-баба салтымен қазан көтеріп, дастархан жайып, көрегендік танытады. Құдайбергеннің Исатай мен Махамбетке деген ықыласы батырларға деген бүкіл қазақ жұртының қолдауын танытады. Тайман қожа, Нысанбай ақсақалдар да көтерілісшілерді өз шаңырақтарына бөліп алып, бір қыс бойы паналатады. Әрине, ел болған соң сатқындар мен опасыздар да болмай қалмайтыны рас. Есенқұл қожа – соның дәлелі. Шығарманың шиеленісі Есенқұл қожаның көтерілісшілер туралы дереу ханға хабар жеткізу үшін жоспар құруы. Сонымен қатар, Исатай батырдың қатты ауырып қалуы. Көктем шыға Қос батыр қол астындағы сарбаздарымен жолға шығады. Құдайберген қарттың ауылынан он шақты жігіт көтерілісшілерге ереді. Қарт батырдың баласы Төлеген де бар еді. Сол кеткен күннен бастап Исатай мен Махамбет қолы қас қарая Барлыбай жалына жетеді. Осы Барлыбай баба басына қонған жігіттерге Махамбет ақын рух беріп, әйгілі «Ереуіл атқа ер салмай» жырын төгіп жібереді. «Бәрі де бір кісідей атқа қонды, Бойлары мұздаған жарау аттар жүріс тілеп, ауыздықтарын қарш- қарш шайнайды.Қып-қызыл боп ұясынан күн шықты. Ақынның таңдағы салған әнін Барлыбай төңірегі жаңғырықтырып қайталап тұр. Таңдағы қатқақпен жүргіншілер шоқырақтап кетті. Ең алдында тор төбел шұлғып барады, үстінде – Исатай», – деп суреттеген жазушы шығарма шешімін өте сәтті тапқан. Көтерілісшілер халық қамы үшін аттанып барады. Повесть эпилогпен аяқталады. Жазушы Барлыбай тамының бүгінге жетпегенін, бірақ Махамбеттің жырын тыңдаған құлпытастың әлі де сол бәз-баяғы қалпында тұрғанын айтады. Жырдың шығу тарихын Тайсойғанның көнекөз шежіре қарттарынан жазып алғанын айтады. Жазушы сонымен қатар повесте портрет пен мінездеу, диалог пен монологты көркем бейне жасау үшін шебер қолданған. Махамбеттің түр- түсін, ішкі-толғанысын, адамдармен қарым-қатынасын суреттеуде құлашын кеңге жайғанын көреміз. «Сырттан қою қара мұртты,бадана көз, орта бойлы дембелше әдемі жігіт кіріп, қарттың қолын алып, киімін шешті де, күні бұрын дайындалған төрдегі орнына беттеді» (76 б). Махамбеттің бейнесі көз алдымызға келеді. Құдайберген ауылына жетісімен Исатай батырдың денсаулығы сыр берсе, Махамбеттің іші өкініш-ызыға толы болатын. Махамбеттің монологына көз жүгіртсек: «Өттең- ай, – деді ол, – қапыда түстік-ау ханның қақпанына. Шіркін, сол бойда хан ордасын тас-талқан ету керек еді. Алданып қалдық. Иә, дәл сондай уақыт қайталанбас», – дей келіп, көз алдына сол жайды елестетеді. «Қалы кілеммен көмкере жауып қызыл нарларға артқан сыйлықты алып келгендердің бірі ханның он екі биінің ішіндегі беделдісі Балқы емес пе?! Құс мұрын, сәл еңкіш жауырынды, өткір көзді, қара сөзге дес бермейтін шешен кісі. Сөзімен алдап та, арбап та алған жоқ па? Жыланды да арбар ол... Ақыры Исатайдың басын айналдырған жоқ па? Өттең-ай, сол түні Балқының әскерге хабар беруге аттанғанын кейін білдім-ау. Қайран ерлерім, қарулы әскерге төтеп бере алмай, босқа қырылды. Шұрқыраған жылқы, жан ұшыра айқайлаған адам дауысынан құлақ тұнып еді. Кешіріңдер, бізді құрбан болған сарбаздарым. Кешірілместей күнәға бастсақ та, кек алуға талпынармыз. Шіркін, енді хан ордасына төнетін сәт болса, алдымен Балқыны іздер едім!» – деген өкінішке толы көңіл күйін қаламгер шебер берген.

Қорыта айтқанда, М.Мәжитовтың «Барлыбай түбіндегі ән» повесі – тарихи дерек пен жазушы қиялының бірлігінен жаралған тарихи тұлғаның көркем образын сомдаудағы қазақ әдебиетінің биік белесі, қаламгердің махамбеттануға қосқан үлесі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тарази Ә. Ірі тұлға, арналы талант.
2. Сланов Ғ. Шығармалар жинағы. Т.ҮІ том. – Алматы: Жазушы, 1981. - 359 б
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 352 б
4. Маратов М. Аманғали. Өлке, 2010 ж.

ӘОЖ 800

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНДА САҚТАЛҒАН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ДІЛІН /МЕНТАЛЫН/ ЭТНОПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ

Құрман Н.Ж.

М.В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі жер-су атауларына байланысты атаулардың мазмұнындағы сақталған қазақ ұлттық ділінің этнопсихолінгвистикалық сипаты қарастырылады. Әсіресе, жер-су атауларына байланысты тұрақты тіркестердің мазмұнындағы қазақтың географиялық дүниетаным картинасын тануда этнопсихолінгвистикалық талдаудың алатын орны үлкен. Қазақ халқының тарихи жолы, саяси жүйесі, экономикалық-әлеуметтік ерекшелігі айрықша синтезделген таулар, алқаптар, жайлаулар, қыстаулар, өзендер, көлдер, ауылдар атаулары қарастырылады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, жер-су атаулары, ұлттық діл, этнопсихолінгвистикалық талдау.

Қазақстан Республикасының жаңа дәуірге аяқ басуында еліміздің саяси-экономикалық қуатына, рухани негізіне ішкі де, сыртқы да қызығушылықтардың көбейетіні анық. Қазақ тарихының мазмұнымен тікелей байланысты жер-су атауларының көптігінің өзі рухани өзегіміздің қайралған алмастай шындалғанын көрсетеді.

Шын мәнінде, ата-бабамыз өзінің жүріп өткен жолын мекен еткен жайының, жер-судың атауларына жазып кеткені анық. Атаулардың құрамына компоненттік талдау жасауды этнопсихолінгвистикалық тұрғыдан жүргізу арқылы семантикалық терең деңгейлерден атаудың діңін құрап тұрған мағынаны тануға болады деп ойлаймыз.

Ұлттық ділдің айрықша ерекшелігі оның ұлттық мәдениеттің құрамында өмір сүріп, ұлттық рухтың ядросын құрауға қатысатындығында. Неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт тіл дегеніміз – ұлттың рухы, рух дегеніміз – ұлттың тілі, дүниеде дәл осы екеуіндеі тепе-тең тұрған ештеңе жоқ екенін айтап кеткені белгілі. [1] Ұлттық ділдің рухтың өзгені құрауы ұлттық тілдің кіндігі де ділімізде екенін танытады. Ұлттық сананың тілдік санамен тығыз бірлігін ұстанатын болсақ, діл тілдік сана ұғымының негізін құраушы екенін де мойындаймыз. Ұлттық тіл – сол тілде сөйлеуші ұлттың рухының үздіксіз қызметінің жасап шығаратын туындысы, соның негізінде ойды құрайтын қуатты құралы.

Ұлттық тіл жүйесіндегі әрбір дыбыс – адам мен оны қоршаған ортаның, әлемнің арасындағы дәнекер ретінде ішкі рухани дүниенің де, сыртқы әлемнің де қозғаушы күшіне айналатын қуаты зор құрал. Ұлттық сананың әлі де болса танылмай келе жатқан құпия «қақпаларының кілтін» табуға сан түрлі жолмен келуге болады. Сол жолдардың бірі ретінде қазақша жер-су атауларының құрылымы мен мазмұн жүйесінде таңбаланған әлем картинасын жасаған ұлттық діл тетіктерін анықтау болып табылады.

Ұлттық ділдің көрінісі тілде де, рухани және материалдық дүниеде де таңбаланады. Бұл ерекше таңбаны семиотика, когнитивистика, мәдени лингвистика, әлеуметтік лингвистика мәліметтерін бір арнаға тоғыстыра алатын этнопсихолінгвистикалық талдау жасау арқылы көптеген нәзік тұстарды анықтау мүмкіндігі бар.

Қазақстандағы көптеген жер-су атауларының этнопсихолінгвистикалық талдаулары сөздің мағыналық қабаттарында сақталған тарихи ақпараттардың күрмеуін шешуге жол ашады. Этнопсихолінгвистикалық талдау арқылы қазақ тілінің ұлттық ділінің ұлттық тілі арқылы көрініс беру жолдары танылады. Сонымен бірге этнопсихолінгвистикалық талдау жер-су атауларына деген қазақтардың қарым-қатынасын анық танытады. Қазақша сөз бастау мен сөз саптау және сөзді түйіндеу процесінде сөз, интонация, кескін-келбет, қол, ым-ишара - барлығы ұлттық ділдің сәулесімен бір аяда өрбіп, сол аяда этикалық-адамгершілік нормаларды бұзбастан қайта түйінделеді. Осындай ерекшеліктер жер-су атауларында да сақталғанын этнопсихолінгвистикалық талдау негізінде тануға болады.

Жер-су атаулары, біздің ойымызша бір немес бірнеше сөз тіркесі емес, ішінде синтаксистік процесс консервацияланған, ерекше кумулятивтік «сыр сандық». Бір ғана жер-су атауында ұлттық болмыстан туындаған тілдік қарым-қатынас, ұлттық діл болмысы, барлық ерекшелігімен орын алып, атау сияқты болып тас түйінге айналған. Негізінде, лексикалық номинациялық процестің табиғатын тілдің барлық жүйесінде қайнап, әбден електен өтіп барып, айнымайтын қалыпқа түсетін механизмдері бар болмыс деп түсінуге болады. Этнопсихолінгвистикалық талдауда тіл иегерінің санасында өз ұлтының өкілі ретінде тіл мен мәдениеттің біртұтас бірлігі жүзеге асырылады. Ұлттық тілдік сана, ғылыми әдістер, мәдени-тарихи контент – зерттеушіге ерекше ассоциативтік тәжірибелер жүргізуге болатын мүмкіндіктер. Тілдік сана механизмдері ділдік формада қарастырылып, ұлттық мәдениетті талдаудың өзгеше жолдарын ашып береді. Тілдік сананың этнопсихолінгвистикалық талдау барысындағы болмысы тілдің иегерінің ұлттық санасында өзара «өріліп, тоқылған» (А.Н. Леонтьевтің терминімен айтқанда) сананың бейнелеріне жетелеп алып келеді. Тілдік сананың бейнесі ақыл-ой операциялары негізінде жинақталған білімге сүйеніп, сезімдік білімді де пайдаланады. Сонымен бірге этнопсихолінгвистикалық талдауда ассоциативтік тәсілдемені қолдану да қызықты нәтижелерге алып келеді. А.Н. Леонтьевтің айтуынша, ассоциативтік тәсілдеме жекелеген ассоциациялардың жай қосындысы емес. Түрлі білімнің ағыны түйіскен нүктеде туындаған жаңа шешім – ассоциативтік процестің күрделі, көпқырлы шешімі. [2]

Қазақстанның батыс аймағында ағатын Жем өзенінің атауын Ембі деп атау бар екені белгілі. Осы екі сөздің бір сөз екенін дыбыстық талдау негізінде анықтау қиын емес. Назару аударып қарастыатын болсақ, қазақ тіліндегі «ж» дыбысы барлық басқа түркі тілдеріде «й» болып айтылатыны белгілі. Жем өзенінің топожүйесін географиялық тұрғыдан зерттеген актөбелік географ ғалымдар Қ.Т.Сапаровтың, А.М.Сергееваның, И.Бекзатқызының мақаласында берілген лингвистикалық топшылаулары топонимдерді географиялық және лингвистикалық ғылым мамандарының біріге отырып зерттеуі керек екенін дәлелдейді. [3] Мақалада авторлардың «Жем» өзенінің аталуын «хем» сөзімен байланысты қарастыруы да қызықты. Ал біздің топшылауымызша, аңыздарда ақ түйеге мініп жүретін Йима Мұғалжар тауларында өмір сүрген Заратуштра болуы мүмкін. «Авеста» кітабында жазылған Йима – мал шаруашылығының бастауында тұрған, берекелі мемлекет құраған Жамшидтің аты болуы да мүмкін. [4]

Мұғалжар атауына да этнопсихолінгвистикалық талдау жасауда мүлде басқа мағыналық жүйелер табуға болатынын көреміз. «Мұғал» сөзін Могол деп қарастырсақ, бұл сөздің парсыша аудармасы - *غول* – алып, гигант. Ал «Мұғал» – «Моғол» – «Могол» – «Моголстан» деген сөздерден «алыптар елі» деген мағынаны да туындату қиын емес. Қазақ халқында қазіргі күннің өзінде «Мұғал» сөзі адам есімдері ретінде кездеседі, әрине, қазір көбіне фамилия ретінде қалып отыр. (Ал егер «Мұғал» және «Йим» сөзінің қосындысынан жаңа сөз туындатып көрсе қалай болар еді ? Алып Ұстаз?... Ұлы Ұстаз?...)

Ырғыз өзеннің атауындағы «Ыр» компоненті - Ар – Күн – компонентін білдіруі де мүмкін. Ал «Ғыз» компоненті туралы Әзірбайжанның мифологиялық сөздерін зерттеушілер былай дейді: «В связи со словом «Гиз», которое впервые встречается в названии сел Гиз Амад «Карадаг и Гизбин в Бостан-Абаде (Оджан)», необходимо упомянуть и название реки «Иргиз». «Название реки Ир Гиз также пишется как Air Qiz. Кроме того, древнее 4000-летнее название Гызыл Бунда в районе пересечения реки Гызыл Озан ясно указывает на такое древнее турецкое произношение и имена. В результате возможно, что Гиз Аммад такой же, как Гиз Аммад, а Кизбин такой же, как Гизбин. Слово исми также встречается в названии села «Исми Кемар» из села Шабестарского района». [5]

«Ырғыз» сөзіне ассоциативтік эксперимент жасап көретін болсақ, «Архас», «Арқат», «Архаш», «Орқаш» сөздерінің бір ұяшыққа жиналуы мүмкін екенін көруге болады. Бұл сөздердің мағыналық құрамындағы қазақ ұлттық ділінің құрылымын осындағы әрбір сөзді құраған элементтердің мазмұнынан және олардың интеграциялануы арқылы жасалған жаңа мазмұнынан тануға болады.

Ғалымдар ділдің құрылымдық компоненттерін келесідей болады деп анықтайды:

- эмоцияналдық компонент (эмотивтік);
- когнитивтік компонент (вербалдық);
- мінез-қылықтық компонент (конативтік). [6]

Қазақ жерінде «Ал» сөзі алғашқы компоненті болатын көптеген жер-су атаулары бар екені белгілі: Алқадыр, Алтай, Алатау, Алтуайт, Алшын, Алшынбай, Алшынбайсай, Алшынбек т.б. Бұл сөздердің құрамын Қ.Жұбанов көрсеткен қолданған палеонтологиялық әдіспен талдайтын болса, онда әрбір сөздің құрамындағы компоненттерді және олардың қай уақытта үстемеленгенін көру мүмкін болады деп санаймыз. [7]

С.В. Лурьенің айтуынша, ұлттық ділдің орталық өзегі (константалары) бар. Ол орталық өзектің ішінде саналы және бейсана деңгейінде топтанған бейнелер бар болады. Ол константаларды С.В. Лурье келесідей етіп көрсетеді:

- жақсылық бастауының орналасуы;
- жамандық бастауының орналасуы;
- жақсылық күресте жамандықты жеңетін әрекеттер тәсілі. [8]

Жер-су атауларын этнопсихолінгвистикалық тұрғыдан талдау, ғылыми талдау алғашында халықтық этимологиядан басталатыны белгілі. Бір ауылдың өзі мен айналасы толған топонимикалық атаулар, олар – атамекеніміздің атауларында жазылған ата-бабаның хаттары. Ол хаттарды оқу үшін бала кезден бастап ізденім-зерттеу жұмыстарын жүргізу керек. Тілдік білім тек грамматикалық ережені жаттап, грамматикалық талдаудан тұрмайды, оның өзіндік орны бар, бірақ асыра бағаламау керек. Сөздің мағыналық құрылымын танитын, түсініп қолданатын дәрежеге жеткізуі үшін туған жеріміздегі жер-су атауларының ішкі әлеміне этнопсихолінгвистикалық тұрғыдан зер салуға үйретуден бастау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вильгельм фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984. – 396 с.
2. Леонтьев А.Н. Слово в речевой деятельности. – Москва: Просвещение, 1969. – 214 с.
3. Қ.Т.Сапаров, А.М.Сергеева, И.Бекзатқызы. Жем өзенінің топожүйесін зерттеудің тарихи-географиялық негіздері. – интернет-ресурс: <https://cyberleninka.ru/article/n/zhemzenini-topozh-yesin-zertteudi-tarihi-geografiyaly-negizderi>
4. Авеста. – Москва: Дружба народов, 1993. – 210 с.
5. <https://azenglishnews-com.translate.google>
6. Вальцев С.В. Врожденные национально-психологические особенности // Проблемы современной науки и образования. 2012. № 1 (1). С. 20-21.

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ – SPEECHWRITER

Жайлауов Б.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. «Әбіштану», «Сөз өнері» пәндерін оқытудағы тәжірибеден туған зерттеу қазіргі өзекті мәселелерді көтерген. Отандық ғылымда қарастырылмаған спичрайтер қызметі және спичрайтинг саласы мақалаға арқау болған. Көпшіліктің көкейінде жүрген ойларға нақты мысалдар келтірілген. Қосымша кесте арқылы ұсынылған материалдар мақала мазмұнын арттырып, автор пікірлерін айғақтап тұр.

Түйін сөздер: Әбіш Кекілбайұлы, спичрайтер, спичрайтинг, таңдамалы сөздер, PR, мемлекеттік хатшы.

Бұл тақырыпқа кіріспей тұрып, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Таңдамалы сөздер» атты жеті томдық жинағын оқып шықтық. Алғашқы томының алғысөзінде: «Н.Ә. Назарбаевтың көп жылдар бойғы саяси қызметінің барысында жұртшылық алдында сөйлеген сөздері кең ауқымды шешендік құндылықты құрайды», – делінген [1, 7]. Осы орайда өзімізді үнемі қызықтырып келген «Елбасының спичрайтерлері кімдер болды екен?» – деген сұрағымызға жауап іздедік.

Спичрайтер – лауазымды тұлғалардың, жоғары мәртебелі адамдардың, көшбасшы саясаткерлер мен ірі компания басшыларының көпшілік алдында сөйлейтін сөзінің мәнін дайындайтын маман. Бұл терминнің түпнұсқасын ағылшын тілінен аударсақ: speech – сөз, writer – жазушы [2].

Дамыған елдерде спичрайтинг – PR саласының бір бағыты ретінде кәсіп пен мамандық мәртебесіне ие. Ал біздің елімізде анонимді түрде, яғни ашық айтылмағандықтан, оларды көпшілік біле бермейді. Сондықтан спичрайтинг қызметін қалыптастыру және дамыту үшін, бұл бағытта атқарылған қызметтерге ықтимал болжамдар жасауға да мәжбүрміз.

Жеті томдық «Таңдамалы сөздер» жинағы 1989-2013 жылдар аралығын қамтиды екен. Демек, ширек ғасыр шежіресі, жылнамасы деуге болады. Дәл осы жылдары үлкен саясатқа араласқан Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының Тұңғыш Президент жанынан табылуы, оның сенімді серігі болуы кездейсоқ сәйкестік пе әлде негізгі мемлекеттік қызметтермен қоса шартты жағдайда спичрайтерлік жұмысын да атқарды деуімізге бола ма?

Оған дейін-ақ қаламгер ретінде әбден қалыптасқан, әлем әдебиетіне әйгілі болып үлгерген Әбіш Кекілбайұлының танымалдығы, қолтаңбасының айқындығы әрқашан сөз иесін айрықша аңғартып келді. Оны бірден байқағандардың бірі – уытты сынға негізделген өткір мақалаларымен танымал журналист Жұматай Сабыржанұлы өзінің «Образға кірсе, «во» болады» деген жазбасында былай дейді: «Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Құдай тек ендігі жерде өлінің үрейін, тірінің мерейін ұшырмайтындай қып, қай ісімізді де оңға бастыра көргей. Қиянатты пейіл, қияметті мейір тоқтатады деген. Мейір оңалса – берекет, пейіл оңалса – әрекет өрге басар деген. Жаратқан тек берекеміз молайып, тірлігіміздің оңға басқанын көруге жазғай!» («Егемен Қазақстан», 1999.06.04).

Көрнекті етіп ойып берілген осы сөздерді мен Нұрекеңдікі дегенге өлтірсе де сенбеймін. Бұл – буы бұрқыраған Әбекең, Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев. Со кісінің сөз саптасы, ой қорытуы, жорға машығы. Бір сөзбен, «стилі» дейтін шығармыз...

Бұл арада көтерейін деп отырған мәселем – президенттің сөзін ешкім жазып бермесін емес, жазсын, бірақ үлкен кісінің ойлау жүйесіне салып, қазақшасының қарасынына қарайлап, бейнелеп айтқанда, бойына шақтап айтқан жөн. Сонда «во» болады...

Көрмейсіз бе? Анау Ельциннің қағазға қарап сөйлеген сөздерінен де ельциндігі есіп тұрады...» [2, 252] – деп сынаған.

Сөз өнеріндегі сан соқпақты сүрлеулер арасында дараланып жататын даңғыл жолы бар данышпанды айыра алмау мүмкін емес. Қарапайым оқырманның өзі сөйлемдері мәнді де мазмұнды, әуезді де әсерлі жазушысын жаңылмай таниды. Ал ғылыми тұрғыда оның мысалын мәтінтанушы мамандар текстологиялық талдау арқылы анықтауға да, тұтас контексте қарап, лексиконы арқылы айқындауға да мүмкіндігі мол.

Спичрайтер термин ретінде Ресейдің өзінде тоқсаныншы жылдардың басынан бастап қолданысқа енген. Содан бері кеңес үкіметі кезіндегі де, постсоветтік кездегі де бірінші басшылардың спичрайтерлері туралы ашық жазыла бастапты [4]. Спичрайтинг туралы түрлі ғылыми зерттеулер, публицистикалық бағыттағы әдебиеттер жарық көрген [5]. АҚШ-та спичрайтинг Ақ Үй әкімшілігінің арнайы бір құрылымы ретінде қызмет атқарып, әр жылдардағы Президенттердің спичрайтерлері ашық түрде тіркеліп, еңбектері ерекше бағаланады [6]. Сол тәжірибені үлгі ретінде қолдануға болады. Бізде бұл енді ғана трендке еніп жатыр.

Спичрайтер сөз сөйлеушінің табиғатын толық танып, оның дауыс ырғағы мен сөз қолданысын бақылап, тыңдайтын аудиториясын алдын ала анықтап, олардың санасында қалатындай сәтті мәтін дайындауы тиіс. Оны бірыңғай салмақты да салиқалы, толғанысты-тебіреністі сөздермен ғана емес, әзіл әңгімемен де араластырып отырады. Тура мағынасында да, тұспалдап та, астарлап та жазуы мүмкін. Сәтті сөйлеу арқылы сөз иесінің мансабы жоғарылауы да, керісінше, сәтсіз сөзі өзіне таяқ болып тиюі де ғажап емес. Топ алдында тілімен танылып таққа отырғандар мен басына пәлені тілінен тапқан тұлғалардың тарихта мысалы көп.

Біз спичрайтинг кәсібін де, спичрайтер тұлғасын да Ә. Кекілбаев қызметі мысалында қарастыруға тырыстық. Бұл әдісіміз – әуесқойлық. Өйткені зерттеуде сирек кездесетін жағдай, яғни негізгі қаһарманның емес, қосалқы қызметкердің тұлғасын алға шығарып, еңбегін бағалауға тәуекел етіп отырмыз. Осылайша Ә. Кекілбаев мысалы арқылы оған дейінгі де, одан кейінгі де спичрайтерлер мен олардың қызметіне жол ашуымыз мүмкін. Жұмысымыздың өзектілігі – эвристикалық әдіс-тәсіл ретінде, отандық ғылымда әлі қарастырылмаған мәселенің алғаш зерттеу нысанына айналуында. Бұл бастаманы кәсіби мамандар зерттеу объектісі қылып кеңірек жалғастыруына болады...

Ежелгі Грекияда сотталушының өзін-өзі қорғауы үшін, алдын ала жаздырып алатын сөздерін дайындайтын шешендерді «логограф» деп атаған. Риторика тарихынан оқығанымыздай, Демосфен, Лисий сияқты логорафтар бұл қызметті кәсіпке айналдырған. Бірақ логорафтарды біз сөз етіп отырған спичрайтерлермен шатастыруға да, салыстыруға да болмайды.

Дәстүрлі билік ұғымына сүйенсек, «Ханда қырық кісінің ақылы бар» делінеді. Бұл сөз – ханды сонша кісіге тең көру емес, оның көп адам кеңесін алуына байланысты айтылған. Ол хан бола ма, патша бола ма, президент бола ма, бәрібір, билігінің баяндылығы жалпы қоғамға арнаған сөздерінің салмағымен, халықтығымен де өтімді болмақ. Қазақта «Ханның айтқанын қара да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ» деген сөз бар. Ал дуалы ауызға уәлі сөз салып беріп жүрген адамның өзі де даусыз дана болса ше?! Онда тарихи мысалдардан белгілі болғандай, ондай билік иелерінің тақта отыру ғұмыры да ұзағырақ болып келеді.

Әбіш Кекілбайұлы – ата тегінен, тумысынан бекзат болмысты дегдар тұлға. Оны шежіре тарихынан да, іс-әрекетінен де, сөйлеген сөздері мен жазған-сызған дүниелерінен де анық байқауға болады. Жазушылық жолында оның элиталық ойлау жүйесі тіпті дами түскен деп білеміз. Өйткені негізгі кейіпкерлері – хандар мен сұлтандардың, әмірлердің, басқа да билеушілер мен басқарушылардың психологиясын, би-шешендердің мәмілегерлігін жазарда әбден зерттеп меңгерген. Ал мемлекеттік қызметте оны сынақтан өткізіп, тәжірибесіне енгізгендей. Жаңа замандағы жазушы-кеңесшіміз дәстүршілдігімен де, жаңашылдығымен де мемлекет басшысына қапысыз қызмет етіп, өзара үйлесіммен

мүлтіксіз әріптестікте жарасыммен жұмыс істеген. Сол арқылы өзі де мол үлес қосқан авторитарлық режимнің ұзағырақ тұруына себеп болғандардың бірі екенін де жасыра алмаймыз.

Қазақстан Республикасы Егемендігін қабылдап, Тәуелсіздігін жариялаған жылдарында кемеліне келіп, кемерінен асып-тасып тұрған қаламгер көркем сөзден гөрі көсем сөзге біржола бет бұрған. Онысын мемлекет мүддесі жолындағы сөз иесінің міндеті, парызы, борышы деп білген.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – өзімен құрдас, замандас тұлға. «Заманы бірдің – амалы бір» дегендей, бір буын өкілдерінің тіл табысуы да оңай, әу бастағы талабы мен тілегі де, мемлекетшілдік мүдделері де ортақ болған. Кең кеуделі тұлғасына сай Кекілбаевтың көңілі көлдей, мінезі мәрт, жаны жайсаң, негізінен момын, көнбіс, сыпайы да сырбаз, байыпты да байсал, жұмсақ адам. Ал президент – күрделі темпераментті тұлға еді. Уақыт сынынан сүрінбей өткен жолдас, асығыста ақыл мен ат сүрінгенше амал табатын, қиындықта жол мен қысылғанда сөз табатын кемеңгер – кез келген басшы қардер болар кеңесші емес пе?

Осы орайда біз дарынды ділмардың спичрайтерлік қызметіне мән бере отырып, оның Президент психологиясын, ел басқарудағы әдісі мен интуициялық ойлауына дейін игеріп алғанын байқаймыз. Сондай-ақ көптің көкейіндегі мазалаған мәселелерді де жақсы білгенін, жалпы жағдайлардан хабардар екенін ықтиярсыз мойындаймыз. Өйткені қоғамды ішінен бақылаушы ретінде билік пен халықты байланыстырудың ортақ тілін таба білген. Бірінші басшының сөйлейтін сөздерін түрлі ракурстан қарастырып, қоғам реакциясына қарай икемдеп отырған. Тағдырын жазмыш деп есептейтін және соған бойсұнған тағаты темірдей төзімді жұрттың менталитетіне тән қасиеттердің бірі – көңіліндегі өзі естігісі келетін есті сөзді айтқанға да риза болатыны. Осы тұрғыда мәнді де мазмұнды мәтінді өз мәнерімен оқып беру тыңдаушының құлағына майдай жақпай ма? Бұл шешендік сөздер сөйлеуші шенеунікті де шабыттандырады. Халықтың да үмітін үзбей, сенімін нығайтады. Әйтсе де, тоқсаныншы жылдардың тоқырау кезеңінде толғақты мәселелерді тап басып айтып, шиеленісті сәттерде шырғалаңнан шығар жол нұсқаған, даурыққан топты сөзге тоқтатқан, ымырашылдыққа жеңдіріп, дау-жанжалдардың алдын алған ақыл иесінің бұл тапқырлығын манипуляциямен шатастыруға болмайды. Палитрасы түрлі түске толы профессионал прозаигіміз публицистикада прагматик болды. Өзін де, Елбасын да пафостан аулақ ұстаған, популизмге жол бермеген. Мемлекет мүддесі үшін оқшау ойларын сыналап енгізіп отырған шығар, бірақ онысына бола орынды-орынсыз жеке пікірлерін тықпалаған деп күмәндансақ та қателесеміз. Қызметін асыра пайдаланып, басшының ойларын бұрмалап, лоббизммен айналысу сияқты пендешілік тірліктер оның тау тұлғасына сай емес.

Әбіш Кекілбаев біртуар болмысымен, феномендігімен мемлекеттік хатшы лауазымының планкасын көтеріп тастады. Сондақтын одан кейінгілерді де сол өлшеммен сынайтын болдық. Сол сияқты ол спичрайтерлік қызметті де шегінен асырып кетті.

Дәлеліміз дау туғызбауы үшін, әзірге мысалдарды «Таңдамалы сөздердің» III, IV томдарынан бастап қолдансақ та жеткілікті. Онда 1995-2002 жылдардағы Тұңғыш Президент сөздері топтастырылған.

Ал «Әбіш Кекілбаев» энциклопедиясының II томында ҚР Президент мұрағатына сілтеме жасалып (қ. 5-н, тіз. 6, іс 736, п.п. 1-11) Мемлекеттік хатшының 1998-2002 жылдардағы жұмыс кестесі, әр айлардағы жоспары жарияланған [7].

Мәселен, Мемлекеттік хатшы кестесінде: «ҚР Президентінің зиялы қауым өкілдерімен кездесуіне қатысты материалдарды даярлау (05.02.1998)» жоспарланған.

«Таңдамалы сөздерде» Президенттің 1998 жылғы 17 наурыз күні Алматы қаласында Халық бірлігі және ұлттық тарих жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында «Зиялы қауымның адамгершілік және саяси таңдауы» атты сөйлеген сөзі берілген [8, 513-521].

Мемлекеттік хатшы кестесіндегі: «ҚР Президентіне қажетті материалдармен жұмыс (09.02.1998)»; ҚР Президентіне қажетті материалдармен жұмысты жалғастыру

(10.02.1998)» сияқты көрсетілген күн тәртібінен де мемлекет басшысының келесі сөйлейтін сөздерінің мәтінін дайындағанына көз жеткіземіз.

Мемлекеттік хатшы сол жылғы мамыр айында түркология мәселелері бойынша жұмыс істейді. Президент 9 маусым күні Түркі тілдес мемлекеттердің V саммитінде сөз сөйлейді [8, 534-539].

Мемлекеттік хатшының 1-8 маусым күндеріндегі жұмыс кестесі Астананың тұсаукесерінде сөйлеуге дайындалу, мәтіндерді қарау, мәселелер, іс-шаралар бойынша жасақталыпты. Ал 10 маусым күні Президент Қазақстанның жаңа елордасы – Астана қаласының тұсаукесер рәсімі салтанатында «Жаңа астана – жаңа мемлекет – жаңа қоғам» тақырыбында сөз сөйлейді [8, 540-547].

Ары қарай да дәл осындай сәйкестік жалғаса береді. Сондықтан біз арнайы кесте жасақтап ұсынамыз.

Кесте (қосымшада)

Әбіш Кекілбаев – Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы мемлекеттік хатшыларының бірі. Ол ҚР Конституциясы мен Заңдарына сай, ішкі саясатта идеологиялық бағытта еңбек етіп, Президент тапсырмаларын іске асырумен айналысты. Ал егер АҚШ-тағыдай, Еуропа елдеріндегідей ерекше еріктер беріліп, мемлекеттік хатшы халықаралық деңгейдегі күзіреттерге ие болса, Әбекең әдебиетте ғана емес, жаһандық саясатта да көрнекті қайраткер тұлға болар ма еді?!

Жазушы – ақыл-ой еңбегінің адамы. Оның ана тілінің құнарына уызынан жарығаны, ағыл-тегіл эрудиттігі, энциклопедиялық білім иесі болуы, кез келген тақырыпты еркін жазуына мүмкіндік берді. Біз келтірген мысалдардың өзінде саясат, экономика және бизнес, қоғам, халықаралық қатынастар, мәдениет пен өнер, білім мен ғылым, ұлттық идеология, қорғаныс, т.б. салалар молынан қамтылған.

Бір баяндама жазу үшін, қаншама дерек көздеріне жүгінуге тура келеді. Әлі интернет кең қолданысқа енбей тұрған уақыттың өзінде-ақ нақты фактілерге негізделіп, тыңдағанның танымын арттыратын, оқығанның ойөрісін кеңітетін материалдарды іздеп тауып, солардың негізінде мәтін дайындау оңай болмағаны анық. Ал бала кезінен барлық бағытта білімін жетілдіре берген, өмір бойы оқып өткен, ұдайы ізденіс үстінде жүретін қаламгер қызыл сөзбен емес, дерекпен сөйлеуге бейім. Оның бұл бағытта қиынсынбай қылған қызметін біз бүгінде ағартушылық еңбек деп бағалауымызға болады.

Жұмыс жоспарына мән берсек, ойы мен қаламының жүйріктігі соншалық – ауқымды мәтіндердің өзін аз уақытта, жедел жазып беріп отырғанын байқаймыз. Бұл оның пунктуалды, аса жауапты, тиянақты, ыждағатты, міндетіне мұқият болуымен қатар, әбден машықтанып алған дағдысына айналып кеткенін де көрсетеді. Сөйте тұра, немқұрайлы қарау, үстіртін жазу, айтылған жерде қалатын бір реттік әңгіме ғой деп есептеу жоқ. Ұтымды ойларын қайталай беру, тавтология тән емес. Сөздері сонысымен құнды һәм өміршең. Тыңдаушыны да, оқығанды да жалықтырмайды. Осы жұмыстары арқылы Ә. Кекілбаев Қазақстанда эталондық деңгейдегі спичрайтерлік қызметті кәсіби тұрғыда қалыптастырып, жүйелі жолға қойған. Риясыз адалдығы сонша – «ананы мен жаздым, мынаны мен дайындадым» деп дандайсымаған, қаңқу мен қауесетке жол бермеген, маңғазданып масаттанбаған, жан баласына тіс жарып айтпаған, бар құпияны өзімен бірге ала кеткен.

Бұл мақаланы жазудағы мақсатымыз – арнайы бір тұлғаның атынан дайындалған мәтіндерді әуелгі авторына телу емес, спичрайтинг саласының дамуы үшін, маңыздылығын көрсету екенін қайталаймыз. Біз спичрайтерлерді кәсіп иесі қылып көрсету арқылы спичрайтинг қызметін ары қарай дамыта аламыз.

Қазіргідей, саяси жүйе өзгеруіне байланысты ғылыми тұжырымдарды да қайта қарауға жол ашылады. Спичрайтерді – қызмет ұсынушы, ал оған тапсырыс берушіні – тұтынушы деп санайтын кез келді. Адам еңбегі бағалануы керек, өйткені нарық жағдайында қызметкердің тұлға ретіндегі рөлі артады. Сұраныс бар жерде ұсыныс та туады. Әбіш Кекілбайұлы сияқты қалыптасқан спичрайтер болмағандықтан, қазіргі Президенттің

сөйлейтін сөздерін спичрайтерлер тобы дайындайды екен. Бұл топта Б. Омарұлы, Д. Қыдырәлі, т.б. болуы мүмкін. Олардың жазбалары да қолдан-қолға өтіп, ұжымдық жұмыс болып келеді. Бізде бұл істермен айналысушылар әзірге «баспасөз хатшысы», «сарапшы», «консультант», «референт» деп әртүрлі аталып жүр. Бірақ бұл қызмет олардың толық міндеті емес, негізгі функциясына жатпайды және оған олардың деңгейлері жете бермеуі мүмкін. Спичрайтер тіпті штаттық құрылымда болмағаны сөзсіз. Жалпы «баспасөз қызметінің міндеттеріне – Президенттің ресми сөздерінің, сұхбаттарының, мақалаларының, ақпараттық материалдары мен мәтіндерінің жобаларын стилистикалық және әдеби редакциялау; Президенттің қызметі, оның ішінде ішкі және сыртқы саясаттағы ұстанымын түсіндіру мәселелері бойынша сөйлейтін сөздерінің, сұхбаттарының, мақалаларының, ақпараттық материалдары мен мәтіндерінің жобаларын дайындау кіреді» делінген [9].

ҚР Президентінің баспасөз хатшысы болған Берік Уәли 2022 жылғы 9 қаңтар күні мәлемдеме жариялап: «Отандастарына жасаған барлық үндеуін ол (Қасым-Жомарт Тоқаев) кеңесшілердің қолдауына жүгінбей, дәстүр бойынша өзі жазды», – деді. Егер оның «дәстүр бойынша» деген сөзіне мән берсек, бұған дейінгі жазбаларын да мемлекет басшысының өзі жазғанын байқаймыз. Жарық көрген кітаптарынан да қабілетін қолтаңбасын танып қалдық. Бірақ Президент қызметіне кіріскелі бері жарияланған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» (*«Егемен Қазақстан» 09.01.2020*), «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» (*«Егемен Қазақстан», 05.01.2021*) атты мақалалары мен «Қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр» тақырыбындағы сұхбаты (*«Ана тілі» газеті, 25.06.2020*) сыншыл оқырмандарын сендіре алмады. Өйткені стильдерінде сәйкессіздіктер бар. Әрине, негізгі тезистерін автордың өзі дайындап ұсынған болуы мүмкін, бірақ бергі жағындағылар бояуын қалыңдатып жіберген сияқты. Егер спичрайтинг саласын дамытсақ, бұл бағытты да сәтті жолға қоюға болар еді. Президент те қымбат уақытын үнемді пайдаланып, нәтижелі жұмыстарымен айналысуға жағдай жасалар еді. Қазір қоғамға креативті коммуникация керек. Бұл тұрғыда Әбіш ағасының жолын жалғап, осы саладағы лайық ізбасары болып келе жатқан қазіргі ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қариннің іс-әрекеттеріне жіті мән берсек, Кекілбаев тәжірибесін жетік игергеніне көзіміз жетеді. Президенттің «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауынан (16.03.2022) Қариннің қолтаңбасын көреміз.

Елбасы қайраткер қаламгер Ә. Кекілбаевқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын берген салтанатты жиында (08.12.2009): «Мемлекет құру деген ауыр шаруаларды, күрделі міндеттерді жүзеге асыру кезінде менің жанымда қажет кезінде Әбіш Кекілбайұлы бірге болды. Жаңа тұрпатты Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихи өмірбаянын бірге жазысуға атсалысты. Менімен сапарлас болған серіктерімнің ішінде Әбіш Кекілбайұлы есімін ерекше атаймын. Әбекең қай қиырға салсам да, қиядан көрінді, қай тереңге салсам да, бойлап та, ойлап та шыға білді. Ойымдағының орайын тапты, қай істе де қайраткерлік пен ерік-жігердің үлгісін көрсетті...» – деген терең тебіреністі сөздерінен мерей иесінің ұзақ жылғы спичрайтерлік қызметіне де ризашылық білдіргенін байқауға болады. Өйткені оның ондаған жылдар бойы форумдарға, конференцияларға, симпозиумдарға, саммиттерге, сессияларға, конгрестерге қатысып, сахналардан, эфирлерден, мінберлерден сөйлеген және оқыған дәрістері, лекциялары, баяндамалары, үндеулері, мәлімдемелері, жолдаулары, мақалалары, жазбаша сұхбаттары, хаттары, кітаптары сірескен саяси стильде де емес, тұтас публицистикалық немесе көркем әдеби стильдерде де емес, штамптармен шектелмей, аралас жанрда жұртшылыққа жақын қабылданды.

Адам әлеуеті шексіз ғой. Онсыз да табиғатынан көшбасшылық қабілеті мен лидерлік харизмасы күшті Тұңғыш Президентті сұңғыла спичрайтері сырт көзге одан да биік парасат иесі, саңлақ спикер қылып көрсете түсті. Ресми шешендік шеберлігі арқылы көсемдік пен ойшылдық образын жасады. Интеллектуалдық тұрғыда іскерлік имиджін арттыра түсті, жұртқа жұғымын жоғарылатты, беделін биіктетті, абыройын арттырды, рейтингін көтерді, эгосын қанағаттандырды. Ол кездері Президентке қызмет еткен саяси технологтарының өздері көрінбей, тасада қалыс қалатын. Сондықтан олардың еңбегіне де лайық баға берілетін уақыт келген шығар. Мүмкін, басқа спичрайтерлер де анықталып қалар. Мәтін

жобасын дайындауға атсалысқандар ішінде тағы кімдер болуы мүмкін? М. Жолдасбеков, Ш. Мұртаза, А. Сейдімбек, Т. Әбдік, С. Абдрахманов, Қ. Көшербаев, Ж. Қуанышев, Т. Боранғалиев... Ал бұған қатысты ізгі ниетті оқырмандардың пікірлерін, өздері білетін тың деректерін күтеміз. Жалпы кімдер жазса да, осы жұмысқа жетекшілік етіп, қаламгерлердің бұл бағыттағы қызметін дербес үйлестірген – Ә. Кекілбаев деуіміз қисынды. Бұл жинақтарға енген жазбалардың кемінде бір экземпляры ҚР Президентінің мұрағатында сақталған болуы мүмкін. Зерттеушілер оны да ескеріп, басқа да қайнаркөздерді қарауы керек.

Осы орайда Әбіш Кекілбайұлының педагогикалық пікірлерін зерттеуші ретінде оның өзі туралы да ойымызды ортаға салсақ. Болмысынан гуманист адам кім-кімді де бәтуалы сөзімен ыңғайына бұрып, пікірін қалыптастыруға оң ықпал етері сөзсіз. Өзі қандай болса, өзгені де сондай болуға бейімдейтіні белгілі. Керісінше, кеңесшілік қызметте сөзі өтімді, бірақ бейадекват, пиғылы бөтен біреу болса, ондай кісілердің қолынан көзқарасты кері бағытқа бұру да келетінін ескеруіміз керек. Ол екі қасиетке ие екі түрлі адамдарға ізгілікке сендіре білу де, зұлымдыққа көндіре білу де қиын емес. Бұл тұрғыда Әбіш Кекілбайұлының ұстамдылығы – үлгі, ұстанымы – ұлағат. Эмоцияға жеңдірмей, басшы көзқарасын құрметтей отырып, қиыннан қиыластырып, өз ойларын тігісін жатқызып, майдан қыл суырғандай жеткізе білген. Оның Елбасы атынан жазылған көптеген мәтіндері қанатты сөзге айналып, кең қолданысқа еніп кетті. Абайдың гуманистік концепцияларын қағида қылған қаламгер:

«Сөзіне қарай кісі ал,

Кісіге қарап сөз алма», –

деген нақылын әрекетімен орындаған. Ол Президенттің де, өзінің де жауапкершілігін жақсы сезінген. Сондықтан әр сөзін парасатпен пайымдаған, жанашырлықпен дайындаған. Біреудің атынан ойланып-толғанып, біреудің атынан жазу – классик қаламгер үшін жанқиярлық болмаса да, жан қинарлық жұмыс.

Бұл пікірлеріміз біржақты қабылданбасын деп, сегіз жыл бұрын «Ана тілегі адастырмайды» атты мақала жариялап, Тұңғыш Президент тұлғасы туралы да зерттеуге қызығушылық танытқанымызды айта кеткеніміз жөн («Егемен Қазақстан», 01.12.2014). Өзіміз Елбасымен бірнеше рет кездестік, тілдестік. Сол арқылы қалыптасқан пікірлерімізді жазып жүрміз. Оппоненттеріміз тарапынан: «Бұл туралы Н. Назарбаев Президент болып тұрған жылдары неге айтпадыңыз?» – деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Идеямыз бұрыннан ойымызда жүргенімен, нақты және ресми дереккөздерге енді қол жеткізіп отырмыз. Дүдәмал дақпыртқа емес, дұрыс дәйекке сүйенуіміз керек.

2019 жылғы 10 қазан күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау сапарында жазушы Әбіш Кекілбайұлы ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысып сөйлеген сөзінде: «Әбіш Кекілбаев – ғұлама жазушы ғана емес, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Елбасының сенімді серігі ретінде Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалауға қосқан үлесі орасан зор. Еліміздегі жоғары лауазымдарда қызмет істеп, халықтың ықыласына бөленді... Әбіш Кекілбай Тәуелсіздігімізді қорғауға және нығайтуға атсалысқан аса көрнекті қоғам қайраткері болғанына ешқандай күмән жоқ. Өйткені ол қазақтың ой-санасын жаңғыртқан ұлы өзгерістердің басы-қасында жүрді. Көрнекті қайраткер егемен еліміздің тарихи шежіресінде өз қолтаңбасын қалдырды... Қазіргі жастарымыз Әбіш Кекілбаевтың қоғамдық-саяси көзқарастарын танып-білуі керек. Біз оны ел мүддесін жоғары қойған нағыз патриот деп санаймыз. Әбіш Кекілбай – отаншылдықтың жарқын символы», – деп ізетті ілтипатпен, лайық бағалады.

Екі Президентіміз де еңбегіне әділ баға берген жазушы Ә. Кекілбайұлының еріксіз еліктіріп әкететін әңгімелеріндей, спичрайтер ретіндегі жазбаларына қоғамдық пікірді байқау үшін, кіріспе ретінде жалпылама шолу жасадық. Біз бұл бағыттағы ой-пікірлерімізді университетте өзіміз оқытатын «Сөз өнері», «Әбіштану» пәндерінде іздене жүріп қалыптастырдық. Алда «Таңдамалы сөздердегі» басты тұлғаның сөз саптасына қарай

сараптама жүргізіп көрмекпіз. Осы орайда ойлы оқырмандардың жанашырлық сын-пікірлері аса маңызды.

Кесте 1 - Мемлекеттік хатшы Ә. Кекілбаевтың жұмыс кестесі

№	Күні	Мемлекеттік хатшы Ә. Кекілбаевтың жұмыс кестесі	Күні	Президент Н. Назарбаевтың таңдамалы сөздері
1	2	3	4	5
1998 жыл				
1	05.02.1998	ҚР Президентінің зиялы қауым өкілдерімен кездесуіне қатысты материалдарды даярлау	17.03.1998	Халық бірлігі және ұлттық тарих жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында «Зиялы қауымның адамгершілік және саяси таңдауы» атты сөйлеген сөзі <i>(Алматы қаласы)</i>
2	09.02.1998	ҚР Президентіне қажетті материалдармен жұмыс		
3	10.02.1998	ҚР Президентіне қажетті материалдармен жұмысты жалғастыру		
4	17.03.1998	ҚР Президентінің зиялы қауым өкілдерімен кездесуі		
5	23.04.1998	Президент тапсырмасымен жұмыс	29.04.1998	ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысында «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он қадам» бағдарламасы туралы сөйлеген сөзі <i>(Ресей Федерациясы Мәскеу қаласы)</i>
6	01.06.1998	Астананың тұсаукесерінде сөйлеуге дайындалу, мәтіндерді қарау	09.06.1998	Түркі тілдес мемлекеттердің V саммитінде сөйлеген сөзі <i>(Астана қаласы)</i>
7	03.06.1998	ҚР-ның жаңа астанасының тұсаукесеріне байланысты мәселелер		
	10.06.1998	Түркі тілдес елдердің Саммиті	10.06.1998	Қазақстанның жаңа елордасы – Астана қаласының тұсаукесер рәсімі салтанатында «Жаңа астана – жаңа мемлекет – жаңа қоғам» атты сөйлеген сөзі <i>(Астана қаласы)</i>
	04.06.1998	Астананың тұсаукесеріне байланысты мәселелер		
	05.06.1998	Астананың тұсаукесеріне байланысты мәселелер		
	08.06.1998	Астананың тұсаукесерінің іс-шаралары		
8	қыркүйек, 1998 жыл	Мемлекеттік хатшы қыркүйек айының 3, 4, 5, 7, 8, 9, 17, 18, 24, 25, 26, 28, 29 күндері Президенттің сөйлейтін сөздері және Жолдау мәтіні бойынша жұмыс істеген	25.09.1998	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің I отырысында сөйлеген сөзі <i>(Алматы қаласы)</i>
			30.09.1998	«Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа» атты Қазақстан халқына Жолдауы <i>(Астана қаласы)</i>
			07.10.1998	Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары бірінші шақырылымының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасы туралы сөйлеген сөзі <i>(Астана қаласы)</i>

1	2	3	4	5
9	20.10.1998	ҚР Президентінің қабылдауы	22.10.1998	Алда болатын президенттік сайлауға қатысуға шешім қабылдауы туралы мәлімдемесі (Астана қаласы)
10	1998 жыл	Сол жылғы Ж. Жабаевтың 150 жылдығы, М. Әуезовтің 100 жылдығы, Қ. Сағырбаевтың 175 жылдығына арналған салтанатты жиналыста Президент атынан да, өз атынан да сөйлейтін сөздерін дайындаған. – Б.Ж.	27.11.1998	Құрманғазы Сағырбаевтың 175 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі (Алматы қаласы)
11	27.11.1998	Алда келе жатқан ҚР Президент сайлауына қатысты материалдармен жұмыс істеу	15.12.1998	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста «Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан» атты сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
12	30.11.1998	Алда келе жатқан ҚР Президент сайлауына қатысты материалдармен жұмыс істеу		
1999 жыл				
13	11.01.1999	Қазақстан Республикасының Президентін сайлау қорытындысының материалдарымен жұмыс істеу	20.01.1999	Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне ресми кірісуіне байланысты салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
	13.01.1999	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевты ұлықтау салтанатының мәселелері бойынша жиналыс		
	16.01.1999	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевты ұлықтау салтанатының мәселелерімен шұғылдану		
	17.01.1999	Қазақстан Республикасының Президентін ұлықтау салтанатын өткізу жөніндегі комиссияның отырысы (жексенбі)		
14	14.01.1999	Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті сессиясында сөйленетін сөзге дайындық жұмысы	21.01.1999	Қазақстан халықтары Ассамблеясының V сессиясында «Ұлттық келісім – Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі» тақырыбында сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
	15.01.1999	Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті сессиясында сөйленетін сөзге дайындық жұмысын жалғастыру		
15	22.01.1999	Баяндама текстерімен жұмыс	31.03.1999	Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Демократия – біздің таңдауымыз. Демократия – біздің тағдырымыз» тақырыбында сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
	25.01.1998	Болашақ баяндамалардың текстерімен жұмыс		
	27.01.1999	Материалдармен жұмыс		
	16.02.1999	ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевпен кездесу		
	31.03.1999	ҚР Президенті баяндама жасайтын ҚР Парламентінің бірлескен отырысына қатысу		
16	22.04.1999	ҚР Президентін Вашингтон сапарына шығарып салуға қатысу (НАТО-ның мерейтойы)	25.04.1999	НАТО-ның 50 жылдығына арналған Еуроатлантикалық серіктестік кеңесінің пленарлық отырысында «Құбылмалы әлемдегі Қазақстан» атты сөйлеген сөзі (АҚШ, Вашингтон қаласы)
17	18.05.1999	Ағымдағы мәселелер бойынша ҚР Президентінде қабылдау	06.08.1999	Астана қаласына ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» құрметті атағы берілуіне байланысты сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
18	20.07.1999	ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевпен кездесу және әңгімелесу		

1	2	3	4	5
19	17.08.1999	Ағымдағы мәселелер бойынша ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қабылдауы	03.09.1999	Қазақстан мұнайының 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі (Атырау қаласы)
20	25.08.1999	Қазақстан мұнайын өндірудің 100 жылдығына материалдар дайындау		
21	26.08.1999	Бес мемлекеттің мәдениет және ғылым қайраткерлерінің кездесуіне алдын ала материалдар дайындау	29.09.1999	Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның мәдениет пен ғылым қайраткерлерінің халықаралық кездесуінде сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
	08.09.1999	Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның мәдениет және ғылым қайраткерлерімен кездесуді дайындау мен өткізу штабының отырысы		
	09.09.1999	Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның мәдениет және ғылым қайраткерлерімен кездесуді дайындау барысындағы жұмыстар		
	20.09.1999	Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның мәдениет және ғылым қайраткерлерімен кездесуді дайындау мен өткізу штабының отырысы		
	23.09.1999	Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның мәдениет және ғылым қайраткерлерімен кездесуді ашу салтанатында жасайтын баяндама текстімен жұмыс		
22	10.11.1999	ҚР Президентімен жеке әңгіме	08.10.1999	Қазақстан Республикасы Парламентінің сайлауына байланысты Қазақстан халқына Үндеуі (Астана қаласы)
			18.11.1999	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитінде сөйлеген сөзі (Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы)
			15.12.1999	«Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» атты Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қаласы)
23	14.02.2000	17 ақпанда ҚР Президентінің Алматы қаласының шығармашыл интеллигенциясымен кездесуінің материалдарын дайындау	Ол материалдар жинаққа енген. – Б.Ж.	
2000 жыл				
24	15.03.2000	Ағымдағы мәселелермен ҚР Президентімен кездесу	26.04.2000	I Еуразия экономикалық саммитінде сөйлеген сөзі (Алматы қаласы)
25	15.05.2000	Ағымдағы мәселелер бойынша ҚР Президентімен кездесу	30.08.2000	Қазақстан Республикасы Конституциясының 5 жылдығына арналған салтанатты жиналыста «Конституция – Қазақстанның тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуінің негізі» атты сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
26	12.06.2000	Ағымдағы мәселелер бойынша ҚР Президентімен кездесу		
27	25.08.2000	ҚР Конституциясының 5 жылдығына байланысты Конгресс-Холлда өтетін салтанатты жиында оқитын баяндама тексті дайындау		
28	05.05.1999	Мыңжылдық материалдарымен жұмыс	06.09.2000	БҰҰ-ның мыңжылдық саммитінде сөйлеген сөзі (АҚШ, Нью-Йорк қаласы)

1	2	3	4	5
29	02.10.2000	Түркістан қаласының 1500 жылдығын мерекелеуге байланысты мәселелерді шешу	20.10.2000	Түркістан қаласының 1 500 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі (Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы)
30	06.10.2000	Түркістан қаласының 1500 жылдығын мерекелеуге байланысты материалдар дайындау		
1	2	3	4	5
31	қыркүйек, 2000 жыл	Мемлекеттік хатшы қыркүйек айындағы демалыс күндері Жолдау мәтінімен жұмыс істеген. – Б.Ж.	24.10.2000	«Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам» атты Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қаласы)
32	23.11.2000	ҚР Президентімен ағымдағы мәселелер бойынша кездесу	15.12.2000	Қазақстан халықтары Ассамблеясының VII сессиясында сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
33	21.11.2000	ҚР Президентімен ақылдасып шешілетін мәселелерді дайындау		
34	30.11.2000	Қазақстан халықтары Ассамблеясының алдағы өткізілетін 7-сессиясының мәселелері		
2001 жыл				
35	24.01.2001	Елбасының тікелей тапсырмаларын іске асырумен шұғылдану	02.02.2001	Қазақстанның білім беру және ғылым қызметкерлерінің II съезінде сөйлеген сөзі (Алматы қаласы)
36	12.01.2001	ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құпия ақпараттарымен жұмыс	09.02.2001	Қазақстан Республикасы Қарулы күштері басшылық құрамының бүкілармиялық кеңесінде сөйлеген сөзі (Алматы қаласы)
	22.02.2001	Құпия құжаттармен жұмыс істеу		
37	13.03.2001	Елбасының тапсырмаларына жауап әзірлеу	03.04.2001	Норвегия халықаралық қатынастар институтында сөйлеген сөзі (Норвегия Корольдігі, Осло қаласы)
38	02.04.2001	Елбасын Норвегия мен Литваға ресми сапарға шығарып салу		
39	17.04.2001	Әдебиет саласының мәселелерімен шұғылдану	26.04.2001	Түркі тілдес мемлекеттерінің VII саммитінде сөйлеген сөзі (Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы)
40	22.05.2001	Елбасы өткізген жабық отырысқа қатысу	15.06.2001	«Шанхай бестігіне» мүше мемлекеттердің саммитінде сөйлеген сөзі (ҚХР, Шанхай қаласы)
41	18.07.2001	Елбасы тапсырмасымен шұғылдану	29.08.2001	«XXI ғасыр: ядролық қарудан азат әлемге қарай қадам басайық» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі (Алматы қаласы)
42	2001 жыл	Мемлекеттік хатшы тамыз айындағы демалыс күндері Жолдау мәтінімен жұмыс істеген. – Б.Ж.	03.09.2001	«Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қаласы)
43	06.09.2001	Елбасы тапсырмаларымен шұғылдану	06.09.2001	Қазақстан жастарының I Конгресінде сөйлеген сөзі (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы)
44	19.09.2001	Рим Папасы Иоанн Павел II Астанаға мемлекеттік сапармен келуіне дайындық мәселелерімен шұғылдану	22.09.2001	Рим Папасы Иоанн Павел II қарсы алу рәсімінде сөйлеген сөзі (Астана қаласы)
	17.09.2001	Қазақстан халықтары Ассамблеясының VIII сессиясының дайындық мәселесімен шұғылдану	24.10.2001	Қазақстан халықтары Ассамблеясының VIII сессиясында «Тәуелсіздігіміздің

	12.10.2001	Қазақстан халықтары Ассамблеясының алдағы сессиясына дайындық мәселелерін қарау		10 жылы: бейбітшілік, прогресс және қоғамдық келісім» тақырыбында сөйлеген сөзі <i>(Астана қаласы)</i>
45	02.08.2001	Тәуелсіздіктің 10 жылдығына байланысты мәселелермен шұғылдану	06.11.2001	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзі <i>(Алматы қаласы)</i>
46	02.11.2001	Күпия құжаттармен жұмыс	30.11.2001	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 10 жылдығына арналған ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысында сөйлеген сөзі <i>(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы)</i>
47	16.11.2001	Елбасының тікелей тапсырмаларын орындау		
48	10.09.2001	Елбасы Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған салтанатта жасайтын баяндамасының жобасын әзірлеу жөнінде мәжіліс өткізу	16.12.2001	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста «100 жылға татитын 10 жыл» атты сөйлеген сөзі <i>(Астана қаласы)</i>
	08.10.2001	Елбасының Мемлекет Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте жасайтын баяндамасының жобасымен жұмыс		
	11.10.2001	Тәуелсіздіктің 10 жылдығына байланысты мәселелермен шұғылдану		
	01.11.2001	ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына дайындық мәселелерімен шұғылдану		
	03.12.2001	Елбасының қабылдауында болу		

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. Т. I. – 1989-1991 жж. – 612 б.
2. Wikipedia. Speechwriter. <https://en.wikipedia.org/wiki/Speechwriter>
3. Сабыржанұлы Ж., Өкпелесен, өзің біл – Алматы: «Үш қиян», 2001. 352+16 жапсырма бет.
4. Википедия. Спичрайтер. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%BF%D0%B8%D1%87%D1%80%D0%B0%D0%B9%D1%82%D0%B5%D1%80>
5. Книги о спичрайтинге. <https://speechwritersofrussia.ru/58>
6. White House Director of Speechwriting https://en.wikipedia.org/wiki/White_House_Director_of_Speechwriting
7. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. 2-том. Өмірі мен ортасы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2020. – 768 бет.
8. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. Т. III. – 1995-1998 жж. – 644 б.
9. Президенттің баспасөз қызметі. https://www.akorda.kz/kz/executive_office/press_office

ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ДІНИ БІЛІМ, ОНЫҢ МАҢҒЫСТАУ КИЕЛІ МӘТІНІНДЕГІ ІЗДЕРІ

Сапарбайқызы Ш.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлардағы Орта Азияда қалыптасқан білім беру үрдісі, оның XVIII-XIX және XX ғасырларда Маңғыстау өлкесінде мұсылманша білім берудегі іздері туралы баяндалған.

Түйін сөздер: Мұсылмандық теория, білім беру, мешіт-медреселер, орта ғасырлар, ислам діні.

Орта ғасырдағы педагогикалық ойдың дамуы араб-мұсылмандық мәдениетімен тығыз байланысты. Сол дәуірдегі ғылым мен білімнің жан-жақты қанат жаюы ерекше құбылыс болып саналады. Адамзат тарихында жас ұрпаққа тәлім мен тәрбие берудің теориялық-тәжірибиелік тұрғыдан жинақталған бай қоры бар. Ерте заманан бері өскелең ұрпаққа тәрбие берудің классикалық үлгісі – дін. Орта ғасырда шығыс және батыс елдерінде мемлекет басқарудың да, ұрпақ тәрбиелеудің де, ғылыми дүниетаным қалыптасуының да, теориялық тұжырымдамалар жасаудың да негізгі өзегі дін арқылы жүзеге асырылды. Сондықтанда араб-мұсылман, түркі елдеріндегі педагогикалық ойдың қалыптасуына ислам дінінің өзіндік ықпалының болғандығын айта кеткен абзал.

Ислам діні адам баласының рухани жетілуіне ықпал ететін барлық ілімдерді үйренуге шақыратын – ақиқаттың ақ жолы. Мұсылмандық қырық парыздың бірі – ілім мен өнер үйрену. Шариғи ілімді меңгерумен тоқталу ол парызды толық атқарғанмен бірдей болмайды. Сондықтан да Ислам діні бойынша әрбір мұмин мұсылман ғұмыр бойы қажетті, таза, пайдалы білім алуға міндетті. Адам өміріне, болашағына пайдалы ілім мен ғылымды оқып-іздену және оларды ұштастыру арқылы ғана пенде Аллаһтың берер нығметтеріне қол жеткізіп, мол сауапқа ие болатындығы туралы діни еңбектерде жиі айтылады.

Баланың дұрыс тағылым-тәрбие алуы үшін, ұстаздың өз бойында өте ерекше жақсы сипаттар болуы керек. Ұстаз тек ілім үйретуші ғана емес, сонымен қатар, баланың ой-санасын, өмірін қалыптастырушы, ақылшысы. Ислам дінінің теориялық негіздерінде де, оны зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде де оқу мен тәрбиенің маңыздылығын жан-жақты зерделеген.

Шығыс ғұламасы, медицина ғылымының атасы Ибн Сина: «баланы оқытушы адам дін иесі болуы керек. Көркем мінезді, ақылды, байсалды, баладан нәтиже шығаратын, өзін сыйлата білетін адам болуы тиіс. Қатал көріну балаларды ұнатпай қарау олардың оқуға деген ынтасын жоғалтады, тіпті қашып кетуіне себеп болады» - деген.

Оқу-тәрбие үдерісіндегі баланың психологиялық, физиологиялық жас ерекшеліктерін ескеру заңдылықтарын Ислам діні бағытындағы ғалымдар да іс-тәжірибесінде қолданған. Оған Имам Ғазалидің нақыл сөздері дәлел болады: «Балаға оқитын жерінен тұрғаннан кейін оған ойнауға рұқсат берілуі тиіс. Сабақтан шаршағаннан кейін, оның сергитін ойынмен ойнағаны абзал. Ал, егер баланы ойыннан тыйып, үнемі сабаққа күштейтін болса, ол оның жүрегін әлсіретеді, зеректігін жояды».

Әбу Хамид әл-Ғазали (1058-(59)-1203)- адамзат тарихының ойлау жүйесіне жаңаша серпіліс әкелген ұлы ғұламалардың бірі. Ол Хорасан уәлаятындағы Туси шаһарынан 20

шақырым жердегі Ғазали елді мекенінде дүние есігін ашқан. Тусидегі Ахма ар Радгонийден, кейін Нишапурдегі әл Жуванийден тәлім алады. Әл-Ғазали ислам дініндегі сопылық бағытты дамытушы ғалым ретінде танымал болды. Ғалым философия, логика, теология, құқықтану сияқты көптеген ғылым салалары бойынша жалпы көлемі жүзге тарата ғылыми мұра қалдырды. Ислам ғылымы саласындағы құнды ғылыми ізденістерінің бағалаған халық Имам Ғазали деген атақ берді. Имам Ғазалидің кеңінен танымал болған еңбектері: «Жәуһар», «Орталық», «Қысқа», «Қорытынды», «Мұстафа», «Жас шыбық», «Философтарды бекерге шығаруы», «Адасудан арылу», «Көзқарасты анықтау», «Ілім өлшемі», «Әдемі есімдер – Алла есімдері», «Шығыс», «Мақсат пен уақыт аралығында», «Құстар жайлы кітапша», «Хақ жолының бастамасы», «Ей, перзет», «Діни ілімдердің тірілуі», «Алла есімдерінің мағынасы», «Түсінулер», «Бақытқа жету әлхимиясы» және т.б.

Зерттеуші ғалым Жалғас Садуақасұлының Әбу Хамид әл-Ғазалидің «Жан тәрбиесі» еңбегінен аудармасында адам бойындағы көркем мінезді қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздерін сипаттайтын көрсеткен. Мұсылмандық теория бойынша адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі – көркем мінез. «Аллаһ мінез-құлықты көркемдеу міндетін пендесінің табандылығы мен жігеріне тапсырды. Өзінің ескертуі мен жәрдемі арқылы шынайы құлдарына мінезді тәрбиелеу жолындағы машақатты жеңіл қылды... Көркем мінез – елшілер мырзасының сипаты, шыншылдар амалдарының абзалы, тақуалардың тер төккен еңбектерінің жемісі, Аллаһқа құлшылық еткен пенделердің ризалығы. Дәлірек айтқанда, жақсы мінез – діннің бөлігі»[1].

Осылайша ғұлама ғалым Ғазали көркем мінездің адам өміріндегі алатын орны ерекше деп көрсеткен.

Әл-Ғазали әрбір отбасының балаларының зеректігі мен қабілеттілігі де әр түрлі болатындығын ескеру керектігін айтқан. Баланың достарының кім екеніне мән беріп отыру оған дұрыс, әдепті достар таңдауға көмектесу керек. Себебі, бір ортада жүрген олардың қылықтары бір-біріне қатты әсер ететіндігі анық. Баланың тумысынан жақсы қалыптасқанымен де достары жаман, тәрбиесіз тәртіптері нашар болса, ол бала да көп ұзамай-ақ, сол достарының ықпалынан бұзыла бастайды. Бұл педагогика ғылымындағы баланың мінез-құлқының қалыптасуына шағын әлеуметтік ортаның психологиялық әсер ету әлеуетін айқындап тұр.

Ибн Халдун(1332-1406) «Мұқаддиманы» (Кіріспе, алғы сөз-ауд) еңбегін жазу арқылы әлемге аты әйгілі болды. Ибн-Халдун (Испаниядағы белгілі тайпаның аты – ауд) тарихына арналған «El-iber» атты 7 томдық кітап жазып шықты.

Өмірінің соңғы 14 жылында ол Мысырда тұрған. Ибн Халдунның сегіз жылдық шығармашылық өмірінде жазған сегіз томдық еңбегі тек тәлім-тәрбиеге толы болатын. Сегіз томдықтың біріншісі «Әл-Ибәр» атты еңбектен құралған.

«Мукадимменің» түрік тіліндегі аудармасы 1500 беттен тұратын екі томдық еңбек. Ибн Халдун «Мукадиммені» 5 айда жазып бітірген. «Мукадиммеде» 55жылдық білім мен мәдениет жиынтығы өте құнды еңбек. Осы еңбегі арқылы әлеуметтану ғылымының атасы атанды. Ибн Халдун мәдениетті, әлеуметтануды және экономиканы кеңінен сипаттайды. Оның пікірінше, дін – адамның әлеуметтік өмірінің бір көрінісі.

Ибн-Халдунның күллі әлем танып мойындаған осынау шығармасындағы көптеген ой-пікірлерін Еуропа ойшылдары одан қаншама уақыт кейін ғана қолға алып, зерттей бастады. Оның аталмыш кітабында дәл сол уақытқа дейін жазылған жазбаларда ұшыраса қоймаған аса маңызды – екі негізгі тұғыр көзге анық көрініп тұр: оның біріншісі-тарихи материалдарға сын көзбен қарау, ал, екіншісі-оқиғалар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды анықтап талдай білу тәсілі болып табылады.

«Мұқаддима» атты ұлы шығармасын Осман ғалымдары арасынан Ахмет Жаудат Паша түрікшеге аударып, жұртшылыққа танытқан еді. Бұл шығармада Ибн Халдун өзінің адамдардың қауымдастығы туралы әлеуметтанушылық туралы көзқарастарын айқындайды. Адамдардың жеке өмір сүргеніне қарағанда топтасып тіршілік етудің

тиімділігін атап көрсетеді. Ғалым шығармасында жоғарыда айтылған ойлары былайша суреттеледі:

«Адамдар қоғамдастығы қажет!!! Даналар бұл қағиданы сөз еткенде, адам табиғатына қарай – полисты(маданий) жан екенін дәлелдейді. Бұл адамның қоғамдастық құрмай тұра алмайтынының айғағы. Қоғамдастықты «полис» терминімен белгілейді(мадина). «Қамсыздану» мәні осында... Құдай адамға тағам табуға табиғаты(фитра) және қабілеті(кудра) жаратты. Бірақ, қажетті ас – су табу үшін бір ғана қабілеті жеткіліксіз: ол адамды өмір өзегі (мадда) қамтамасыз ете алмайды.

Мысал үшін ең шағын нәрсені алайық: нақты айтсақ, бидай асының бір күндік өлшемін. Оны өңдеусіз дайындау мүмкін емес: ұнды елеп, қамыр илеп, [нанды] пісіру қажет. Осы жұмыстың әрқайсысы белгілі бір ыдыстар мен құралдардың болуын талап етеді. Ал олардың өздерін жасау үшін көптеген кәсіп иелерінің: ұстаның, ағаш шеберінің, саз шеберінің еңбегін қажет етеді. Осының бәрін немесе бір бөлігін де бір адамның қабілетіне сүйеніп іске асыру мүмкін емес. Сол себепті адам өзіне де, басқаға да тағам табу үшін өз тегінің көптеген өкілдерімен бірлеседі. Осындай бірлестік арқасында көп адамның тұтынушылық қажеттілігі қанағаттандырылады» [2].

Бұл келтірілген ой арқылы ғалым адамдар арасындағы еңбек бөлінісінің мәнін ашып беріп отыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың үнемі жүзеге асуын, белгілі бір кәсіп иелерінің іс-әрекеттері бірі-біріне тығыз байланысты екендігін аңғаруға болады. Қазіргі уақыттада қоғамдағы кешенділік, тұстық жүйелерінің сақталу қажеттілігін назарға алғанымыз дұрыс деп есептеймін. Адам бір іс жасау арқылы барлық жетіске немесе мақсатқа жетуі мүмкін емес. Қарапайым нан илеп пісірудің өзі бірнеше үдерістен тұрады сол себептенде, өмір үздіксіз іс-әрекеттердің жиынтығы, тоқсаусыз ізденуден құралғандығын баяндап отыр.

«Жаратқан әрбір жанға өзін қорғай алатын ерекше мүше бітірді. Ал адамға мұндай мүшенің орнына ой мен қол берді. Қол, ойға қызмет етіп, кәсіпті дамытуға мүмкіндік береді. Кәсіпті адамға қару береді. Бұл қаруды адам басқа тірі жан қорғанысқа қолданатын мүше орнына пайдаланады»... Бұл айтылған ой негізінде адам баласына ақыл-ой, сана мен сезім бергендігін ерекшелеп айтқан. Адам саналы ойдың иесі бола тұра, бойымыздағы асыл қасиеттерімізді орынды пайдалануымыз абзал. Адамдар бойына берілген ақыл-ой арқылы кәсіпті дамытуға, жетілдіруге мүделі екендігімізде ескертіп қояды. Шығыс елдеріндегі белгілі қоғамтанушы Ибн Халдунның педагогика, әлеуметтік педагогика саласындағы ой-пікірлерінің маңызы зор деп санаймын.

Әбу Жафар Мұхаммед ибн Жәрир Тәбәри (224-225/839—310/923 гг.) Әбу Жафар Мұхаммед ибн Жәрир Тәбәри шамамен 839 жылы Тәбаристандағы Амол деген қалада дүниеге келді. Шыққан тегі – ирандық.

Ат-Тәбәри тарих, фикх, Құран тәпсірі ғылымдарынан басқа ол поэзиямен, лексикографиямен, грамматикамен, этика математика және медицина ғылымдарымен де айналысқан.

Ат-Табари артына әртүрлі тақырыпты қамтыған оннан аса шығарма қалдырған. 30 томнан тұратын «Джами ал байан фи тафсир ал-Қоран» атты Құранның тәпсірі, әртүрлі заң мектептерінің құқықтық теорияларын талдаған 4 томнан тұратын «Китаб ихтилаф ал фукаха» еңбегінен басқа Ат-Табаридің даңқын шығарған әлем тарихын қамтыған ең ірі шығармасы «Тарих ар-русул ва-л-мулук» яғни «Пайғамбарлар мен патшалар тарихы». Бұл шығармада ат-Табари әлемнің жаратылысынан бастап өзіне дейінгі яғни IX ғасырға дейінгі ірі оқиғаларды жазған. Ол аталмыш еңбегінде Библия патриархтары, пайғамбарлар, ежелгі дәуір билеушілері, Сасанид патшалары, Мұхаммед пайғамбар мен оның халифтары, Омейядтықтар мен Аббасидтер жайлы көп мәлімет береді. Автор шығармасын 914 жылы аяқтаған. Хадж Хальфаның куәлігі бойынша алғашында шығарма 30000 беттен тұрған көрінеді. Кейін ат-Тәбәри оны өзі қысқартқан. Сонымен қатар бұл шығарманың парсы тіліндегі Балами нұсқасы да кең танымал. Шағатай тіліндегі нұсқасы да сақталған[3].

«Тәбәри тарихының» екінші бір аты «Пайғамбарлар мен патшалар тарихы». Тәбәри бұл тарихты дайындағанда адамдарды бір жылнамалық тізбек бойына жүйелеп орналастырып, содан кейін олар туралы оқиғалар мен аңыздарды қисынды желіге түсіруге кіріскен сияқты. Бәлкім, ол тарихты жасаушылар мен оның оқиғаларын қалыптастырған осы пайғамбарлар мен патшалар деген көзқараста болған шығар.

Тәбәри тарихының кейбір бөлімдерін қайта жазғанда, мүмкіндігінше, жазушының баяндау әдісінің, ойы мен мақсатының сақталуына көп күш салынды. Сондықтан пайғамбарлар өмірі мен жеке тұлғалар, немесе олардың ел-жұрты жайлы жазылғанда кейде әсірелеу, қиялдан қосуға ерік беру, кей-кейде шындықтан шығандап алыстап кету де кездеседі.

Ойдан қосу, әсірелеу және қиялға ерік беру, бәлкім, шындықтан шалғай да шығар. Әйтсе де олар Мұхаммед ибн Жәрир Тәбәридің өзінің суреткерлік әдемі қиялы мен ой әлемінің, баяндау әдісінің көрінісі. Біз жоғарыда баяндалған ғұлама ғалымдардың бірсыпарасы ғана.

Қорытындылай келе, орта ғасырда ғұмыр кешкен ойшылдардың ғылыми-шығармашылығы мен тағылымды мұраларына қысқаша талдау жасалынды. Ғалымдардың педагогикалық бағыттағы ойларының мәні мен мазмұнына тоқталып өттік. Ғылыми педагогикалық толғаныстарға толы орта ғасырлық ғалымдар еңбектері жан-жақты зерделеніп, жастарды тәрбиелеу үдерісіне пайдалану маңызды деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Хамид әл-Газали. Жан тәрбиесі/ Араб тілінен аударған және түсініктерін жазған Ж.Садуақасұлы. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 92 б.

2 Ибн Халдун ал-Мукаддима //Историко-философский ежегодник 2007. М.: Наука, 2008, -С. 187-217

3 Мұхаммед ибн Жәрир Тәбәри Тәбәри тарихы.(парсы тілінен аударған Айнаш Қасымқызы) Алматы, -2006-117 б.

ӘОЖ 82-1/-9

ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТ ТАҒДЫРЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

Абдрахманова Ж.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жазушы Ж.Нәжімеденов балладаларындағы соғыстан кейінгі ауыл өмірі, қарапайым еңбек адамдары, олардың күрделі тағдыры туралы ұлт тағдырын сипаттайтын сюжеттерге талдау жасалған. Автор ақын тіліндегі ұлттық концептілерге сипаттама береді.

Түйін сөздер: Мәдени феномен, ұлт тағдыры, балладалар, трагедиялық күй.

Жүмекен Нәжімеденов – дүниетанымы, көзқарас жүйесі кең, өзіндік сыни танымы мен пікірі терең ақын. «Әрбір шығармашылық тұлға – өз дәуірінің жемісі, тіршілік кешкен және мәдени ортасы тудыратын құбылыс. Сондықтан автор дүниеге әкелген мәтін – мәдени феномен. Мәтіннің феномендік сипаты тұлғаның тіліндегі лингвомәдени ремаларды анықтау мен ашу, прецеденттік мәтіндерді, мәтінішілік ерекшеліктерді саралау арқылы ашыла түседі»- дейді лингвист ғалым Б.Момынова өзінің Шәкәрім өлеңдерін зерттеуге арналған еңбегінде[1, 126]. Бұл пікірді кез келген шығармашылық тұлғаға қатысты қолдануға болады десек, қате айтпаймыз. Себебі, ақын немесе жазушы дәуірді, әсіресе өз заманын суреттейді, өзі өмір сүрген кездің күнделікті тіршілігін, мазалаған сұрақтарын

өлең арқылы бейнелеуге ұмтылады. Көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденовтің шығармашылығы туралы да осылай айтуға болады.

Қазақ халқына мемлекеттік әнұранға айналған өлең сыйлаған ақынның өлеңдеріне арқау еткен тақырып аясы кең, тілі, қолданған тілдік танымдық ұғымдары бай болып келеді. Ақын – өзі кезіндегі ауыл мен қаланың тұрмысын бірдей білетін, замандастарының тұрмыс-тіршілігін, соғыстан көрген елдің бейнетін көріп өскен соғыстан кейінгі ұрпақтың өкілі. Сондықтан оның шығармашылығының өзегін сол уақыттың тіршілігі құрайды. Ауыл баласы ретінде ақынның көп өлеңі туған жерімен, даламен байланысты жазылған. Соның ішінде ақын «топырақ» концептісін қолданған бірнеше өлең жазады. А.Шәріп: «Сахалардың нанымына сәйкес, адам» жанының (байырғы түркілерді болмаған бұл сөзді шартты түрде алып отырмыз) үш құты болған»- деп, оның біріншісін – буор (топырақ мағынасында) құт, екіншісін – ие құт, үшіншісін – салқын құт деп атайды [2, 25]. Сол сияқты ақынның «Менің топырағым» өлеңінде топырақтың адам, бүкіл тіршілік өсіп-өнетін, тамырын жаятын нәр алатын «киелі топырақ» екендігі сөз болады. Ақынның терең ойға құрылған «Топырақ» атты өлеңі қазақтың сәби дүниеге келгенде болашақта жерленетін «бұрқ ететін» топырағы болатыны жайлы ырым-сенімінен туған бір сюжетке құрылған. Ырымға сенбейтін қырсық бай баласы туғанда ат-қазықтың басындағы «бұрқ еткен» топырақтан баласын алып қашады. Жұрттың басу айтқанына қарамай, бай: «топыраққа көмдірмеймін дәл осы ұлымды мен, қасарғанда тағдырға»- деп, көшіп кетеді. Бай көшіп жүріп азаппен өледі. Ақын оның әрекетін: «сөйтіп қатал «жазмышпен» кектесті, өңмендеді өткізем деп өтпесті»-деп береді. Жүмекен тағдырға қасарысу, «жазмышпен» кектесу» сияқты тосын тіркесті қолданады. Ақын «Көшті-көшті баласының өлігін туған жердің топырағынан қызғанып!» деген байдың әрекетіне қатысты қатал шешім жасайды... Өлер кезінде сол шал баласына былай дейді:

«бөтен жерге жайғаспа,
қайырымсыздық етпес еді тап мұнша:
біздің топырақ ата-жауша, сатқынша,
қандай кедей болсаң-дағы ақ-табан
хақ бұйыртқан топырағыңды тап балам!» [3,50].

Ақыры баласы байдың: «балам осы жерге жерленбесін»-, деп қазан көміп кеткен жеріне жерленеді. Өлеңнің өзі осы бір «кедей-кесір» шалды жерлеуге қабір қазған кезде төртқұлақты қара қазанның шығуынан басталады. Шалдың баласы ақыры тағдырынан қашып құтыла алмай, баяғы өзі туғанда топырағы «бұрқ» еткен жерге жерленеді. Өлеңнің өзін автор күтпеген оймен бітіреді:

«Кім біледі, майдан да емес,
әкем сонау шалғайдан
бір бұрқ еткен топырағын кетті іздеп?!» [3,52]

Сюжеті «жазмыштан озмыш жоқ» дейтін діни наным-сенімге құрылған өлеңде автор оқиғаның мәні мен мазмұнын ашу үшін лексикалық бірліктерді концеп ретінде қолданады. Байдың өзінің образын беру үшін «қымызға-мас, қырсыққа-бас, қыңыр бай», «байлығынан ауырған» «іргесі жоқ кісі» сияқты фразеологиялық тұтас тіркестерді қолданған. Осы теңеулердің ішінде «іргесі жоқ» деген тіркеске назар аударсақ, әдетте «ірге» – қазақта киіз үйдің төменгі бөлігі екені белгілі, бірақ қазақтың метафоралық сөз қолданысында бұл – мықтылықты, беріктікті, ірілікті, елдікті, табандылықты білдіреді. Мысалы, «іргелі ел – белді ауыл, қабырғалы, береке-бірлікті жұрт». Осы тіркестер арқылы ақын байдың табаны жоқтығын, әлдебір қасиетсіз, парықсыздығын көрсетеді. Ж.Нәжімеденовтің бұл шағын өлеңінде адам тағдырынан қашып құтыла алмайды деген ежелгі түсінікті бір ғана «топырақ» сөзі арқылы жеткізеді.

Ақын шығармасына арқау болған тақырыптың бірі - ауыл мен қала жайлы өлеңдер. Бұл тақырыптың авторды неге толғандырғаны да түсінікті. Себебі, ақын өмір сүрген жылдар ауылдағы қазақ баласының қалада білім алып, сонда жұмысқа тұрып, ауылдағы ата-анасын қасына алдырып, қалалық бола бастаған кезі болды. Бұл әрине, жалғыз Жүмекен

емес сол тұстағы қазақ жазушыларының көбі шығарма арнаған өзекті, тың тақырып болды. Оның «Қақпа алдындағы қарт», «Мұздыбай қарт», «Қала-ана, дала-әже» сияқты туындылары осы тақырыпты қозғайды. «Қақпа алдындағы қарт» өлеңінде үнемі қақпа алдында отырып, жұрттан амандасу күтетін қарт сөз болады. Ауылдан кемпірі өлген соң қаладағы жалғыз ұлға келген қарт бетіне қараған адамды «сәлемші» санайды, олардан елдің салтымен амандасу күтеді. Шұбырған халықтан амандасушылар аз болғандықтан қарт «адамы аз ел-ау» деп күрсінді. «Адамы аз ел?» - айып қой бұл сұрапыл, астана үшін миллион адам тұратын.

Жалғызсырап отыр

Көңілі құр алаң

Біреу келер деп амандық сұраған.

«Адамы аз ел»?-рас шығар, [3,29]

Жаныңнан іздегенде табылмаса бір адам?!-деген сауал тастайды ақын. Ауылдың қарты адамды, адамдық қасиетті олардың сәлемдесумен өлшейді. Сондықтан жосылып жүрген қала адамының көпшілігін ол адам қатарына да қоспайды. Өлеңнің соңын автор қарттың баласына қаратып айтады:

Сен-қалаға кірген жансың,

Кәрі әкең

Отыр, әне, әлі ете алмай тәуекел,

Ауылын ойлап қалалардың алдында,

Қақпалардың алдында... [3,31]

Ж.Нәжімеденовтың «Мұздыбай қарт» атты өлеңі де осы тақырыпқа арналған. Өлеңде қалаға баласы көшіріп әкелген Мұздыбай шалдың тірлігі сөз болады. Ақын жылқышы болған қарттың бұрынғы қайраты мен бейнесін бірнеше теңеулермен, соның ішінде қара еменмен салыстыра береді. Ақын оны «Қара емен», қара-бурыл емен тұр қар-қабақта қасқайып»-деп суреттейді. Ал кейіпкер Мұздыбай болса, «қаза көріп жақында ортайғаны болмаса, қырау басқан емендей бурылдығы болмаса, кемпірінің барында қайратты еді ол да аса». Бірақ «бітті бір айла, амал:

Емен қалды ауылда,

Құрық қалды пайдадан». Автор елдің ауызына: «ақ бауыр бұлты ауылдың жел алдында далақтап

Шөкті кеп бір жыраға,-

Алатауда жыра көп,

Бір құласа бұлты да қайтып шықпас бір әдет,-

Тұз тағысы – қарт қыран тауық болды қонақтап – деген сөз салады[3,33]. Одан әрі Мұздыбайдың қала тіршілігіне үйренгені сөз болады. «Мал айдау, ат жетектеу ескі мода, ескі ұғым, жаңа мода мұндағы ит жетектеу кешқұрым». Қаладағы өмірі жайлы, тыныш болғанымен қарттың «көңілі пәс». «Мұздыбайдың тірлігі-төрт қабырға, бір есік, бір есіктен шығады қара итіне ілесіп». Осы жерде автор: «қыдыртады кімді кім:

Ит пе,

қарт па,

тұрмыс па

айта алмайсың ол жағын – ақыл сараң, тіл қысқа» - деген сұрағы бар, жауабы жоқ жолдармен бітіреді. Ақын ауылда құрап жатқан кәрі емен мен қарттың арасын салыстыра қарастырады. Тіпті осындағы ит пен оның иесі мәселесі де бір ерекше мұң, кереғар сезімдер туғызатыны сөзсіз. Бұл да әлі де болса қала тіршілігінде үнемі сөз болатын тақырыптың бірі сияқты. Ауылдан келген қазаққа, тіпті қазаққа қаланың тар үйінде ит асырау, итпен жүру ерсі көрінсе, қазақ оны бір иесінің жалғыздығымен байланыстырса, қазір қазаққа да бұл таңсық болмай тұр.

«Қала-ана, дала-әже» деп аталатын өлеңінде қала мен даланың екі түрлі тіршілігі бейнесін береді. Далаға- «аңқау әрі самарқау» деген баға беріп, арғымақ, аспан, құс, ит, пеш, шалап, шұлғау, кедей сияқты сөздерді қолдана баға береді. Тіпті далада-«қарғыс айтарда

ғана есіне түсетұғын құдай да»-деп дала адамының әсіре діншілдіктен еркіндігін де білдіреді. Сосын «Бір қызыл күн, бір тамағың, бір құдай-Жалқаулыққа жайлы еді ғой, шіркін-ай!» - деп дала елі адамының бір сипатын беріп кетеді. Қала тіршілігіне қатысты-«машина, тормоз, күні-түні аттаныс, лек-лек адам, қорап-қорап автобус» сияқты сөздермен анықтайды. Қала адамының мінезін сипаттау үшін: «күкірт-басты, ұшқын күткен жан бәрі,

дайын тұрған тұтанғалы, жанғалы

пешке қойған шырпы сынды бір қорап» [3,183] - деген психологиялық мінездеме беріп кетеді. Сонда-ақ «көңіл жетпей, уақыт жетпей», «кіржің-кіржің, ыстық деммен ысталған, бір-бір ғұмыр бір-бір күнге қысқарған қақтығысып подъездерге кіреді». Автор қаланы «тәртібі қатал, ауық-ауық жонып қойып жағыңа, ...қала біздің қатал-ана» деп анаға ұқсатып теңеу береді. Ал өлеңінің соңын «әдетіміз, аңсағанда кеңшілік жаутандайтын Дала-Әжеге шағына»-деп бітіреді. Бұл ақынның қала мен дала адамының тіршілігін, олардың әрбіреуінің ерекшелігі мен мән-мағынасын ашқан өлеңі еліміздегі халықтың сол кездегі ауылдан қалаға көшу үдерісін, далалықтардың урбанизациялық өмір салтын, қала психологиясын қабылдау, соған үйрену кезеңін жақсы суреттеген дей аламыз. Жалпы Ж.Нәжімеденов ұлттық мінезді, қазақтың бітім-болмысын өте жақсы білетін ақын, оны біз ақынның барлық өлеңінен байқаймыз. Ж.Нәжімеденовтің тағы бір өлеңі «алты қаз» деп аталып, қазіргіше айтқанда экологиялық мәселеге арналады. Өлеңде әуелі бейжай жатқан табиғат, ондағы құстар тірлігі көрсетіліп, артынан темір жол тартылғаннан кейінгі өзгеріске ұшыраған тірлік баяндалады. Әуелі сол кездегі табиғат аясындағы ауылда қалыптасқан тыныш өмір, адам мен құстың етене жақын, қауіпсіз тірлігі суреттеледі.

«Қаздары да аңқау еді бір түрлі.

Түсінбейтін сескенуді, үркүді» [3,29]. Құстарға қатысты «адал құс» деген ұғымның өзін «Адал» деген сөзді біздер - еті емес, көңілі адал, деп түсіндік, жаны адал»-дейді ақын. Темір жол салынып, оның бойында үйшік пайда болғаннан соң бұрынғы табиғат үндестігі, табиғи тіршілік гармониясы өзгереді: « .. ойпаңда сулар сасып іркіліп, су бетінде көгілдір май кілкіді»- деген жолдарда экологиялық жағдайдың алғашқы нышаны беріледі. Одан әрі ақын табиғат гармониясының бұзылуының мынандай белгілерін тізеді: «ақ бұлақты ылай жапты», «дарынды ел баспен емес, ойлап кетті қарынмен», «жас ботасын поезд басып өлтіріп», «тұңғыш рет мылтық даусы естілді». Осындай мысалдармен келіп жатқан поездың жақсылықпен қатар мызғыған бейбіт ауыл тіршілігіне әкелген зияны да тізіліп беріледі. Одан әрі автор «Төлегені өлгенмен ұлы жырдың алты қазы қалғанды»-дей келе төртеуі атып алынған алты қаздың екеуінің елден кеткенін айтады. Ауылға өркениет, поездар, телеграф, газ, су келеді, бірақ адамдардың ниеті тарылды. Осы жағдайды ақын былайша өлең жолдарымен береді: «Тиын деген – мүлік түсті бір түрлі,Ауыл еді жайрап жатар жарықтық, есігіне құлып түсті бір күні», «сиыр сауған қырдың әйелдеріне цистерналап сыра, квас саудырдық», «әжелер де маз боп қалды, шілдеде ірімейді консервінің сүті деп». Осымен малды ауылдың сол кездегі алыстағы қала тіршілігінің дәмін тата бастағаны айтылып өтеді. Ауылға өркениет келуімен көп үйреншікті нәрсе, тұрмыс өзгерді. Ескіліктің көзі жоғала бастады:

«Ескіліктен арба қалды бұ маңда,
қойдың өзі зорға қалды бұ маңда,
қашып кетті құстың дағы «адалы»,
байғыздар мен қарға қалды бұ маңда». Өлеңінің ақырын автор:
«Кел, кел, жүйрік самолеттер, поездар,
Кел, жылдамдық!

Тек...құсымды үркітпе[3,153] – деп бітіреді. Осы және тағы кейбір өлеңдерінен сонау «зар заман» ақындары шығармаларына ұқсас сарындарды, өркениеттің әкелген жетістіктеріне күмәнмен қарауды, жоғала бастаған тұрмысқа мұңмен қарауды, болашаққа деген әлдебір сенімсіздікті байқаймыз.

Ж.Нәжімеденовтың шығармашылығындағы ерекше орны бар жанр-ол балладалар. Ақынның балладалары белгілі бір кішкентай оқиғаға негізделіп, бірақ сол оқиғадан үлкен

ой немесе терең сезім, сондай-ақ эмоциялық көңіл туғызып отырады. Біз осы мақалада ақын шығармаларының эмоциялық мазмұнына, оқушысы бойында туғызатын психологиялық әсеріне тоқталсақ деймін. Себебі, «Поэзиялық шығармаларға тән айрықша қасиет — өмір құбылыстарын терең эмоциялық сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем бейнелеу. Алайда поэзияда адамның ой-сезімі әдейі сырттай көркемделмейді, әдебиет пен өнердің басқа салаларындағы көркемдік, бейнелілік ойлау жүйесіне, сезім дүниесіне тән. Ой-сезімнің бейнелілігі шығарманың көркем пішініндегі әр алуан өзгешеліктердің тууына негіз болады»[4]. Оның баллада шығармалары сондықтан эстетиканың талабымен сезім тудырып, оқушының ерекше бір күйге енуімен ерекшеленеді деп толық айта аламыз. Мысалы ақынның «Домбыра» деген балладалық шығармасы өте бір өкініші, қайғы-мұңды сезім туғызатын шығарма екені даусыз. Қысқа сюжетте бұрышта ілулі тұрған домбыраны алмақшы болған кейіпкерге қарт ана домбыраны алғызбай қояды. Кейіпкер домбыраның мынандай ерекше белгісіне назар аударады:

«Бауына қара шашақ тағып біреу,
қойыпты құлағына қара байлап».
Одан әрі қарт ананың сөзін автор былай жеткізеді:
Шырағым, тимегенің оңды болар,
Жесір ғой, көрмеймісің,
көңлі қалар.
Отырса күйің тасып, —
деді кемпір, —[5].

бұл үйде басқа да бір домбыра бар. Аңғалдық танытып, кейіпкер үй иесіне дөрекі көрінген сұрақ қояды: «иесі қайда, — дедім, — бұл ағаштың».

— Иесі қайда деме, жоқ деме сен,
Маңдай ма ед табақтайың бет пе десем.
Иесіз домбыраны қашан көрдің,
басқаша айт, шырағым, өкпелесең. [5].

Осылай ол бұл домбыраның соғыста өлген ұлының «аманат» домбырасы екенін жылап отырып айтады. Домбыраның иесі жоқ дегенге шамданып қалғанын көреміз. Сол ұлына «қара қағаз» келгенде, кейін келіні қайтқанда қара таққанын жеткізеді. Сонымен бірге қайғылы кейіпкерге және немересіне меңзеп, жастарға, жас ұрпаққа сында айтып өтеді. «— Жастарда бар ма қазір оңған қылық». Сосын немересінің әке домбырасымен ісі жоқтығына реніш білдіріп: « Ісі жоқ немеремнің домбырамен, Ол, эне, трәктірін жатыр майлап» - дейді. Өлеңнен соғыстан кейінгі ұрпақтың жаңа, өз тіршілігіне мойын бұрып, соғыс қасіретін анасындай сезінбейтінін байқаймыз. Балладан түйгеніміз ана, соғыс құрбаны жесірі өзінің қайғысымен, өзегін өртеген өкінішімен өмір сүруде, тіпті ерекше психологиялық күй кешу үстінде екенін көреміз. Осы бір трагедиялық күйін өзі былай суреттеп жеткізеді:

— Қу ағаш... соны қорғап күн өтеді,
ішегіне шанды ғана түнетемін.
Ұлымның үрейі ғой мына келген,

Әнеки, естисің бе, дың етеді?! [5]. Осы бір үрейлі сәтті бейнелеу мақсатында ақын «қу ағаш», оны «қорғау», «ұлымның үрейі» «дың ету» сияқты теңеулерді қолданады, кейіпкерге қорқыныштылау бір күй туғызады. Оны кейіпкер өзі былай деп жеткізеді:

Әнші едім айтып қалған әр үйде өлең,
Үй болды мынау бірақ зар илеген.
Қарады домбыраға кемпір қатып,
еш дыбыс естімедім, әрине, мен. [5].

Ақынның соғыс кезі жайлы жазылған тағы бір оқуға ауыр тиетін балладасы «Қара кісі» деп аталады. Балладаның сюжеті қып-қысқа және қарапайым көрінеді. Соғыстың кезіндегі қысқы ауылдың малына «қасқыры мен қарақшысы» бірдей түсіп жүрген кез. Былай қарағанда қашанда болатын оқиға. Әрине, бұл сұрапыл соғыс кезінде соншама ауыр

тиетін жағдай, себебі әр үйдің өмірі сол малға қарап отырған заман еді. Сондай бір үйге ұры түсіп әйел адамның жалғыз сиырын ұрлап кетеді. Осы бір оқиғаны автор оқушыны тебіrentіп, жанын қиналатын қылып жеткізеді. Оқиғаны баяндаудағы әсіре сезім туғызатын сөз, теңеу «қара кісі», «қара» деген сөз болып табылады. Ақын оқиғаға байланысты бәрін қара түсте суреттеп, «қара» концептісінің түрлерін тізеді: «қара пиғыл», «қара боран», «қара кісі», «қара сиыр», «қара шүйке», «қара әйел», «қара ой», «қара түн», «қара адам», «қара дауыл». Ақынның өзі осы қара түспен көмкерген жылдар жайлы былай деп ой түйеді:

Өтті жылдар қасіретті жеп оймен,
байғұстарды бейшаралар жебеумен.
Ақ жандарды жаралаған өтті жыл,
Өтті жылдар «қара кісі» көбейген.

Ал осындай өмір тауқыметін тартқан әйел жайлы, оның көзқарасын, түсінігін ақын былайшы пайымдайды:

Қара адамды қара бұлттай түйдек бір
Қара дауыл ұмар-жұмар сүйретті...
Әйелді өмір: қарау пиғыл кісіні
«Қара кісі» деп тануға үйретті. [5].

Ақын осы балладасында қазақ дүниетанымына кең тараған «ақ» пен «қара» концептілерін тек қараны қолдану арқылы сол ауыр кездің бүкіл түр сипатын, қорқынышын, үрейін, азапты тіршілігін беріп кетеді. Баллада қолданған «қара кісі» бейнесіне келетін болсақ, ол әлі де халық менталитетінің бір түкпірінде архетиптік жағымсыз бейне ретінде сақталғаны сөзсіз. Себебі, әлі күнге қорқыныш шақыру үшін балалар фольклорында «қара кісі» теңеуі қолданылады. «Қара» концептісі қазақ тілінде әр түрлі контексте жақсы және жаман мағынасында қолданылатын сөз екені белгілі. Бірақ бұл өлеңде ол тек қана жамандық, азап, қорқыныш символында қолданыс тапқан дей аламыз. Сондай-ақ, «ашты есікті бір жезтырнақ қол тырнап» деген жолдар да өлеңдегі қорқыныш атмосферасын қоюлата түседі. Ал әлемдік әдебиеттегі көркемдік параллель ретінде атақты орыс ақыны Сергей Есениннің «черный человек» поэмасы еске түседі.

Ақынның ерекше бір сезім туғызатын, қазақ қоғамына тән болып жүрген күрделі әлеуметтік мәселені көтеріп тұрған балладасы «Кішкене баллада» деп аталады. Балладаның сюжеті қайтыс болған ақынның жаназасы үсінде болған оқиға. Өлеңде қаралы жағдай, жылап, жоқтап отырған жары мен жиналған халық бейнесі берілдеді. Қаралы митингте қоштасу сөз сөйлеу басталады. Шешенде шығып сөйлеп өлген кісіні ерекше мақтай бастайды. Ондай мақтау, мадақтауға шыдай алмаған өлген кісі тіріліп кетіп, оларға сөз айтады.

Неге айтпадың, ағайын-ау, сөзді бұл,
Кетпей тұрған кездерімде көз нұрым.
Тірлігімде сөйлегенде осылай
Мұнша асығыс өлмес ем ғой, досым-ай.
Өздеріңе қиғаныммен өлеңді,
табытыңа қия алмаймын денемді –
Қалғым келед енді мәңгі тік тұрып,
ақындардың өлмейтінін ұқтырып», –
Деді де, ол тас мүсінге айналды, [5].

Ақын осылайша қазақ қоғамында әлдебір жағымсыз қылыққа айналған құбылыстарды сынайды. Ол біріншіден, қазақ қоғамында бұрын болмаған және мұсылман қауымына жат әдет-өлген кісінің жаназасын митингке айналдырып, сөз сөйлеу болса, екінші одан өткен қылық- сол сөйлеушілердің марқұмды шектен тыс мақтауы, тірі кезінде оған айтпаған мадақтауларды арнауы. Ж. Нәжімеденов «осы қылық дұрыс емес, адамды тірі жүргенде сыйлайық» - деген сияқты ақыл, мораль тұжырым жасамайды. Оның орнына

күтпеген әдеби тәсіл қолданып, өлген ақынды тірілтеді, оған күйінішті сөз айтқызады, әрі тас мүсінге айналдырады. Ақын тірлігінде осы сөздерді естігенде өлмес едім деген-қынжылыс білдіреді.

Жанарында жібімеген ой қалды;

Ортасында қасірет пен бақыттың

Ол – өзіне ескерткіш боп қатып тұр. Оқырман қауым бұл өлеңнен өзінше тұжырым жасаған жөн сияқты. Сондағы бірінші туатын ой-пікіріміз, тірі кезінде адамды (бұл жерде ақынды) мақтауға, бетіне жақсы сөздер айтуға кедергі нәрсе адамның көре алмаушылығы мен қызғанышы шығар деген ой болады. Балладаның соңында Ж.Нәжімеденов тірілердің тас мүсінді табытқа сала алмай жатқандарын айтады.

Ал біреулер тас-мүсінді сол тұрған

бүріп алып жағасынан, алқымнан,

Әр түн сайын қараң-құраң – дүрбелең

Сол өлікті, қайтадан

табытына түсіре алмай жүр білем... [5].

Шамасы қызғаныш сезімі тас мүсіннің –ақын өзіне жасаған ескерткіштің тұрғанын да көре алмай жатқан шығар деген ой келеді. Өлең сонау 1962 жылы жазылса да өзінің мәнін, өзектілігін әлі күнге жойған жоқ деуге болады. Себебі, қазірде, XX ғасырда осы бір жағымсыз қасиетіміз, орынсыз мақтау, тіріде емес, кісі о дүниелік болғанда оны мадақтап жарыса сөз сөйлеу әлдебір қоғамдық дертке, әлеуметтік-мәдени, сосын моральдық мәселеге айналғандай. Сонау өткен ғасырда жазылса да ақынның шағын балладасының мәні, өшпес құндылығы осында деп ойлаймын. Жалпы ақын өлеңдерінен көрініс тапқан ұлт тағдырының келеңсіз көріністері, трагедиясы әлі де өзінің көкейтестілігін жойған жоқ, ақын шығармашылығының азаматтық, ойшылдық әсері, тереңдігі де осында болса керек.

Жүмекен Нәжімеденов сонау өткен ғасырда-ақ сол кездегі өз ойын ашық айтуға, қоғамдағы өзгерістерді сынауға тиым салынғанына қарамастан, тозып бара жатқан елдің жағдайын, табиғатқа жасалып жатқан қиянатты, дәстүрлі тұрмыстың, сал-дәстүрдің ұмтыла бастағанын өлеңдерінде сынап жазады. Жоғарыдағы өлеңдерінде көрсетілгендей ата-бабадан келе жатқан жанұялық құндылықтардың бұзылып, ұлт болмысының өзгере бастағанын, адамның ниеті бұзылып, тарылғанын ашық айтпаса да ұлт болашағына қауіп екенін көрсетіп тұр дей аламыз. Осылайша ақын өз өлеңдерінде ұлт әлемінің тілдік бейнесін өзінше ұғып, жүрегінен өткізіп, поэзия тілімен сипаттап берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 256 б.

2. Шәріп А. Құт, сұр, және немесе ұлттық жантанудың қамтылмаған қырлары // Айқын, 2007. 26.07. – 25 б.

3. Жүмекен Нәжімеденов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 232 б. 4. Электрондық ресурс. <https://kk.wikipedia.org/wik/Поэзия.2016> ж. 21.01.5. Нәжімеденов Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. А., «Жазушы», 1996–1997 ж.ж

Ш.БЕЙСЕНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ-АНА ТҮЛҒАСЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҚ СИПАТЫ

Аяпова Г.Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 1937 жылдың репрессия құрбаны болған қазақ зиялыларының артында қалған жұбайларының тағдыры туралы жазылған Ш.Бейсенованың шығармасына талдау жасалған. Шығармадағы тарихи шындықпен көркемдік шешімнің қатар алынып берілуі, сол оқиғаларға қатысты автор көзқарасы, авторлық бағалауды жан-жақты сипаттайды.

Түйін сөздер: Тарихи кезең, панорама, репрессия. Шығарма кейіпкерлері, өмір шындығы, адам тағдыры, әйелдер тағдыры.

Қаламгер Шәрбану Бейсенова шағын көлемді жанрдан бастап, қазіргі қазақ прозасын тарихи туындылармен де кең көлемде таныстыра бастады. Туындыларының басты бейнесі тек Аналарымызға байланысты болуы да оның өзіндік ерекшелігін байқатса керек. Ғ.Мүсіреповтен бастау алған – Аналар бейнесінің сомдалу сипаты Ш.Бейсенова прозасы нәтижесінде тарих тылсымындағы ақтандақтар кезеңіндегі шындықтың шырайы ашылды. Жазушы халық өмірін кең қамтып, тұтас бір тарихи кезеңнің панорамасын жасап қана қойған жоқ, ол ел тірлігіне терең бойлап, оның қалың қабатына ой жүгіртіп, түрлі сырларын ашты. Ұрпақтан ұрпаққа жетерлік, ұлттық характерлер жасады. «Бір махаббат баяны» хикаяты жарыққа шыққан кезінде-ақ оқырманды елең еткізген кесек туынды болатын. Ол қандай тақырыпта жазса да оқырманын бей-жай қалдырған емес. Сталиндік қытымыр кезеңнен жазықсыз жапа шеккен арыстарымыз туралы көптеген прозалық, поэзиялық, драмалық туындылар жазылғанымен өкініші қазақ халқының тарихында аса ауыр із қалдырды. Тек қана арыстар ғана емес, олардың бауырлары, туыстары, әйел, бала-шағалары да жау болып, лагерлерде жазықсыз азап шекті. Ш.Бейсенова 37-жылдары Сталиндік зұлмат кезеңіндегі Аналар тақырыбына барған жолын былай түсіндіреді. Жеке басқа табыну кезеңі деп жазықсыз адамдарды, соның ішінде ұлттық интеллигенция өкілдеріне қатты қысым көрсетті. Егер әскери адам болса бір сәрі, шығармасын жазып халықты рухани дамуға, тәрбиелеуге қызмет етіп жүрген әдебиет өкілдерін «Жапон тыңшысы» деп қамау, әрине, ойға сыймайтын –ақ әңгіме. Өздерінен бөлек әйелдерін, «Алжир», «Карлаг» лагерьлеріне қамап, балаларын жетімдер үйіне өткізіп, тұтас бір отбасын құртып жіберген кезеңдер де болды. Ал түрмеге қамалмағандарын Алматыдан қуып, тек қара жұмыс істеуге ғана бұйрық шығарды. Осындай жазықсыз жазаланып, бір емес екі рет итжеккенге айдалып келген «шерменденің» бірі – әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, академик Мұхамеджан Қаратаев болатын. Жоғарыда айтылып кеткен жағдайлардың бәрі де өзі мен оның отбасында нәубет болып орнады.

Сібірге итжеккенге айдалған М.Қаратаевтың соңынан әйелі Мархума іздеп барып, тіпті біраз жыл Сібірде тұрды да. Бұл отбасыдан басқа жазушы, атақты «Ақ Жайық» трилогиясының авторы – Хамза Есенжанов, ақын – Өтебай Тұрманжановтар да Сібірге жазықсыз айдалған қаламгерлер. Бұл жазушылардың сондарынан да жұбайлары – Софья мен Майнұр апалар Мархума сынды «жазықсыз тұтқын» болған жандар. Бірақ кезінде бұл қаһарман Аналар туралы ештеңе айтылмады. Себебі, айтуға болмайтын ақиқат болатын. Әбден заман түзеліп, елдің рухы көтерілген шақта, Софья мен Майнұр аналар дүниеден өтіп, Мархума ананың өзі де тоқсан жастың үстінде болған еді.

Ауруы жанына батса да, Мархума ана Ш.Бейсеновамен екі-үш күн кездесіп, басынан өткізген тауқыметті жылдар шындығын ашып айтты.

Нәтижесінде 2005 жылы «Бір махаббат баяны» атты аңызға бергісіз шындықтың шырайын танытатын, оқыған адамның жанын түршіктіретін, махаббатқа адалдық сынды қажырлылықтың символы іспеттес тағылымы мол туынды жарыққа шықты. Бұл кітаптың бас кейіпкері Марғуа (өмірдегі есімі - Мархума) ананың Ш.Бейсенова іздеп-тапқан мезгілдегі, яғни 93-жасқа келген кездегі жағдайы еді.

Шығарма оқиғасы Марғуаның бірініші мүшел жасынан, яғни он үш жасқа келген шағынан басталады. Он үш жасқа келгенде-ақ сонау Ұлытау жерінен бесік құдамыз деп, атақты Қаптағай қажының ұрпағы мұның аты алысқа тараған атасы Түсіп қажының ауылына келіп еді. Екі жақ та бірін-бірін бұрыннан біледі, дегенмен Түсіп қажы Орынборда оқуда жүрген баласының пікірін білгісі келді ме, «келесі жылы келіңіздер, баламыз әлі жастау» дегендей, қатты рай да бермей, ұзын арқанмен жіберді. Күзге таман Марғуаның оқудағы Ахметсақи ағасы келіп, «Қаптағай қажының немересі оқуға алғыр. Орыстың небір білігірлерінің алдында сыннан сүрінбей өтіп жүр. Тегінде оқудың түбіне бір жетсе, сол жігіт жететін шығар» деген пікірін естіп, Марғуа да сол бесік құдалыққа іші жылып қалған болатын. Сөйтіп, Марғуа он төрт жасында өзінен екі ғана жас үлкендігі бар Мұқанға (Мұқамеджан Қаратаев) тұрмысқа шықты. Мұқан сол кезде Орынборда оқитын, оны бітірген соң Алматы қаласында жаңадан ашылған Педагогикалық институтқа оқуға түседі. Сөйтіп, жаңа қосылған қосағы Марғуаға екі жылдан соң барып бір оралады. Мұқан келіншегін оқуға беріп, өзімен бірге кітапханаларға апарып «малға сатып алдым» демей, бұны да өзімен бірге жетеледі. Мұқан бесінші курсқа келгенде тұңғыштары Қайсар дүниеге келді. Оқуды аяқтаған жас Мұқан сол кездегі Ленинград қаласына аспирантураға түсіп, Марғуа да бірге аттанды. Ленинград қаласында Жігер есімді ұлды болды. Оқуын аяқтар сәтте, сол кезде білім іздеп кеткен жастарға елге оралуға бұйырған хабар келді. Бұл кез-1937 жылдың көктемі болатын. Бұлар Алматыға келгенде, Алаш арыстарының алғашқы легі – А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сейфуллиндер тұтқынға алынған еді. Мұқан өзі оқыған институтта кафедра меңгерушісі және Жазушылар Одағында хатшы болып істеді. Алаштың қасиетті тұлғалары туралы жас маман, сенімді жас ретінде Мұқанға мақала жазуға тапсырды. Орындамасаң «сен де жаусың». «қайран, Мұқан! Оның нақақтан күйгенін әуелі Алласы білер, сосын Марғуа білер...Қырсық болып жабысқан, сол бір жазғанының ғұмыр бойы өкшелеп, ізінен қалмай, мойнына қара тастай байланары, қартайған шағында бетіне шіркеу боларын кім болжаған» [1, 27]. Отыз сегізінші жылдың тамызында түн ортасында қара киімділер келіп, бұның Мұқанын да алып кетті. «Халық жауы» деген ұғымды Марғуа естіп таң қалатын қалай халық жауы болады деп. Ал сол халық жауы өз үйінен шыққан да, тіпті таң қалды. Есінен танып қалды. Үш баласы шырқырап жылап үш жақта қалды. Амал жоқ, күйеуін іздеп бұл да далаға шығып, тамақ, киім апармақшы болды. Ештеңе қабылданбайды, тек бір ғана хабар естіді «Тірі». Марғуа бұл хабарға ерекше риза болды. Үш баласын қарап, тірішілікке, өмір сүруге мүмкіндігі болды. Бірде тергеуші шақырып, бұны да біршама мазалады. Күйеуінің Ленинградта не істегенін сұрады, тек қара танытын әйел нені білсін, ештеңе білмеймін деп құтылды. Алла балаларының көз жасын аяды ма, тергеуші Алматыдан кетуге бұйырды. Үйін де тартып алды. Мұқанмен бірге жүрген жолдастары да мұнымен араласуға қорықты. Ақыры Марғуа қайнысының қасына (Шымкент облысы, Жамбыл ауданы) кетуге қамданды. Қайнысының қасынан үй жалдап, балаларымен күнін көре бастады. Арада он бес күн өткен соң Алматыға келіп, Мұқанның жағдайын білмекші болды. Үйіне барса бір ақынның отбасы кіріп алыпты. М.Әуезов бастаған жайсаң мен жақсылар сол күні қонақтықта отыр екен.

«Кенет әлдекім тамағын кенеп, жеңіл жөткірінгендей болды. Бұл демін ішіне тартып, қалт тына қалды. Жып-жылы үнмен:

- Марғуа, шырағым, амансың ба? – деген, өзіне қаратып айтылған майда қоңыр дауысты есітті. Бірден таныды. Тек сол кісі ғана бұның атын атағанда «у» ғаріпін созып, ерекше әуезбен йтушы еді. Бұл басын сәл көтеріп еді, қақ төрде отырған кемеңгер Мұханды-Мұхтарды сонда көрді:

- Рақмет, аға. Мен аманмын ғой, ал...- деп барып, ары қарай сөйлей алмай булығып қалды.

- Иә, қарағым, қайда тұрып жатырсың?

- Жамбыл ауылында, - деді ақырын. Бірақ қай облыстың Жамбылы екенін ежіктеп жатпады.

- Балаларың қалай, аман-есен бе?

- Аманшылықта. Сол балалардың қамымен жүр едім. Мына сүргіштеп жабылған бөлмеде Мұқанның біраз киім-кешектері, кітаптары қалған. Қазір адам келіп, ашып береді, соларды алып кетуге келдім, - деді бұл жүрісінің мәнін түсіндіріп.

- Жөн, жөн...

Ғұлама адамның өзі бұның хал-жағдайын іждағаттап сұраған соң отырғандарға да тіл біте бастағандай. Амандасқан, жөн сұрасқан болып жатыр. Бірақ олардың ешқайсысының сөзі Мұханның жылы пейіліндей әсер етпеді. Оның шынайы ағалық қамқор сөзі Марғуаның сол сәттегі қамкөңіл жүрегіне сары майдан да жағымды, балдан да татымды тиді» [1, 45].

Жазушы заманды бейнелейді, көркем характерлер жасайды, біртұтас өмір суретін көз алдына келтіреді. Біз жазушы жасаған осы кесек характерлердің, өмір суретінің қаншалықты табиғи, көркем бейнеленгендігіне қарап, характер логикасын қадағалай отырып, сол өткен заман рухына бойлаймыз. Автор көзқарасын, бағасын шығарманың өзінен, ішкі дүниесінен, бар әлемінен, көркемдік бітімінен аңғарамыз.

1956 жыл келіп, Сібірдегі жер аударылғандар түгелдей дерлік елге қайтатын болды. Міне, сонау 1938 жылы басталған Мұқан мен Марғуа отбасындағы сергелдең 1958 жылы жиырма жылдан соң барып елге оралды. Мұқан елге келген соң қайта-қайта Москваға хат жазып, себебін сұраумен болды. Үш айдан соң «жазықсыз сотталған» деген хабар келді. Ол хабардан соң Марғуа мүлдем түнілді. Былай қарағанда, бір адамның өмірі ғой. Жетістікке жетіп, елге қызмет отыратын кезеңі ғой бір жас ұланның. Ал бұлардың өмірі себепсізден себепсіз «халық жауы» деген атқа ілініп, жұртқа жеккөрінішті болып, мұны да қойшы. Қайран, өмір. Мұқан Алматыға оралып ғылыми жұмыстарымен айналыса бастады. Ғылымда еңбегі жанып, ассистенттен басталған жолы академикке дейін апарды. Бірақ, өткен ғасырдың сексенінші жылдардың соңында басталған қайта жаңғыру кезеңі келіп, «Халық жауы» ретінде жазықсыз атылған қайраткерлер қайта оралған кезеңде баяғы отызыншы жылдары жаздырған мақалаларына тиісе бастады. Бейне бір «халық жауын» осы әшкереленгендей болды. Мұқанның түзден гөрі үйде болғаны көбірек, үнемі қалың ойда жүрді. Ақыры жүрегі тыншымай, ауырып қайтыс болды. Марғуа Ана балаларының қасында тоқсан жастан аса жүріп, аталарының нағыз ғалым екендігін үнемі айтып отырды. Міне, Ш.Бейсенованың «Бір махаббат баяны» хикаятының негізгі сюжеті осы. Шынында, бір махаббаттың емес, бүкіл әлемге махаббаттың құдіретін, қасиетін танытуға жеткізетін шығарма.

Ш.Бейсенова аталған туындысының көркемдік әлемі жаңашылдығы әлеуметтік үрдістер нәтижесінде өмірде болатын мәселелер жиынтығын шынайы тұрғыдан суреттеуден аңғарылады. Жазушы шығармаларында кейіпкерлер іс- әрекеттері, мінез-құлығы, өмірлік ұстанымдарын жан- жақты суреттеп, олардың қоғамдағы атқаратын ролін анық көрсетеді. Осының бәрі жазушының шығармаларындағы сюжет пен композиция құрылымы мен стильдік ерекшелігі арқылы айқын көрініс тауып, жалпы идеясында автор ой- мақсаты сезіліп отырады.

Ш.Бейсенованың біз тоқталған туындыларының тағы бір ерекшелігі өмір шындығын көрсетудегі түр жасай білуінде дер едік. Түрлі шығармада түрліше баяндау мәнері бөлектеніп, белгілі бір міндетті атқарып отырады. Сол арқылы оқиға шиыршық атып, оқырманды еріксіз қызықтырады. Бұл тәсіл шығармадан шығармаға бұрынғысынан да бетер шындалып жетіле түседі. Жазушы повестері арқылы қоғамдағы әлеуметтік сілкіністерге баға беріп, оларға талдау жасалады. Сол арқылы қоғам, уақыт тынысын, өмір-тұрмыс сырларын терең ашып көрсетеді. Осылардың бәрінен жазушының дүниетанымы,

көзқарас- мұраттары айқын көрініп тұрады. Биік адамгершілік қасиеттерін дәріптейтін шығармалар қатарына «Бір махаббат баяны» туындысын әбден жатқызуға болады. Жалпы алғанда қазақ әдебиетінде қазақ әйелінің бейнесін жасай отырып, ұлтымыздың көрініс-тұрмыстарын әр-түрлі дәстүр-өнегелерін, шынайы махаббат пен нағыз адамгершілікті көркем де кестелі тілмен бедерлей білген.

Шығарма табиғатына терең үңілетін болсақ, енді ғана өмірлік серігін тауып, бақытты өмір сүргелі отырған Марғуаның аяқ астынан тірі жесірлік қамытын киіп, жарынан айырылуы, жолдасының туыстары да «сенімсіз жағдайда» қалып, Марғуаның оларға демеу болам деп ұмтылуы осының барлығы да – Марғуаның есеюіне, батыл шешім қабылдап, кемелденуіне түрткі болады. Хикаят оқиғасында басты кейіпкер екеу деп ұғамыз. Солардың бірі – Мұқан (Мұхмамеджан Қаратаев). Жас ғалым, оқымысты. Сұм заманның жалған әшкерелуіне ілініп, өмірін қиындатып-ақ алды. Бірақ, мойымады. Қайта оралып, сонау жас кезінде бастаған ғылыми жұмысын қайта тауып, өзінің ізгі арманын орындап шықты. Бұл реттен алғанда Мұқан бейнесі сөзі мен ісінде бірлік, мінез қырларында ұстамдылық қасиеттерімен құнды.

Адам тағдыры, оның жеке бас ерекшелігі, азамтатық, адамгершілік тұлғасы алдыңғы кезекке шықты. Осы орайда С.Шаймерденовтің «Ағалардың алақаны» туындысындағы «Рас, кейбір характерді ашу үшін біреулерін мақал – мәтелдетіп, шешен сөйлету керек – ақ шығар. Ал бүгінгі күн тақырыбын тандап алған автор бар геройын суырылып тұрған ділмар етіп алса, ұтылғандық деп білемін. Бүгінгі өмір тағдырын дөп баспағандық бұл» [2, 27], - деген ойлары көкейге әбден қонады. Бір сөзбен айтқанда, Ш.Бейсенова кейіпкерлері жақсылық пен жамандық, азаматтық пен моральдық және ізгілік пен адамгершілік тұрғыдан өздерін - өздерін танытады. Шындық пен әділдік іздеп шарқ ұрған өздерінің тұлғасы арқылы замандастардың бейнесін көз алдымызға әкеледі.

Көркем туынды адамды тек қана жағымды қаһармандарының іс - әрекетімен тәрбиелеп, шабыттандырып, қанттандырып қана қоймайды. Сонымен бірге ол кейіпкерінің әлеуметтік, азаматтық бет – бейнесін көрсетіп, тәрбиелеу құралына айналдыратын басты моральдық сипат бергіш күш.

Ұлттық трагедияны көрсетудегі автор идеясы халықтың өткені мен бүгінін сабақтастыра суреттеу барысында айқындалады. Хикаяттағы Мұқан, Марғуа, Қайсар, Медет – бәрі де әділетсіз қоғам құрбандары, жазықсыз жапа шеккендер. Жазушы алапат аштықты, зобалаң нәубет қасіретін айта отырып, ұлт тағдырындағы ауыр қасіретін, себеп-салдарын көрсетеді, шығармада қарапайым жанның қоңырқай тіршілігі арқылы заман шындығы мен уақыт бедері танылып, таразыланады. Әділетсіз, қуғын-сүргін жайлаған қоғамның әрбір адамға, әрбір тағдырға салар салмағы ауыр болады. Адамның адамдығы сыналар тұс осы. Адам мінезіндегі өзгеріс сапасы барлық адамдарда бірдей емес. Олар өмірде адамгершілік таразысы арқылы сыналады.

Байқағанымыздай, жазушы қай туындысында болмасын оқиғалар тізбегінің барлығын тәптіштеп баяндап жатпайды. Кейде авторлық баяндауға берілсе, кейде кейіпкерлердің еске алулары, монологтары, диалогтары арқылы да оқиға желісін жалғастырып, өрбітіп отырады. Жазушы шығармаларындағы теңеу, эпитет, метонимия, метафора, психологиялық параллелизмнің т.б. орны ерекше, Ол қаламгер шығармаларына әсерлілік пен тартымдылық береді. «Көркем әдебиетте суреткерлік шыншылдық, психологтық жітілік, ең бастысы шаттыққа бермес әдемі мұң, әдемі үміт, кәусар мөлдірлік керектігі, көркем образдардың табиғи, таза болмысы бағалы екені мәлім» [3, 54],- деп белгілі әдебиеттанушы ғалым, профессор Б. Майтанов атап көрсеткеніндей Ш.Бейсенова қаламынан туған кейіпкерлер бейнесі жандарының тазалығымен, биік те асыл арман-мақсаттарымен оқырманына әсер ете отырып, жазушының психологтық жітілігін, өмірге деген реалистік көзқарасын танытады. Адамгершілік ізгі ниетті берік ұстанған әрбір қаламгердің басты міндеті халық көңілінен шығу, яғни халықтың көкейіндегі ойын дәл ұға біліп, суреткерлік қырағылықпен айту десек, жазушы Шәрбану Бейсенова ол міндетін орындады әрі өзіне тән қаламгерлік зергерлікпен кестеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсенова Ш. Бір махаббат баяны Алматы, Ан Арыс, 2009,- 280.
2. Шаймерденов С. Ағалардың алақаны Алматы: Жазушы, 1987. 432.
3. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі А., Жазушы, 1987.-232.

ӘОЖ 82-1/-9

МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ЖАС АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ НЫСАНЫ

Асан С., Аманқұлова А.

Ғылыми жетекшісі: Қабылов Ә.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада маңғыстаулық жас ақындардың туған жер, махаббат, адам мен табиғат арақатынасы, отаншылдық, ұлттық рух, тәуелсіздік тақырыптарындағы өлеңдері талданады.

Түйін сөздер: Тәуелсіздік, поэзия, жас ақындар, Маңғыстау өлкесі. Табиғат және адам, бірлік пен ынтымақтық.

Тәуелсіздіктің ақ таңы атқаннан бері елімізде үлкен өзгерістер орын алғаны белгілі. Әсіресе, әлеуметтік саладағы, рухани жаңғыру бағытындағы іргелі істердің орны бөлек. Кеңестік саясаттан, коммунистік идеологиядан құтылып, еркіндік алғаннан кейін әдебиеттегі цензура да жойылып, ұлттық мұраларымызға тереңдей үңіле бастадық. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері ашылып, күні кеше айтуға тыйым салынып, шығармалары алты құлыптың артында жатқан рухани мұралар дүниеге қайта келіп, халқымен қуана қауышты.

Өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, әдебиет пен өнерде айтарлықтай серпіліс болды. Көрнекті ақын жазушыларымыз тың тақырыптарға қалам тартып, жаңа белестерді игеруге кірісті. Тыйым салынған тақырыптардың шымылдығы алынып, халық тарихының жабық жатқан қабаттарына сүрлеу салынды. Елді елең еткізген жаңа шығармалар туып жатты. Әдебиеттің көркемдік сапасы да артып, бұрынғыдай тақырып қуып, насихаттық мақсатты ғана көздейтін кезең артта қалып, көркемдік сапасы жоғары, жаңа әдеби әдіс-тәсілдерге негізделген заманәуи шығармалар дүниеге келе бастады.

Кезінде көрнекті ақын Т.Медетбеков өзінің «Алтынкөпірліктер» деген көлемді мақаласында Тәуелсіздік бастауында әдебиетке келіп, ұлттық поэзияның өрісін кеңейткен, оқырмандар көңілінде үлкен үміт сәулесін оятып және сол үдеден шыға білген талантты жастар шығармашылығына оң баға берген болатын: «...Ол толқын сол бір сапырылысы да, алыс-жұлысы да көп, бүкіл ел тауқыметті, таршылық заманды басынан өткеріп жатқан тұста, көп ақын-жазушыларымыз не істерін білмей абдырап, дағдарып, қаламы мен қағазынан көз жазып қалғандай болған кезеңде ұлы Мәртебелі поэзияның кешегі жағалауын ертеңге, яғни бүгінгі жағалауға қосқан көпір міндетін атқарды. Шын мәнінде алтын көпір бола білді», – деп жазған еді ол [1,197].

Маңғыстаудай таланттарға бай өлкеде Тәуелсіздік жылдарында ақындардың тұтас бір буыны өсіп жетілді. Олардың алды қырықтан асып, бірлі-жарым жинақтарын да шығарып үлгерді. «Жас ақындар» деген атауымыздың да өзі шартты түрде болмақ. Өйткені, ақынның шеберлігі мен жетілуі жаспен өлшенбесі белгілі. Сондықтан жоғарыда атап өткен Сабыр, Светқали, Рахаттардан кейінгі әдебиетке келген толқынды осы санатқа қосып, солардың шығармаларын қарастыруды, олардың поэзиясындағы шығармашылық ізденістерге өзімізше баға беруге талпыныс қылып отырмыз.

Маңғыстау өлкесіндегі қазір көпшілікке танылып, болашақ үлкен ақындық жолда жүрген, алды тұңғыш кітаптарын шығарып, тіпті бірлі-жарым шығармашылық кештерін де өткізіп үлгерген, поэзиясындағы жарқын үндерімен үлкен үміт күттіріп келе жатқан жас ақындар баршылық. Олардың қатарында Ә.Бимағамбетті, С.Құдайбергенді, Н.Маулинан, А.Жаңбырбайды, Ж.Демесінді, А.Қонарбаевты, Ш.Түйешиеваны, Ф.Мусаевты, А.Талысованы, А.Алтайды, М.Сүйітовті, С.Шортанованы, Г.Дәуітбаеваны, Н.Мусаевты, Б.Жайлауды т.б. атауға болады.

Маңғыстау өңіріндегі қазіргі жас ақындардың алды, жұртшылыққа ақындығымен танылып қалған Сұлтанбек Құдайберген өлеңдері өмірге ынтық жастың іңкәр сезіміне толы. Ол туған жер, жастық шақ, іңкәр сезім, адам мен табиғаттың үйлесімі мен бірлігі, тарихи тұлғаларға арнау, адамның кейбір мінездері туралы өлеңдерінде алған тақырыбына өзінше барып, айтар ойын ерекше сыршылдықпен жеткізуге шебер.

Сұлтанбек өлеңдерінде тарихқа бойлап, елге еңбегі сіңген тұлғалармен рухани тілдесу арқылы олардың есімін ұлықтау, елге өнеге етіп ұсыну – ақындық шабыттың қайнары болып келеді. Ж.Досмұхамедовке арнаған «Жаһандық аңсар» өлеңінде:

Ерлерімнің елі еді хақ арманы,
Таусылғанша жан азық, татар дәмі.
Атар таңды нұсқадың
Отардағы,
Қазақ деген жалғызға жаһандағы!

Білдім, көкем, бостандық таңы атарын...

Азат күнді мен қазір жаратамын?

Хан-жиында кеңсеге басым шұлғып,

Ал, жырымда... сені іздеп баратамын! [2,11] –

деп ұлы тұлғаның болмысына қарата мінәжат етеді. Ал «Ақұнмен тіл қатысу» деген

О. Тұрмағамбетұлына арнаған өлеңінде:

Қызылды-жасыл шаһарда тұрмын,
Әруақтар мұнда көз ілген.
Мен-дағы бүгін саһарда тұрдым,
Тілдескім келіп өзіңмен...

...Қызылда-жасыл шаһарда тұрмын,

Көңіл – пітіңе, діл тапшы.

Мен бүгін тағы саһарда тұрдым,

Сахардан маған үн қатшы! [3,13] –

деп, ахун рухымен тілдеседі. Атақты дін ғұламасының елдің иманын оятып, имандылыққа тәрбиелеу жолындағы істерін айтып, бүгінде ұрпағының соның жолымен азат елде өмір сүріп жатқанын танытады.

Сұлтанбек өлеңдерінде адам мен табиғаттың бірлігін параллель суреттеу, әсіресе, жастық көңілдің тылсым сырларына табиғаттың ғажайып суреті арқылы еніп, уақыт пен кеңістіктің сабақтастығында ойға шому жиі кездеседі. Мысалы, «Құм қызына» деген циклді жырларында жастық шақтың іңкәр тілегін табиғатты суреттеу жолымен, сол табиғат аясындағы атакүлдік, құмды ауыл, жыл мезгілдері аясында әдемі суреттейді:

Ақша бұлттар аспанда Күнді орайды,
Қалқам жайлы іздеймін жырды орайлы.
Басқан ізін қалқамның менен бүркеп,
Жыңғылдыда сары мамық құм борайды...

...Қытығым кеп, тұра алмай ұшқалақтап,

Құшағыма қалқамды қысқам аппақ.

Қара түннің сиясы түгесіліп,

Таң да кірді Шолпаннан ұстап аттап [4,4].

Махаббат лирикасы – классикалық поэзия үрдісінен бері жалғасып келе жатқан көне жанр. Ақын ғашықтық сырды құм қызына деген іңкәрліктің қысқаша тарихын баяндай отырып, нәзік лирикалық мақаммен дамыта баяндайды. Ақындық жүректің тылсым сырларын байлап, шағын оқиғаны кірістіре келе, ғашық жанның өлең өріміндегі кейіпкерге бағытталған риторикалық сұрақпен әрлей түседі:

Адасандай басымның бағы мұнда,
Осыны ойлап берілем тағы мұңға.
Тыртық-тыртық жүректің беттерінен
Құмның қызы, өзінді таныдың ба?

Шағын бес бөлімнен тұратын оқиғалы-лирикалық өлең шымыр ширатылып, әр бөлімінің айтар ойы, жұмбақ сырлары лирикалық кейіпкердің ішкі тынысымен сабақтасып жатыр. Өлеңдегі сол бір тұрақты кеңістік (құмды ауыл) жыл мезгілдерінің алмасуымен өзгеріп отырса да, лирикалық кейіпкердің құм қызына деген сезімінің өзгермейтін тұрақтылығымен сабақтасып жатыр. Шағын ауылдағы қыз бен жігіттің арасындағы нәзік сезім ауылдастарының арасында аңыз болып, жұмбақ тудырса да, оның шешімін таптырмайтын құпиялығымен қымбат.

Күз де келді далама – сары ала күз,
Жаңбыр шашын бұлттың тарап ағыз.
Хиуадан жол тартқан керуенмен
Біздер жайлы барады тарап аңыз.

«Махаббатқа жарасқан тұрақтылық / Тұрақтылық – бұл өзі сынақты үміт» деп келетін поэзиялық тұжырым өлеңнің поэтикалық-мазмұндық арнасынан ауытқымай, ақыры махаббаттың жұмбақ сырын сағынышқа айналдырады:

Жапырағын теректің сарнатпай күз,
Жолығып ек... Тағы сол жолды аттаймыз.
«Ағанікі жөн сөз», – деп алдымнан шық,
«Жемелегің желге ойнап», бармақтай өыз!

Әнуарбек Бимағамбет те жыр додасына ерте араласып, мектепте оқып жүрген кезінен өлеңдерімен көзге түсе бастады. Оның өлеңдерінде адамгершілік пен имандылық мәселесі басты орында тұрады. Ата-баба жолына адалдық, ел тарихына құрмет, ана тілі мен ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу секілді тақырыптар Әнуардың қаламына тән өршіл ырғақпен, сырлы бояумен ерекшеленеді. Діни таным арқылы дүние сырларына көз жіберіп, адамдық пен адалдық ұстындарын шабыттана жырлайды. Мысалы, «Зиярат» өлеңінде:

Ай, кешегі жауынды...
Айғыз-айғыз езіп кетті тауымды.
Әулиені зияраттап қайттым мен,
Жарылқап бір құран оқып қауымды.

Сайрап жатыр...
Жайрап жатыр тас мола.
Тас молада жатыр білем жас бала...
«Мен байқамай тастап кеттім өмірді,
Сен асықпа», – дейді маған, –
Тастама!..

...Өмір осы...
Басы қара...
Соңы аппақ..
Өлім де хақ,
Өте алмайсың оны аттап.
Құйтақандай зұс баласы шырлап тұр

Құлпытасқа тұнған суға қонақтап... [3,94].

Отан мен отаншылдық, ұлтшылдық пен елшілік – Әнуарбек шығармаларындағы басты тақырыптардың бірі. Қазақтың кешегісіне құрметпен қарап, бүгінгісіне ой жүгірту, болашағына жақсылық тілеу – ақын қаламының айнымас қағидасы болып келеді. Ақын үшін «қазақ» пен «Қазақстан» егіз ұғымдай өріледі. Оның болашағы бірлік пен татулықта деп біледі. Сондықтан елжандылық, ұлтшылдық – дамудың алғышарты. Отанды шын сүймей тұрып, ел мен жер, оның тағдыры туралы ойлану, сол үшін өзіңнің жауапкершілікті сезініп, қызмет ету мүмкін емес. «Қазақ сүю» деген өлеңінде ақын былайша жырлайды:

Қазақ сүю – сарғайған күзді сүю!

Сізді сүю!

Сіз үшін Бізді сүю!

Қазақ атты қара шал басып кеткен

Бабақұмның бетінен ізді сүю!..

Ұмыттырып тозақтай азабымды,

Тұнық қылып қазақтай таза ұғымды;

Қазақ сені сүйеді,

Сүйген мәңгі...

Қазақстан,

Сүйші, сен,

Қазағыңды?! [3,99].

Ақынның туған жер туралы жырларында ұлтты ұйыстырушы бірлік пен ынтымақтың орны қашан да жоғары тұрады. Сонымен қатар, автор кеңестік жылдардағы солақай саясаттың салдарын, халыққа сенімсіздік көрсетудің лаңын да сыншылдықпен әшкерелеп, бір халықтың арасына сына қаққан, рушылдық тудырған жайттарды сынға алып отырады. «Маңғыстаудағы мұназа» өлеңінде:

...Ар едім,

Жігер едім,

Намыс едім!

Алаштың ырысы едім, табысы едім.

Кіл жендет қырып салды айдап келіп,

Адайдан кетті білем тағы сенім.

...Адайым, нар едің ғой, сабыр сақта...

Қайғыға көрт шыдамас, нар шыдасын.

Ақ таңы ақиқаттың аз-ақ қалды,

Жазған-ай, сәл шыдашы, сәл шыдашы! –

деп Маңғыстаудағы адай елінің басынан өткен қиын кездерді, жауласушылықтың салдарынан батырлығымен аты шыққан халыққа патша өкіметінің, кейін орыс билігінің сенімсіздік танытқанын, сол салқын ызғардың әлі күнге дейін сақталып келе жатқанына назаланады. Бұл жерде, мәселе бір руға баға байланысты емес, елді жік-жікке бөліп, ағайынның арасын суытып, бірін-біріне айдап салып, «Бөліп ал да, билей бер!» деген принцип ұстаған солақай саясатты айыптап отыр.

Әнуарбектің «Оғыланды жырлары» – ерекше қасиет иесі, Адай руының ұраны болған Пір Бекеттің аруағына арналған өлеңдердің тұрады. Автор Атаның қасиеттерін еске түсіріп, рухына тағзым жасайды.

Ата,

Сені пенделері ақырдың

Жоқ дегенде абыз қашты, би тайқып,

Жіберші өзің осыны айтқан кәпірдің

Аузы-мұрнын қисайтып, –

деп Атаның қасиетін мойындамай, аруағына тіл тигізген жердегі пенделердің әрекетіне налиды. «Атыңды атап жер қорғаған батыр да, Атыңды атап ел қарғаған байғұс

та», – деген жыр жолдарымен жақсыға да, жаманға да дем беріп, қамқоршы болған қасиет иесінің алдында кішіпейілдікпен кешірім сұрап, аруағына бас иеді. Осы топтамадағы екінші бір өлеңде:

Мен ол жерге шөлдеп барам,
Қаталап,
Таппай қалып жүрегімнен нұр түк те.
Жер бетінен мен іздеген махаббат
Тамшы болып шығар сонда кірпікке [3,34], –

деп, Атаның басына тәу етіп, мешітіне келетіндердің атынан әулиенің аруағына деген құрметін паш етеді. Қазақтың ұлттық танымындағы аруақтарды құрметтеу, қасиет иелерін мойындау, ата-бабалар аманатына адал болу, салт-дәстүрге беріктік Ә.Бимағамбет жырларында маңызды орын алады.

Маңғыстаулық дарынды ақын қыздардың бірі Гүләйім Дәуітбаева өлеңді жүректен шығарып жазуға тырысады. Ол үшін не болса соны өлең қылу – өнер емес, шынайы поэзия жазбасына қоймайтын дүние сырларын өзектен өткізіп барып жазу керектігін жақсы ұғынады. «Өлең патшалығына бас ұру» өлеңінде әуелі өлең өлкесін барлап, поэзия деген ұлы өнердің жалын ұстауға тайсақтаған жандай еміне енген көңілін Мұқағалиша мақаммен, Фаризаша мәнермен:

Поэзия!
Сен мен үшін аңыз ең,
Қонар деп басқа сенбеппін.
Мың толғансам да сен жайлы
От құшағыңа енбеппін, –

дей келіп, бірте-бірте өлең құдіретін түсініп, қаламы ұшталып, жыр додасына енгеннен кейінгі күңіл күйімен әсерленіп:

Поэзия!
Жартысы болшы жанымның,
Жаршысы болшы ар-үннің.
Жүрегім – сенің баспанаң,
Билігім сенде, бағындым! –

деп поэзиямен туысып кеткенін паш етеді әрі осы өлкеден жаны жай тауып, әрі өлеңнің алдындағы жауапкершілігін сезінген поэзия жауынгерінше адалдыққа ант беріп, музадан медет сұрайды.

Гүләйім – қашан да поэзияға адалдықты жоғары қоятын, сондықтан да өзіне талап қоя білетін ақын. Оның «Қаламға табыну», «Қоңыр өлең», «Жыр-дәрі», «Жырым – менің жан айнама» сияқты өлеңдерінде өлеңмен тілдесе отырып, көңілдегі қуанышы мен күдігін, сыры мен мұңын бөлісуге әзір екенін білдіреді. Мысалы, «Қаламға табыну» деген өлеңінде:

...Көңілге кірлі жат салмақ толып,
Күлуге мүлдем жарамай барам.
Жүректің шерін ақтармақ болып,
Жығылдым саған, сәуегей қалам? [5,60] –

деп шын сырын ақтарады.

Гүләйімнің жастық шақ, махаббат туралы толғанысты жырларында, «Қыз дегенің – өмір сәні құлпырған», «Жүрек үні», «Жастық шақты аңсау», «Жылама, құрбым» сияқты өлеңдерінде жастық шақтың алуан сырлы күйлері, сәулелі сәттері мен мұңды шақтары түрлі поэтикалық реңкпен, өзіндік өрнекпен жырланады.

Гүләйім – қоғамдық-саяси тақырыптарға да еркін қалам тартатын ақын. Ел өміріндегі елеулі оқиғаларға үн қосу, тарихтың кейбір ұтырлы кезеңдері мен оның ел есінде қалған іздері туралы жазған өлең, баллада, поэмалары бар. Оның туған жер тақырыбына жазылған «Тәуелсіздік жыры», «Астанаға», «Ақтау», «Қара маржан», «Отпанда» сынды өлеңдері бүгінгі тәуелсіз еліміздің қарыштап дамуын, азаттық жылдардағы ел өміріндегі

өзгерістерді, туған дер мен атакүлдік мекенге деген перзенттік махаббатты паш етіп, өзіндік мәнерімен тебіренеді.

«Бұғау. Желтоқсан. Азаттық» өлеңінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысып, шейіт кеткен батырлар рухына арналған. Ақын желтоқсан көтерілісінің себептерін берідей алмай, өткен ғасырда жүргізілген отаршылық саясаттың әлі тоңы жібімеген ықпалынан іздейді. Өлеңнің басында келтірілген тарихи құжаттан алынған цитата осыны меңзейді. Түркістан өлкесіндегі отаршылдықты қалына келтіруге байланысты қазақтардың үштен бірі қырылғанын еске ала отырып:

Соңында шұбырынды жолым қалып,
Қырылды қынадай боп момын халық.
Қазақтың кең даласын еркін жайлар
Кешегі азат тірлік жойылды анық, –

деп өткен күндерге көз жібере отырып, кеңестік кезеңнің көбесін сөгіп, алып империяны ыдыратып тынған кезеңнің айтулы оқиғасы – желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың рухына жырмен тағзым етеді:

Желтоқсан – айдың аты ызғары бар,
Сен десе, жүрегімнің сыздары бар.
Кешегі көтеріліс бесігі өзің,
Және сен – Тәуелсіздік, ұжданым, ар!

...Күн алтын гүл елімді көмкереді,
Бұл – кеше біз аңсаған ертең еді.
Бастауы азаттықтың сол алаңнан,
Ал сендер – бар қазақтың Бәйтерегі [5,74].

Ақынның «Махамбет» өлеңінде ер Махамбеттің рухымен сырласа отырып, халықтың бүгінгі өмірімен байланысты іздейді. Батырдың ел үшін «ерулі атқа ер салып, егеулі найза қолға алып», теңдік іздеп жорытқан заманы мен бүгінгі тәуелсіздік алып, азаттыққа жеткен кезеңнің айырмашылығы болса да, қараша халықтың Махамбетше ойын батыл айтып, теңдік сұрайтын қауқары болмай отырған қазіргі халына пұшайман болады. Әуелі:

Қайырылып мойын бұрмаған,
Қазақты тыңдап тұр ғалам.
Текті ұлды туып тамсанттың
Құрсағы құтты сұр далам, –

деп құтты далаға мінәжар етіп, Махамбеттік ерлік жолдарын еске түсіріп алады да, соңында:

Сен өлдің жаудың қолында,
Намыс пен ардың жолында.
Біз бықсып барып сөнерміз,
Айналып тәлкек-ойынға.

Жүрегім болды мұң-таспа,
Қаһарман ата, Сіз басқа.
Көңілдеп өтер күндері
Шерменде болған біз – қасқа, –
деп тұжырымдайды.

Ақын Жандос Демесіннің өлеңдері өзінің мазмұндық байлығымен, тақырыптық әр алуандығымен, автордың өзіндік ізденіс-қарымымен ерекшеленеді. Ақын өлеңдерінде пәлсапалық ойлар, бейнеленген құбылыстың астарынан сыр іздеп, оны дүние-табиғат сырларымен, адамның танымдық ойларымен сабақтастыра қарау тән. Мысалы, «Жұлдыздар аққан түн» өлеңінде «Әр жұлдызда адамның ғұмыры бар, жұлдыз аққан сайын

бір адам өмірмен қоштасып жатады» деген ел аузындағы әңгімеге орай, өзіндік жорамалын топшылайды:

Мына түннің түсінбей тіліне түк,
Қарап қоям жанымның мұңы жетік.
Жұлдыздар-ай ғұмыры түгесілген,
Түнгі аспанды ағады тіліп өтіп.

...Жан бар ма екен ұйқысыз бүгін мендей,
Мына түннен бір қауіп білінгендей.
Үш айтуға «жұлдызым жоғары» деп,
Осы түнде отырмын тілім келмей [3,85].

Жандостың балалық шақ, ана, достық пен махаббат тақырыбындағы жырлары да оқырман көңілін жылы шуаққа бөлейді. Баланың анаға деген шексіз махаббаты («Қымбат емес алтын тәжі хандардың, Ана, сенің аппақ орамалыңнан»; «Қара жер мен көк аспанның арасын, Мейірім мен нұрға бөлеп жүресің»), ғашық жанға деген іңкәр көңілдің назы («Сен тұрғанда өзге жанмен ісім не, Мұң түсірмен сендей сұлу мүсінге»; «Арнадым өзіңе тағы жыр, Қиналған жанымның зары бұл»), бақытты балалық шақты аңсау («Сақа-уақыт атылып енді өзіме, Балалықтың шығарды шеңберінен»; «Балалығы – адамның бақыты екен, Есейіп ержеткен соң соны ұғындым») секілді әсерлі сезімдер ақын жырларында ерекше жылылықпен өріліп отырады.

Жандос түрлі тақырыптарға қалам сілтеп, оны әр қырынан, тіпті адам күтпеген қырынан жырлай алады: «Ескендірдің соңғы сөзі», «Қазақтың басы», «Мендік өмір», «Далалық пен қалалық», «Мұстафа Шоқай неге жылады?», «Маскүнем жайлы жыр», «Залымдық пен заңғарлық» секілді өлеңдерінің тақырыптары әр түрлі болса да, оларда автордың мазмұнның тура мәнімен қатар, астарына бүккен терең ойы бар. Мысалы, «Ескендірдің соңғы сөзі» өлеңінде жарты әлемді тітіркенткен Ескендір Зұлқарнайынның өлер алдындағы соңғы сөзін келтіре отырып, дүниеде шексіз билік жүргізіп, жарты әлемнің байлығын жиса да, бұл өмірден құр қол кетіп бара жатқанын мысалға келтіре келіп:

Тәмамдасам осылай хақ жырымды,
Өлім солай жеңді патша ғұмырды.
Болса деймін бұл бір өлім шын үлгі,
Елді билеп тұрғандарға бүгінгі, –

деп, қазіргі ел билеушілердің көзі тоймайтын тоғышарлығын, елдің бүкіл байлығын ұрлап, кем күндік байлығына мастанып, халықтың қарғысын арқалап жүрген масқара кейпін әшкерелейді.

«Қазақтың басы» деген өлеңінің өзегінде де жүректі өртер ащы шер бар. Кешегі қатыгез қиын кезеңдерде де, бүгінгі азат, бейбіт заманда да қазақтың басының құнсыз кетіп жатқанын өкінішпен жырға қосады. Жәңгір ханның өкімімен Ықылас сұмның Махамбеттің басын кесіп алғаны сияқты, қаншама ғазиз қазақтың басы жендеттің қолынан шабылып кетті!? Осылайша «қазақтың басы қара бақырға татымай қарақшылардың қолынан» үзіле бере ме? Өлеңнің түйінінде осындай өксікті өкініш, зарлы сұрау бар. Ақынның елжанды жүрегі, ұлтшыл болмысы осындай өзекті сұраққа жауап іздейді:

...Неліктен шындық ақырып тіл қатпайды екен,
Неліктен заман жасырып бұлғақтайды екен.
Фәни базарда бағасыз қазақтың басы
О дүние жаққа барғанда қымбаттай ма екен?

«Қалалық пен далалық» өлеңінде өмір бойы шопан боп мал баққан Берденнің сол еңбегі үшін кешегі күні еленіп, талай атақ-марапатқа ие болғанын, сол даңқ биігінде өмірден өткеннен кейін оның аманаттап кеткен малын келін-баласының сатып, ақша қылғанын, енді қалаға көшіп кеп, жайлы тұрмысын түзеп, қалалық боп шыға келгенін айтады. Сол баланың «далада өскен» қыр баласы екенін ұмытып, енді біреулерді «қойшысың» деп мазақтап жүргенін жазады:

...Ол шопанның баласы еді, міне, енді,
Қалаға кеп, төбе көкке тірелді.
Кеше көрдім Берден шалдың баласын,
Қойшысың деп мазактап жүр біреуді [3,96].

Жинақтап айтқанда, Маңғыстау өлкесінде қазақ поэзиясын өз үлестерімен байытуға талпынып жүрген жастар баршылық. Әрине, олардың барлығын бір деңгейге қойып, көркемдік шеберлікке жету мен тақырыпты игеру, өзіндік машық пен шығармашылық шыңдалу орайын теңестіруге болмайды. Олардың алды ақындығымен мойындалып, бірлі-екілі кітаптарын шығарып, тіпті шығармашылық кештерін өткізіп, елге танылып үлгерсе, енді бірқатары жазу өнеріне деген талабымен енді-енді көрініп, өлең өлкесіне бет алған талапкерлер. Алайда оларды біріктіретін – өлеңге құштарлық, жүректен жарып шыққан шуақты ойларын поэзияға айналдыруға машықтана бастаған сәтті қадамдары. Сондықтан, «бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, мұндай таланттарға назар аударып, шығармаларын бағалай білу парыз деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медетбек Т. Алтынкөпірліктер // Жұлдыз. № 9, 2019.
2. Маңғыстау мақамдары. Маңғыстау облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы. Дәстүр, 2013.
3. Жастар жырлайды. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. – Алматы. ҚАЗАқпарат, 2013.
4. Құдайберген С. Бәну көктем. – Алматы. Жазушы, 2007.
5. Айнахан Есет. Гүлнар Науырша. Гүләйім Дәулетбаева. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. – Алматы. ҚАЗАқпарат, 2013.

ӘОЖ 800

ҚАЗАҚ ЫРЫМ-ТҢҢЫМДАРЫНЫҢ ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түгелбай О.

Ғылыми жетекшісі: Нұрдәулетова Б.И.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ырым-тҢҢымдардың қазақ халқы өміріндегі маңызы көрсетіліп, кейбір ырым-тҢҢымдарының діни сипаты түсіндірілген. Ырым-тҢҢымдар туралы сүре, аяттардан дәлелдер келтірілген.

ТҢҢйін сөздер: ырым-тҢҢымдар, ұлттық мәдениет, қазақ халқы.

Қазақ халқының көне замандардан бастау алған ұлттық мәдениетіне зер салып қарасақ, халықтық сипаттағы наным-сенімдер мен ырым-тҢҢымдар қатарын байқауымызға болады. Қазақ халқымен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан ырым-тҢҢымдар жүйесі халқымыздың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тапқаны белгілі. Ұлтымыз ырым-тҢҢымдарды тәлім –тәрбиеге бағыттап отырып, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес беру барысында қалыптастырып отырған. Ата-бабаларымыз ырым-тҢҢымдарды сақтай отырып, адамзатты бөле-жаладан, қауіп-қатерден, кесір-кесапаттан сақтайтынына, жамандықтың алдын алатынына сенген. Қалай дегенмен, ырым-тҢҢымдарды халқымыздың ұлттық болмысынан бөле-жара қарауға болмайды.

Ырым мен тҢҢым сөздерінің мағынасын ажыратып көрейік. Бұл ретте белгілі этнограф Сейіт Кенжеахметұлы: «Дәстүрде ырымның екі түрі бар. Олар –

салт ырымдары және сенім ырымдары. Мысалы, күйші болсын деп сәбидің тырнағын белгілі домбырашыға алғызу, отаншыл болсын деп туған жерге аунату, ержүрек болсын деп батырдың сарқытын жегізу, оның атын қою сияқты ырымдар бар» деп жазады. Ал тыйым – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірінен саналады. Бұл балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда маңызды қызмет атқарады деп ой қорытады.

Ал ғалым А.Әбдірәсілқызы ырым мен наным сөзінің мағынасына былай деп талдау жасайды: «Ырым бөлек те, наным бөлек. Ырым тікелей нанымның көрінісі болса, қазақ екеуіне екі атау бермес еді. Ырымда «осылай етсе, солай болады» деген үзілді-кесілді сенім емес, «осылай етсек, солай болса екен» деген тілек, ниеттену, сұрау тұрады. Оның бәрін адам жақсылықтан үміт күтіп жасайды. Ізгі ниетпен жасалған ырымдарды Пайғамбарымыз да ұнатқаны хадистерде келтіріледі».

Бүгінгі күнге дейін сақталған көптеген қазақ наным-сенімдері табынушылық сенімнің жаңғырығын көрсетеді. Кейбір ырым-тыйымдар бағзы замандардағы шамандық, тәңірлік наным-сенімдердің сипаты, белгісі ретінде де көрініс беріп жатады. Тіпті кейбір наным-сенімдер Құранның жекелеген сүрелерінде түсіндіріледі. Ырым-тыйымдардың ғылыми негізі болмағандықтан, көптеген белгілер ырымшыл негізге ие және ырымшылдық деп аталады.

Ырым-тыйымдар мағынасына байланысты өмірдің сан алуан салаларын қамтиды. Дүние есігін енді ашқан сәби ғұмырынан бастап, қарттық ғұмырдың да сәттерін қоса қамтитын ырым-тыйымдар легі адамның дүниеден озғанға дейінгі ғұмырының әрбір сәтінде көрініс табады. Жаңа туған нәрестеге, жеткіншек жасқа, сапарға аттанғанға, келген қонаққа, ас-тағамға, мереке-жиынға, киім-кешекке, салт-дәстүрге қатысты қалыптасқан ырым-тыйымдар қатарын біразға дейін тізбектей беруімізге болады. Ырым сөздер де — қазақтың дәстүрлі мәдениетінің, әсіресе халық әдебиетінің ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып, іргесі сөгілмей келе жатқан құрамдас бөлігі. Кеңес кезеңіде електерден өтіп, мардымсыз жиналған бұл мұралар арқылы адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі ғұмырындағы бүкіл болмысын, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, тұрмыс-тіршілікке, табиғатқа деген көзқарасын, сенімдерін, философиялық-діни түсініктерін, психологиясын айқын аңғаруға болады. Бұдан шығатын қорытынды, ырым-тыйымдардың негізі әлемнің құбылыстары мен адам тағдыры арасындағы қарым-қатынас туралы мистикалық идеяларға негізделген ежелгі халықтық дәстүрлер болып табылады.

Қазақ халқының ырым-тыйымдарының қалыптасуына көңіл бөлсек, бастауы Ислам дінінде тұрғанына көз жеткіземіз. Халқымыздағы «Бейуақытта ұйықтама, күнмен жарысып ұйықтауға болмайды» деген ырымға дінімізден мынадай мысал келтіре аламыз:

- «Ханбали құқық мектебін құрушы Имам Ахмәд «екінті уақытынан кейін ұйықтау ұнамсыз әрекет. Бұл ақылыңа қауіпті» дей келіп, бейуақта ұйықтамаған абзал екенін айтқан.

- «Шынында Алла елшісі (с.а.у.) құптаннан алдыңғы ұйқыны ұнамсыз көретін әрі құптаннан кейін әңгіме-дүкен құруды ұнамсыз көретін».

Жалпы қазақта «бейуақ» деп күн қызарып батып, қараңғы түн әлі түсе қоймаған кезді айтады. Бұл – ақшам намазы мен құптан намазының арасындағы мезгіл. Осыған қатысты халқымызда «Іңірде жатқан ырыссыз қалар» деген мәтел бар. Яғни, күн батқанда жер бетіне жын-шайтандар жайылатындығы хадисте айтылған.

Келесі басқа да ырым-тыйымдардың діни сипатына назар аударайық:

- «Нанның ұсағын қалдырмай же». Бұған қатысты Құранның Ағраф сүресінің 31-аятында былай делінген: «Жендер, ішіндер, бірақ ысырап етпеңдер. Аллаһу тағала ысырап еткендерді, әлбетте, жақсы көрмейді» (Ағраф сүресі, 31-аят).

- «Түнде тамақ пен ыдыстардың бетін жабу керек» - Алла елшісі (с.ғ.с): «Ыдыстарыңның (су, тамақ) бетін жабыңдар, есіктеріңді (түнде) ашық қалдырмаңдар және шырақтарыңды сөндіріңдер. Ақиқатында, шайтанға сусын беру, оған есіктерді және ыдыстарды ашық қалдыру халал емес», - деген.

• «Тамақты оң қолыңмен же» - Аллаһ Елшісінің «Тамақ жеген кезде оң қолыңызбен жеңіз, су ішкен кезінде де оң қолмен алып ішіңіз. Себебі, шайтан сол қолымен жеп, сол қолымен ішеді» деген хадисі бар.

• «Тамақты тауысып же» - Аллаһ Елшісі (с.а.у): «Кімде-кімнің қолындағы тамағы жерге түсіп кетсе, оны тазалап жесін. Шайтанға қалдырмасын». Аллаһ елшісі сөзін әрі қарай ыдысты тауыса ішудің маңыздылығымен жалғап: «Тамақтың берекетінің қай жерде екенін білмейсіңдер», - деген.

• «Нанды баспа» - Пайғамбар (с.ғ.с.): «Нанды құрметтеңіздер. Себебі ол - жер мен көктің берекеті».

• «Шелектен су ішпе» - Хазреті Пайғамбар (с.ғ.с.) шелек және бөшке сияқты ыдыстарға ауыз салып су ішуге тыйым салды.

• «Сынық ыдыстан су ішпе» - Алла елшісі кесенің жырық жерінен ішуден әрі ішетін нәрсесіне үрлеуден тыйды.

Қазақтың ырым-тыйымдарының түп төркіні жалпы адамзатқа ортақ рухани қағидалармен тоғысып отырған және өзіндік ұлттық айшықтарымен, салт-дәстүр мен тәлім-тәрбиенің белгісі ретінде ерекшеленген. Халқымыздың сан ғасырдан бері сүзгіден өткізіп, ұрпақ игілігі үшін қалдырған ырым-тыйымдарын бір мақалада толық қамту әсте мүмкін емес. Дегенмен, біздің ұсынбағымыз – халық тұрмысындағы ырым-тыйымдарды пайдалана отырып, ұлттық болмысымызға тән тәрбиеге бет бұру, жас ұрпақты жақсылыққа шақырып, адамгершілікке тәрбиелеу, рухани кемелдендіру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 416 бет.

2. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымда. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1997,- 464 бет.

3. Байтенова Н.Ж., Туғанбаев Қ. Әл-Фараби атындағы қазуу Хабаршысы. Дінтану сериясы. №1(1). 2015

4. Мұхиддин Әбу Зәкәрия Яхия ибн Шәрәф ибн Мурри. Хадистер жинағы(риядус-салихин). – Алматы: «Көкжиек-Б», 2011. – 656 бет.

ӘОЖ 82-1/-9

ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН НЫШАНДАР

Базарбаева Ж., Дауылбаева А.

Ғылыми жетекшісі: Қабылов Ә.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жас буын өкілдерінің заман, қоғам, адам туралы лирикалық өлеңдері тақырыптық, тілдік-көркемдік тұрғыда талданған.

Қазіргі жас ақындар – тәуелсіздік кезеңінің перзенттері. Олардың көпшілігі кеңестік кезеңнің соңғы онжылдығында дүниеге келсе де, ес біліп, өлең жазуға араласа бастауы сол 90-жылдардағы тәуелсіздік шұғыласынан басталады. Сондықтан, олардың өлеңдерінің тақырыптары да, көтерген идеялық нысаны да, бағыт-межесі де соған сай, уақытына лайық болуы заңды. Кеңестік цензурадан арылып, алыс-жақын елдердегі, жалпы өркениеттік жаңалықтардан хабардар, әдеби әдіс-тәсілдер мен ағымдарға жол ашылған тұста,

жастардың да сондай жаңа үрдістерден үйреніп, қаламдарын ұштай түсуі орынды. Алайда, жас ақындардың шығармаларын шолып шықсақ, олардың шығармашылығында ұлттық негіздің молырақ жатқанын айқын аңғарамыз. Әсіресе, ауыз әдебиетінен басталатын ұлттық сөз өнерімізде терең тамыр жайған бейнелеу тәсілдері, тақырыптың қамтылу аймағы, ақын-жыраулар үлгісі мен классикалық және заманәуи белгілі ақындардың шығармашылық мәнеріне еліктеу, солардан үлгі алудың үлесі басым болып келеді.

Жалпы, бүкіл қазақ елінің шығармашылық әлеуетіндегі тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік әлеует ортақ болғанымен, әр өңірдің ақындарында елеулі-елеусіз кейбір сипаттардың болатынын жоққа шығара алмаймыз. Ол сол жердің табиғаты мен тұрмыстық жағдайына, халықтық дәстүрлеріне, халықтың менталитеті мен рухани құндылықтарына т.б. жағдайларға байланысты болса керек. Поэзиядағы ақындық мінезді де қалыптастыратын сондай орта, өңірлік мектептердің ықпалы болмақ.

Қазіргі маңғыстаулық жас ақындар туралы: «Оларды ашып оқи бастағаннан-ақ кілең бір айтатынын бүкпей, аңғардан соққан желдей боп аңқылдап сөйлейтін, ешкімді де тосырқамай, айтатынын ағыл-тегіл ақтара салатын нағыз маңғыстаулық мінезден тұратын жырларға тап болдым. Табиғатпен астасып, тіршілікпен қабысып, жан-жүрегіңмен етене жақынындай боп қабысып кететін ол жырларды оқығанда таң жарығын көрген салбұрындай сілкініп кететінім рас», – деп жазған болатын көрнекті ақын Т.Медетбек маңғыстаулық жас ақындардың «Маңғыстау мақамдары» атты жыр жинағына жазған алғысөзінде [1,3].

Қазіргі маңғыстаулық ақындар поэзиясының тақырыптары әр алуан. Поэзияның мәңгілік тақырыптары бар да, әр кезеңде әдебиетте алға шығатын өзекті тақырыптар болады. Ол сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік жағдайларына, азаматтық қоғамның даму бағдарына, қоғамдағы басым құндылықтар мен ықпалды тенденцияларға байланысты орын алады. Біздің өмір сүріп отырған кезеңіміздің де ортақ тақырыптары жетерлік десек, солардың қай-қайсысына да жастардың қалам сілтері айқын.

Ғасырлар бойы ұмтылып, күреспен жеткен тәуелсіздіктің жолы бөлек. Сол себепті тәуелсіздік тақырыбының поэзияның басында тұруы – заңды құбылыс. Бұл туралы көрнекті ақын, әдебиетші ғалым Ш.Сариев: «Қазіргі қазақ ақындары – тәуелсіз елдің ақындары. Ақын жүрегі – халқын, ел-жұртын, Ұлы Отанын жан-тәнімен сүйетін жүрек. Бізге тәуелсіздік алып берген бостандық – ұлтжандылық идеясы. Сондықтан қазір ұлтын сүйген ақын үшін Тәуелсіздік туымызды ардақтап, ұлтымызды ұлағатқа бастарлық, халқымызға қайрат-жігер берерлік поэзияның туын көкке көтеретін шақ. Әрбір жанды шуаққа бөлеп, тірліктің тауқыметінен арырарлықтай күш-қуат берерлік ұлттық рухтағы поэзияның заманы. Тәуелсіздікті нығайта беру жолында өжет ұрпақты жігерлендіретін поэзияның дәуірі», – деп жазған еді [2,326-327.].

Тәуелсіздік тақырыбы – жас ақындардың қай-қайсысының да өлең-жырларына ортақ болғанмен, оларды жырлау мәнері, мәселеге зер салу орайы, шымырқанған көңіл ауанын көркемдікпен алып шығуы әрқалай. Десек те, ортақ ой, ортақ тілек, ортақ мақсат бір арнаға құйылып, бір нүктеге түйісіп жатады. Ол – тәуелсіздіктің қуанышы, оны баянды қылу жолында елді бірлікке, ынтымаққа шақыру, тәуелсіздікті қадірлеу, оның мәңгілігі жолында аянбай еңбек етуге үндеу идеясы.

Гүләйім Дәуітбаеваның «Тәуелсіздік жыры», «Бұғау. Желтоқсан. Азаттық», Аллаберген Қонарбаевтың «Отан», «Республикам менің», Шынар Түйешиеваның «Қазақстан – бейбітшілік отаны», Асылбек Сүлейменовтің «Мен – қазақпын», Алмас Алтайдың «Азаттықтың ақ таны», Мұхаммедберді Сүйітовтің «Тәуелсіздік күні құтты болсын» секілді өлеңдерінде Қазақстан секілді Отанның ұлылығын, оның Тәуелсіздікке қол жеткізген қуанышын шабытпен жырлаған.

Мысалы, Алмас Алтай тәуелсіздікті:

Тәуелсіздік!

Тұрақ болған құтыма,

Тайқы маңдай, шыда заман жұтына.

Қайың шанақ, қос ішектен күй саулап,
Қайқылардай егіліпті Сыпыра.

...Қазақ барда өшпек емес аттары,
Бірлік барда белгілі ғой бақ бары.
Барлық Қазақ біріккенде атқанын
Ұмытпайық!

Азаттықтың ақ таңы! [3,193] –

деп, тәуелсіздікті қуанышын арғы аталарымыздың арман етуінен бастап, қол жеткен қуанышпен бөліссе, Мұхамедберді Сүйітов:

Азат күн туды, қырандай еркін самғаған,
Асыл арманды ақиқат күнмен жалғаған.
Ұғынсаң, елім, бостандық атты бақ құсы
Сан ғасыр бойы басымызға да қонбаған.

Бұл күнді күтіп батырлар жанын қиысты,
Бостандық алып күмбірлеп кетті күй ішкі.
Ержүрек ұлы, қайсар қыздары бар қазақ,
Мәңгілік азат халық болуға тиісті, [3,225] –

деп азаттық алған Қазақ елінің қуанышына ортақтасып, оның мәңгілікке орнауын қуанышпен тілеп паш етеді.

Тәуелсіздіктің ең бір шешуші оқиғасы – Желтоқсан оқиғасы да жас ақындардың назарынан тыс қалған жоқ. Нұргүл Маулина «Желтоқсан көтерілісіне қатысушылармен кездесуде», Еділ Бекмұратов «Желтоқсан», Аллаберген Қонарбаев «Сексен алты. Желтоқсан», Гүлсім Дүйсенбаева «Желтоқсан жыры», Мұхамбетберді Сүйітов «Желтоқсан» т.б. өлеңдерінде желтоқсанның халық тарихында қалдырған орны мен ұлт жанына салған таңбасын өзінше өрнекпен таңбалап, тарихи оқиғаға естен кетпес ескерткіш соғуға талпынады.

Мысалы, сол жылы өмірге келген Гүлсім Дүйсенбаева «Желтоқсан жыры» өлеңінде Алматыда болған осы оқиғаны «қасиетін қалқалап қанатына, қасіретін көтерген қасқалдақ ән» деген образбен суреттейді. Көкіректе сыздаған ізі қалған сол күндердің құнын кім қайтарар? Осыны жөргекте жатқан жас сәбидің жүрегімен сезінгені өлеңде ерекше тебіреніспен беріледі:

Пейіш-нұрдан жаралып...

Мен сол уақыт...

Періште оймен сезіндім жөргегімде.

Ақын сол бір суық күндердің жүректерге салған мұңымен қатар, еліміздің болашағына не әкелерін пайымдаған уайымы мен шүкіршілігі сабақтаса келіп, жарқын үмітке жетелейді:

...Салқындықтан санада сыз бар әлі,

Сарқын бұлттар суытар күз-қаланы.

Қайсар рухпен аңсаулы таң атырған,

Қанды жылдың мен де арман мұзбалағы.

Шүкір, шүкір,

Таңы атты еркіндіктің,

Азат ұлдың айнымас сертін күттім.

Жан жарасы жазылар...

Уақыт – өлшем,

Ар жарасы... айықпас дертінді ұқтым [3,116].

Жас ақын Талғат Қайбұллаұлының өлеңдерінің көпшілігі осындай саяси-патриоттық тақырыпта болып келеді. Оның «Көк байрақ», «Елтаңба», «Бірлік», «Тәуелсіздік», «Отаным»

деген өлеңдерінде Тәуелсіздік пен оның рәміз-нышандары туралы өзінің ыстық сезімін өлеңмен өрнектейді. Мысалы, «Тәуелсіздік» өлеңінде:

...Бейбіт күн бе едің еліме,
Бұлт шалмаған аспанын?
Арманы ма едің елімнің
Жетіп бір тұрған шаққа бұл?
Талайлар тіккен бастарын,
Біледі бүгін жастарым.
Мәңгі орна елдің басына,
Тәуелсіздік ақ таңым! [3,113] –

деп балаң тәуелсіздіктің маңызын айшықтай отырып, оның мәңгі болуын, өміршендігін жырлайды. Талғаттың бұдан да басқа тәуелсіздік бастауында тұрған Ел Президенті – Елбасы мен сол тәуелсіздік жылдарындағы ерекше саяси оқиғалар мен оның атрибуттарын ұлықтайтын «Елбасыға арнау», «ЕҚЫҰ саммиті», «Астана – бас қала», «Азияда – ақ айдын», «Нұр-Отан» секілді де өлеңдері бар.

Туған жер – әрбір адам үшін қымбат ұғым әрі ерекше ыстық сезім тудыратын кеңістік. Қазақ оны «атакүлдік», «атамекен», «ата жұрт» деген секілді сөздермен атап, барлық жерден артық көреді, жоғары қояды. «Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген мәтел де бар. Туған жер ұғымының ауқымы да кең. Өзіңнің дүниеге келген жеріңнен бастап, өткен ортаң, сен өмір сүретін ауыл, қала, аудан, облыстан асып, Ұлы Отанымыз – Қазақстан Республикасы – әрбір қазақ үшін, әрбір қазақстандық үшін туған жер болып табылады. Жас ақындардың туған жер туралы тебіреніспен жазған жырларының да орны бөлек.

Ә.Бимағамбеттің «Қазақстан. Астана», Г.Дәулетбаеваның «Маңғыстау», «Шерқала», Б.Жайлаудың «Маңғыстауым бұл менің», «Оғыландыға барғанда» өлеңдері осындай туған мекенге деген алғаусыз махаббаттан туған.

Г.Дәулетбаева «Каспий – достық теңізі», өлеңінде:

Құрлық, теңіз, орман, тау шырайлана,
Орын тепсе.., шебері Құдай ғана.
Тайқазандай теңізді ортаға алып,
Алқа-қотан жұрт отыр шыр айнала.

...Жалғыз теңіз – ортақ дәу жүрек дейін,

Шаттығыңды шырқайық дір етпей үн.

Татулыққа қосармын соңғы демді

Кетіп бара жатсам да жүдеп кейін [3,107-108], –

деп бірнеше елге ортақ ырыс болған Каспий теңізін жырға қосып толғанады, оның халықтар достығының мекені болғанын мақтаныш тұтып, сол достыққа өзінің де қолдан келгенінше үлес қосқысы келетін перзенттік махаббатын өлеңімен паш етеді.

Б.Жайлау «Әке бейітіні басында» өлеңінде өмірден жас кеткен, алақанының жылуын сезініп үлгерсе де, азамат боп қалыптасуын көре алмай кеткен әкеге деген сағынышын:

Сәттерім де көп сүрінген,

Шарасыздығым білінген,

Бойдағы міндет салмағы

Ауырлап белім бүгілген.

Сын шығар бәлкім бұл маған,

Ол үшін артпан мұң саған.

Көшімді жүре түзетіп,

Күшімді жұмсап шыңдалам [4,29], –

деп әкесіз өмірдің адам жанына салар жарасын ишаралап, өмірдегі әкенің орнын ешбір нәрсе алмастыра алмасын оған деген ыстық сағынышпен өрнектейді. Ол енді бірде әке портретіне қарап, аяулы асыл әкенің жансыз бейнесімен сырласады («Әке портретіне»)

Ал «Мен солдаттың сарқытымын» деген өлеңінде:
Мен соғыстың не екенін бесіктен
Белім шығып, ес кіргеннен есіткем.
Қаһарлана атам ылғи айтушы ед
Неміс жайын біздің елге өшіккен... –
деп соғыс жайын майдангер атасынан естіген әңгімелер арқылы таныс екенін айта келіп:

...Болашаққа жалғайтын ата үмітін,
Орнында бар адамның арты бүтін.
Майданда осы күнді армандаған
Мен өзім сол солдаттың сарқытымын [4,40-41], –
деп түйіндейді. Бұл – ақынның ата-бабалардың ерлік дәстүрін жалғастыруға бекінген перзенттік махаббатының көрінісі.

Жас ақындар жырларында халқымыздың жадына мәңгі өшпес із қалдырған тарихи тұлғалар, ұлт мақтаныштары да асқақ көрініс тапқан. Олардың тарихи еңбектері, ерлік істері мен өнегелі аманаты сол еңбектері мен істерінің ауқымында реалистікпен бейнеленеді. Г.Дәуітбаеваның «Ер Махамбет арысым», «Сүйінғара сыбаға», Б.Жайлаудың «Сармыс батырдың сөзі», С.Құдайбергеннің «Махамбеттің түсі», Ә.Бимағамбеттің «Оғыланды жырлары», «Мұстафа Шоқай неге жылады?», А.Қонарбаевтың «Заңғар тұлға», «Бекет Ата» т.б. өлеңдерінде қазақ тарихында өлмес із қалдырған Махамбет, Сүйінқара, Сармыс батыр, Бекет Ата, Мұстафа Шоқай, Д.Қонаев секілді ұлттың ұлы тұлғаларына деген халықтың сүйіспеншілігі жырланған.

Г.Дәуітбаева «Сүйінғара сыбаға» өлеңінде Адай елінің атақты батыры Сүйінғараның намыскер болмысын, ол туралы аңызда айтылатын «сыбаға» дәстүрін жырға қосса, «Күйініш» балладасында Әбілқайыр ханның өлімі үшін кек қуған Бопайдың төркіндерін бастап келген Шотан батырдың Барақ сұлтаннан кек қайтаруын бейнелейді.

Б.Жайлау «Пір Бекет Ата немесе кедергісіз кеңістік һәм уақыт хақында» атты өлеңінде Пірдің соңы Бекет Атаның қасиеттерін «қажет жерінде әп-сәтте табылатұғын, Қимылы жүйрік жарықтың жылдамдығынан» деп образбен бейнелейді. Таңғы намазын Оғландыдан Мекке, Хиуаға барып оқитын Атаның қасиетіне бас иеді:

Тарихаттың ол көрген астар түбін шын,
Шариғаттың меңгерген асқар шыңын тым.
Мағрифат пен Ақиқат әлемін кезген
Өлшеп берген Рухтың шапшаңдығын кім?

Ілім жолында арнаған сауғаға жанын,
Әруағыңнан айналдым, уа, Пәруана Ғалым!
Тылысымы терең танымың – мен білсем, Ата,
Пірдің соңы Өзің мен Аллаға мәлім! [1,187].

Жастықтың жалынды жыры – ол, әрине, жастық шақ, махаббат сезімінің де жастар шығармашылығында елеулі орын алуы заңды. Бұл тақырыпта өлең жазбайтын ақын жоқ деуге болады. Әйтсе де, әр ақынның махаббат пен достықты түсінуі мен қабылдауы, бағалауы мен қадір-қасиетін жырлау мәнері өзіндік ерекшелігімен көрініп отырады. Мысалы, А.Жаңбырбай:

...Сен кешігіп жанғансың жұлдызымдай,
Тұрмайтынын білсең де түн бұзылмай.
Сен кешігіп жазылдың мұңды жырдай,
Ақын болып кеттік қой сырды жырлай [1,72], –
деп кешіккен махаббаттың жайын, жүрекке жүк түсірген сезім ғаламатын ақындықтың күдіретімен ұштастырса, Ж.Демесін:
... Қап-қара мөлдір қараған көздер-ай ғажап,
Қаралық керек сияқты қолаң шашыңа.

Отырмын сұлу бейненді көзбен аймалап,
Жете алмай, әттең, қасыңа [1,84], –
деп ғашығының сұлу бейнесін суреттей отырып, жанына жақындай алмаған сағынышымен өрнектейді, ал Ф.Мұсаев:

Тау жолықпай таумен ғана өтеді,
Тағдыр жазса, бақыт іздеп жетеді.
Жолығармыз, кім біледі, біз мүмкін,
Рас болса жер дөңгелек екені [1,144], –

деп армандаған қиялындағы ғашығымен кездесеріне сенім білдіреді. Бұл жыр жолдарының қай-қайсысы да жас жүректің ғашық жанға деген іңкәр сезімін алғаусыз адалдықпен, арманшыл албырттықпен бейнелеуде өлеңге өзінше өрім жасауға тырысуымен құнды. Жас көңілдің осынау кіршіксіз сезімдерін жырлауда ақындар өзіндік жол іздейді.

Бір көңіл бөлетін жағдай – жас ақындардың қай-қайсысы да поэзия тақырыбын ескерусіз қалдырмай, қайта көбінесе өлең құдіретін, поэзияға құштарлығын қашан да жырлап отыратыны. Шынында да, шын ақын болу – поэзияға деген адалдықты сезінуден басталса керек. Өйткені, олар өлеңді өнер деп қана емес, жаратылыстан бітетін ерекше қабілет, сондықтан оны ерекше қадірлеп, тәңірдей табынып қана музаға жақын бола аласың, сондықтан поэзияға адал болу парыз деп біледі.

Гүлсім Дүйсенбаеваның «Өлеңнен сұра» деген туындысында бұл маңызды жайды: Поэзия!

Ақ патшам арымайтын,
Күш бар сенде атасын танымайтын.
Ақын деген – өлеңнің құлы ғана,
Өмір бойы жетпейтін, жарымайтын.
Мен – Өлеңмін!
Өмірмін. Мәңгілікпін.

Суына да батпадым сорқұдықтың.
Менде зары, мұңы бар Бозінгеннің,
Менде сазы, үні бар сал жігіттің [3,117], –

деп өлеңнің құдіретін мойындап, оны тірліктегі барлық рухани құндылықтың басына қояды және поэзияның ақын жанымен егіз екенін, халықтың барлық мұң-зары мен тарих-талайын бойына жинайтынын ерекше екпін, жоғары пафоспен жырлайды.

Г.Дәулетбаева «Қоңыр өлең», «Жыр дәуір», «Жырым – менің жан айнама», «Қаламға табыну» өлеңдері де поэзия тақырыбына арналған. Оларда ақын мен өлең егіз ұғым ретінде сипатталып, ақынның өлеңмен ұдайы сырласып отыратыны, екеуінің сыры мен мұңының астасып жататыны әдемі бейнеленеді. Мысалы, «Қаламға табыну» өлеңінде:

Көңілге кірлі жат салмақ толып,
Күлуге мүлде жарамай барам.
Жүректің шерін ақтармақ болып,
Ұстадым сені, қарағай қалам [3,59], –

деп көңілдің қандай мұңды-сырлы кезінде де, қуаныш пен қайғының жайын толғап, жүректің сырын ақтару үшін ақынға ең жақын нәрсе – осы өлең екенін, сондықтан оған адал болатынын айтып, қаламға серт бергендей болады.

Ақындық шығармашалықта лирикалық кейіпкердің орны мен маңызы ерекше болады. Өлеңде өз атынан сөйлеуші кейіпкер – негізінен осы лирикалық кейіпкер ретінде оқырманымен сырласады, өзінің ішкі ғаламындағы жан сырын жайып салады. Г.В.Гегель айтқандай: «Бейнеленетін нысанаға (объектіге) суреткердің шынайы субъективтік қызығушылығының бір қыры – оның өзін танытқысы келуі. Оған дайын күйіндегі шығармадан гөрі жаңадан туатын субъект арқылы өзін-өзі танытатын шығарма жазу артық» [5,50].

Ақындар заман мен қоғам жайлы жыр толғағанда, осылайша өз атынан сөйлегенмен, В.Г.Белинский айтқандай, «ақын өзі туралы айтса да, ол жалпы халықтың атынан сөйлеуге

бейім» [6,234] екенін көреміз. Өйткені, ақынның толғайтыны – жеке өзінің ғана емес, жалпы қоғамның жайы, адамдардың тағдыры. Сондықтан маңғыстаулық жас ақындар да қоғамның бүгінгі жайын, түрлі проблемаларды жырлаудан жалығар емес.

Г.Дәулетбаева «Маңғыстауға мұң шағу» өлеңінде:

Ей, Маңғыстау!

Сенде тудым – бұл мәңгілік мәртебем,

Меншігімдей көрінеді әр төбең.

Жүрегімнің жыр-қауызын жарғызып,

Дәл өзіндей туса деп ем мәрт өлең! –

деген туған өлкеге деген перзенттік махаббатын поэзияға іңкәрлік сезімімен сабақтастыра бастайды да, Маңғыстаудың қазіргі жайын – дархан даланың ен байлығының қызығын жергілікті тұрғындарына бұйырмай, келімсектердің қойны-қонышын толтыра қомағайлана ұрлауына ренішін жеткізіп, туған даласына мұң шағады:

Сырбаз ойым ыңырсиды сетінеп,

Сенен басқа болсын менде не тілек.

Ақ төсіңнен майлады ұртын өзгелер,

Мен дегенің – сенен туған жетімек.

...Бауырыңа келімсектер таласар,

Өле кетсем, – жоқ қимасым санасар.

«Тірлігінде жылымады бойы» деп,

Бір-ақ уыс топырағыңмен жаба сал [3,116], –

деп элегиялық-мұңды әуенмен аяқтайды.

Тәуелсіздік жылдарындағы жас ақындарымыздың ерекше ұлықтап, құрметпен жырлаған тақырыптарының бірі – халқымыздың ана тілі, салт-дәстүрі. Бұл тақырыптың аса жылылықпен аталып, жоғары көтере жырлануының өзіндік себептері бар. Өйткені, кешегі кеңестік кезеңде орыстан басқа аз халықтардың тарихы мансұқталып, олардың тілі мен діні, салт-дәстүрі құрметтелмей, қайта ұмыттыруға тырысқаны белгілі. Тәуелсіздік алғаннан кейін әр ұлт өзінің өткеніне көз жіберіп, ұлт болып қалу үшін өзінің тарихын біліп, ана тілі мен салт-дәстүрін сақтап, дамыту керектігін түсініп, сол мақсатта әрекет ете бастады. Рухани саладағы барлық бірінші кезектегі іс-шаралар осы мәселеге бағытталды. Мұны жас талапкерлер де жақсы ұғынып, балғын таланттарын осы мәселеге арнауы заңды.

Әр халықтың тарихы мен шежіресі – ата-бабадан келе жатқан тарихи оқиғалар мен жөн-жоралардың жиынтығы, ал әдет-ғұрып пен салт-дәстүр – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған озық тәжірибелері мен өнегелі істерінің қорытылған нәтижесі болса, ана тілі – солардың бәрін біздің ұрпаққа жеткізіп келген және өткеніміз бен келешегімізді жалғастыратын халқымыздың қарым-қатынас құралы. Ұлт боп ұйысу үшін осы негіздердің маңыздылығы әрбір саналы ұлт өкілі үшін түсінікті болуы керек. Мұның маңызын жас ақындарымыз өздерінше әр қырынан жырлап келеді.

Жастар шығармашылығынан табиғат лирикасының да жақсы үлгілерін кездестіреміз. Табиғат ананың сан түрленген көркі мен оның адам жанына түсірген әсерін А.Орынбасаров «Таңғы жыңбыр» өлеңінде:

Барлық асқар мәртебеден биік бұл,

Құба таңмен Алла нұрын құйып тұр.

Бүкіл дала дыбысына жаңбырдың,

Қалған дерсің құлақ салып, тынып бір.., –

деп суреттесе, А.Алтай «Қарсыз қыс» өлеңінде:

...Қарсыз қыс көңілсіздеу,

Көшені тұман бүркеп.

Жүрек те сенімсіздеу,

Жүдеткен мұнар күн кеп.., –

деп психологиялық параллелизммен өрнектейді. Ал А.Жаңбырбай да «Биылғы күз» өлеңінде:

Биылғы күз түскендей ақырғы рет,
Жек көрмей жүр біреулер ақылды боп.
Өткен-кеткен бейуақыт еске түсіп,
Неге қинай береді-ай ақынды кеп, –

деп, суық күздің сұрықсыз кейпін ақынның алабұртқан жабырқау күйімен байланыстырады. Бұл авторлардың бәрі де негізінен табиғат көрінісін жалаң суреттеуден гөрі, оны лирикалық кейіпкердің көңіл-күйімен сабақтастыра қарастырып, адам мен табиғат қосарынан ойға мұң мен сыр жүктейтін параллель іздейтінін аңғарамыз. Бұл да ақындарымыздың барлық көріністер мен құбылыстарға жіті назар аударып, жаратылыстан сыр іздейтін елгезек көңілін аңғартса керек.

Дәстүрлі дамып келе жатқан қазақ лирикасын түрлік, мазмұндық және көркемдік тұрғыдан ілгерілетіп жүрген қазіргі ақындардың тәжірибесіндегі оң өзгерістер мен тың жаңалықтар жастарымыздың көңілін аударып, солардан үйреніп келе жатқанын айтуымыз керек. Қазіргі поэзиямыздағы Е.Раушанов, Ж.Бедешов, С.Адай, С.Нұржан, Т.Әбдікәкімов, Ғ.Жайлыбай, Ғ.Салықбай, Ж.Әскербекқызы секілді ақындар мен олардың өкшесін басып, сақа болып қалған Р.Қосбармақ, А.Елгезек, Қ.Сарин, М.Райымбекұлы, Б.Беделхан, С.Әбенев т.б. шығармашылығы маңғыстаулық жас ақындарға оң ықпалын тигізіп келе жатқаны қуантады. Жинақтап айтқанда, қазіргі поэзиямыздағы жас ақындардың көтерген тақырыптары сан қилы: олар адам баласына тән ең жақын жандары мен құбылыстарға мән береді, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлықтайды, сұлулық пен поэзияның алдында адалдық танытады, заманы мен қоғамына назар аударады, мәңгілік мәселелердің қай-қайсысы да оларға жат емес. Солардың бәріне өзінше үн қосып, поэзияның сырлы да тылсым күдіретімен баршасын құшағына сыйғызып, құлашын кең жайып, сөз күдіретімен жырлауға ұмтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау мақамдары. Маңғыстау облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы. Дәстүр, 2013.
2. Абай дәстүрі және тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ лирикасы // Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы. Арда, 2009.
3. Жастар жырлайды. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. – Алматы. ҚАЗАқпарат, 2013.
4. Жайлау Б. Кедергісіз кеңістік. – Алматы. Нұрлы әлем, 2010.
5. Жармұхамедов М. Сарбаз поэзия. – Алматы. Қазақстан, 1981.

ӘОЖ 82-1/-9

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ САҚТАУ

Жеткізгенова Ә. Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының Тәуелсіз мемлекет болу жолындағы Алаш қайраткерлерінің тарихи-тағлымдық қызметіне талдау жасалады.

Түйін сөздер: Тәуелсіздік, Алаш қайраткерлері, рухани жаңғыру, азаттық идеясы, мемлекеттік мәртебе.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз,

әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деп рухани жаңғыру қағидаттарын генетикалық негізімізді сақтай отырып, ұлттық санамыздың аясында саралау арқылы мемлекетіміздің іргесін бекітіп, рухын асқақтатындығын атап көрсеткен болатын.

Аталмыш мақаланың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші бөлімінде «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деген тұжырымы Алаш арыстары арман еткен ұлт тәуелсіздігін сақтау мен алдыңғы қатарлы ел сапына қосылу үлгілеріне қосқан мәдени, рухани құндылықтар туралы ойлы пікірлерімен астасып жатыр.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде саяси тұрғыдан шыңдала түсіп, ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп ширыққын Алаш азаматтарының арман-тілегін жұптаған ұлттық идея жарыққа шыққан болатын. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігі жоғарылығын бүкіл жан-дүниесімен, сана-сезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек етті.

Еліміздің осы бір алмағайып тұсының айтулы кезеңіндегі Алаш арыстарының жан аямай еткен елеулі еңбектерінің маңызы жөнінде елбасымыз Н.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, айқын да ашық көрсетті.

Алаш зиялылары азаттық идеяларымен толыққанды дәрежеде ұлт мүддесіне қызмет ету мақсатында алмағайып уақытқа қарамастан, сол кезеңдік руханият мәселелерін күн тәртібінен түсірмей, көпшілікті ақпараттандыру мәселесін мерзімдік баспасөздер арқылы жүзеге асырып, рухани құндылықтарын сақтап қалуға, дәстүрлі желі сабақтастығын үзбеуге үздіксіз қызмет еткені белгілі.

«Алашорда үкіметінің іс қимылдары қазақ халқының саяси жағынан да, білім-ілім жағынан да, мәдени-әдеби жағынан да өзін-өзі басқара алатын әлеуетті ұлт екендігін байқатты. Ел басқарудың, ғылыми мектеп қалыптастырудың, әскер жасақтаудың, шаруашылық жүргізудің, өнер игерудің үлгілерін көрсетті. Қозғалыс тұсында қазақ қазақ зиялыларының бірнеше толқыны қалыптасты. 1920 ж. 5 наурызында Әскери-революциялық комитет Алашорданы таратуға арнайы шешім қабылдағанға дейін Алаш қозғалысы ұлт-азаттық қозғалыс ретінде біртұтас мақсатты саяси, әлеуметтік, мәдени үдеріс болды. Қазақ мемлекетін құру сәтсіздікке ұшырағанымен, Алаш қозғалысының азаттық идеялары, мәдени, ғылыми басқа да дәстүрлері кеңестік жылдардың өзінде қазақ қоғамында өмір сүріп жатты. Осы ұлттық тарихымыздағы ең ірі, ең ұзақ, ұлт-азаттық қозғалыс мұраттары тәуелсіздік жылында қайтадан жаңғырды».

Қазақ халқының мемлекет мәртебесін алып, тәуелсіз түрде салтанатты көш түзеу бақытына ие болғандығы арқасында, халқымыздың ұлттық құндылықтарын шынайы

тарихи танымда танып білу мүмкіндігі айқындалды. Алаштануға қатысты келелі ой түзіп, салиқалы пікір айтқызып, түйінді тұжырымдар жасататын мәселелер қозғалып, талқыға түсіп, өзектілігі айқындалып, ғылыми айналымға енгізілді. Алаштық идея, алаштық таным деген тіркестер ұлтын сүйген жанның көкейіне мықтап түйіліп, жүрек төріне тұрақты орнықты. «Алты алаштың баласымыз...» делінетін жолдар тек жаттанды, ұйқастық мағынамен емес, әрбір қазақтың санасында сайрап тұрған ұлттық ұғым болып қалыптасты.

Елім, жерім, отаным деп ұлт болашағын байыпты бағамдап, ел келешегін бүтіндікпен, бейбітшілікпен ойлаған әрбір қазақ азаматының жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен ойдың Алаш идеясы екендігіне толық мойын бұрдық.

Қазақ идеологиясы үшін темірқазық болып келетін «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» - деген ұранға лайық қасиет, киесі жоғары қастерлі сөздің бағасы артты, айрықша құрметпен аталды. Сондықтан ұлтымыздың тұтастығын сақтауға ұлттық сананың негізі болып тұрған Алаштық идея қазіргі таңда ел тарихына, ел ертеңіне, қазақ халқының рухани байлығының өшпей, өркендей түсуіне қызмет етуін тоқтатқан емес. Ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өміршендігін жоғалтпай, соқпақ жолдан сарабал ойларға негіз бола сара жолға түскен Алаш идеясының жарқын бір көрінісі елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында сабақтастық жалғай, тін таратқанын айтуға болады.

Алаш қайраткерлері туған халқының отаршылық езгіге қарсы тұра алатын қабілет-қарымын ашуда олардың саяси санасын, құқықтық сауатын ашпаса, өзге ел қатарынан қалып қоятындықтарын саналы түрде ұғына отырып, қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіріп, мәдениеті мен руханиятын дамыту қажеттігін өздері тамаша түсіне алған және айналасындағыларға осы мәселені өзекті етіп түсіндіре алған зиялы қауым еді. Олардың қай-қайсысы да ел руханиятының назардан тыс қалмауы жолында қазақ халқының мәдени, әдеби бай мұраларын жете зерделей отырып, насихаттау, таныстыру жұмыстарын жандандыра жүргізген еді. Туған елінің, сол елді атамекен еткен қазақ халқының рухани кеңістігінің тар шеңберде қалып қоймай, дамып, жетіліп, өзге жұрттың да жетістігі бар жетелі дүниелерінен таныстығы болғанын қалап, озық еңбектерін қазақ тіліне тіліне аударып, халқына пайдасы тиер тұстарын қармап, шығармашылық табысы мол жұмыстар атқарды.

Осы орайда алаш руханияты көсемдерінің қазақ жерінде ұлттық идеяны ұстану жолынан айнымай, ақ жол, адал қадаммен алда жүруі жөнінде Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққан, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп атап көрсеткен болатын [2].

Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев алаш идеясының маңызын оның халықтығында, бай руханиятында екенін: «Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршендік сипатын айғақтайды.

Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [3] деп түйінді ой айтқан болатын.

Міне, ғалым нұсқаған өміршең идея тудырып, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығын саралаған, ұлттың өмір сүру концепциясын айқындаған Алаш арыстарының армандарын асқақтата жалғап, қазіргі таңдағы осы өзектілікті нақтырақ айқындауға жол ашып, бағыт-бағдар беріп отырған елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ой өрімдерімен тығыз байланыса сабақтасатындығына қапысыз көз жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999.
3. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде», «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Семей, 2008.

ӘОЖ 82-1/-9

Ә.КЕКІЛБАЕВ КӨСЕМСӨЗДЕРІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Отарова А.Н.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жазушы Ә.Кекілбаев публицистикасындағы тәуелсіздік идеясы сөз болады. Жазушы шығармаларындағы адам концепциясы, рухани ізденістердің жемістері, қоғам проблемалары, қоғамдық сана, әдебиет пен мәдениетті саясаттандыру, электронды революция сияқты өзекті мәселелер талданады.

Түйін сөздер: Кекілбаев, көсемсөз, адам концепциясы, рухани ізденістер, өзекті проблемалар, қоғамдық сана, әдебиет, мәдениет, саясаттандыру.

Қазақ публицистикасының тарихы сонау ХІХ ғасырдың екінші жартысынан – Шоқан, Ыбырай, Абай шығармашылығынан басталады десек, оның дәстүрлі жалғастығының арқауы күні бүгінге дейін үзілмей, қайта жаңа заман үрдісіне сай жаңарып, түрленіп отырғандығы шындық. Бірақ, қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдарына бүгінгідей тәуелсіздік көзқарасынан қарайтын болсақ, оның түп-тамырының тым әріде жатқандығы байқалады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында өз ойын: «Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» [1, 2 б.], – деп білдірген болатын.

Өрине, қазақ журналистикасын, оның ішінде публицистика жанрларын қалыптастырып, дамытуда өзіндік үлес қосып, сондарына мол рухани мұра қалдырған жеке тұлғалар баршылық.

Қазақ журналистикасының өсіп, өркендеп нығаюына айтарлықтай өзіндік үлес қосқан, публицистика мен проза дәрежесін биікке көтеріп, бүгінгідей егемендік еркіндігіне үн қосқан суреткердің бірі – Қазақстан халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә.Кекілбаев.

Бұл орайда әдебиетке келуінің алғашқы баспалдағын журналистикадан бастаған кейін хабарлама, репортаж, фельетон, көкейкесті тақырыпты көтерген очерктер, проблемалық мәселелерді қамтыған ойлы мақалалар, естелік-эсселер, жолсапар очерктеріне дейін жазып, публицистиканың барлық жанрына қалам тартқан жазушы деп бағалауымызға әбден болады. Ол өз публицистикасында қоғамдағы мәселелерге, адамдардың сана-сезіміндегі психологиялық кемшіліктерге назар аударады. Сондықтан да оның публицистикасындағы сын-мақалалары мен очерктері ең алдымен адамдардың іс-әрекетіндегі, ішкі дүниесіндегі проблемаларға арналған. Ал, оның туындыларынан халықтың тіршілік-тынысына, болашағына көз салып, байыптаған публицистің қоғамдық-саяси көзқарасын көруге болады. Ә.Кекілбаев қамтыған тақырып сан алуан: тәуелсіздік толғанысы, азаттық идеясы, ұлттық салт-дәстүр, тіл, қарапайым еңбек адамдарының бейнесі, ел басқарған адамдардың игі істері т.б.

Ә.Кекілбаев публицист ретінде жоғарыда аталған тақырыптардың барлығын қамтып, өзінің шығармашылығына арқау ете білді. Бұл жерде публицистика деген пікірге теориялық жағынан тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз. Қазақтың белгілі әдебиетшісі Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөз туралы берген анықтамасына назар аударсақ, ол: «Көсемсөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауызша айтылады, көсемсөз жазумен айтылады. Көсемсөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсемсөз деп аталады. Көсемсөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады»– деп маңызды мәселенің түйінін шешіп берген.

Оның көркем очерктерінің негізіне қарапайым қазақ аулының адамдарының тұрмыс-тіршілігі, өмір шындығы, адамдар арасындағы әралуан қарым-қатынастар, бауырмалдық жарқын қасиеттер, адамгершілік биік парасат, өзгеріске толы өмір суреттері арқау болады.

Ә. Кекілбайдың «Ұйқыдағы арудың оянуы» [2,194] деп аталатын нақты деректерге сүйене отырып жазған, аты аңызға айналған өлке Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, келешегі жайында сыр шерткен кітабы бар. Осы кітаптың алғашқы очеркінің басты кейіпкері – жазушының өзі мен анасы. Автордың туған жер, туған топырақ, кіндік қан тамған жер деген ұғымдарға көзқарасы, осы ұлы сезімдерді қалай түсінетінін очеркші әдемі толғайды. Бұл көркем очерк таза автордың нәзік көңіл-күймен жазылып, сезім әсерінен суарылған. Балалық шақтағы сол бір оқиға туралы ойлары лирикалық кейіпкер автордың өз көзімен қаралып суреттелген және бастан кешкен осы бір кішкентай оқиғадан автор көңіл-күй әсерлерінен желі туғызып отырған. Сол жылы жетіге келген кейіпкер сол күннен бастап қара нардай мығым жерге зер сала қарайтынды шығарып, жердің жұмбағын ұғынуға, құпиясын ашуға талпынуды сол күннен бастағанын келісті әңгімелейді.

Осымәселе төңірегінде ғалым Бақытжан Майтановтың мына пікірі орынды: «...көп жағдайда жазушының ішкі сезім толғаныстары туған жер, өскен орта тіршілігімен бетпелі ұшырасу сәттерінде ауыл тұрмысы, бір кездегі балалық шағы қалған аяулы мекен жайлы жан-жақты көңіл-күй әуендерін толғайтын қазақ прозаиктерінің де қалыс қалар реті жоқ» [2,190]. «Осы призма арқылы суреткер Кекілбайұлы, ең бастысы, тағдырлар философиясынан алуан тұрғыдан мейлінше саралап көрсетеді. Сондықтан шығар, тарих пен бүгінгі күннің өзіне тән философиясы әрқашан көркемдік философияға айналып кетеді. Оның үстіне Тағдырлар философиясы – көркемдік философияға, ал өркем философия – тағдырлар философиясына айналып жатады» - дейді сыншы Сайлаубек Жұмабек [4].

Расында да Әбіш Кекілбайұлының қай көркем очеркіне зер салсақ та байқалатыны өзіне тән философиялық өрнегі мен тарихи өрімі қатар жүреді. Тарих та, бүгінгі күн де – тіршіліктің тартыс аренасы. Мұның өзі суреткер Әбіш туындылары үшін тиек боларлық көркемдік фон,көркемдік декорация ғана. Ал, шығармаларының басты өзегі – тарих философиясы.Дүние дидарындағы болып жатқан құбылыстардың бәрін де тарихи сана тұрғысынан саралайды.

Қаламгердің тәуелсіздік жылдарында жазғандарындағы қамтылған тақырыптар адам концепциясы («Сайранқұмарлық санаға тұсау»), Жер тарихы («Бағзы мен бақиды

жалғастырар сара жол», тарихи сана («Во имя веры в будущее человечества и цивилизации», «Упрямство памяти», «Өз еңсемізді өзіміз жықпайық») этнология («Тіл және тәуелсіздік»), ұлттар табиғаты («Ортақ үйдің түтіні түзу ұшсын»), дәстүр («Дәстүр мен дәуір»), ұлттық сана («бір қазақтың баласымыз», «Әуезов туралы сөз», «Ұя мен жебе»), ұлттық даму («Тіл және тәуелсіздік»), экология («Айналаң – аялы алтын бесігің»), т.б. бар.

Ә.Кекілбаев адам концепциясы, рухани ізденістердің жемістері, қоғам проблемалары, қоғамдық сана, әдебиет пен мәдениетті саясаттандыру, электронды революция сияқты өзекті мәселелерге «Сайранқұмарлық санаға тұсау» атты философиялық ой-толғамдарға толы көркем очеркінде жан-жақты тоқтала отырып, кең пайымдаулар жасайды. Әсіресе, автордың телевизор экраныныңқаншалықты зиян әкеліп отырғандығы туралы ой-пікірлері орынды: «Тұтынушы қоғам идеологтары экран арқылы тарайтын «мәдениет» жұрнақтары сол тасып болмаған санасына орасан зор информация мен әр алуан көріністерді боратқан үстіне боратып, оның көкірегінен ата-аналары, жанашыр ағайын-тумалары, ойда жоқта оқып қойған әдеби кітаптары мен мектептегі ұстаздары құлағына құйып баққан «мәдениеттің ежелгі» дәстүрлеріне тән моралистік уағыздардың бәрін қуып шықпақтың аса күрделі стратегиясын жасақтап шығарды» [3,17], - деп ой қорытқан қаламгер телевизор экраны, адамзаттыңкөп ғасырлық әлеуметтік, рухани тәжірибесінің бәрін айырбастай алмайтынын, теледидар экранындағы жүйесіздік рухани әлсіреуге әкелетінін болжаған очеркші рухани кемелдік, биік сананың қалыптасуын тежейтін де осы теледидар екенін ашық дәлелдейді.

«А. Кекильбаев – один из интереснейших самобытных писателей современности. Его произведения отличаются неповторимостью художественного рисунка, емкостью содержания. В них удивительным образом сочетаются лирическое и философское начала» [4,326]. Бұл очерктегі биік талғамсыз парасат болмайтындығы жайында автордың философиялық түйініпарасат пен пайымды азаматтық сана мен рухани мәдениет болған жерден ғана іздеу керек екенін баса көрсетеді. «Бағзы мен бақиды жалғастырар сара жол» лирика-философиялық көркем очеркі көлемді, көтерген проблемасы да ауқымды, тарихи-мәдени мұраның кешегісі мен бүгінін салыстыра келе, ертеңін де болжаған үздік шығарма. Бұл очерктің негізгі идеясы – мұрагер болып үйренуге шақыру, күрескерлікке, жасампаздыққа қол жеткізген де ғана қай халық болсын өз мұратына жететіні жайында.Қазақ мәдениетінің тарихы, ұлт тарихы, мемлекет, қоғам тарихы екенін очеркші философиялық толғамдарымен түсіндіре отырып, өсімдік, жануарлар дүниесі де адамзаттың бір бөлігі екенін, оны Адамның ұмытпауын тілеген автор бүкіл планета тағдыры мен адамдар тағдыры бірлікте, бір-бірінен бөлуіне болмайтынын жан-жақты дәлелдеп, қатар дамыған елдер мәдениетін салыстырған тұстарының танымдық қасиеті жан-жақты көрініс тапқан. Әр елдердегі мәдениет, тарих, әдебиет дамуын шымыр да шыншыл кескіндеген очеркші жаны рухани таза ұрпақты тәрбиелеудің, адамгершілігі мол азамат өсіру үшін де кешегі, бүгінгі рухани мұрамызды дұрыс жеткізгенде ғана ертеңгі күні аңдатқан. «Айналаң – алтын бесігің» атты лирика-философиялық очеркі мынадай лирикалық шнтініспен басталады: «Жылдар шіркін құба жонның құланындай зымырап өтіп барады. Арман сабаздың көбейе түспесе, азая түсер түрі жоқ. Абай айтқан «сағаттың шықылдағы» да бұрынғыдан гөрі жиірек соғып, қаттырақ естілетіндей. «Алдағы жолың, арттағы жолыңнан аз болмаса, көп емес», деп үсті-үстіне қайталап тұрғандай» [3,69], - дей келе, өзіңнің байыз таба алмаған көңілін, алаңдаушылығын білдірген автор бақыттың соғыстан кейін де дұшпаны көп болатыны жайлы ой толғайды. Қазақстанның көп қалаларының экологиялық жағдайына шын алаңдаушылық білдірген публицист көп дерек, фактілерге сүйене отырып, күллі ұлттың бүкіл интеллектуальдық потенциалы жиылған, ғылыми-әлеуметтік ортаның шоғырланған астасындағы экологиялық жағдайына алаңдаушылық білдіріп, басқа аймақтардың қарқ болып тұрмағанын да қатты сынап өткен. Республиканың он пайыздай жерінде таулы аймақтарда кен,түсті металлургия, химия өндірістері орналасқаны, суды сұраусыз пайдаланатын қазақтың, жерді де бей-берекетсіз құнарсыздандырып жатқандығын автор философиялық толымды пайымдаулар арқылы

жеткізеді. Экологиялық жағдайсыздық жайында сөз болса, тек Арал, Балқаш, Дегелең ғана айзға алынатыны, Шымкент, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарының да табиғатына апат төніп, халқының өмірі қысқарып, өлім атаулы жиілеп бара жатқанын ашына жазған публицист адам тағдыры, адамның болмыс, ажал алдындағы шарасыздығына назар аударуды ұсынады. Әбіш Кекілбайдың бұл көркем очеркін: «Ал ендігі жерде өз бауырымыздан шыққан бүлдіршіндерден басталатын болашақ адамзаттың бақыты жолында бел шешіп, білек сыбанып күресуге тұратындай жалғыз майдан осы. Жарастықты өмір, сау-саламат тіршілік жолындағы күрес. Өйткені, айналаң – аялы алтын бесігің. Бесігін ардақ тұтпаған береке қайтып таппақшы?!» [3,79], - деп логикалық тиянақтылық табатын соңғы шешіммен аяқтайды. Ә. Кекілбаев тілдің халық тарихындағы, ел санасындағы айрықша орнын, мемлекеттік орнықтырудағы рөлін айшықтап ашып беруімен де мәдениеттануға үлес қоса алды. Кешегі кеңестік кезеңнің өзінде «тілдер тең құқылығы сақталмай тұрып, ұлттар теңқұқылығы сақталмайтындығын» айтқан, «халықтардың мәдени ерекшелігін белгілейтін ең қуатты тарихи, психологиялық, тілдік – үш фактордың ішіндегі ең айқын көзге түсетіні де – тіл. Сондықтан да, отаршылдықтыңқай заманда да ең алдымен сол үшеуін, әсіресе тілді ерекше нысанаға алған»деп жазған, «Тіл теңдігі жоқ жерде әлеуметтік әділеттік орнайды дегенге өз басым сене алмаймын. Бұл төңіректегі әңгімеден тіксінетіндер – жаңа бетбұрыстың өзінен тіксінетіндер. Ондайлардың көкейін тескен қызыл құрттың не екені де белгілі. Мансаптан айырылып қалмау. Бұрын бір тіл біліп-ақ өңгеріп жүре беретін портфельді енді екі тіл білмесең, бермей қоя ма деген қорқыныш» деп шамырыққан қаламгер тәуелсіздік таңы атқан тұста шиыршық атып, ширығып шықты, тілдің болашағын ұлттыңболашағымен, тілдің дамуын ұлттың дамуымен өзектестіре қарады, бұл өзектестік бір ұлттың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани тәжірибесінің түп бастау қайнарына барып тірелетінін көрсетті. «Түптеп келгенде, ана тілдіңді құрметтеу – басқалардан артық тұрудың құралы емес, туған анаң мен атаңды сйлағаның сияқты өз халқың мен мәдениетіңді қалтықсыз қадірлеудің басты қағидасы болуға тиісті», деп қадап айтты. Тіл тағдыры таразыға түсіп, тар кезеңге тірелген шақта Әбіш Кекілбаевтың депутат болмаса да Парламент мінберіне көтеріліп, сондағы өзге ұлт өкілдеріне: «Немене, кеше ел басына күн туғанда, тар үйімізден орын ығысып, төрімізді ұсынғанда, тартыңқы дастарқанымызды алдарыңызға жайып, жарты күлшемізді ауыздарыңызға ұстағанда, біз күндердің күнінде, бүгіндей демократия орнатып кемелденеміз деп жатқан заманда, өз үйімізде де өз тілімізде сөйлеу үшін мына сіздерден бүйтіп жылап тұрып рұқсат сұраймыз ғой деп ойлап па едік?!» - дегенін біз еш уақытта ұмытпауға тиіспіз. Публицистің бұл мақаласы тұтас бір қоғамдық кезіңнің айнасы бола алған. Өткеннің сабақтарынан үйренуге де бастайды. Бүгінгі өмір шындықтарынан да дәйектер келтіреді. Болашақ туралы батыл болжамдар да бар. Өткен кеңестік дәуірдің өзінде тәуелсіздікке, теңдікке, еркіндікке деген ұмтылысы жазушылық, журналистік творчествосынан басым орын алған қаламгердің көсемсөздерінен Отанға, тіл мен дінге деген махаббаты, мейірім, шарапаты айқын сезіледі. Тәуелсіздіктің алғаш жылдарынан бастап-ақ саясат, тіл, дін тақырыптарына арнап жазылған қадау-қадау іргелі проблемалық көсемсөздерінің тарихи ролі қашан да зор болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбайұлы Ә. «Он екі томдық шығармалар жинағы». - Алматы: Өлке, -Т.7.-1999.
2. Майтанов Б. Лиризм-стильдік құбылыс. Көркемдік кілті-шеберлік. - Алматы: Ғылым, 1985.
3. Ә. Кекілбаев. «Заманмен сұхбат». - Алматы: Жазушы, 1996.
4. Ахметовтың әдеби мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері атты РҒТК материалдары. - Алматы: Үш қиян, 2003.
5. «Тіл және тәуелсіздік» жинағы А.: «Ер – Дәулет», 2007

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ақбердыева Б.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада танымал мифолог-ғалым С.Қондыбай еңбектеріндегі адам мен қоғам мәселесі талданған. Автор С.Қондыбай мұраларындағы мәдени, рухани құндылықтардың қазіргі қазақ қоғамы үшін қаншалықты маңызды, өзекті екендігіне назар аудартады.

Түйін сөздер: С.Қондыбай, ұрпақ, руханият, мифология, тупсана, архетиптік символдар.

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуда, әлемдік мәдени құндылықтар негізінде тәрбиелеуде мифолог ғалым Серікбол Қондыбайдың қазақтың тіл санасын, тіл рухын, тілдік мәнін қалпына келтіруге, қайта жаңғыртуға жасаған батыл қадамының жемісі – «Арғы қазақ мифологиясы» атты еңбегінің маңызы орасан зор.

Себебі еліміз тәуелсіздігін алғанына ширек ғасыр толып, халқымыз басынан кешкен зұлматтарда жоғалтып алған, айырылып қала жаздаған ішкі дүниеміздегі «Мәңгі қазақты» тірілтуге, рухани жаңғыруға бет алған мезетте - Серікболдың қазақтың ұлттық құндылықтар дүниесін құрайтын мифологиялық жадысын реконструкциялауға, қазақтың әлемдік мәдениет аренасында алатын үлес салмағын айқындауға бүкіл саналы өмірін сарқа арнаған бұл еңбегі қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие болып отырғандығы жайдан жай болмаса керек.

Гуманитарлық ғылым салаларының арасында іс жүзінде байланыс жоқ, әрқайсысы өз бетімен дамып, өз бетімен өмір сүруде. Жөні дұрыс қоғамда барлығы да керісінше болуы керек еді. Ең сорақысы, ғылыми салалардың барлығының да сүйенер ортақ парадигмасы, басы жоқ. Гуманитарлық ғылым салаларының барлығы да бастапқы ғылым – мифологияға арқа сүйеуі керек, олай болмайынша аталмыш салалардың жүйелі дамуы мүмкін емес - дейді ол [1.26].

Демек, мифология – адам мен табиғат туралы ғылымның қай-қайсысының да күрделі негіздерінің бірі.

Тіл адам санасының материализациялануы болса, онда сананың қоршаған әлемді тану сатыларының алғашқы нүктесі – мифтік ойлау өзінің субстанциясының да бастапқы «нүктесі» болуға тиіс. Сондықтан, тілдік таңбаның тұрпаттық жағынан оның мазмұндық жағына қарай бағытталған лингвистикалық зерттеуден гөрі, алғашқы нүктеден бері қарай, яғни, мифтік ойлаудан тілге, «көрілместің көресіндеріне» қарай зерттеу жүргізуді бастап бергендігі - Серікбол зерттеуінің жасампаздығы болып табылмақ.

Серікбол армандаған, тек жай армандап қана қоймай, оны іс жүзіне асырып, өзі негізін қалап беріп кеткен «қазақтың мифтік-лингвистикалық» мектебінің бүгіні мен ертеңі, даму бағыттары мен зерттеу әдістері ежелгі заман танымының, ақиқатының ақпаратын сақтаған техникалық тіл мифологияның сегіз қырлы, бір сырлы табиғатынан туындап, оның онтологиялық негіздеріне бағындырылуы керек.

Ғасыр басында адамзат қоғамы әлем, дүние, қоршаған орта туралы барлық мағлұмат лингвистикалық каналдар арқылы беріліп, сонда сақталатынына көзін жеткізді. Адам сөз дүниесінде өмір сүреді, орасан зор ақпараттарды адамзат сөз арқылы меңгеріп, сөз арқылы түсіне алады. Серікболдың зерттеу еңбектері мифологиялық сөздікті көзге елестетеді. Бір қарағанда түсініксіз, мағынасы күңгірттенген сөздер Серікболдың баянында кенеттен қайта жаңғырып, көкейіңе қонып шыға келеді.

Адам баласын түпсанадан біріктіріп тұрған мифтік архетиптік символдар адамдардың психо-соматикалық, рухани-танымдық іс-әрекеттерін басқарады. Бірақ, Серікбол мифтік танымның жалпыадамзаттық табиғатын мойындай отыра, мифтің арғықазақтық, дейтүркілік негізін сақтап қалуға, ондағы ұлттық танымдық құндылықтарды барынша жарқыратуға көңіл бөледі. Себебі, дейді ол, әлемдік мифологиялық жүйелердің қаймағы бұзылмай сақталып қалған жалғыз көз - қазақтың ұлттық тілі мен мәдениеті. Біздің тіліміздегі кез келген сөз - символ. Себебі, оның аржағында мифтік мазмұн жатыр.

Әр халықтың, мәдениеттің, діннің өз мифі бар. Тек осы мифтің танымал болу дәрежесі әр халықта әр түрлі. Біреулер оны дамыған күйінде сақтай алса, екіншілері оны сақтай алмаған, ал үшіншілері өздерінің тіліндегі, фольклорындағы, мәдениеті мен өнеріндегі мифті танып, таба алмайды. Өйткені, әр халықтың тарихи тағдыры әр түрлі болып шыққан, сондықтан, мифтік мұраны түсінудің, оның жасырылған шифрларының кілттерін тауып ашудың нәтижелері түрліше болып шығады, дейді Серікбол [1.26].

Расында да ұлттық мәдениеттің кілтін кез келген халық өкілі аша алмайды, ол үшін сол тілде сөйлеп, сол тілде ойлап, сол халықтың топырағында аунап, суын ішіп, ауасымен демалу керек. Себебі, мәдени кодты ашудың кілті сол атрибуттармен тікелей байланысты.

Мифке жеке ілім ретінде көңіл бөлу 18-ші ғасырда өмір сүрген итальяндық философ Дж. Виконың 1725 жылы жарық көрген «Основания новой науки об общей природе нации» деген еңбегінен басталады. Мифтік шығармашылықтың, алғашқы қауым адамының болмыс жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік беретін ерекше тәсілдері көрсетілген мифтер «адамзаттық ақыл-ойы сөздігінің» тұңғыш басылымы деп көрсетеді [2.377].

19-шы ғасырдың екінші жартысында мифологияны қарастырудың негізгі екі бағытын атап өтуге болады. Оны біріншісі - Я.Гримм, А.Кун, В.Шварц, В.Манхардт, М.Мюллер, А.Афанасьев, А.Потебня, т.б. ғалымдар бастаған мектеп. Ол үндіеуропалық салыстырмалы-тарихи тіл білімінің ғылыми жетістіктеріне және үндіеуропалық тілдердегі этимологиялық салыстырулар арқылы көне үндіеуропа мифологиясын реконструкциялауға, жаңғыртуға негізделген. Екіншісі - анропологиялық және эволюционистік мектеп. Оның негізгі өкілдері Э.Тейлор, Э.Ленг, Г.Спенсер сияқты ғалымдар болды. Бұл мектептің негізгі бағыты - салыстырмалы-этнографиялық зерттеулерді адам дамуы туралы ғылыми нәтижелермен тығыз байланыста қарастыру.

20-шы ғасыр басында ағылшын этнографы Б.Малиновский этнографиядағы функционалдық мектептің негізін салды. Осымен байланысты ол мифті символдық, аллегориялық, т.б. мағынаны білдіретін аңыз, әңгіме ғана емес, сонымен бірге әлем мен адам дүниесіне ұласатын ақиқат шындық деп таниды.

Француздың социологиялық мектебі – Э.Дюркгейм, Л.Леви-Брюль, т.б. Ғалымдар мифті әлеуметтік психологиямен бірлікте қарап, тотемдік мифологияны рулық қауымдастықтың алғашқы моделін жасаушысы ретінде көрсетті.

Бұдан кейінгі зерттеулер мифтің мәнінен гөрі, мифологиялық ойлаудың танымдық ерекшеліктерін ашуға бағытталады. Нақтылап айтсақ, мифтің психоаналитикалық концепциясын жасаушылар З.Фрейд, К.Г.Юнг, т.б. ғалымдар адамның психикасындағы құбылыстарды алғашқы қауымдық кезеңнен қалған «архаикалық қалдықтар» немесе «архетиптермен» байланыстырса, мифтің құрылымдық теориясын ұсынған француз этнологы К.Леви-Стросс мифологиялық ойлау ерекшеліктерін негізге ала отырып, мифтің сансыз мағыналық трансформацияға бейім екендігін көрсетеді [3.161-171].

Мифтің символдық теориясының негізін салушылардың бірі – неміс философы Э.Кассирер. Ол мифті тіл мен өнер сияқты мәдениеттің дербес символдық формасы ретінде қарастырады. Оның мифтік символизмі бойынша, айналадағы деректі-сезімдік заттар белгілі бір символдарға, таңбаларға айналу арқылы ғана санаға сіңеді, деректі заттар өздерінің деректілігінен айрылмай-ақ басқа заттар мен құбылыстардың таңбасы бола алады, осылайша мифология өзіндік шешуі бар жұмбаққа айналады [4.66].

Мифологиялық теориялардың барлық түрінің тоғысатын жері – мифтің жасампаздық қасиеті. Неміс психологиялық мектебінің негізін салған ғалым В.Вундт

мифтік танымның осындай ерекше қасиетінің мәнін анықтауды ең басты мәселе етіп қойған болатын. Ол мифтік танымның өміршендігін, оның өз формасын өзгертіп отыру арқылы жалғаса беретін үздіксіз процесс екендігін көрсетеді.

Мифтік сананың адамның дүниетанымына осылай үздіксіз әсерін зерттеу ісін аналитикалық психологияның негізін салған швецариялық ғалым К.Г.Юнг одан әрі дамытады. Оның мифологияны архетиптік образдар арқылы түсіндіретін мына қағидасы өте құнды: «Архетипические образы всегда сопровождали человека, они являются источником мифологии, религии, искусства. По существу, архетипы представляют собой бессознательное содержание, которое изменяется, становясь осознанным и воспринятым; оно претерпевает изменения под влиянием того индивидуального сознания, на поверхности которого оно возникает» [5.120].

Мифтік архетипті реконструкциялау сөздің, тілдің көмегінсіз іске аспайды, сондықтан, мифті қалпына келтіру әрекетіне тілді, байырғы сөзді қалпына келтіру әрекетін қосақтауға тура келеді. Осы екеуі - сөз бен миф – бір-біріне қосақтала, бірін-бірі жетектей жүріп, бір-бірінің жетіспес жерін толықтырады, бір-бірінің қателіктерін түзетеді, осылайша бір-біріне көмектесе жүріп, өздерін өздері қалпына келтіреді, жаңадан, қайтадан тудырады.

Мифтің дүниежүзілік тарихи құбылыс екендігін тану – мифтік бастапқы интуиция (Канттың терминологиясында «синтез первоначального целого») қайдан пайда болды, феноменологиялық жағынан алғаш пайда болғанда қандай мазмұнға ие болды деген мәселелерді анықтаумен қатар жүреді. Серікболда бұл Нұр немесе Құдайы құдірет, Абсолют, ал оның адамдарға, жер бетіне түсірілетін доктринасы Ілкі төр деп аталады.

Яғни, мифтік сананың құрамды бөлшектері де дәл сондай бір-бірімен өте тығыз байланысқан қабатталу, кірігу, біріне-бірі өту, ұласу, тұтасу болып келетін біртұтас танымдық жүйені құрайды, сондықтан оның кез келген бөлігін тек осы жүйенің ішінде қарастыру қажет [6.149].

Жоғарыда тоқталып өткен мифологиялық мектептердің идеялары, сөз жоқ, Серікболдың ізденуіне, оның қиялын шалқытып, батыл шешімдер қабылдауына әсер етті. Бірақ, осы тақырыпқа барудағы оның негізгі мақсаты – тарихи даму тұрғысынан алғанда ғылыми қисындары бар, бірақ бұрмаланып, біржақты түсіндіріліп келген теорияларға жаңаша көзбен қайта қарау.

Серікбол – құбылыс. Құбылыс болғанда, дәл бүгінгі біз өмір сүріп отырған уақытта болмай қалуы, тумай қалуы мүмкін емес, нағыз танымдық қажеттіліктен, рухани шөлдеуден (тарихта мұндай құбылыс «тоска по гению» деген атаумен берілгендігі белгілі) келіп туған құбылыс. Себебі, заман ағымының белгілі бір кезеңі өзінің бойына мыңдаған идеялардың жаңаша трансформациясын жинаған феномен, идеал, дара тұлғаны жарыққа шығарады, ол кенеттен пайда болмайды, аталған қасиеттердің бәрі жинақтала келе, жоғарыдағы Ұғанның (Жаратушының) құдіретімен бір «нүктеге» тоғысып, белгілі бір жан иесіне беріледі, яғни, Серікболды осылай таңбаланған, белгіленген, Жоғары құдіреттің адамдарға жіберген елшісі деп қабылдауға тиіспіз. Оған Серікболдың бірінен-бірі туындайтын (жібек арқанды тарқатқандай есіліп тұрған, бір ұшын ұстасаң өзінен-өзі шешіліп сала беретін) жүйелерінен көруге болады. Мысалы: Нұр, Құдайы құдірет, нокат, көрілмес, көресін, Абақ таңба, шоғым таңба, бинарлық, триадалық жүйелер, елексету, Ілкі төр, Төретам, Не-ме-не, Ң дыбысы (бұл тілші-ғалым Б.Сағындықовта силлабофонема деген терминмен өрнектелген). Бұлар - өзінің тереңіне тартып кететін тылсымдар, жабық жүйелер.

Біз Серікболдың еңбегіне бірден талдау жасаудан гөрі, ең алдымен оны тұтастай қабылдауға, ұғынуға, түйсінуге, не айтқысы келгендігін сезінуге кеңес берер едік. Сонда ғана келесі бір таным деңгейіне Серікболдың түсірген жарық сәулесінің көмегімен өтуге мүмкіндік туады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. Алматы: Дайк-Пресс, 2004.- 512 б.
2. Философский словарь. Москва: Советская энциклопедия, 1983. – 837 с.
3. Мелетинский Е.М. Мифологические теории XX века на Западе. Вопросы философии. №7, 1971.
4. Свасьян К.А. Философия символических форм Э.Кассирера: критический анализ. М., 1989.-237 с.
5. Юнг К.Г. Архетип и символ. Перевод; В. В.Зеленский. - М.: Ренессанс, 1991. -304 с.
6. Давидсон Б. Африканцы: Введение в историю культуры. М.: Наука, 1975.-277с.

ӘОЖ 800

СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ МИФТІК МОДЕЛІ

Ақбердыева Б.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада С.Қондыбай шығармаларындағы «ғаламның мифтік моделі» мәселесі талданады. Ғалам жаратылысы туралы халықтық танымға тілдік деректер негізінде түсінік берілген.

Түйін сөздер: Ғаламның типтік моделі, Серікбол, мифтік ғалам, жер ортасы, жоғарғы рухани орталық, төретап рухани орталық.

«Ғаламның мифтік моделі» мифологиялық ілімдер жүйесінің көрсеткіші болғандықтан, ол белгілі бір когнитивтік аспектіге ие. Бұны дүниенің мифологиялық моделінің төмендегідей мәселелерді қарастыруымен дәлелдеуге болады. Айнала қоршаған дүние дегеніміз не? Ол қалай пайда болады? Дүние қандай бөліктерден тұрады және олар бір-бірімен қалай байланысқан? Дүниенің осы күнгі көрінісі жер беті, аспан шырақтары, аңдар мен құстардың, өсімдіктердің түрлері, адамдардың өмір салты, әлеуметтік топтар, діни қағидалар, яғни өмірдегі барлық нәрсенің қазіргі күй-жайы – мифтік таным бойынша о баста болған оқиғалардың нәтижесі. Бұл оқиғалардың болатын шағы – мифтік дәуір. Ол қасиетті уақыт деп есептелген. Мұндағы ең бастысы – тұңғыш судың құрлыққа айналуы мен аспанның жерден бөліну кезеңі.

Бұл жайында фольклорист-ғалым С.Қасқабасов: «Әлем ең алғаш ұшы-қиыры жоқ су болған деген космогониялық түсінікке сай қазақ арасында кең тараған топан су туралы, Қазығұрт тауы жайлы мифтер сақталған. Мұнда аспан мен жердің бөлектенуі, яғни әлемді қаптаған судан аспанның және құрлықтың бөлініп жасалғаны жайында түсінік бар» [1.84], – дей отырып, Қазығұрт жайындағы мифтен мынандай үзінді келтіреді: Құдай баста жерді, көкті жаратқанда Қазығұрт тауы да бірге жаралған. Атақты «Манасты» зерттеуші Б.А.Фалевтің де пікірі осымен тектес: «Қырғыздың Манас эпосындағы: йер-йер болғондо, су-су болғондо деген жолдар, Күлтегін ескерткішіндегі жоғарыда көк аспан пайда болғанда, төменде қоңыр жер пайда болды деген жолдарды еске түсіреді» [2.50]. Әлемнің алғаш кездегі әлі реттелмеген, бейберекет, түпсіз тұңғыш, бос кеңістік, қараңғылық бейнесіндегі хаостан, соңғы игерілген, тәртіпке келтірілген – космос қалпына келуі дүниежүзі халықтарының мифологиялық таным-түсініктеріне ортақ. Сонымен мифологиялық кеңістік ежелгі адамға жағымды әсер ететін игерілген тотемдік кеңістік (яғни ата-бабалар қонысы,

атамекен, атажұрт т.б.) пен оның сыртындағы жағымсыз хаостық кеңістікке (яғни сиқыршы, зұлым күштердің мекені) бөлінеді.

Мифолог-ғалым С.Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» атты зерттеуінде осы игерілген космостық кеңістік, яғни ата-бабаларымыздың аяғымен басып, көзімен көрген танымдық жарық сәулелері түскен рухани кеңістігі көрсетілген. Оны Ілкі төр – құдайы құдіреттің материалданған нәтижесін бойында сақтап, қорғап, қажетіне қарай ырқын (доктринасын) адамзатқа жеткізіп тұратын дәстүр, орталық ретінде түсіндірген. Яғни символдық тұрғыдан алғанда, Ілкі төр дегеніміз – ілкі тұрпат. Жер бетіндегі барлық уақытта өмір сүрген адамдар үшін Ілкі төр біреу болған, бірақ уақыт өте адамзаттың өз кінәсінен ілкі төрмен байланыс үзіледі де, орнына әртүрлі тек төменгі дәрежедегі көшірмелері, ұқсамалары, ұлттық түрлері пайда бола бастайды. Сонымен ілкі төр – Жоғарғы Рухани орталық, ал Төретам ұлттық Рухани орталық болып саналады.

Ғалым қай халықтың болмасын, қандайда бір өзіндік рухани орталығы болады деп есептейді. Халықтың өмір сүруі де осындай рухани орталықтың күш-қуатына тікелей тәуелді; рухани орталық, рухани бағдарсыз қалған халық бірте-бірте өз сипатынан айрыла отырып жойылып кетеді, не басқаға сіңіп кетеді дейді [3.53].

Ежелгі дүниенің рухани тамырларын әдебиеттану тұрғысынан зерттеп жүрген ғалым А.Ж.Жақсылықовтың айқындауынша: «На уровне матричного семантического ядра в казахском эпосе, как правила, существует внутренний духовный прообраз народного единства – мифологическое пространство – Атамекен» [4.13]. Бастапқы космостық кеңістік хаостың қойнауында пайда болған болса, соңғы ғаламдық құрылымдарда хаос – зұлымдықтың бейнесі ретінде шалғай шетке ығыстырылады. Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік жаһанда үш түрлі әлем аспан, жер, жер асты бар деген сенім тудырған. Мифтік ғаламның горизонталь моделі орталық пен шеттің қарама-қарсы қойылуына негізделеді. Бұнда басты көрсеткіштер – орта кіндік пен төрт тарап: оң-сол, алды-арты, солтүстік-оңтүстік, батыс-шығыс. Адамдар дүниесі – ғаламның, жердің ортасында, ал төрт тарапта басқа пенделер орналастырылады. Жер немесе адамдар мекендейтін жер беті квадрат пішінді болып келеді де, оны айнала ғаламдық су қоршап жатады. Жердің кіндік тұсында ғаламдық тау, ғаламдық бәйтерек өсіп тұрады. Ал төрт бұрышты жер үстін дөңгелек, шеңбер, күмбез пішінді аспан жауып жатады.

Ғаламның мифологиялық қабаттары жайындағы халықтың байырғы таным-түсінігі, әсіресе, тұрақты сөз орамдарында сақталған. Тілші-ғалым Н.Уәлиевтің зерттеулерінде тұрақты сөз орамдарының мәдени-ұлттық мазмұнын анықтауға байланысты жеті қат көк, жеті ғалам, жеті дүние, жеті жұрт тіркестері талданған. Бұл тіркестер қазіргі тілімізде дүние жүзі, бүкіл әлем дегенді білдіреді. Жеті қат көк – байырғы шығыс астрономдарының кеңінен қолданған термині. Мұндағы жеті саны «жеті планетаға» сәйкес келеді: Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Мүштәри (Юпитер), Сатурн. Осы жеті жарық шығыс астрономиясында жеті қат (қабат) көк деп аталады. Бұл IV-V ғасырдағы Сирия-грек ойшылы Дионисийдің космологиялық түсінігіне байланысты жүйе. Ортағасырлық дәстүрлі түсінік бойынша әлемнің кіндігі – жер, одан кейін жеті қат көк, ал бұдан әргі тоғызыншы қабат – ғарыш деп аталған болса керек [5.5].

Ғаламның мифтік моделінің алғашқы нұсқасы «ғаламның горизонталь моделі» болып есептеледі. Көне Сібір тайпаларының дүниетанымын зерттеген ғалым Е.Д.Прокофьеваның пікірінше, бұл модель тек кейбір шамандық таным-түсініктерде сақталып қалған [6.188]. Бұл пікір ғалым Е.М.Мелитинскийдің: «Солтүстік халықтарының мифологиясында жоғары мен төменді, аспан мен жерді байланыстырып тұратын шаман өзені болады деген көзқарас бар; демек су басы жоғары әлем, ал су аяғы төменгі әлем болып саналады» деген пікірмен сәйкес келеді [7.5]. Демек, ғаламның горизонталь моделінде мифтік қабаттарды өзен-су байланыстырады.

Осы тұрғыдан келгенде тілімізде кездесетін су аяғы құрдым, су аяғы Қорқыт тіркестері – жер асты, өлілер мекені деген мағыналарды береді. Осындай ұғымның іздері «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосындағы Қарабайдың су өрлеп көшуі, яғни тірі дегені, ал

Сарыбай су аяғы құрдым кетті, ол төменгі әлемге көшті, яғни өлді деген мағыналардан анық байқалады.

Бұл туралы деректер этнографиялық материалдарда да кездеседі: Ғаламның кіндігінде қасиетті көк аспанмен таласқан Тау, зәулім Көктөбе орналасқан. Ол төбенің басында алып Бәйтерек өсіп тұрады. Оның төрт бұтағы алып аспанды көтереді. Ал тамырлары жер қабаттарының бәрінен өтіп төмендегі жер астындағы суға дейін жетеді.

Сондай-ақ, қазақ тілінде өте алыс мағынасында айтылатын жер ортасы – Көктөбе деген фразеологизм бар. Мысалы: Енді айттырған күйеуім алмайды, жер ортасы – Көктөбеде ұлытып тастайтын кісің мен емес (М.Әуезов «Абай жолы»). Ерте кездегі аңыздарда алып бәйтерек жер ортасы – Көктөбеде (Жер кіндігінде) болады дейді. Осы әлемдік ағаштың тау түріндегі формалары тіліміздегі Күлтөбенің басында күнде жиын, жер ортасы көктөбе сөздерінде кездеседі. Түркі тілдерінде көк сөзінің түбір, тамыр, түп тегі деген мағыналары бар.

С.Қондыбайдың келтірген деректерінде көк сөзінің абак/шоғым таңбадағы кіндік нүктенің орынын көрсетеді. Сондықтан да көк сөзі Нұрдың, құдайы құдіреттің, яғни көрілместің бір атауы болып есептеледі. Сол арқылы бұл сөз Нұрдың эманациясы болған Төретамның, алғашқы игерілген космостың да атауы деп көрсетеді. Расында да Көктөбе құрамындағы көк – тіршілік, өсіп-өну, тамыр, түп, тек деген мағыналардың тұтастығы бүкіл ғалам, ғаламдық өсімдік, өсіп-өну, көктеу нүктесі, орталығы деген идеяларды білдіреді, яғни көк сөзі жалпы әлемнің дамуына, жоғары қарай ұмтылып өсуіне мүмкіндік берген Ілкі тұрпат – протокосмостың атауы.

Олар халқымыздың жыр мұраларынан да табылады:

Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі,

Ортасында көктөбе белгі етелі

Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,

Қозы-Көрпеш-Баянды тербетелі.

Сондай-ақ, жер ортасы – жекен деп те айтылады:

Жігіттер кісіге сөз кеп кетелік,

Жер ортасы – жекенді сөз етелік.

Жақсының аруағы қалмай ма екен,

Қозы-Көрпеш-Баянды тербетелік.

Қорыта айтқанда, қазақтың дүниетанымындағы ғаламның мифтік бейнесінің тілімізде сақталып қалған үлгілерін тануымызға жоғарыда келтіріп өткен мифтік оқиғалар мен аңыз-әңгімелер үлкен мүмкіндік беретіні белгілі болды. Ғаламның көлденең және тік модельдерінің біріккен түрі – ол бір тұтас әлем, дүние, космос деген ұғымды береді. Сондай-ақ бұл өлшемдер адамның өзін қоршаған ортаға бейімделу, оларды қасиеттендіру, яғни бос кеңістікке жан беру, мән мен мазмұн беру әрекеттерімен қоса жүргендігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984.
2. Фалев П.А. Как строится кара-киргизская былина. «Манас» -героический эпос киргизского народа. Фрунзе, 1968.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
4. Жаксылыков А.Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Авт. дисс. докт.филол.наук. Алматы, 1999.
5. Уәлиев Н. Жұмбақ жетілер//Жалын. Алматы, 1988. № 3.
6. Прокофьева Е.Д. Старые представления селькупов о мире// Природа человека в религиозных представлениях народов Сибири и Севера. Л., 1975.
7. Мелитинский Е.М. Поэтика мифа. М.: Наука, 1976.

МИФ ЖӘНЕ МИФТІК ТАНЫМ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН СӨЗ ОРАМДАРЫ

Ақбердыева Б.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілінде мифтік танымға негізделіп қалыптасқан фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, тағы басқа сөз орамдары лингвистикалық тұрғыда талданады.

Түйін сөздер: Миф, этнос, символ, ойкумен, семантикалық, теңдік, жұптық, шарты.

Миф – ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, басқаша айтқанда шын деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі Ақиқаты. Миф әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның таным, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан тарихи негізі, яғни бұл жағынан ақиқат деп есептеуге болатын дүние [1,27].

Мифтік-танымдық құрылымдар негізінде қалыптасқан тілдік деректер этнос болмысының, мәдениетінің, рухани дүниетанымының көріністері. Ал «этнос» ұғымы «ұлт» ұғымына қарағанда тереңірек уақытты қамтиды. Атап айтқанда, ол сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық та дәуірлерді басынан кешірген адамдар қауымдастығын танытады. Олай болса, этностың басынан кешірген барлық кезеңінен толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Ұлтқа ғана тән мәдени коннотациялар туралы В.Н.Телия: «Это в самом общем виде интерпретация денотативного или образно мотивированного, квазиденотативного аспектов значения в категориях культуры» деуі осының айғағы [2,288]. Осыған байланысты тіл әлемі – этностың өзін танып білудің қайнар көзі. Осы кезеңге тән ғаламды танудың, ежелгі ойлау жүйесінің түрі мифтік танымның мазмұндық межесін мифтік-танымдық деп бағаласақ, оны бейнелеудің, тілде сақтаудың және қолданудың тұрпаттық межесі – тілдегі лексика-фразеологиялық жүйе.

Архетиптік образдар әлдебір шексіз ұланғайыр, алып дүниені тиянақтаған, жинақтаған праформалар адамзатқа өмір бойы ілесіп келеді. Мифология дін, өнер архетиптердің өзін өңдеп, символдарға айналдырып, формасы жағынан жетілдіріп, әсемдікке жеткізген. Мазмұны жағынан жалпыға бірдей болған мифология – архетиптік образдарды өндеудің бастапқы тәсілі. Үйлесім мен жарасымдық адам баласында магия, ритуал мифтердің көмегімен жүзеге асып отырды. Терең түкпірде жатқан бүкіладамзаттық мазмұнды бойына жинақтап оны адам санасына жүйемен жеткізетін бұл ілімнің саласын тілмен сабақтастықта қарау өте маңызды [3,124].

Символ мен миф ойлау нәтижесі бола отырып, ойкуменді әр түрлі семантикалық трансформацияда модельдейді. Әлемнің мифтік моделі барынша динамикалық құрылымға ие, символдық модель мейлінше тұрақты, ол оқиғаның дамуын, өзгеруін көрсетпейді. Мифтің құрылымы предикат ретінде, символ құрылымын предикаттың атауы ретінде тануға болады: миф хабарлай отырып елестетеді, символ хабарлай отырып атайды. Символ өзінен басқа бір дүниеге сілтеу жасаса, белгісіз қалыпта қалса, миф құпияны түсіндіруге тырысады. Миф белгілі бір уақыт пен кеңістік шекарасында өмір сүрсе, символ уақыт пен кеңістікке тәуелсіз [1,108].

Мифтік танымдағы жұп символдардың тілдегі көрінісі көбіне фразеологизмдер жүйесінде сақталады нақты айтқанда, қос тағанды немесе қос құрамды деп аталатын фразеологизмдер тобы осы тақырыпқа қатысты ерекше назар аудартады. Оларды тілдік құрылымдық жағынан талдап тексергеі тілші-ғалым С.Сатенова: «Қос тағанды фразеологиялық тіркестер – іштей тең жарылып, екі бірдей тірек сөзге сүйеніп, өзара сәйкес

екі топқа (тағанға) жіктеліп, бөлініп тұрған тұрақты сөз орамы» деп анықтайды [4,15]. Мысалы: 1) бетегеден биік, жусаннан аласа; 2) әулиеге ат айтып, // қорасанға қой айтып; 3) ақ дегені алғыс, // қара дегені қарғыс; 4) ай дер ажа жоқ, // қой дер қожа жоқ т.б.

Олай болса, жоғарыда келтірілген мысалдардың құрамындағы компоненттерді мифтік-танымдық құрылым негізінде салыстырып, былай түсіндіруге болады: бірінші мысалдағы биік-аласа, ғаламның мифтік моделіндегі аспан-жер, жоғары-төмен жұптары арқылы, екінші мысалдаш ат-қой жұптары, жылқы - аспандікі, қой - жердікі, үшінші мысалдағы ақ-қара, ақ - өмір, қара - өлім, төртінші мысалдағы ажа -қожа, аталық-аналық дегендерді білдіреді. Демек, қос тағанды фразеологизмнің моделін: А+В деп шартты белгілеуге болады. Мысалы:

Ақ дегені алғыс,	//	Қара дегені қарғыс
Аз да болса,	//	Көптей көр
Күле кіріп,	//	Күңірене шығып
Іші өлген,	//	Сырты сау

Мұны жоғарыдағы бірінші тарауда айтылған А мен В немесе А (М) В логикалық механизміне сай түсіндіруге болады. Сонда үш тағанды фразеологизмдердің құрамы мифтік танымдағы А (М) В логикалық механизмінің тілімізде әлі де жұмыс істеп тұрғандығының нәтижесі екендігін көрсетеді. Мысалы:

А	М	В
Аузын үріп,	Аяғын сырып,	Табанын қырып

Үш тағанды фразеологизмнің құрылымын модель: А+М+В моделімен белгілесек, ол мифтік құрылымның жоғары дүние, орта дүние, жер асты яғни А (М) В моделі бойынша, А - ауыз, М - аяқ, В - табан дегенмен сәйкеседі. Осындай модельдер түркі халықтарының сөз ескерткіші «Күлтегінде»: ішре ашсыз ташра тонсыз йабыз-йаблақ будунта (іші ассыз, тысы тонсыз жаман-жаутиқ жұртта) деген сияқты фразаларда кездестіреміз. Түркі халықтарының сөйлеу тілінде, одан соң мақал-мәтелдерінде, ауызекі сөз үлгісінде түбір сөз ұйқасы, қосымша ұйқас, дыбыс ұйқас өте ертеде өзара бірлікте туған мағына жағынан жақын сөздер (йабыз-йаблақ, сүгіт-йымшақ), мағына жағынан қарама-қарсы сөздер (іш-таш, ішре-ташра) әуелі жалаң тіркес, содан соң жұп тіркес құрау арқылы сөйлемді гармонияға келтіру талабы туды. Сөйлемдегі гармония, теңдік, жұптық, тепе-теңдік шартына бағына келе сөйлеу материалдарынан дайын үлгілерді жіктеп шығарды. Бұлар одан соң модель, қалыпқа айналды да, екінші кезекте өздері сондай дайын үлгілерді (модельді сөздерді) жасауға негіз болды. XV ғасыр жазба ескерткіштеріндегі:

//Ішре//аш ~сыз//, ташра//тон-сыз//

I түріндегі жұп тіркестер, XI ғасыр жазба ескерткішіндегі:

//Кіші аласы//іч-тін//,

//йылқы//аласы//таш-тын//.

//Ал-ым-чы//арслан//, //бері-ім-чі//сычған//

деген сияқты жұп тіркесті мақалдар да осы модель-қалыптан шыққан.

Қос тағанды фразеологизмдердің құрылымына қатысты айтылған осы қағида мен осы тараудағы бинарлық жүйе туралы тұжырымдарымыз сәйкесіп жатыр. Қос тағанды фразеологизмдер тағанаралық компоненттердің контрастивті мағынасы негізінде жасалса, мифтік танымның негізгі құрылымдық белгісі бинарлық қарама-қарсылықтардан тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
2. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. М: Школа языка и русской культуры, 1996.
3. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. Алматы: Ғылым, 1998.

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ «ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ
БАТЫРЫ» ЖЫРЛАР ЦИКЛІ МАҢҒЫСТАУДЫҢ
РУХАНИ БРЕНДІ РЕТІНДЕ**

Нурдаулетова Б.И.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Аңдатпа. Қазақтың салт-дәстүр, ұлттық таным негіздерін, күллі болмысын, тілдік мәйегін бағзылық бояуымен сақтап қалуда Маңғыстаудың рухани мұрасының негізгі өзегі болып табылатын Маңғыстау жыр мектебінің орны айрықша. Мақалада «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің қазақ мәдениеті тарихындағы рөліне талдау жасалады.

Түйін сөздер: Қырымның қырық батыры, Мұрын жырау, Маңғыстау жыраулық мектебі, ноғайлы жырлары, Едігетану, кесене, ескерткіш.

Маңғыстау жыраулық мектебі өзінің сөзсаптау (стильдік, тілдік ұстанымы), орындау тәсілі, тарихи қалыптасуы, концептуалдық мазмұны жағынан XIV-XV ғасырлардағы Сыпыра жырау дәстүрін жалғастырып, XX ғасырдың ортасына дейін (Сәттігүл жырау) үзбей жеткізуімен ерекшеленеді. Бұл мектеп Қазақстанның батыс аймағын, Қарақалпақстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Ресейдің кейбір аймағын қамтитын кең байтақ жыраулық кеңістік болып табылады. Қазіргі таңда осы өңірден шыққан 49 жыраудың 125 баспа табақ әдеби мұрасы белгілі. Олардың қатарында 15 автор осы жолға бүкіл ғұмырын арнаған белгілі ғалым алаштың аяулы азаматы Қабіболла Сыдиықовтың жанкешті еңбегінің арқасында ғылыми ортаға танымал болса, қалған 30-дан астам жыраудың рухани көмбесін Тәуелсіздіктің самиян самалымен жергілікті мәдени мұра жинаушы, ардагер азамат Жетібай Жылқышыұлы тірнектеп тауып, жинақтап оқырманға ұсынды. Бұл шығармалар ел арасында ауызша жырлаудан, жеке адамдардың архивіндегі ескі қолжазбалардан, XX ғасырдың 70-80 жылдары жазылған ұнтаспалардан көшіріліп, жинақталғандықтан әрқайсысының бұған дейін баспа жүзін көрмеген кем дегенде он шақты мәтін нұсқалары бар.

ҰҒА-ның сирек қолжазбалар қорында Маңғыстау жырауларының түрлі көлемдегі 145 шығармасы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорында Маңғыстаулық 9 жыраудың 140 шығармасының қолжазбасы сақтаулы. Маңғыстау жыраулық мектебі арқылы жүйелі де толық нұсқасы үзілмей жеткен «Қырымның қырық батыры» жырлар тізбегінің әрбір жырының кем дегенде он шақты нұсқасы ОҒА-ның қолжазбалар қорында, әдебиет және өнер институтының қорында қаттаулы. Қолжазбалардың бірқатары араб, латын графикасымен жазылған, сапасы нашар қағазға жазылғандары көмескіленіп, өшуге айналған. Бұл жәдігер жолдардың барлығы бірдей баспа бетін көріп, зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Ал бұл жырлардың астарында ұлтымыздың тарихына қатысты деректер, ел мен жердің шежірелік дәйектері, ақпараттық, танымдық материалдар, тілдік материалдар жасырынып жатыр.

Қазақ әдебиеті тарихында «ноғайлы жырлары», «ноғайлықтың батырлары» «Қырымның қырық батыры» деген атаумен ерекшеленетін жырлар тізбегі көркемдік құрылымы, қызықты сюжеттерімен ғана емес, осы эпосты өздерінің алтын дәуренінің поэтикалық шежіресі ретінде танып, бағалайтын «ноғайлық» халықтардың түп-тарихына деген сағынышын тудыруымен де бағалы. Осы қаһармандық жырлар тізбегі арқылы қазіргі

казак, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ, өзбек, түрікмен халықтары өздерінің рухани тұтастығының түп бастауын табатыны сөзсіз.

Маңғыстаудан шыққан танымал зерттеуші Серікбол Қондыбай Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» жырлар циклі бойынша 112 топонимді анықтаған, олардың 32-сі Маңғыстау мен Үстіртте бар немесе осы географиялық кеңістіктегі жер-су атауларына жуықтайтын атаулар дейді [3]. ҚҚБ-на жатқызылатын 30-дан астам жырдың әрқайсысының 10-нан 20-ға дейін нұсқаларын зерттеу барысында олардың мәтініндегі 200-ден астам топонимикалық, антропонимдік, этнографиялық атаулар мен ұғым-түсініктің бар екенін анықтадық. Сондай-ақ, Маңғыстаудың Қара ойы мен Үстіртте шашырап жатқан ноғайлы билері мен батырларының атымен аталатын оба, қойылымдықтар да ноғайлы заманының бағзылық белгілері екені сөзсіз. Осындай ноғайлық пантеондардың бірқатары – Маңғыстаудың Қараойында шоғырланған Едіге ұрпақтарына байланысты мола-ескерткіштер.

Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының орталығы Шетпеден оңтүстік шығысқа қарай 40 шақырымда Қарауылкүмбет биігі деп аталатын аласа таулар сілемі бар (1-сурет). Қарауылкүмбеттің үстінде, жергілікті ақсақалдардың айтуынша, ежелгі ноғайлыдан қалған қойылымдықтар жатыр. Қарауылкүмбет қойылымдығы Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорық қызметкерлерінің анықтауы бойынша, ХІҮ-ХҮІ ғасырларға тән ескерткіш ретінде тіркелген. Қойылымдықтардың қатарында төбенің биіктеу тұсында бүгінде жартылай бұзылған, бірақ аса көрнекі ғимарат тұр. Мамандардың көрсетуінше, ғимарат Маңғыстау күмбезтамдарының ішіндегі сәулеттік құрылысы ерекше, ежелгі тас шеберлерінің керемет қолтаңбасы болып табылады. Жергілікті өлкетанушы, жыршы – Ақылбек Өтеш 2015 жылы ғимараттың қасбетінде «Шаһидулла Едіге», кесененің төменгі жағында «...Едіге баһадүр бұ бас би болдұ, баһадүр болдұ» деген араб графикасымен таңбаланған жазуды анықтады. (2-сурет). Бұл «Қырымның қырық батыры» жырлар цикліндегі «Едіге батырдың» бас қаһарманы Едігенің прототипі – Алтын Орданың атақты биі, беглер бегі, Ноғай Ордасының негізін қалаған, талай жыр мен аңыздың тууына негіз болған атышулы Едігеге салынған кесене болуы мүмкін бе? Бұл сұраққа жауап табу үшін Едігенің өлімі мен жерленуіне байланысты деректерді қарастырдық.

Едіге туралы жырлардың Ш.Уәлиханов, Қ.Сәтбаев, М-Ж. Көпеев жазып алған нұсқаларында Едіге Тоқтамыстың ұлы Қадірбердінің (кейде күннен туған Кейқуаттың) қорлығына шыдай алмай, күйіктен өледі [5]. Татар, ноғай нұсқаларында да Едіге Қадірбердімен соғыста қаза болады [6; 7]. М.Көпеев Едігенің жерленген жері туралы: «..Ұлытауға аманат қойған екен. Ұлытауға аманат қойған жайын «Ақ мешіт әулие» атап кетіпті» [5, 138], – деген аңызға негізделген дерек айтады. «Едіге» жырының Румыниядағы ноғайлардан жазып алған нұсқасында Едіге Қадірбердіні жасақтарының бірінің қолынан Бес Оба деген жерде опат болады.

Едігенің Тоқтамыстың ұлы Қадірбердінің қолынан ұрыс үстінде мерт болғандығы Қ.Жалайыридің шежіресінде [8, 118-119] және соған негізделген басқа да зерттеулерде айтылады.

Академик В.М.Жирмунский де араб тарихшысы эл-Айнидің дерегіне сүйеніп, Едігенің Қадірбердінің қолынан қаза тапқанын растайды [9, 373]. Татар эпостанушысы Ф.Урманче ноғай халқының тарихы мен этнографиясына арналған зерттеу еңбекке сүйеніп, Едігенің Қадірбердінің өзінің емес, оның жасақтарының қолынан мерт болғандығын айта келіп, Едігенің қайтыс болған жері туралы бірі – Алтын Орда территориясында, екіншісі – Қырымда деп көрсететін екі түрлі версияның бар екенін айтады [10, 136]. Ә.Сарай Қадырғали Жалаиридің «Шежірелер жинағындағы» дерек негізінде: «Едіге 63 жасында Елек суының іргесінде Үшбөртеде опат болды... Оны ләшкербасы Хажы Мұхаммед оғлан (сібірлік Көшім ханның бабасы) әке-бабаларының аруақ орны Құмкент, Баба Түкті Шашты Өзіз жанына жеткізе алмай, Ұлытауға жерледі» [11, 67], – деп, Едігенің өлген, жерленген жерін нақтылай түседі.

Сонда Едігенің дүниеден озған, уақытша жерленген жері – Ұлытау, кейінгі мәңгі жай тапқан орны – Қаратаудың баурайындағы Баба Түкті Шашты Өзіз әулиенің қасы болып шығады. Ал жоғарыдағы тарихи дерекке сүйенсек, Едіге Жайық өзеніне құятын Елек өзенінің бойында Үшбөрте деген жерде қайтыс болып, сүйегін Құмкенттегі Баба Түкті Шашты Өзіз әулиенің қорымына жеткізе алмағандықтан, Ұлытауға жерлеген. Тарихи деректе де, эпикалық аңыздауда да Едігенің жерленуіне қатысты ортақ идея бар, ол: Едігенің денесін бастапқы қайтыс болған жеріне жерлемей, басқа жерге алып кету және міндетті түрде Баба Түкті Шашты Өзіз әулиенің қорымына жақын жерлеу. Ғалым Р.Бердібаев: «Ресми жазба құжаттарда Едігенің нақтылы қай жерде қайтыс болғандығы жөнінде сенімді тұжырым кездеспейді» [3, 34], – дейді. Ғалымның осы пікірі де Едігенің қайтыс болған немесе жерленген орны туралы қорытынды тұжырым айтуға әлі ерте екендігін көрсетеді.

Едігетану саласында көлемді еңбек жазған А. Құнтөлеуұлы: қазақта 4 Едіге болғандығын айтады: біріншісі – XIV ғ. өмір сүрген қолбасы Едіге Танашұлы, екіншісі – Ноғай Ордасының биі, бәрімізге танымал Едіге, үшіншісі – XVII ғ. аяғы, XVIII ғ. басында өмір сүрген Арғынның Қаржас руынан шыққан саясаткер Едіге, төртіншісі – Ақсақ Темірмен жақын туыс, барлас руынан шыққан жауынгер Едіге. Осы Едігелердің ішінде Едіге Танашұлы, автордың мәліметі бойынша, Ұлы тау бөктерінде жерленген. Осы жерде бізге Ұлытаудағы осы Едіге Танашұлының бейіті болуы мүмкін-ау деген күдікті ой келеді.

Аталған кесенені тарихи Едігемен байланыстыруымызға осы өңірдегі (Маңғыстаудың қара ойы) Едіге есімін айшықтай түсетін жер-су, мола, оба атауларының шоғырланып келуі де себеп болып отыр.

Қарауылкүмбеттен әрі Жаңашаның тауы созылып жатыр (4-сурет), осы тауға жалғасқан Баба түкті шашты Өзіз биігі бар. Таудың жалпақтау жонында екі бейіт қарауытады, оның бірі Баба Түкті бабамыздың жатқан жайы болса, екіншісі – оның қызы Шашты Өзіз анамыздың бейіті (5-6-суреттер). «Едіге», «Парпария», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» жырларында Баба Түкті Шашты Өзіз Едіге ұрпақтарының арғы бабасы, қасиетті әулие ретінде көрінеді.

Баба Түкті Шашты Өзіз биігінен шығысқа қарай көлденеңнен созылып жатқан Алаешкі тауының етегінде, жолдың сол жақ бетінде даланың қара бұжыр тастарынан қаланған ежелгі ноғайлының стиліндегі көп қорым бар. Осы қорымдардан әріректе, шамамен 100 метрдей төменде үлкен қара мола жатыр. Бұл – жергілікті ақсақалдардың айтуы бойынша, Ноғайлының биі әрі батыры Орақтың бейіті Алаешкі тауының маңында Орақтың үңгірі болған деп те айтады Мамайтөрткүлді жергілікті халық Алтын Орданың ұлық биі Шах-Мамайдың есімімен байланыстырады. Жырлар циклінде Мамай ноғайлының биі әрі батыры ретінде суреттеледі. Мамайтөрткүлдің үстінде ноғайлы жұртынан қалған ескі қорымдар бар. «Аң аулаған аңшы мен мал баққан малшылар Мамай төрткүлдің басына шығып, Мамай батырдың бейітін көрген екен...» деген ауызекі әңгіменің шындығын анықтаудың әзірге сәті түсе қойған жоқ. Мамай төрткүлдің сыртында Мамай қорғаны жатыр. Жан-жағы шыңмен қоршалған, аумағы атшаптырым ашықтық бағзы бір замандарда Мамай Ордасының күрендері орналасқан ескі жұртты көз алдымызға елестететіндей...

Аталған кесенені тарихи Едігемен байланыстыратын себептеріміз бірнешеу: 1. Алдымен кесенедің араб әрпімен «Едіге бас би болды, баһадүр болды» деген жазудың болуы. 2. Едігенің бабасы (жырдың кейбір нұсқаларында әкесі ретінде де көрінетін) болып саналатын Баба Түктінің, оның қызы Шашты Өзіздің бейіті аталған қорымның Едіге кесенесіне жақын орналасуы. 3. Маңғыстаудың қара ойында жырлар циклінің бас қаһарманы, Ноғай Ордасының тарихи тұлғасы Едіге және оның ұрпақтары – Орақ, Мамай, Қарасай, Қази, Қараүлек, Қарашаш, Манашы, Күйкен, Әділ есімдерінің географиялық атаулар, киелі орындар ретінде сақталып қалуы; 4. Жырлар циклінде (қазақ, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, татар тілдеріндегі нұсқаларында) ноғайлы жұрты мен оның жау елінің поэтикалық географиясындағы атаулардың Маңғыстау аймағынан табылуы. Аталған кесененің маңында Маңғыстаудағы ең биік нүктесі – Бесшоқының (Отман таудан 56 м.

биік), жырдағы Мамай ханның ордасы Хантөрткүлдің болуы; 5. Академик Р.Бердібайдың көрсетуі бойынша, Едігенің туған, өлген жері туралы нақты тарихи дерек жоқ; 6. Едігенің Алтын Орда территориясында, өз Ордасында мерт болып, Баба Түкті Шашты Әзіз бейітінің жанында, Қара не Ұлытау бөктерінде жерленуі туралы дерек.

Үстірттегі Қарақозы Қостам, Ойдағы: Қожакүмбет, Көкімбет, Ақшора Белтұран, Шолақтам, Кенті-Баба, Құсым, Қазбайырдың тамдары, Қосмола, Құсым ноғайлы стиліндегі ғимараттар екені түсінікті. Қарауылкүмбеттегі кесене де осындай стильде салынған.

- Жырлардың «Қырымның қырық батыры» жырлар тізбегі ретінде қалыптасуы, Маңғыстау жыраулық дәстүрі арқылы тұтас жырланып жетуі, ноғайлы жырларының поэтикалық, географиялық ареалының басқа емес, Маңғыстау аймағы болуы тегін еместігі сөзсіз.

- Бұл ноғайлы жырлары мен Маңғыстау феноменіне қатысты кешенді

ӘОЖ 801.81

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ КИЕСІ, КИЕЛІ СӨЗДІҢ ИЕСІ

Нурдаулетова Б.И.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпиграфиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Аңдатпа. Мақалада жыраулық дәстүр, оның қазақ мәдениеті тарихындағы орны, жыраулық дәстүрдің ауызша поэтикалық дәстүр ретінде зерттелуі, жырауларғы қатысты түркілік атаулар, олардың тарихи қалыптасуы, маңызы талданады.

Түйін сөздер: Жырау, феномен, поэтика, ауызша дәстүр, А.Лорд, М.Пэрри, тарихи поэтика.

Жыраулық дәстүр туралы сөз болғанда оның басты ерекшелігі ретінде алдымен жырдың ауызша дүниеге келіп, ауызша таралу қасиеті аталады.

Ауызша поэтикалық дәстүр күллі адамзат тарихындағы ерекше мәдени құбылыс екені сөзсіз, ал жыраулық дәстүрдің «жанды эпикалық» формада ХХ ғасырға дейін жоғалмай жетуі қазақ, туысқан карақалпақ, башқұрт, қырғыз халықтарында ғана мүмкін болып отыр. Ауызша эпостық дәстүрдің қаншалықты маңызды екендігін мойындаған американдық фольклорист Милмэн Пэрри 1933-35 жылдары Боснияға екі рет экспедиция ұйымдастырды. Көптеген жыршылардың даусын аудиожазбаға түсірді, олардан сұхбат алды. Гомердің «Одиссеясының» ауқымды көлемде жырлануын хатқа түсірді. Осынша мол байлықтың жазу-сызусыз мәдени ортада қалыптасып, ғасырлар бойы сақталып келгендігі «ауызша жанды эпикалық дәстүрдің» (живая устная эпическая традиция) бар екендігінің айқын дәлелі болды. Осының негізінде атақты фольклорист, классикалық филологияда өз орны бар зерттеуші Милмэн Пэрридің «ауызша теориясы» дүниеге келді. Бұл теория Пэрридің шәкірті Альберд Лордтың зерттеулерінде жалғасын тапты. Бұл зерттеу бағытының кейіннен әлемдік, соның ішінде неміс фольклористикасында ықпалы зор болды. Соның ізімен ауызша жырлау дәстүрі сақталып келген Алтай, Монғолия, Сібір және түркі халықтары эпостарын жанды түрде жазып алып, салыстыра зерттеу көп нәтижелерге қол жеткізді. Ұстазы Милмэн Пэрридің ізгілікті ісін жалғастыруды өмірлік мұрат тұтқан Альберт Лорд ХХ ғасырдың 40-50 жылдары Албания, Югославия, Болгария, Македония елдерінде болып, көзі тірі жыршылардың (сказители) жанды орындауында көлемді эпикалық туындыларды жазып алды. Эпостың пайда болуы туралы батыс ғалымдарының

қаншама теориялары болды, бірақ солардың қай-қайсысы да Пэрри-Лордтың «ауызша теориясы» жеткен шындықты аша алмады. Себебі олар эпостың қалыптасуы туралы теория «поэтикалық практикаға» сүйену қажеттігін ескермеді. Бастапқыда Гомердің «эпикалық күдіреттілігінің сырын» тану мақсатынан шыққан зерттеу идеясы жалпы эпикалық өнердің тылсым құпиясын ашуға арналған теорияның қалыптасуына жол ашты. Бұл жөнінде А.Лордтың өзі «Сказитель» деп аталатын атакты еңбегінде: «Нам представляется что уже на заре человеческого сознания значение профессии эпического сказителя было чрезвычайно велико и начиная с древнейших времен сказители внесли огромный вклад в духовное развитие человечества», – деп жазады. Осылайша өздеріне дейінгі ғылымда қалыптасқан эпикалық дәстүрді «халықтық шығармаларды жатқа айтушылық» деп келген түсініктің ұшқары теорияға негізделгендігін дәлелдеп: «жырдың әрбір орындалысы жыршының қайталанбайтын қолтаңбасын көрсететіндіктен, шын мәнінде, жеке дара шығарма болып табылады... Жыршының өзі әрі дәстүр, әрі сонымен бірге даралық және автор» [1], – деген тұжырым жасайды.

Жырау (сказитель) – өзіне дейінгі немесе өзінің шығарған туындысын жай ғана жатқа айтушы емес, - ол сол шығарманы тудырушы суырыпсалма ақын. Эпос жырлаушы бір уақытта әрі әнші, әрі орындаушы, әрі шығарушы, ақын. Ол дәстүрдің жай жеткізушісі емес, мәдени дәстүрді жасаушы суреткер. Европалық түсінікте бұндай ұғымды қабылдау қиын, себебі, олар орындаушы мен авторды бір бейнеде көруге дағдыланбаған. Альберт Лорд барлық жыршы-жырауға тән екі сипатты атайды: біріншіден, олардың әріп танымайтын сауатсыздығы, екіншіден, эпикалық поэзияны орындаудың жоғары шеберлігіне қол жеткізуге деген ұмтылыс. Әсіресе бірінші сипаты оларды әдеби ақындардан ерекшелейді. Жазу-сызуы кенже дамыған ортада сол халықтың өмір дағдысы эпикалық оқиғалардың тууына алғы шарттар жасай алса, сол ортада эпос өнерінің гүлденетіні сөзсіз. Керісінше, қоғам жазу-сызуды меңгеріп, оны тіпті ауызша поэзияны таратуға да пайдаланатын болса, жазу эпикалық сюжеттерді жеткізу құралына айналып, сауатты аудитория жасайтындай деңгейге жетсе, бұндай аудиториялар білім мен көңіл көтеретін мүмкіндікті ауызша эпикалық дәстүрден емес, кітаптардан іздейтін болады, нәтижесінде бағзы поэтикалық өнер бірте-бірте жойылады. XX ғасырдың басында қалаларда жыр айту үрдісінің жойылуы оны тыңдайтын ортаның табылмағандығынан да емес, мектептердің жедел дамып, жазу-сызудың қала адамдарының өмір сүру дағдысына тереңдеп енуіне байланысты болды.

Альберт Лорд аталған еңбегінде ұстазы екеуі материал жинаумен айналысқан XX ғасырдың 30 жылдары Югославияда атакты жырау-жыршылардың көзі тірі болғандығын, олармен бетпе-бет отырып, жырлатып жазып алудың, жырау-жыршылықтың құпиясы туралы сауалдарға олардың өз ауыздарынан жауап алудың, тіпті олардың жырлау техникасын, даусын, мақамын, сөздерді қалай құбылта алатынын жанында отырып, бақылағаны туралы баяндай келіп, салыстыру үшін орыс және Орта Азия халықтарындағы ауызша жырлау дәстүрін зерттеудің американдық ғалым үшін ешқандай мүмкіндігі болмағандығына өкініш білдіреді.

Жыраулық дәстүр туралы сөз болғанда оның басты ерекшелігі ретінде алдымен жырдың ауызша дүниеге келіп, ауызша таралу қасиеті аталады. Қандай жыр (жыраулық дәстүр туғызған) болмасын белгілі бір оқиға үстінде, ерекше шамырқанған немесе толқыған сезім үстінде, кейде оқыс жағдайларда дүниеге келіп, сол бойда тыңдаушысына таралып, сол тыңдаушылары арқылы әр жерде қайталанып жадыда өшпестей жатталып қалып отырған. Жыраулар хандар мен билердің ақылшысы, кеңесшісі ретінде хан мен қарапайым халықтың арасында бітім айтқан, ханның ойын қараға, қараның мүддесін ханға жеткізіп отыратын қоғамдық-саяси қызмет атқарған, жорықтарға қатысқан. Шешендік сөздер мен билік әңгімелерді іс барысында сол бойда ойдан шығарып айта алатын адамдар ғана жырау ретінде мойындалған. Яғни жыраулардың қоғамдағы орны мен қызметінің өзі өленді суырып салып айтуды, ойлау шапшаңдығы мен шешендікті талап етеді.

Жыраулардың тағы бір ерекше қасиеті олардың жаттау қабілетіне байланысты. Қазақта «жадкештік қасиет» дейді. Бұл «жад, жады» сөздерінен шыққан, «есте сақтау қабілеті ерекше» адамдарды осылай атайды. Жыраулар өз шығармаларымен қоса өзге де әріптестерінің, ұстаздарының жыр-толғауларын, батырлық жыр-дастандарды жатқа айтқан. Маңғыстаулық Абыл, Нұрым, Қашаған жыраулар «Қырымның қырық батыры» деп аталатын қырық дастаннан тұратын жырлар циклін 3 ай бойы үзбей, мүдірмей, тыңдаушыларының алдында ауызша жырлаған. Осы үрдісті XX ғасырда Мұрын жырау Сеңгірбекұлы жалғастырды.

Қазақ әдебиетінің және қазақ әдеби тілінің тарихында жыраулық дәстүр XVIII ғасырлардан бастап ақындық мектепке ұласты. Академик Рәбиға Сыздық жыраулық пен ақындықтың айырмасын былай көрсетеді: «Жырау – ақындық қабілеті бар жай ғана адам емес, ол ең алдымен қоғам қайраткері, ақылшы, көсем. Жырау кез-келген ұсақ-түйек күнделікті тұрмысқа қатысты жай-күйлерді жырлауға тиісті емес... Демек, жырау жоғары тақырыптарды – қоғамдық мәні бар жайттарды толғайды, адамдарға ақыл айтып, кеңес беру, жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа үндеу сияқты жүк арқалайды. Ал ақынның мұндай әлеуметтік биік сатыда тұруы шарт емес, ол – қарапайым халық ішінде жүріп, олардың күнделікті қуаныш-ренішін, мұң-мұқтажын, арман-тілегін көріп-біліп, соларды жырлайтын дарын иесі. Ақын поэзиясының азығы – күнделікті өмір, өз айналасы, өзін қоршаған табиғат, сондықтан ақынның тақырып өрісі еркіндеу. Мұның тіл үшін үлкен мәні бар». [2, 130-131] Қазақ мәдениеті тарихында жыраулық үрдістің ақындыққа ұласуының тарихи себептері бар екені ақиқат. XVIII ғасырда қазақ қоғамында саяси өзгерістер болды. Хандық құрылыс бірте-бірте тарих сахнасынан ығыстырылып, мемлекет басқарудың жаңа құрылымдары қалыптасты. Хандық басқару жүйесімен бірге жыраулардың хан ордасында атқаратын миссиясы да бұрынғыдай өзекті болмай қалды. Бірақ елді ұйыстыру, елі мен жерін қорғауға үндеуде жыраулардың идеологиялық қызметі әлі де қажет еді. Сондықтан XVIII ғасырдан бастап, ақындық пен жыраулық қатар дамыды, осы кезеңдегі ауызша поэзияға қатысты «ақын-жыраулар» термині қолданылады. Ақтамберді, Тәтіғара, Үмбетей, Бұхар жыраулармен қатар Шал, Көтеш ақындардың шығармалары осы кезеңде дүниеге келді. Айта кететін жайт, бір автордың өзі әрі жыраулық, әрі ақындық дәстүрді ұстанды. Мысалы, Абыл, Нұрым, Ақтан, Аралбай, Қашағандарды ақын деп те, жырау деп те атайды.

Қазақ тілінде «ақын-жыраулыққа» қатысты «жырау», «жыршы», «ақын», «шайыр», «тақтақ» сөздері қолданылады. Қарақалпақ, басқа да кейбір түркі халықтарында «бақсы» сөзі де «ақынның» орнына жүрген. Бақсы біздің түсінігімізде: «шамандық сенімнің басты өкілі. Қолына қобыз алып, аспаптың сиқырлы үнімен түрлі тосын қимыл-қозғалыстармен (билеу, секіріп үйдің шаңырағына шығып кету, темірді қыздырып аузына салу т.б.) аурудың иесін, жындарды аластайтын ерекше қасиетті, табиғаты жұмбақ адамдар». Бақсы сөзінің этимологиясын Қ.Жұбанов музыка тарихына қатысты еңбегінде кеңінен сөз еткен: «Қазақтың бақсылары, есепшілері, тістің құртын шақыратындар, жыланды, бүйіні шақыратын тамыршылар, қобызшы, домбырашы, әншілер – көбісі сол шаманнан өрбігендер. Бұл жалғыз қазақта ғана емес, қоғамның дамуының белгілі дәуірінде қай елде де болған нәрсе. Алғашқы әзірде қобыз немесе басқа түрлі инструментке қосып өлең айтып, сол өлеңмен ауруды емдеп, немесе басқа түрлі аспап үнімен, сиқырлы істерімен тиісті міндетін атқарып жүрген шамандар бері келген соң қоғам ішіндегі түрлі зиялылардың аты болып кетті. Ежелгі ұйғырларда бұл сөз оқымысты мағынасында болған... Қазақта «ауруды бағу» дегендегі «бақ» түбірі осы «бақсы» сөзімен түбірлес болуы керек.» [3, 278-281] Әрі қарай ғалым түрлі тілдердегі бақсы сөзінің баламасына мысал келтіріп, бақсы сөзінің «әнші, ақын, музыкант», «көркемөнерші», «хатшы» мағынасында жұмсалғанына тоқталады. Сондай-ақ Қ.Жұбановтың көрсетуінше, түрікпендерде музыкант «бақшы» деп аталады, кез-келген адам бақсы бола алмайды, ол тұқым қуалайтын қасиет. Қырғыздарда «жомоқшылар» қасиетті, киелі саналып, олар жыр айтқанда үй шайқалған, дауыл соғып, бүкіл дүние «табиғат тактісінде билеп кететін болған [3, 278-281]. Ш.Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты атақты еңбегінде бақсылық пен ақындықтың қатынасы

жөнінде: «Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау... Шаман сиқырлы қасиеттерімен қоса, білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Қазақтар шаманды бақсы дейді, ол сөз монғолша оқытушы деген, ұйғырлар бахшы десе, түрікмендер осы атаумен өздерінің ақындарын атайды» [4, 11-14], - деген пікір айтылады. Академик В.М.Жирмунский өзбектердің халықтық дастандарды орындаушыларды бахши, шайыр, джироу деп үш түрлі атайтынын жазады. Соның ішінде бахши атауына ерекше тоқталып: «Бахшиның екі жақты мағынасы бар: бір жағынан бақсы халықтық түсінікте сиқыршы, халықтық емші, музыканың магиялық күшімен аурудың иесін – жындарды қуушы, екінші жағынан эпикалық жыршыларды, ұзақ дастандарды орындаушылар» [5], – деп көрсетеді. Академик А.Н.Веселовскийдің «Тарихи поэтика» еңбегінде де ерте дәуірдегі өлең-жырлардың магиялық күштермен байланысты болғаны айтылады. Адамның балаң дәуірінде өлең, музыка еңбек ұжымының (қауымдастықтың) бірлесіп сиқырлы күш шақыратын құралы болған, яғни адамдар өлеңнің сиқырына сенген деген ой айтылады [6] А.К.Боровков «жырау» сөзінің Өзбекстанда сирек қолданылатынын, эпос орындаушылар «бахши», «шайыр» аталатынын жазады [7, 69] Қазақ әдеби тілін зерттеуші профессор Е.Жұбановтың пікірінше Қарақалпақтың батырлық жырларды орындаушылардан ең үздік шыққандарды «өгіз жырау» деп атайды. Зерттеуші: «Мүмкін бұл түркі нәсілді халықтардың арғы атасы болып саналатын мифологиялық «оғыз қаған» есімімен де байланысты болар» [8, 11-14], – деген ой айтады. Сонымен бірге өгіз атауын узан сөзімен байланыстыратын пікірлер де бар. В.В.Бартольдтың түсіндіруінде узан деп көне түркі тілінде ұзақ дастандарды, немесе оғыз-намені (оғызнаме сөзін А.К.Бартольд жалпы ұзақ дастандардың, батырлық жырлардың атауы ретінде береді) арнайы аспаптармен жырлайтын өнерпаз аталған.

Жоғарыдағы пікірлерді саралай келе, қазақ және басқа да түркі халықтарында жыраулық өнердің, жалпы ақындықтың ерекше қасиетті, киелі саналғанын түсіну қиын емес. Жырдың киелі саналуы да ұзақ дастандардың поэтикалық құндылығын жоғалтпай ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруына басты себеп болса керек.

Қазақ халқының мәдениет тарихында жыраулық дәстүрдің алатын орны ерекше. Ауыз әдебиеті мен жазба мәдениетіміздің арасын жалғайтын алтын көпір ретінде ХҮ-ХІХ ғасырларда туып қалыптасқан жыраулар шығармашылығы қазақ халқының шешендік, суырыпсалмалылық қасиеттерін, жаткештік қабілетін, әншілік өнерін, философиялық терең даналығын бойына сіңіріп, кейінгіге жеткізген тұтас бір дәуірдегі ұлттық рухани, мәдени болмысымызды танытатын ерекше феномен болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лорд А.Б. Сказитель. Москва: Издательская фирма «Восточная литература», 1994. – С 366
 2. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Санат, 2004.
 3. Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алматы, Ғылым. 1999
 4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Ғылым. 1985.
 5. Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. Ленинград, 1977.
 6. А.Н.Веселовский «Историческая поэтика» М., Высш.школа, -1989. - 404с
 7. Вопросы изучения тюркоязычного эпоса. – «Вопросы изучения эпоса народов СССР». С
 8. Жұбанов эпос тілінің өрнектері. А., Ғылым, 1978. 183б.
- Облыстық «Маңғыстау» газетіне жіберілді.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ

Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада белгілі ақын Фариза Оңғарсынова өлеңдеріндегі ұлттық мінез, ұлттық ойлау, ұлттық таным сипатталады. Ақын өлеңдерінен нақты мысалдар алынып, қазақ өлеңінің ұлттық ерекшеліктері жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: қазақ поэзиясы, Фариза Оңғарсынова, қазақ өлеңі, ұлттық мінез, ұлттық ойлау, ұлттық таным.

Поэзиядағы сұлулық, сезімнің кір шалмаған шынайы тазалығы, ойдың тереңдігі арқылы Фариза қазақ поэзиясының рухын асқақтата түсті. Талантты ақындар шығармашылығындағы қабілет-қарымын айқындайтын көрсеткіш – тек шынайы сезім ғана емес, сонымен бірге ерекше ойлау өнері. Нағыз сыршыл поэзияны туғызатын – ақынның үлкен жүрегі. Ақын поэзиясындағы лирикалық кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның қазақ екендігін танытатын психологиялық және ойлау өзгешелігі ақынның тылсым сырлары ашып көрсетеді. Фариза өлеңдерінен лирикалық «Мен» арқылы терең түйсік аңғарылады. Кейде тұтас бір буынның өзекжырды сыры ақын тебіренісімен жарыққа шығады. Ф.Оңғарсынова терең сырлы өлеңдерінде тура психологизммен бірге жасырын психологизмге көп ден қояды. Ұлтымызға тән мінез ақын өлеңдерінен көрініс тапқан. Бұл тәсіл – ақынның ерекше шеберлігі. Ақын жанының тереңінде тұнған сезімді тек көкірек көзімен ғана көру керек:

Елесің қуантардай,
сен жайлы ой кешемін.
Өзіңе дым да айта алмай,
Құрбыңмен сойлесемін.
Қолыңды алам да мен,
Қысуға қысыламын.
Гүлімді саған деген,
Мен оған ұсынамын [1, 282].

Мұнда бозбала психологиясы жасырын психологизм арқылы ашылады. Ғашығының елесі қуантып тұрған бозбаланың кездескенде ештеңе айта алмай, құрбысымен сөйлесетіні қалай? Немесе алған гүлін басқаға ұсынатыны несі? Бұл – нағыз ғашық халі.

Кездесем жеке мүлдем,
Кетер деп сыр жалғасып,
Байқамай өтемін мен,
Жаныңнан жылдам басып [2, 205].

Алдыңғы шумақтардан жігіт жанын байқасақ, бұл шумақтағы сезім – қыз сыры. Қанша көруге ынтықса да, жанынан жылдам басып, байқамай өту де – қыздың сүйген жігітіне сыр бермеуі. Қазақ қызының табиғатына ғана тән ибалы мінез әдемі жырланған. Қыз жанының жұмбақ сырын мына мысалдардан да аңғарамыз:

Жиында жұртқа жарқылдап,
Көзге ілмей сені тұрамын [3, 49],
немесе
Қыздардан өрлік қалған ба -
Құлай сүйсе де шектелген:
Сен алғаш сүйіп алғанда,
Ашуланған боп кеткем мен...[3, 50].

Бойжеткен қыздың пәк көңілі, ақ жүрегі көрінеді. Ол бірақ сыртқа байқалмайды. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл» деген Абай афоризмінің көрінісі. Қазақ қызының ұяң мінезі де тармақтар тасасында жасрынып тұр..

«Әр ақынның өз дарыны, өз интеллектісінің дәрежесіне орай шығар биігі бар. Құс қанатының қуаты жеткен жеріне дейін көтеріледі десек, ақын да сондай» [4, 42] - деп көрнекті зерттеуші М. Дүйсенов жазғандай әр ақынның дүниетанымы оның адами кейпін, азаматтық позициясын, ішкі жан дүниесін танытады. Сондай-ақ әр қаламгердің өз шама-шарқына қарай дараланған стилі де айқындалады. Ал дара стильдің поэтикасы Ю.И.Минералов көрсеткендей «ішкі қозғалыс кешені» [5, 32]. Адам жанына қабылданған нәрсенің бәрі қозғалысқа негізделеді. Лирикалық өлеңнің ішкі қозғалысы – адамның сезім құбылыстары, эмоциясы, жалпы ішкі әлемі. Ішкі әлем ақын жасаған астарлы образдармен астасып жатады. Ақынның ішкі дүниесіндегі құбылыстар ғайыптан пайда болмайды, ол – өмір құбылыстарының әсері. Лирикадағы тартыс, драматизм, психологизм өзге жанрлардағыдай сюжеттік ситуация арқылы көрінбесе де, ақынның, лирикалық «Меннің» күйініш-сүйініші, ой-сезімі арқылы көрінеді. Лирик ақын ішкі әлемнің ерекше ырғағын, сұлу қозғалысын тудырады.

Ішкі монолог тәсілінің әдебиеттің барлық жанрында да белгілі бір көркемдік қызметі, өзіндік ауыр жүгі бар. Ал лирикалық өлеңдегі көрінісіне Фариза ақыннан бір мысал алайық:

Мен қашанғы ішімнен шыңғырамын,
Қашан, қашан басылар бұл құмарым.
Ей, адамдар, айтсаңшы біреуің кеп,
Қандай емнен жазылар жынды жаным? [2, 303]

Ақын алай-дүлей сезімін осылай өлеңге түсірген. Ішкі монологты лирикалық «меннің» баламасы деуге де болады. Фариза ақынның тағы бір өлеңіндегі ішкі монологқа құлақ түрейік:

О, жасаған! Сүйе алар жүрек беріп,
Неге маған сүюді мұң еткенің,
Дәл осындай қасірет тілеп пе едім? [2, 279].

Мұнда ақынның лирикалық «Мені» мұң шағып тұр. Осылайша лирикалық өлеңдердің көбінесе ішкі монологқа, кейде ішкі диалогқа құрылу себебі, бұл – автордың өзгеше өрелі тыңдаушысын іздеп шарқ ұрғаннан туындайтын құбылыс. Лирикадағы мұң барлық ақында бірдей болғанымен, оның жеткізілуі әр қалай. Қазіргі қазақ әдебиетінің кемелденуіне байланысты, көркемдеу құралдарының, бейнелеу үлгілерінің молаюына байланысты ішкі монолог түрленіп қолданылып, шығармаға көркемдік нәр береді. Бұл тәсіл көбіне психологиялық талдау ретінде беріледі. Ф.Оңғарсынованың «Әйелдің монологы», «Бақыттының монологы», «Бойжеткеннің сөзі», «Жастық шақ монологы», «Қоштасу» («Қыз Жібектің соңғы сөзі»); «Жантолының монологы», «Жастық шақ туралы элегия», «Кек немесе келіншектің ызасы», «Аңсау немесе жесірдің зары», «Мұқтаждық немесе жетімнің монологы» сияқты лирикалық өлеңдердің сезімдік психика циклі – эстетикалық өріс емес, зерттеу. Ақын өзін ғана зерттеп қоймайды, жалпы адам жанын зерттейді, лирикалық кейіпкерін де танытады. Жоғарыда аталып өткен ақынның монологтары – лирикалық кейіпкердің, атап айтсақ, бойжеткеннің, Майраның, Жантолының, Қыз Жібектің, т.б. атынан айтылады. «Әйелдің монологынан» үзінді келтірейік:

Сенің от құшағыңда
дүниенені ұмытып талықсыдым.
Жүрегімді өртеді жан ыстығың...
Бірақ өзің айныдың.
Ұмыттың да жастықтың жұмақ күнін,
сен мысқылдап, мен дағы жылап тұрдым.
Өмір деген бұрқанған дарияға
бұрымымнан ұстап ап лақтырдың.

Сонда ғана есейіп бұл жалғанда,
Бәрі алдамшы екенін бір-ақ білдім [6, 68].

Лирикалық кейіпкердің жан айқайын ақын дөп басып, дәл көрсете білген. Алдамшы сезім жетегінде кеткен әйел үні ақын жүрегінен сүзіліп шыққан. Бұл – кейіпкер пішініндегі ақын сөзі. Сонымен бірге лирикалық кейіпкердің ішкі рухани дүниесі лирик ақынның дүниетанымын да байқатады. Кейіпкер психологиясын танымдық тұрғыдан тану өлең өрімін табиғи тұтастықта талдауда шеберліктің шынайылық сипатына саяды. Бірсыдырғы мазмұндау, қарадүрсін, қарабайыр жүйелеу жыр әлемінің жүйесін жасытып, жемісін желілей алмайды. Нағыз психологиялық өлең – шын ақынның өмірден көрген-түйіндерінен туған терең толғаныс, әсерлер.

Фариза Оңғарсынованың өзі туралы монологының тағы бірі мынадай:

Жұрт мені қатал дейді,
Найзағайдай мінезі шатырлаған,
Біреулері айтады ақыл маған:
Өркөкірек, тәкаппар, менменсіген...
Ұнатпайды дәл мұндай ақынды адам,
(Одан сайын мен шіркін қатуланам).
Біреулер қиялдайды,
Мұндай адам ешкімді сүйе алмайды,
Өтірік өлең жазады талықсыған,
Қайдан ғана бал сезім таныс бұған?
(Түсініксіз қалпыммен байғұстарды,
Ойларымен өздерін алыстырам) [3, 165].

Лирикадағы монолог – ақынның шынайы да мөлдір жаны, ішкі тынысы, ішкі демінің дірілі. Фариза ақынның кейіпкер психологиясын дәл ашуы бозбала атынан үн қатуы «Мен өмірді сен деуші ем» (бозбаланың күнделігінен) циклді лирикасынан аңғарылады:

Асықтым әр таңға мен,
Жүзінді көрем бе деп.
Бұл қайғым тарқар демен,
Өмірде сенен бөлек.
Тіл қатсаң жігіттерге,
Қызғандым аласұрап.
Күнкілшіл күдіктен бе –
Сенделдім дара шығып... [3, 95].

«Қыз сыры» аталатын лирикасында да бойжеткеннің ішкі жан-дүниесі әдемі өріледі. Бұл айтылған лирикалық кейіпкер жанының толқындары – ақынның өз басынан кешірген сезім сәттері. Құйылып түскен мөлдіреген әрбір лирикалық өлеңнен Фариза ақын жүрегінің аяулы лүпілі сезіледі.

Ұлттық көркем ойлау – қазақ поэзиясында кеңінен көрініс тапқан тәсілдердің бірі. Фариза поэзиясында ұлттық ойлау, ұлттық мінез көбіне төрт түлікті образға айналдыру арқылы танылады. Ақын жырларында ең көп кездесетін ұлттық образ – жылқы түлігі.

Арман деген елесті қуып келем,
Алып-ұшқан жастықтың тұлпарымен... [7, 30].

Адам көңілін жылқының ең асыл тұқымды түріне, дүлдүліне, жүйрігіне балау – қазақ поэзиясында әуелден қалыптасқан дәстүр. Алып-ұшқан, көтеріңкі көңіл-күйді бейнелейтін осындай лирикалық туындылардың басым бөлігінде арғымақ, тұлпар образдары ілесіп жүреді.

Өзімді-өзім қайраумен, тістенумен,
Қуат сорып, ұшқын ап іштегі үннен.
Табанымнан тілінген шөңге жұлып,
Сәйгүлік күшке мінем [8, 170], -
немесе:

Сонысымен тәтті де өмір деген,
тұралаған өмірді өмір демен.
Құлазисың, құлайсың, тағы тұрып,
Тағы ілгері желеді көңіл-дөнен [2, 253], -
деп бірде көңіл күйін сәйгүлікке баласа, біресе дөненге телиді. Сәйгүлік күшке міну,
желген көңіл-дөнен – оптимистік сарындағы бейне. Бұл жердегі сәйгүлік те, дөнен де –
ақынның ұшқыр қиялы, оттай ыстық сезімінің көрінісі.

Құпиясы мол ақын жанының күрделілігі мына бір жолдардан да байқалады:
Менде бір толғаныс бар,
(Кейде өзім де түсінбеймін),
Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір.
Сонау біздің қырдағы тұяқ тілген,
Бәйге алаңы сияқты дүсірлеймін [7, 31].

Қырдағы дүсірлеген бәйге алаңы – ақын басындағы әрқилы көңіл-күйлер,
психологиялық драматизм, сезім-қиял шиеленісуі мен шарықтауы. Қандай да болмасын
күрделі ой мен сезім күйлерін осылайша қарапайым, көзге елестетерліктей бейнелі жеткізе
білу – Фариза ақын қаламына тән қасиет.

Жыл сайын, ауыл, сендегі,
Қымбаттарыма оралам.
Сақталған көңіл- теңдегі,
Сырды ақтаруға оралам [2, 76].

Тең – ұлттық өмірімізде ата-бабаларымыздың көшпелі өмірінен қалған мұра, көлікке
арту үшін буып-түйген жүк болса, ақынның көңілді теңге балауы, жүрекке артатын сыр
толы «теңі» – ұтқырлықпен бірге ақын жан-дүниесінің байлығы, қымбат қазынасы.

«Жайлауға келгенде» деген өлеңде жайлауға сағынышпен келген, бірақ ауылда
туып, қалада өскен, қала сәнімен киінген ақынның жан дүниесі жайлаудай шалқи жөнеледі:

Жоқ, менің жаным – қазақтың жаны кіршіксіз,
Бал қымыз қайда – әкелші, қалдық күнсіп біз.
Келдім ғой мұнда (қарама, жеңге, аңырып)
Тезекке піскен таба нан иісін сағынып...
Домбыра бар ма? Берейін әсем ән салып,
Қазақтың әнін тыңдайсыңдар ғой тамсанып...
«Қалада өстім, бәрі ерсі мұнда», - демейін,
Қол тимей жатса, сиыр да сауып берейін... [1, 220].

Нағыз ұлттық психология. Ауылын аңсап келген, қалада жүргенде жүрегі «ауылым»
деп соғатын әрбір қазақтың жүрек түкпіріндегі алып-ұшқан сезімді дөп басып көрсеткен.
Сәні қалалық болғанмен, жаны далалық ақынның шынайы толғанысы бұл өлеңде әдемі
өрілген. Атамекенге сағынып жеткенде ақын жаны әсем күймен күмбірлеп кеткендей күй
кешеді:

Сағынып жеткен шағында,
Жаз жайлау – атамекенге.
Дала боп дарқан жаның да,
Жадырап қалады екен де...
Ән-күйің қымбат мұнда аса,
Күтпейді сізден сый бөтен,
(домбыра төрде тұрмаса.
Қазақтың үйі үй ме екен!) [7, 18]

Ақын өзінің бейнесі, ойы, сезімі арқылы бұл шумақтардан халқының ұлттық мінезін
танытады. Әр тармақты сипаттап жатудың өзі артық. Қарапайым жолдарға мол сыр
ұялатып, оқырманын ғажайып сезім әлеміне жетелей жөнелтетін Ф.Оңғарсынованың
лирикасындағы ұлттық бояу мына өлеңдерден де танылады: «Жаулықтар», «Түс»,
«Жайлау. Той», «Жерошақ», «Боздақ», «Ертегі елестері», «Туған ауыл», «Киіз үй»,

«Оюлар», «Ер-тұрман», «Айналайын ауылдың адамдары-ай!», «Тілеу», «Қазақтың дәстүрлері», «Қырдағы бәйге», «Жайлау таңы», «Қыз қуу», «Тағдыр», «Қыр қазағының қартайғандағы сөзі», «Арғымақтары қайда екен бұл даланың», «Жаралған деп жат үшін», «Ауыл қызы» және т.б. Жақсы болып көріну – мақсат емес, // ар аттамау – мен үшін басты мұра [7, 254], – деп ақын өзі жазғандай жан сұлулығы, шынайылық, арлылық – ақынның өмірде ұстанған басты мақсаты. Бұл мақсат – күллі оқырманына өсиет.

Ф.Оңғарсынова поэзиясын ұлттық поэзиямызды өз жаңашылдығымен байытқан, өзіндік дәстүр қалыптастырған жаңа арна деп атауымызға болады. Ақындық әлемі сыршыл сезім, парасатты ой, азаматтық ұстаным, ақындық өлшем бірлігінен тұратын Фариза поэзиясының қашанда тұғыры биік, жұлдызы жоғары. Ұлттық мінез – Фариза Оңғарсынова поэзиясының алтын қазығы. Ұлттық идеяға негізделген ақын поэзиясы қазақпен бірге жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. – Т.1. – 324 б.
- 2 Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – Т. 1.
- 3 Оңғарсынова Ф. Ғашық сезім. Лирика. – Астана: Фолиант, 2013. – 224 б.
- 4 Дүйсенов М. Қазақ лирикасындағы тақырып пен көркемдік шешім // Кітапта: Жанр сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971.
- 5 Минералов Ю.И. Поэтика индивидуального стиля. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Москва, 1986.
- 6 Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем. – Алматы: Білім, 1999.
- 7 Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. – Т.2. – 328 б.
- 8 Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – Т. 2.

ӘОЖ 82-1/-9

ҰЛТТЫҚ КОД – РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ

Ордалы Қосай

Ардагер, ұстаз, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ұлттық код туралы түсінік беріледі, қазіргі қазақ танымындағы ұлттық кодтың талқылануы, зерттелуі талданады, ұлттық кодтың қазақ руханиятын сақтап қалудағы орны туралы айтылады.

Түйін сөздер: ұлттық код, ұлт, қазақ, құндылық, руханият, қазақ күйі, тіл.

Соңғы бодандықтың дәуірінде жоғалған, ұмыттырылған өмір салтымызға қайта оралу, тамырымызға оралу қажеттігі туындады. Ол ұлттың болмысы, ұлттың ерекшелігі - Ұлттық кодтың ұлы қасиеттеріне қайта оралу еді. Атап айтқанда, ұлттық кодтың қазақилық 7 қасиетіне оралуды аңсайды.

1. Ұлттың жасауы:

а) бас сүйегі, келбеті

ә) қан құрамы

б) дыбыстауы, әуезі

Шетелде көшеде қазаққа ұқсас-ау деп сұрастыра қалсаң - сол кісі шынымен қазақ болып шығады.

Кеңес Одағы кезеңінде батыс пен шығыс қазақтарының бас сүйектері антропологиялық зерттеу нәтижесінде бірдей болыпты.

Қан құрамы сапасы жөнінен әлемде озық қан сапасы өлшемімен алғашқы ондыққа енеді. Бұл жеті атаға дейін қыз алыспаудың оң нәтижесі.

Қазақ дыбысы қоңыр үнді, әуезді еді. Дыбыс шығару станогымыз кириллицаға жаттыққаннан "жаңағы" деген сөзді "жәнәгі" деп айтуға дейін бардық.

Демек, латын графикасына көшкенде дыбыстауымызды қалыпқа келтіріп, я, ю, ё, ч, ц, щ, жіңішкелік белгілерден құтылып, "Kazakstan" емес, айбындап "Qazaqstan" деп айтып, жазамыз. Бас сүйегі, келбеттің жалғасы

Әуез де өзгерді, ақырған әндер, жылауық саз, жеңіл-желпі желпініс көбейді.

а) Қазақ әуезі - халық әндерінің ерекше қасиеттеріне талдаудың, насихаттың керегі жоқ. Жаныңды баурап, тербетіп ала жөнеледі. Әлем Италия әуезімен теңестіреді.

б) Екі турист Калифорния штатына барып, аухатты кісінің ат қораларын аралайды. Кенет кермеде тұрған екі жылқы емірене кісінеп, аспанға қарғып, жер тарпи бастайды.

Екі қазақты иіскелеп, көздерінен жас моншақтайды.

Қожайыннан сұраса екі жылқы "Луговойдан" әкелінген екен.

Өңгімелесіп тұрған қазақ азаматтарының дыбыстауынан таныған жылқылар елін-жерін сағынып, төркіндерін тілінен, әуезінен таныған қуанышты сәті болып шыққаны екен.

в) 1925 жылы Ә.Қашаубаев Парижде ән салды.

Француздық басылым "Comoedia"-дағы бір мақалаға аса көрнекті француз композиторы, хор дирижері әрі музыкатанушы Поль Ле Флем (1881-1984) қол қойған. Революцияға дейін Мәскеуде жұмыс жасаған, Бірінші дүниежүзілік соғыста Франциядағы Орыс экспедициялық корпусының әскери оркестріне жетекшілік еткен. Сол себептен де, әрине Ресей музыкасын жақсы білген. Әміре туралы ол былай деп жазған:

"Батыс адамының ауқымымен алғанда мсье Қашаубаев шырқаған қырғыз даласының төлтума әндері бізге үйреншікті тәсілдермен өңделмеген. Олардың созылмалы шарықтауы, тәтті әуені, жан елжіретер шынайылығы бізге байтақ дала жазирасына ауысуға, ұшы-қиырсыз көкжиектердің поэзиясына енгізе мүмкіндік берді. (1925 жылғы 17 шілдедегі бірінші концерттен кейінгі пікірі)

Бір аптадан соң "Орыс аптасы" туралы кең көлемді мақаласында:

- төлтума әуендердің асқақтығы мен бекзаттығын барынша адал ниетпен жеткізген;

- музыкада жан жоқ болса, сиқыр арбамайды.

- бұл әуендерге жанды баурап алатын әсемдік тән, мен мұны қарапайым дей алмас едім, өйткені халық жүрегінен шыққан туындыға абайсыз сөз айту "қылмыс" болар еді. "Әміренің әні" темпераменттің шеберлігіне симай, біз құтылуға асығатын өктемдіктен үстем барып, өзінің биік деңгейіне жайғасады. Төрт тондық жүйеге негізделген ноталық жазуымыз бұл құбылысты әділ, риясыз бейнелей алмайды;

- жаттанды уақыт өлшемі мен ескі бағалау жүйесінен бас тарта тұрайық. Себебі, бұл ән құбылысындағы терең сұлулық - біздің кейбір нәзік, тіпті ақылға қонбайтын дүниелерімізде жоқ, сирек байлық"- деп қорытыпты. ("ЕҚ" 4 сәуір 2018 ж. Асқар Абдрахманов, Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілінің орынбасары).

2. Аты-жөні, тегі.

Аты-жөн - Эльвира, Индираға, Коляға ауысты.

Тегін жазса рушыл болдық. Ал, орыстар әлі Иванов, Петров, Сидоров.

Философия ғылымдарының докторы Арғын Қасымжанов: "тарихи сана" деген ұғымды - әрбір жеке адам тұтас ұрпақтың өткен тарихты сезінуі, өзінің шыққан тегін, өлкесін, халқын, нәсілін, оның рухани түп-тамырларын танып білуге ұмтылып, сана-сезімінің оянуы деп түсіндіреді.

Оның екінші беті - мәңгірттігі. Отарлаушылар езгіге түскен халықты ең алдымен тарихи санасынан айырып, мәңгірттікке ұшырауына күш салды.

XVIII-XIX ғасырда орыс тарихшылары "Русь" этнонимінің мән-мағынасын анықтау жолында ізденіске толы қыруар жұмыс атқарыпты. Сан-саққа жүгірген жаңсақ пікірлер де аз болмаған. Осындай бір қызу пікірталас үстінде орыстың ұлы ғалымы Ломоносов қиянатқа шыдай алмай тарихпен түбегейлі шұғылданып кетіпті. "Неге бұлай істедің? деген

әріптестерінің сұрағына: "Ұлттық сананы қалыптастыруда тарихтың атқарар міндетін өзге бірде-бір ғылым атқара алмайды",- деп жауап беріпті. ("ЕҚ" 3 қараша 2017 жыл "Көне тарихқа тіл бітірген" Қуаныш Жиенбай)

Ұлт тарихы - жеке адамның тегіне тіреледі. Тектілік тарихы - ұлт тарихы.

3. Тілі.

Тіл құрдымға кетудің аз-ақ алдында тұр еді. Әуелі көшеде айтқызбады, Қазақ мектептер жабылды. Математиканы жоғары деңгейде меңгеріп барсаң да, орысша білмесең ЖОО-на қабылдамады. Отбасының тіліне айналып кетті, о да шұбарланды. Орысша сөйлемесең, өз қандасың кекесін қылды. Елбасы екі қазақ бірімен-бірі қазақша сөйлесін десе де елең етпейміз.

Ұлттың рухы, жаны, сыры, тарихы, санасы, дүниетанымы - тілінде.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі жайында өткен дәрісте (11.02.1988 жыл) тілші Ахмади Ысқақовтың мәліметі: "Қорымызда 4,5 млн карточка бар, 67 мың сөз, 24 мың тіркес, 103 мың лексикалық единица құйылды. О баста сөздік жасау идеясының иесі Қ.Жұбанов екен.

Күні бүгінге дейін қазақ тілінің есеп-қисабы жоқ.

Рухани жаңғыру тіл мәдениетіне қатысты (Серік Негимов. Егемен Қазақстан, 5 желтоқсан 2017 жыл).

Елбасы "Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" мақаласында "Ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады" деп кеңестік биліктің ұлт ретінде жойып жіберуді көздегенін ашық жазады.

Шынында тіл білместік салдары неге апарды?

Тіл білместік:

- өз халқымыздың әдеби-мәдени бай мұрасын оқи алмайтын, оның құндылығын сезіне алмайтын қасіретке ұрындырды;

- Қазақты басқаның бәрінің айтқаны жөн деп еліктейтін дүбәралыққа апарды, өзін-өзі қомсыну теориясын дамытты;

- қазақша сөйлесең жүре тыңдайтын, орысша сөйлесең тұра қалып тыңдайтын орта қалыптастырды;

- өсіп келе жатқан жаңа ұрпақ қазақ тілінсіз де күнелтеміз деген қасіретті ұғымды қалыптады;

Ақырында, тіл білместік:

- Қазақы ойлауды шектеді, қазақы сананы улады;

- Ұлттық болмыстан айырды;

- "Малым жанымның садағасы, жанымның арымның садағасы" санаған арлы ұлтты арсыздың апанына жықты;

- Ұлы даланы мекендеген ұлы халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған адами әдеби мен кісілік қасиетін ескіліктің қалдығы деген ұғыммен күресінге шығарып тастады;

- Қазақтың ескілігінде де естілік бар екендігіне ой жүгіртуден айырды;

Бұл, жазушы - драматург Жабал Ерғалиевтің жанайқайы ("ЕҚ" 4 сәуір 2018 жыл).

Демек, тіл туралы қалыптасқан дағды қайта жаңғырып, ұлт болмысының ерекше қасиеті - тілімізге қайта оралу қажеттілігін енді дәлелдеудің қажеті бола қоймас.

Елбасы, Ұлытау төрінде «қазақ қазақпен қазақша сөйлес, кімнен қорқасың?» деуінде терең мән бар.

Бұл - ана тіліміз бен салт-дәстүріміздің берік қазығы болып келген қазақ халқына "бірінші байлығыңа, басыңдағы бағыңа ие бол" деген сөз.

Неміс ойшылы Хайдеггер: "Тіл - адамның үйі", - дейді екен. Педагог Ян Амос Коменский "Ұлы дидактика" еңбегінде бала тәрбиесінде "Ана тілі мектебін" жоғары сатыға көтереді.

4. Күйі.

Тілмен жеткізе алмағанды күймен жеткізген. "Сарыарқа" мен "Адайды" тартқанда, адам емес бәйгі атының өзі қарғып шығып, басын тарттырмай кетерін қайтерсің.

Күй арындаған кісінің арынын басады, көңілі түскен кісінің қабағын ашатын, жанын жадырататын қасиеті бар (Әл-Фарабидың сөзі).

Күй - қазақтың иммунитеті. Күйді танымасаң, күйді тыңдамасаң, ұлттың иммунитеті жойылады.

Күй тыңдалмайды. Тыңдалмаған соң танымайды.

1926 жыл «Еңбекші қазақта» М.Әуезов: "Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы - күйі. Күйдің тіліндей бай тіл қазақтың әнінде де жоқ. Бұл екеуінің қайсысы терең, қайсысы бағалы екенін елдің өзі әлдеқашан айырған болатын," - деп жазыпты.

Бір қазақ тілінің мақтаулы мұғалімі: «Күйді көргім келмейді!», - деп шынын ақтарғанда, сөз таба алмай қалдым.

- Күй - қазақтың жаны, тілің жетпегенде жеткізетін күдіреті бар.
- Күй - қазақтың киесі.
- Жошы ханға баласының өлімін жеткізді.
- Сарыарқаны тартқанда атқа мінбей көрші!
- «Аққу» күйі көз алдымызға 6 аққуды әкелді.
- «Махамбет» поэмасын оркестр орындағанда, қазақтар мен жоңғардың алапат соғысы көз алдыға келеді.

5. Ділі.

Ж. Баласағұни:

"Адамға екі нәрсе керек тегі,

Бірі тіл, бірі ділің жүректегі", - деп XI ғасырда сөз қалдырған.

Демек, діл - жүректің лүпілі, қазақтың жүрегінің соғысы, жасаған иеміздің ұлтқа берген ерекше сыйы. Ол - алты қасиетке ие:

1. Бауырмалдық.
2. Мәрттік, сөзге тоқтау.
3. Жомарттық.
4. Айтыскерлік.
5. Сенгіш, иланғыш.
6. Бейімделгіш.

Қазақтың басқа да барлық ұлтқа тән қасиеттері осы алты белгінің салдарлары болып табылады. Сақталмай кеткен, бұрмаланған, жадымыздан шығарылған ізгі қасиеттеріміз осы салада көбірек.

Діл - қазақтың қалыбы, жүректен шығады, әрі жүрекпен қабылданады.

Қазаққа тән болмыс (менталитет) жүректің аталған алты қалыбынан туындайды, яғни жүректің лүпілі қалай соғады, соған тәуелді.

Мысалы: Отбасы құндылықтарының негізі - үш ұрпақтың бір шаңырақ астында өмір сүруі (ата-әже, бала-келін, немерелердің бірге өмір сүруі). Бұл - бауырмалдықтың салдары. Отбасының беріктігінде мәрттік пен сөзге тоқтаудың да орны бөлек.

6. Топырағы. Киесі.

Әлемде 3 ұлт бар. Туған жерін аңсайтын және туған жерге шақыратын. Олар қазақ, неміс, еврей.

Қазақ озалдан ардақтыларының сүйегін де айдалаға тастамаған. Адайдың пантеоны - Сисем Ата, қазақтың пантеоны - Сарайшықта, кейінгі көпшілігі - Түркістанда, Қожа Ахмет кесенесінде, кейінірек - Кеңсайда (Алматыда), Тәуелсіз ел болғалы - Қабанбайда (Астанада). Ағаш: "Жапырағымды алсаң да, топырағымнан ажыратпашы", - деп желге өтініш қылады екен.

Шетке кеткен қазақ: "Сүйегім топырағымда, елімде қалса екен", - деп армандап ұрпағына аманаттап кеткен. Елге оралған қазақтың шекарадан өткенде жата қалып топырақты сүюі - арманының орындалғаны.

Ескерер жайт: Қазақтың жерінің 4 бұрышы да ортақ қазына, бәрі де бірдей. Біздің мемлекеттің "Серпін" бағдарламасы - теңдесі жоқ, исі қазаққа жасап жатқан қамқорлық.

Жерді киесінен айырған кім?

М.Мырзахметов: "Ресей отарлаушылары қазақтың сатымсақ басшыларына шеншекпен үлестіріп, олардың ішкі қайшылықтарын отарлау ісіне шебер пайдаланды және ол әрекетін культурогерлік сылтаумен бүркемелеп отырды".

М. Әуезов: "Білгенін, білімін қатардағы қазақтан қулығын асыруға жұмсаған пысықтар да, отарлаушылардың "жемтіктесі" боп момын даланың құйрығын обырлармен қоса сорысып жатты.

7. Жады.

Құдай бергенде аямай берген. Исі қазаққа тамаша жад - есте сақтау қабілетін берген. Алты ай жырлап "Қырымның қырық батырын" тауыса алмаған Мұрын жырауды көрмесек те естідік (Мұрын көне түрікше "Аққан дария" дегенді білдіреді). Күні кеше мектепке әкеп жырлатқан Зәкес пен Алдажан ағаларымыз Сәтекенді, Қашекенді, Абыл ақынды төкпектете айтқанда семинарға кеп отырған Бақтылы: "Мына Зәкенді ертерек таныстырғанда қайтеді, Қайырбектен ерте қалдым, бір ұл туып алатын едім", - дегенінде қанша философиялық ой жатыр. Бұл Зәкеннің ағыл-тегіл төкпе жырына берілген теңдессіз баға.

Жазба мәдениетіміз кемшін болса да, бабадан балаға дейін жетіп отырған, ауыздан-ауызға көшіп отырған қазақтың Жады неткен ғажап еді?!

Манаш Қозыбаев: "Ұлттық рух - ұлағат бастауы"дей келіп, "бодан болған елдің санасын тұсап, рухани құлдыққа қарай икемдеу үшін қолданатын ең төте тәсіл - халықты сөз жадынан айыру".

Адамзатқа Ой мен Еңбек ортақ қазына.

Қазаққа берілген ерекше сипат - жадымызға адамзатқа ортақ ойлау мен еңбектенуді қосу арқылы ұлт санасы қалыптасады.

Қорытынды

Ендігі ұлт белгілері осы 7 қасиеттің салдарлары. Әрқайсысына ғылыми баяндама жазылып, одан әрі тарқатылуы керек. Мысалы, «Өнер» деген бөлімге саз бен биден басқа сәулет өнері, тас өнері, ұсталық өнер, зергерлік өнер, тағы басқа көркем дүниелер жеткілікті. Ал, Ұлы дала мәдениетіне лайықтылары түгел ЮНЕСКО-да тіркеулі.

Басын ашатын мәселе, Дін - ұлттық сипатқа ие емес. Әлемде ілім көп, 19 ғасырдағы Еуропаның социологтарының, экономистерінің, саясаткерлерінің ілімі, марксизм-ленинизм ілімі, төрт кітап - Зәбур, Тәурат, Інжіл, Құран - бұлар да ілім. Пайғамбардың хадистері де ілім, Қожа Ахмет Иассаuidің хикметтері де ілім. Соңғы ілім, яғни Ар ілімі қазақ жерінде кең тараған. Мен "Ар ілімін" ғана алдым. Өйткені мемлекеттік қызметкерлердің "Ар-намыс кодексі де" сол ілімге лайық. Мұғалімнің ілімі - Шәкәрімнің "Адамдық борышын" немесе "Ғылым артық" деген халифаның дәлелі де ілім.

Оң мен солынды танымай дінге жабысудың қателігін қазіргі қоғам сезініп отыр.

Бізді ұзақ жылдар бойы "Партия заманымыздың ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы" деп ақыл-ойымызды партияның қазығына байлап қойды. Содан оның айтқан сөздерін құрандай қабылдап, басқа нәрсе туралы ойлауға, құрсаулы басымыз жібермей, байланып қалдық. Осындай құрсаудың бағыты қазір өзгеріп, біз енді діни құрсауға түсіп бара жатқан сияқтымыз. Кейбір дүмше молдаларымыз мұсылманның бес парызынан басқа дүниелерді басымызға тықпалап, дін ұстаздары мен теолог ғалымдары ғана білуге тиісті күрделі дүниелерді өздері де терең білмесе де, қарапайым жанның санасына құюға тырысып жатқандарын көріп жүрміз. Соның кесірінен қарапайым халықтың санасы құрсауланып, басқа ой, басқа тақырыпқа бата алмай, фанатизмге ұрынып барады. Ондайдың арты қайғылы жағдайға да жеткізіп жатыр.

Араб ғылымы мен мәдениеті Исламның арқасында Қайта өрлеу (ренессанс) дәуіріне дейін (XV-XVIғғ) Еуропадан көш ілгері болғаны белгілі. Барлық ғылым саласында сол уақытқа дейін ашылған жаңалықтар мұсылмандарға тиесілі еді. Бірақ соның бәрі кейін арабтарда тоқырап қалды, ал ақыл-ойын тұмшалап, тұқыртпаған Еуропа алға түсіп, ғылым мен техникада, жаңа технологияда озыңқырап кетті. Ал, Ислам әлемі арқандалған аттай, бір орамнан шыға алмай қалды. (Жақсыбай Самрат "Егемен Қазақстан" 27.12.2017 ж.)

Орыстың аса талантты ақыны Юрий Кузнецов Абайды аударғанда, "Адамзаттың бәрін сүй, бауырым депті" кезіктіргенде таң-тамаша болғаны сонша, "Мұндай тұжырымды Пушкин мен Лермонтовтың өзінен де кезіктіре аламайсың" деген екен. (Жұмабай Шашатайұлы "Егемен Қазақстан" 5.01.2018 ж.)

Біздің қазаққа оның ішінде Маңғыстауға дінді үйрететін молдасымақтардың қажеті жоқ, өйткені Абай мен Шәкәрімде қазақтың басқа да ойшыл ақын-жырауларының жырларында, термелерінде, насихат сөздерінде ар мен намыс, ұят пен ынсап, иман мен әдеп құйылып сақталған. Қазіргі дүмшелер жалаң насихатпен ғана дінді уағыздайды.

Сәттігүл ақынның сөздеріне кезек берейік:

Қырымқұл деген ауылымның

Хазірет Әбді бүгінде,

Хатым еткен дәрісін

Рұқсат алып Бұқардан.

Он екі пәнді құтарған.

Баршасын бірдей тәмәмдап,

Тура жолдан таймай тұр

Тәуекел етіп табандап.

Демек, ғылымды игерген соң имандылық орнай бастайды. Ешқайда адасып кетпейсің.

Сәтекең тағы айтады:

"Құрметтесең ғалымды

Сүйікті маған үмбет " - деп,

Ойласақ борыш-міндет көп,

Шарғыда баян етулі -

Ең әуелі пендеге

Иманды дұрыс білмек деп.

"Мадақтасаң ғалымды

Құр тастамас Аллам", - деп,

Бұл жауапты шығарған Сәттігүлдай шайырың, - деп аяқтайды.

Күні кешеге дейін арамызда болған айтулы ғұлама Ержан Хазіреттің қызы Несіпхан қазір Жаңа Өзен қаласында тұрады. Несіпханмен бір класта оқыған Төлесін Көшекұлы ақсақал көзі тірі арамызда жүр, Ақтау қаласында тұрады. "Долгийдегі" мектепте оқып жүргенде Ержекемнің қасында отырып, сұрап алуға бата алмай отырғандығын андап, "балалар маған беріңдерші қарап берейін" депті, қараса орысша сөйлемді талдай алмай отыр екен (разбор предложения), келістіріп "разбор" жасап беріпті. Енді бірде алгебра есептерін шығарып, геометрия сызбалары бойынша түсіндіріп беріпті. Бұдан шығатын қорытынды Маңғыстаудың білімпаз молдалары тек қана шарифатпен шектелмей, ғылымның барлық түрін меңгергені анық байқалады.

Ал, Көрпе Оразмағамбет Тұрмағанбетұлы Индиядағы Бомбей университетінің геология факультетін бітірген ғұлама еді.

Осы ұлттық қасиеттер орнығып, санаға құйылса толық адам дәрежесіне жетеміз. Толық адам болған соң құдайға құлшылық етуге болады.

Толық адам өзінің кемшіліктерін сезініп, бойынан аулақ еткенде Кемел Адам санатына жатады. Кемел Адамда ұлттық рух қайнап жатады.

Сөйтіп, таңылған танымның қамытын бұзып, жаңылған Жадты қалпына келтіріп, сарсылған сартап болған сананы жаңғыртсақ Елбасының толғауына қосқан үлесіміз болады.

МАҢҒЫСТАУ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ КӨРІНІСІ

Сапарбайқызы Ш.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпиграфиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі ұрпақ тәрбиелеуде жеткілікті көңіл аударылмай келе жатырған ақын-жыраулар шығармаларындағы ұлттық дүниетаным идеялары, ар-намыс, салт-дәстүр, имандылық, рухани жетілу мәселелері қарастырылады. Әсіресе, автор Маңғыстау өңіріндегі белгілі жыраулық мектеп өкілдерінің шығармаларында кездесетін діни таным мәселесіне, адами, кісілік қасиеттеріне, әлем, болмыс, тіршілік туралы ой тұжырымдарына тоқталады.

Түйін сөздер: Рухани мұра, жырау, жыраулық мектеп, діни сауаттылық, тәрбие, ұлттық менталитет.

Соңғы кезеңге дейін қазақ халқының дүниетанымдық идеялары, рухани мәдениеті, педагогикалық көзқарастары, тәрбие мен білім беру тарихындағы орны біржақты пайымдалып, жеткіліксіз бағаланып келді. Осы олқылықтардың орнын толтыруда біраз еңбектер жасалғаны сөзсіз. Дегенмен бүгінгі қоғам алдында ұлттық мәдени, тарихи, педагогикалық мұраларымызды одан әрі сын көзбен зерделеп, шығармашылықпен пайдалану міндеттері өзекті мәселе ретінде тұр. Қазақ этнопедагогикасының негізгі рухани тамырын көшпелі болмысымыз бен арғы замандағы түркілік көне жазба ескерткіштерден, шежіре-жылнамалардан, ақын-жыраулар поэзиясынан іздейтініміз аян.

Осы орайда ауыз әдебиетімізді жасаушылар да, оны қастерлеп жадында сақтап, ұрпақ тәрбиесінде тәрбие құралы ретінде жұмсаушылар да ақын-жыраулар болғаны сөзсіз. Әсіресе тіл мен тәрбиенің сабақтастығын, тілдік мәтіндегі белгілі бір ұлттық менталитетті танытатын білім қорын, этномәдени белгілердің реңкін ақын-жыраулардың шығармаларынан табамыз. С.Қалиев «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» (1) атты еңбегінде «...ақын, жыраулар толғауларының мазмұнына ой жүгіртсек, онда дидактикалық ақыл, өсиет-өнегенің тұнып тұрғанын көреміз. Ақыл-ойға, терең тәлімге құрылған поэзиялық сөз маржанынан ұлттың ойлау ерекшелігін, мәдени мұраның өзіндік сипатын айқын танимыз» дей келіп, жыраулар поэзиясының басты проблемасы – адам, ал олардың философиялық танымы – ата-мекен, ел-жұрт, ерлік, ар-намыс, тіл яғни сөз өнері екенін баса көрсетеді. Сондай-ақ, этнолингвист ғалым Ж.Манкеева «...әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы т.б. қазақ тілінде сақталып, тілдік мәтін арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады...» Яғни «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағиданы ұсынады (2).

Шынында да, сөз бен сөйлеу құралы тілді, ұлт жанының өзегі ретінде алып қарайтын болсақ, этностың ерекше танымы арқылы жинақталған психикалық қуаты мен сана сезімінің, арман-қиялының даму факторын көруге болады.

Өткен ғасырлардан кейінгі жазба әдебиетке жалғасқан жыраулық мектеп өкілдерінің қалыптасқан өңірінің бірі - Маңғыстау. Соңғы уақытта осы өңірден шыққан ақын-жыраулардың өмірі мен шығармашылығы, әдеби-мәдени мұралары жинақталып, тілдік тұрғыда зерттелгенімен, тәлім-тәрбиелік идеялары арнайы зерттелген жоқ.

XVIII ғасыр жыраулық поэзиясының өкілі болып саналатын Абыл жыраудан бастап, XX ғасырдың орталарына дейін өз бабаларынан мұра боп жеткен жыраулық дәстүрдің жалауын жалғап кеткен Сәттігүл Жанғабылұлына дейінгі аралықтағы поэтикалық қазынаның халық жадында сақталып, бүгінге жетуі, өміршендігі еріксіз таң қалдырады.

Жырлары халық арасына кеңінен таралған, суырып-салма, шашасына шаң жұқтырмай дүниеден өткен ақындардың бірі Қашаған Күржіманұлы 16 жасынан бастап-ақ халықтан «ақын» деген баға алып, бағзы өнерпаздар дәстүрімен көп елді аралайды. Маңғыстау, Хорезм аймағы, Еділ мен Жайық арасы, Жем, Сағызды жайлаған елдерде болып, Құрманғазы, Қалнияз, Нұрым, Ақтан, Мұрат, Балаораз, Қоспақ, Ізім, Өмір, Аралбай сынды өнер саңлақтарымен кездесіп, өнерде сыйлас – сапарлас болған.

Қашағанның «Қонақкәде» жыр мәтінінен қазақ халқының ұлттық дүниетанымына қатысты салт-дәстүрді бейнелейтін көптеген ұғымдарды кездестіруге болады.

«Қонақкәде» сөзінің мағыналық аясына тоқталсақ: «Қазақ халқында қонақ – ең үлкен құрмет иесі. Егер қонақ өнер адамы болса, ол – бір үйдің ғана емес, тұтас ауыл-аймақтың, әулеттің ортақ құрметті адамына айналады. Үй иесі, ауылдың белгілі адамдары қонаққа үлкен құрмет көрсете отырып, қонақтың өнерін танытуға ықылас танытады, қонаққа қолқа салады, өтініш білдіреді. «Ауылдың алты ауызы» айтылғаннан кейін, келесі кезекте қонақ тарапынан өнер көрсетілуі керек (ән айту, жыр айту, күй тарту). Бұл – жай ғана өнер көрсету емес, «қонақкәде» деп аталатын қалыптасқан дәстүрлі салт, ауыл, үй иелеріне деген құрмет болып саналады» (3).

Сондай-ақ осы жыр жолдарындағы «толтырса асқа табақты», «дастархандарын мол жайып» деген тіркестермен берілген «қонақжайлылық», «береке», «қазақтың барлық байлығы, ырыс, береkesі дастарханнан көрінеді. Дастархан – тоқшылық, молшылық, қонақжайлылық, адамдардың бір-біріне деген ықылас, пейілі» деген ұлттық танымды қамтиды. Тағы бір айта кететін жайт ақын-жыраудың шығармаларында кездесетін діни таным мәселесі. Жырау адам, өмірдің мәні, фәни мен бақи, дін мәселелерін де өзінше толғайды. Жалпы қандай діннің болмасын, басты кредосы – адамгершілік. Гуманистік көзқарастағы адами қасиеттің ең озық үлгісі мұсылман дінінде адамгершілік – имандылық ұғымына сыйыстырылып беріледі. Қашағанның діни сауаттылығын көптеген жырларынан кездестіруге болады:

Дін тірегі – ибалық,
Ибаның әдеп – қақпағы
Қақпағы қымтап жабылса,
Шайтанның қиын ашпағы.
Әдеп, ақыл жоқ болса,
Тәкәппар ашу көп болса,
Иманның оңай қашпағы – дейді (4).

Дін тірегі ибалық болғанда, оның негізі - әдеп, әдеп болмаған жағдайда «иман қашады», иба – инабат - ұят- әдеп - сыпайылық, ізеттіліктің түп негізі имандылық тәрбиесіне тіреледі. Қыйсықбас Ғапурұлының жыр мәтіндерінен де тәрбиелік мәні жоғары өсиет сөздерді кездестіреміз.

Әуелі иба кеткенде
Сыйламайды екен баласы
Ата менен ананы.
Тілегі қабыл болар ма
Атадан алмай батаны? - деді,

яғни адамгершіліктің, ибалықтың басы ата-ананы сыйлау. Бата - адам баласына жақсылық тілеу, қазақ халқы үшін батаның орны бөлек, «киелі сөз». Бата - атаның балаға жақсы лебізі, өмір бағытына берген жолдама.

Ал, бүгінде теңдесі жоқ әдеби мұра болып саналатын “Қырымның қырық батырын” жырлап өткен әйгілі жырау Мұрын Сеңгірбекұлы:

Азамат ерге жарасар

Азғана сөйлеп көп тыңдау
Көкіректе болса санасы - дейді.

Көп тыңдап аз сөйлеу сабырлылықтың, әдептіліктің, бүгінгі түсінікпен қарайтын болсақ мәдениеттіліктің белгісі болмақ.

Ақын Өришан Дарқанұлы Маңғыстау өңірінде аты аңызға айналған тұлға, ескіше оқыған сауатты, болыс болған, ел басқарған, халыққа әділдігімен танылған би болған адам. Ол патша үкіметінің тұсында да, кейін кеңес заманында да үкімет тарапынан көп қудалауға ұшырайды. Патша үкіметі оны Сібірге жер аударады, сол жақтан (“итжеккеннен”) жаяу қашып елге жеткендігі, басынан өткерген оқиғалары жөнінде ел аузында көптеген әңгімелер айтылады. Өришанның «айдалып бара жатып айтқан» жырында:

Асқар-асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас.
Биіктігін сұрасаң –
Бауырынан ұшқан тұрымтай
Басына жетіп қона алмас.
Жаманды “Жақсы” дегенмен
Хас жақсыдай бола алмас.
Өзі жақсы туғанның
Қатардан басы қала алмас.
Өзі жаман туғанның

Ата-тегі сұралмас - деп, адам бойына табиғатынан берілетін адами, кісілік қасиет пен тексіз жаманның арасын «тұрымтай» басына жете алмайтын асқар шыңмен өлшейді.

Түмен Балтабасұлы өзінің замандастары Дамолла Санамасұлы, Оразмағамбет ахун Тұрмағамбетұлы, Ержан хазірет Төлегенұлы сияқты т.б. елге белгілі діндар-ағартушылармен бірге медреселерден білім алады. Абыл, Нұрым, Қашаған, Қалнияз, Ақтан, Әбубәкір Кердері, Сәттіғұл сынды т.б. ақын-жырауларды үлгі тұтады. Ел арасындағы әлеуметтік мәселелерге де ерте араласып, ақыл-ойының биіктігімен жастай көзге түседі. Бірақ “халық жауы” атанып, ҚарЛАГ-қа жер аударылады.

Түмен Балтабасұлының жырларының қайсысы болмасын афоризмдік толғауларға толы. Сонымен қатар әлем, бомыс, тіршілік туралы ой тастайды. Мысалы:

Аспан мен жер, ай мен күн,
Қараңғы – жарық, күн мен түн.
Әуелден жолдас – некелі, - деп бүкіл жаратылыс жұп екенін айта отырып,
Фәни мен бақи екеуі,
Екеуінің арасы
Алыс болса екі елі
Бұл жалғаннан пайда жоқ –

Келген жандар кетеді – дейді, яғни өмір қысқа, өткінші, білген жанға қысқа ғана ғұмыр «екі елі» өлшем.

Ал «Дүние, сені қайтейін» атты толғауында:

Жеткізбейді екен сірә да
Адамның биік арманы....
Дүние, сені қайтейін,
Көрсек көңіл тоймаған.
Жас күнім, сені қайтейін,

“Мәңгі” деп бәрін ойлаған, - деп құрық салдырмай, арманмен өте шығатын «жастық шақты» босқа өткізбей, артында қалдыратын ізінді ойла деп философиялық пікір тастайды.

«Адайдың бес жүйрігінің» бірі атанған Ақтан Керейұлы «Сайқылықпен көп кездім Тама, Табын – Жетіру, Кіші Жүздің аймағын», –деп өзі жырға қосқандай, ол Орынбор, Жайық, Ойыл, Қыйыл, Жем, Сағыз өңірлерін аралап Нұрым, Қашаған, Құлмамбет т.б. сапарлас болған. Ақтанның «Қазақтың салты» жырында аты айтып тұрғандай қазақ халқының тұрмысы, салты, дәстүрі суреттеледі. «Болжау сөз» жырында:

Асыл сөзді түсінер
Қазағым дархан ел еді.
Таусылмайтын көңілі
Ағайынға мол еді...
Ағалары ініге
Үлгілі ұлы жол еді...
Ер азамат сөз бастап
Үлкенге кіші бағынып

Заңы елдің жөн еді – деп ұлттық тәрбиеміздегі інінің ағаны, кішінің үлкенді, сыйлауы, үлгі тұтуы заңды қағидамыз екенін насихаттайды.

Қорыта айтатын болсақ, ақын-жыраулардың өмір тәжірибесінен туған тәрбиелік мәні жоғары ақыл, өсиетке толы терең мағыналы жырлары тәрбиелік педагогикалық ойларға толы. Жыраулар жақсылық пен жамандық, Алланың рахымы, имандылық, елдің бірлігі, барлық пен жоқтық, ащы мен тұщы, адами қадір-қасиет жайында толғанады. Демек, төл рухани мұраларымыздың бай қазынасы саналатын жоғарыда аталып өткен және мақала көлеміне қарай аталмай өткен жыраулардың дүниетанымын, көзқарастарын тек тілдік, әдеби, философиялық тұрғыда ғана емес этнопедагогикалық қырынан да тереңірек зерттеу қажеттілігі туып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.-Алматы: Рауан, -1998-128 б.
2. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. - Алматы: Ғылым, -1997- 272 б.
3. Нұрдаулетова Б.И. Көне күннің жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, -2008-390 б.
4. Тіл таңбалы Адайдың ақындары.-Алматы: Жазушы, - 2008-200 б.
5. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Теориясы және практикасы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. - 304 б.

ӘОЖ 373(092)

РУХАНИ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢҒЫСТАУ МЕШІТ-МЕДРЕСЕЛЕРІНІҢ ОРНЫ

Сапарбайқызы Ш.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпиграфиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды

Аңдатпа. Мақалада Ресей патшалығының өз ықпалдарын күшейтіп, шовинистік саясаттарын жүргізу мақсатында қазақ даласын діни-рухани тұрғыда отарлап, ел тұтастығын ыдырату мәселелері қарастырылады. Ең бастысы Маңғыстау өңіріндегі мешіт, медреселерде ұстаздықпен айналысқан Бұхара, Хиуа діни оқу орындарынан білім алған молда, ахун, ишандарға тыйым салынып қудалау, үстерінен іс қозғау, тергеу жүргізу т.б. озбырлықтары туралы мәліметтер назар аудартады.

Түйін сөздер: мұсылманша оқу, ағартушылық, мектеп, мешіт, медресе, Маңғыстау медреселері, оқыту жүйесі т.б.

Ресей империясының қазақ даласын отарлау саясатын ертерек қарастырғаны тарихтан белгілі. Олар өз саясаттарын жүргізу үшін ең бірінші - қазақ қоғамының рухани тұтастығын ыдырату керектігін жақсы білді. Осы мақсатта бірнеше экспедициялар ұйымдастырып, сан түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып, ұзақ уақыт қазақтардың (дінін, ділін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, рухани-мәдени болмысын) зеттеп зерделеді. І-Петр патшаның тапсырмасымен князь Бекович-Черкасскийдің 1715 жылғы жасаған экспедициясынан бастап 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін тек Каспий жағалауына 20-ға жуық зерттеу экспедицияларын ұйымдастырылғаны белгілі [1.2216]. Нәтижесінде «1789 жылы ІІ Екатеринаның жарлығы бойынша Уфа қаласында мұсылман діни басқармасы ашылып, ол діни басқарма Орынбор мүфтилігі деп аталады».

Ресей империясының қазақ даласын діни-рухани тұрғыда отарлау саясатының алғашқы жоспарлары жасалады [2.1046]. Осылайша отаршылдар қазақтардың дін істерін Орынбор діни басқармасына қаратып, ислам дініне ешқандай қарсы келмейтіндерін білдіріп мешіт, медреселер салдыруға қолдау көрсетеді. Сөйтіп, патша өкіметі мұсылман дінін қазақ даласындағы өз ықпалдарын күшейту және шовинистік саясаттарының түпкі мақсатын (қазақтар арасында діни кітаптар тару, «заказной молдалар» даярлау т.б.) бүркемелейтін құрал ретінде пайдалануды көздейді. Бұл кезең Ресей патшалығының халықты қанап, озбырлығы күшейген, әлеуметтік-саяси жағынан алғанда қазақ даласындағы отарлау саясатының өрістеуімен ерекшеленді. Қабылдаған әкімшілік реформаларында «қазақ даласына миссионерлерді жіберу арқылы сауаттандырамыз, білім береміз» деген ұрандарымен оқыту жүйесін орыстандырып, ислам дінін ығыстырып, шоқындыруды басты мақсат еттеді. Кіші жүз және Орта жүз қазақтарын жоғарыда айтып кеткеніміздей Орынбор мұсылман діни басқармасына қаратып, қазақ рухани әлемін екіге бөлді. Оны орыс ағартушылығы мен жәдидшілдік және кадимшілдік мектептерінің арасындағы жіктен де көруге болады.

Мешіт-медреселерде - араб жазуын орыс әліпбиімен алмастыру арқылы біртіндеп орыс-түзем мектептерін ашу, қазақ даласының шеткері аймақтарын орыстандыру жоспарларын жан-жақты қолға ала бастайды. Бұл жоспарларды оқу-ағарту жүйесі арқылы ойдағыдай атқару үшін дайындалған (Программа «Школа для крещенных инородцев» Н.И.Ильминский 1870-1871г.г.) бағдар-ламасында негізгі мақсаттары ашық көрсетіледі. Сөйтіп, Орта Азия мен Қазақ-станға жіберілген миссионерлерге арнайы дін сабағын енгізу арқылы христиан дінін уағыздауды міндеттейді.



1870 жылы 16 наурызда Ресей Халық ағарту министрлігі бұратана халықтарға білім беру шаралары туралы арнаулы заңын қабылдап, соның негізінде ұзақ жылдарға созылған «миссионерлік педагогика» жүйесі нығая бастайды. Қазақ діни танымына жат бұндай әрекеттерді сезген ұлт зиялылары қарсы әрекет етіп, халықтың рухани тәуелсіздігін сақтап қалуға күш салды және олар дін істерін Ресеймен емес, Бұхарамен байланыстыруды жөн санайды. XVIII ғасырдың соңына қарай XIX ғасырдың басынан бастап діни ілім алуға ұмтылғандар Бұхараға бет бұрады. Сондай ақ, жергілікті медреселерден сауат ашып, діни ілімін жалғастыруға ниет еткендерде Бұхара медреселеріне баруды көздейді. Қазақ даласындағы діни тұлғалардың Орталық Азия хандық-тарындағы діни білім алу орындарымен байланыстары осы тұста дами түсті деп ойлаймыз. Бұхара, Хиуа медреселерінде білім алып, елге оралған тұлғалар сол кезеңдегі қазақ халқының рухани өсуінің кезекті бір баспалдағы болды десек артық емес.

Ресей тарапынан дайындалған «заказной молдаларға» қарағанда Бұхара медреселерінде білім алған молда, ахун, ишандардың білім дәрежелері де, ел арасындағы абырой-беделдері де жоғары болды.

Тарихы тағдырлас Орталық Азиядағы және Қазақстандағы мұсылман дініндегі халықтардың өзара байланысының күшеюі патша өкіметінің исламға деген саясатын күрт өзгерттеді. 1867 жылы қазақ жерін түгел өзіне қаратқан Ресей патшалығы ислам дінінің түркі халықтарының арасындағы ықпалын барынша әлсіретуге тырысты. 1868 жылы қазақтарды Орынбор діни басқармасының құрамынан шығарып тастап, мұсылман іліміне талаптарын

күшейтіп, құқықтарын шектеп, тосқауыл қоя бастайды. Мешіт салу үшін уездік правлениеден рұхсат алу, молдаларға бала оқыту үшін орыс тілін білу міндеттеледі (1870 жылғы 26 наурызда бекітілген ереже негізінде).

Орыстандыруға қарсы тұрған көзі ашық, әсіресе Бұхара медреселерінде оқыған діндар молдалардың бала оқытуына тыйым салынып, өздерін тергеуге алып, қудалай бастайды. Бұл туралы шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі «Қазақ-станның мешіттері мен медреселері (IX-XX ғғ.)» еңбегінде: «...өздері құптап,



тексеруден өткізіп, тағайындаған діни қызметкерлері болмаса, басқа, әсіресе, Орта Азиядан келген бейресми молдалардың қызметіне рұхсат етпеді. Тіпті 1848 жылы қазақ даласына орта азиялық қана емес, сондай-ақ Бұхара мен Хиуа және Мәуереннаһрдың өзге шаһарларында діни білім алған қазақтардың ел арасында қызмет етуіне тыйым салған арнайы указ (жарлық) шығарды» деп деректер келтіреді [3.166.]. Осындай орыстандыру саясатын анық көздеген: «... на сранице 1-ой по поводу мечетей и туземных школ. Надо поменьше мечетей, а в школах ввести преподавание русского языка. Правитель канцелярии, полковник» деп қол қойылған тарихи құжаттарды архив деректерінен кездестіруге болады [1.136 б.]. Сондай ақ, Маңғыстау уезіндегі ағартушылықпен айналысып, мектеп-медресе ұйымдастырған молда, ишандарды қудалап, тексеріп, сұрақ-жауап алып, қысым көрсету фактілерінің тіркемелерінен 1900 жылдың өзінде бақылау органына 8 ишанның үстінен іс қозғау, тергеу жүргізілгені туралы мәліметтерде біраз тарихтын бетін ашады. Маңғыстау өлкесіне қатысты мұрағат деректерінде (Обзоръ Закаспійской области. За 1912-1913-1914 г.г. Изданіе Закаспійскаго областного статистическаго Комитета. Асхабадъ) деп дайындалған құжаттың Свѣдѣнія о мектебахъ (медресахъ) Мангишлакскаго уѣзда (Показанія муллы Фортъ-Александровскаго) қосымшасында ауыл молдасын жан-жақты тергеу жұмыстары көрсетілген. Жиырма төрт (24) түрлі сұрақ қойылып, оған жауап беріледі. Қойылған сұрақ-жауаптардың кейбіреуіне тоқталып өтсек:

- мектептерің неше жылдан бері жұмыс жасайды?

кім ашқан? халық па, бай, мырзалар ма?

- он екі жыл болды ашылғанына. Жарлы болсамда өзім аштым.

- мектебің қайда орналасқан? Жертөледе ме, киіз үйде ме, өз уйінде ме? неше молда, мұғалім бар?

- жоқ, мектеп мешіттің ішінде. Бір молда.

- мектептерің неше бөлмеден тұрады?

- төрт бөлмеден (төрт хұжыра) тұрады деп жауап берген.

Осы жерде айта кететін нәрсе (Маңғыстау өлкесінің елсіз тау-тастарының арасында таудан қашап салынған, сырт көзге білінбейтін бір, екі, бірнеше бөлмелерден тұратын далалық «мешіттер» жиі кездеседі. Теолог мамандар оны мешіт емес, хұжыра деп аталатынын алдыға тартады.

Сұрақ одан әрмен «білім алушылардың ұл, қызы бірге оқиды ма, олар жылдың қай мезгілдерінде оқып, неше ай демалады, күніне неше сағат оқиды, күзде мектепке неше оқушы қабылданады?» - деген сұрақтармен жалғасады. Жауап (молда): ұлдар, қыздар бөлек

бөлмелерде оқиды, олар 8 ай оқып, жаз айларында, мамыр, сәуір айларында дем алады, күнделікті сабақ жобамен 8 сағатқа созылады. Елдің көшіп қонуына байланысты күзде 20-30 бала оқыса, қыста 40 шақты болады деп жауап береді.

Келесі сұраққа ерекше мән берген дұрыс. - Сіздің мектептен биыл медресеге неше бала түсті? Молданың жауабы: - бізде Маңғыстау уезінде мектеп-медресе негізі бір оқу орны болып саналады. Айырмашылығы жоқ. Егер мектеп ғимараты тастан немесе ағаштан салынса, онда оны «медресе» дейді. Ал нашарлау жерге кіріктіріліп тұрса, жертөледе, қараша үйде орналасса оны «медресе» емес «мектеп» деп атайды. Сұрақ: қандай кітаптар оқытасыңыздар? Жауап: Әліппе. Шариғатул иман. Рунакул ислам. Суфы Аллаяр. Бақырғани. Ғұмарбадан. Шарутуссалауат. Фихху қайдани. Мұхтасар. Масала. Ғилму наһу. Ғилму сарф һәм ғимру ғулумлар. Сұрақ: Сіз білетін молдалар ілімді қайдан алады? Бұхара, Хивадан ба? Жауап: Молдалар білім алу үшін Бұхара, Хиуаға бармайды, негізінен білімді Маңғыстаудың жергілікті медреселерінде алады - деген жауабы біраз ойды аңғартады. Сұрақ: Мектептің оқу ақысы жарлылар мен байларға бірдей ма? Қабілетті баланың ары қарай медресеге түсіп оқуы үшін неше жыл керек? Жауап: Арнайы оқу ақысы жоқ. Не берсе соны аламыз. Біреулер аптасына үш тиын, біреулер бес тиын береді, сонымен күн көреміз. Қабілетті балаға үш жыл жетеді. Сұрақ: Сіздің мектепке Бұхара, Хиуа медреселерінде оқуын жалғастыру үшін түсетіндер бар ма? Жауап: Бұндай жағдайларды білмеймін. Біздің халық білім алуға көп ұмтылмайды – деп жауап беруі де ауыл молдасының тергеу саясатының түп мақсатында қудалау, жазалау жатқанын жақсы білді деп ойлаймыз.

Қорыта айтатын болсақ: Өз дәуірінде Маңғыстау халқына қызмет еткен мешіт-медреселер мен онда ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелеген ағартушылардың қазақ руханиятын көтеруде орны жоғары болды. Діни идеологияның ерекше мәні - шариғат ережелерінің орындалуын талап етіп, жеке адамды тәрбиелеудің үлгісін жасады. Обал-сауап, дұрыс пен бұрысты, адал мен харамды үйретті. Имандылыққа, руханилыққа тәрбиеледі. Мемлекетіміздің қалыптасуына, ел іргесінің бекуіне, ұлттық дүниетанымның жетілуіне ықпал етті. Діни-ағартушылық ой-сананың қалыптасуына, әдеби мұралардың сақталуына, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың дамуына үлес қосып, үлкен рухани мектеп болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зияда Изжанов. Ащы сабақтар – Алматы: Өлке. 2016.-240бет.
2. Жолсейітова М. Рүстемов С. XVIII ғасыр соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында татар дінбасыларының қазақтар арасындағы қызметі қақында. / Түркістан №3,2005.).
3. Ә.Дербісәлі. Қазақстанның мешіттері мен медреселері. (IX-XX ғғ.) - Алматы: «Аруна», 2009.- 496 б.
4. Жаңа өмір газеті.23.02.2011. 4 бет.
5. Бейнеу – Алматы: Информ – А, 2001-136 бет.
- 6.Ғ.Есім. Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана. Марал ишанның 230 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы -2010 ж.

МАЗМҰНЫ

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТАРИХЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Артықбаев Ж.О.	4
КӨНЕ ДӘСТҮР: КҮНГЕЙІ МЕН КӨЛЕҢКЕСІ	
(тектілік феномены мысалында)	
Жақсығалиев Ж.Ж.	8
ӘЙЕЛДЕР ТУРАЛЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ҚАЗАҚ	
ЭТНО-МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ	
Нұрдаулетова Б.	13
ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ	
МАҢЫЗЫ	
Миров М.О.	17
ӘБУБӘКІР ДИВАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІН	
ЗЕРТТЕУДЕГІ РӨЛІ	
Байшов Б.Б.	19
«САРМЫС БАТЫР» ДАСТАНЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ	
Құлбаев Н.А.	21
МАХАМБЕТ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТИП РЕТІНДЕ	
Бекежан Ө.	27
М.МӘЖИТОВТІҢ «БАРЛЫБАЙ ТҮБІНДЕГІ ӘН» ПОВЕСІНДЕГІ	
МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІ	
Жұмабаева Г.С.	32
ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНДА САҚТАЛҒАН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ДІЛІН	
/МЕНТАЛЫН/ ЭТНОПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ	
Құрман Н.Ж.	35
ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ – SPEECHWRITER	
Жайлауов Б.С.	38
ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ДІНИ БІЛІМ, ОНЫҢ МАҢҒЫСТАУ	
КИЕЛІ МӘТІНІНДЕГІ ІЗДЕРІ	
Сапарбайқызы Ш.	49
ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТ	
ТАҒДЫРЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ	
Абдрахманова Ж.	52
Ш.БЕЙСЕНОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ-АНА ТҮЛҒАСЫНЫҢ	
ТАРИХИЛЫҚ СИПАТЫ	
Аяпова Г.Б.	59
МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ЖАС АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-	
ИДЕЯЛЫҚ НЫСАНЫ	
Асан С., Аманкұлова А., Ғылыми жетекшісі: Қабылов Ә.	63
ҚАЗАҚ ЫРЫМ-ТҮЙІМДАРЫНЫҢ ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	
Түгелбай О., Ғылыми жетекшісі: Нұрдаулетова Б.И.	70
ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН НЫШАНДАР	
Базарбаева Ж., Дауылбаева А., Ғылыми жетекшісі: Қабылов Ә.	72
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ САҚТАУ	
Жеткізгенова Ә.Т.	79
Ө.КЕКІЛБАЕВ КӨСЕМСӨЗДЕРІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	
Отарова А.Н.	82
ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ	
ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	
Ақбердыева Б.Қ.	86

СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ МИФТІК МОДЕЛІ	
Ақбердыева Б.Қ.	89
МИФ ЖӘНЕ МИФТІК ТАНЫМ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН СӨЗ ОРАМДАРЫ	
Ақбердыева Б.Қ.	92
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ «ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЖЫРЛАР ЦИКЛІ МАҢҒЫСТАУДЫҢ РУХАНИ БРЕНДІ РЕТІНДЕ	
Нурдаулетова Б.И.	94
ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ КИЕСІ, КИЕЛІ СӨЗДІҢ ИЕСІ	
Нурдаулетова Б.И.	97
ФАРИЗА ОҢАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ	
Қамарова Н.С.	101
ҰЛТТЫҚ КОД – РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ	
Ордалы Қосай.	105
МАҢҒЫСТАУ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ КӨРІНІСІ	
Сапарбайқызы Ш.	111
РУХАНИ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢҒЫСТАУ МЕШІТ- МЕДРЕСЕЛЕРІНІҢ ОРНЫ	
Сапарбайқызы Ш.	114

Пішімі 60*84 1/2
Көлемі 119 бет
Шартты баспа табағы 10
Таралымы 50 дана
Есенов университетінің
редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты
130000, Ақтау қ., 32 ш/а

Формат 60*84 1/2
Объем 119 стр.
10 печатных листа
Тираж 50 экз.
Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Университета Есенова
130000, г. Актау, 32 мкрн.